

А.С. Ақтанова, А.Қ. Жұндібаева, Ж.Н. Нұрлыбаева

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика
багытындағы 11-сыныбына арналған оқулық

11

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі үсынған

А. Байтурсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2020

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
бекіткен жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-
математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған
«Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндагы үлгілік
оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

Шартты белгілер

	– ойтақы		– тірек сөздер
	– ой бейнелеу		– тыңдалым тапсырмалары
	– ой зерделеу		– қаламгер, галым пікірі
	– ой түйін		– теория
	– сөздік		

Ақтанова А.С. және т.б.

А 37 Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/А.С. Ақтанова, А.Қ. Жұндібаева, Ж.Н. Нұрлышбаева. – Алматы: Атамұра, 2020. – 224 бет.

ISBN 978-601-331-778-6

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 84(5Қаз)я72

ISBN 978-601-331-778-6

© Ақтанова А.С., Жұндібаева А.Қ.,
Нұрлышбаева Ж.Н., 2020
© «Атамұра», 2020

АЛФЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы, жаңа оқу жылшының сәтті басталып, үлкен табыспен аяқталуына тілектеспіз. Әдебиет – өмірдің көркем бейнесі. Әдебиет арқылы адам өзін, айналадагы табигатты, өмір сүріп отырған қоғамын, өткен тарихты таниды. Әдебиет бізді көркем сейлеуге, көркем ойлауга үйретеді. Ойы көркем адамның жаны да сұлу. Сондықтан биылғы оқытын туындыларымыз адам жанының ерекше шабыттану сөттері мен биікке құлаш үруы сияқты асқақ дүниелерге құрылған.

Көркем шығарманы оқырман мен жазушының сырласуы деп түсінген жөн. Оны оқу арқылы біз автор мен кейіпкердің ішкі өлеміне үцілеміз. Әдебиет – танымның бір түрі, қаламгер жасаған әдеби өлем біздің ой-санамызда жаңа рухани кеңістіктің есігін ашады. Сондай-ақ шығарма идеясын анықтап, автор қолданған сюжеттік желідегі оқиғалар мен көркемдегіш құралдардың өзара байланысын саралай білуіміз қажет.

Әдебиетті пән ретінде оқудың басты мақсаты – ойнызды еркін түрде ауызша және жазбаша жеткізу, пікір білдіргенде нақтылы дәлелдер тауып айту, өмірдегі белгілі бір құбылыстар мен жағдайларды салыстыра алу, баға беру, анализ жасау сияқты қабілеттерді арттыру. Әдебиеттің эстетикалық қуатын бойға сіңіру арқылы дүниенің сұлулығын танып, әдемілікті бағалауды үйреніп, танымдық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастырамыз. Бір сөзben айтқанда, әдебиет – өмірдің сан қырлылығын көркем түрде танытатын тәрбие құралы.

Авторлар

ОҚУЛЫҚ КАРТАСЫ

Шыгарма	Авторы	Жанры	Теория
«Атау кере»	Оралхан Бекей	Повесть	Көркемдік деталь
«Дала, сенің үлыңмын»	Жарасқан Әбдірашев	Өлең	Эпиграмма
«Өмірзая»	Бақжоға Мұқай	Роман	Ішкі монолог
«Пәтер ізден жүр едік»	Ерболат Әбікен	Әңгіме	Сатира
«Абай жолы»	Мұхтар Әуезов	Роман-эпопея	Эпопея, көркем бейне, типтендіру, көркемдік уақыт, прототип, үлттық характер
«Қызыл кітап»	Қадыр Мырзалиев	Поэма	Поэма
«Тойдан қайтқан қазақтар»	Сұлтанәлі Балгабаев	Комедиялық драма	Комедия

КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Көркем шыгармада уақыт пен кеңістік тұтасып келіп, белгілі бір оқигалар тізбегін оқырманға айқындаپ көрсетеді. Көркемдік уақыт пен кеңістік – кез келген көркем шыгармандың: ол музыка болсын, бейнелеу енері болсын, театр болсын ажырамас болігі. Кеңістік пен уақытсыз көркем шыгарма болмайды. Көркем әдебиетте кеңістік пен уақыт, ең алдымен, автордың оқигаларды рет-ретімен тізбектеп, сюжет құруынан көрінеді.

Көркемдік уақыт – шыгармада суреттегетін және оқырман назарынады уақыт. Ол нақтылы уақытқа қараганда, оқырманның қабылдауына төуелді. Уақыт шыгармадағы оқигалардың бір-бірімен байланысы әрі жүйеленген сюжеті арқылы сипатталады.

Көркемдік кеңістік те көркем әдебиеттің маңызды бөліктерінің бірі. Кеңістіктің мәтіндегі басты рөлі – оқига кейіпкерлерінің өзара орнын анықташ, сюжеттік байланыс орнату. Көркемдік кеңістік – кейіпкерлердің болмысын көрсететін негізгі қуран.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ (1943–1993)



Жазушы, драматург Оралхан Бекей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарагай ауданының Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін 1969 жылы бітірді. Алғашқы еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысының Үлкен Нарын ауданындағы «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары болып бастаған. Жазушының журналистік очерктері кейіннен үлкен әдеби туындыларға айналды. Повестер мен әңгімелерінің тұңғыш жинағы 1970 жылы «Қамшыгер» деген атпен жарық көрді.

Жазушының «Үркөр» (1971), «Қайдасың, қасқа құлымым» (1973), «Мұстау» (1975), орыс тіліне аударылған «Жасынның ізі» – «След молний» (1978), «Өн салады шағылдар» – «Поющие барханы» (1981), «Сайтан көпір» – «Крик» (1984), «Зымырайды поездар» – «Поезда проходят мимо» (1985), «Кісікік» – «Человек-Олень» (1987) әңгіме-повестері бар.

Шыгармалары неміс, болгар, ағылшын, венгр, араб, қытай, жапон және ТМД елдерінің көптеген тілдеріне аударылды.

1976 жылы «Құлымым менің» пьесасы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, 1978 жылы «Найзагай ізі» повес-

тері мен әңгімелері үшін Н. Островский атындағы Бұқілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты, 1986 жылы «Біздің жақта қыс ұзак» повестері мен әңгімелері үшін Абай атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Оралхан Бекей Үндістанға барған шығармашылық іссапарында 1993 жылы 17 мамыр күні қайтыс болды.

6d

Менің повестерімдегі, әңгімелерімдегі барлық сюжеттер туган жер тура-лы естеліктер, жас шақтағы болған оқигалармен байланысты... Менің жерлес-терім – мінездері бірқалыпты, адал және жүректері ашық адамдар. Әйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін жұмсап жүр-ген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырыстым.

*Оралхан Бекей,
жазушы*

Оралхан Бекей жиырмасынышы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымалдыққа ие болды. Оралхан азгантай гүмірында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туган әдебиетін де шығарып үлгерді.

*Әбіш Кекілбаев,
жазушы*

Оралхан өзі туган табигатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның оқ жет-пес құзар шындарындағы биік еді! Заңгар тауларынан құлап аққан өзендеріндегі тасқын еді. Тауларының сілемдерін жайлаган ерке еліктілеріндегі елгезек еді. Өркеш-өркеш таастарындағы ірі еді. Қалам сілтеген алыштардың бірі еді. Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді.

*Қасым Қайсенов,
жазушы*

Көркемдік деталь (бөлшек, бедер-белгі) – магыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сез болып отырган нәрсениң жекеленген сипат-белгілері.

Кейіпкердің мінезіндегі, кескін-келбетіндегі, іс-әрекеті мен сөйлеу мәнеріндегі немесе шығарманың сюжеттік желісіндегі, композициялық құрылышындағы жекеленген ерекшеліктер немесе суреттеменің, баяндаудың дәлдігін, нақтылығын арттыра түсетін әртүрлі бояу-нақыштар – міне, осылардың қай-қайсысын да көркемдік деталь ретінде алып қарауга болады.

*Зәки Ахметов,
академик*

АТАУ КЕРЕ*
(ҚАУІПТІ БУДАН)
(повестен үзінді)

*Ара жасаган қогамдық өмірдің деңгейіне жету үшін
адам баласының алдында әлі талай ұзақ жол жатыр.*

Метерлинк

*Көптен кеткен көмусіз қалар.
Халық нақылынан*

Ормандағы отбасы

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шыгармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсінүү;

11.1.3.1 – көркем шыгармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.2.2.1 – шыгармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.3.1 – шыгарманы көркемдік-эстетикалық құндылық түргысынан талдап, әдеби эссе жазу.

Атау кере, будан, аралар, Алтай тауы, орман, қарагай, табигат.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ повесть үзіндісін түсініп оқу;
- ✓ повесть үзіндісінің негізгі идеясын анықтау;
- ✓ берілген үзіндінің композициялық жүйесіне талдау жасау;
- ✓ кейіпкерлердің мінез ерекшеліктерін саралау.

Ол Бек-Алқара жылына бір рет міндettі түрде қатынайтын. Туган ауыл, ел-жүртyn емешегі үзіліп сағынғандықтан емес (қайбір екі туып, бір қалғаны бар), жыл бойғы табан ет, маңдай тердің құнын шығарып, үші-қыры таусылмас шаруасының шалғайын қайыру үшін етектегі елге – Үлкен Жерге асыратын. Ал шаруа, басқаны қайдам, Ерік үшін

*«Атау кере» сөзі дефиссіз, шыгарма жанры «повесть» деп бағдарлама бойынша берілді (ред.).

қайта айналып орнына келе берер күн мен түн секілді мәңгілік қозғалыстағы, мәңгілік айналымдағы дүбірлі дүние, таусылмас қазына.

Тоғай іші гуілдеген қан базар тіршілік: жігіттің білер-білмес жәндіктері сайран салуда. Әлдебір талдың жапырағына ара келіп қонды. «Баларасы еken. Бұл манда кімнің омартасты бар еді?» деп есіне түсіріп еді, ешкімнің есімі есіне орала қоймады. Әлгі баларасы ендігі сөтте көкбестінің белін мықшытып тұрган тері қоржынды айналсоқтай бастады. «Пәтшағардың иісшілін» деп, бар шаршауын арадан алғысы келгендей қамшысымен тартып жіберіп еді, мұндай дәлшіл болар ма, сеспей қатқана. Қара жолдың үстіне ат түяргы ойған шұңқыршада түк-түк аяғы дірілдеп біраз жатты да, жантәсілім болды.

«Есектің еті арам, күші адад» дейді еken қазақтар, ендеше, ара жазғанның «тартқаны – бал, шаққаны – у» деп, осынау ойдың санаына орала кеткеніне насаттанғандай атқа қонды. Тоғай арасындағы суыртпақ жол ауылдың шетіне алып шықты. Бұл кезде күн екінтіге таяп, бағанагы ыстықтың беті қайта бастаған.

Қандауырдан төрт құбыласы сай мұра қалмаган, тек Ерік ержеткендеғана бұл шаңырақтың шашылып кеткен шаруашылығы жинақталып, берекесі кіріп еді. Шешесі айтып отыруши еді: «Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы месекерлі. Бірақ...» Сол «бірақтың...» ақыры өлі күнге айттыла қойған жоқ.

* * *

Ерік ауылдағы барлық шаруаларын тындырып, керек-жарагын туғендеп болған соң, түнде тоғай арасына арқандап қойған көкбестіні же-тектеп өз үйіне келді. Қараса, қақпасы ашық қалған еken. Қайран қала, атын жетектеген күйі аулаға кірді. Көкбесті құлағын тіге қорс ете түсті. Тура есік алдында бүк түсіп үйіктап жатқан алба-жұлба адамды ендіғана байқаған Ерік те сескене тұрып қалды. ...Еңкейіп барып алқам-салқам жағасынан жұлқылады, – былқ етер емес. «Мына нәлдеттің түрі таныс» деп ойлады. Өсіресе, құс қанатындаи иile біткен қап-қара қасын көрген секілді. Үціле жақындаған еді, тула бойынан мұңкіген жағымсыз іістен тыжырына шегініп кетті.

– Құдай берді! – деп орнынан қуана тұрды. – Іздегенім сен едің! «Өл-мегенге өлі балық» деген осы, Ерік. Аманбысың, кластасым?

...Көтерем сиырдай орнынан өрең көтерілген. Көтерілген соң буынын мықтап тұрып бекіте алды да:

– Танымай тұрмысың, Қарабауыр? Баяғы кезім болса, аяғынды аспаннан келтірер едім, – деді.

...Қайран қалмасқа амалы жоқ еді, өйткені ол «Қарабауыр» деген на-
мысын шабактар сөзді жалғыз-ақ адамнан еститін және кек қайтаруга ша-
масы жетпей, бейамал күй кешіп, іштей кектенетін және де анау иілген
құс қанат қастың астындағы аялды қара көзде өмбө жылт еткен үшқынды
да бір-ақ жігіттен көрген, көрген сөтте гана бас бермес асау мінезі пәс тар-
тып, мысы басылатын. «Сол, – деп дауыстап жіберді. – Соның өзі. Таған
той мынау!» Иә, оның алдында адам сиқынан айырылып, ербііп тұрған
маскүнем мектепте он жыл бойы бір партада отырған, Алматыда бес жыл
қатар оқыған, аспирантураны тауысқан, ешкім жауырынын жерге ти-
гізіп көрмеген жігіттің сұлтаны, қыз-келіншектің сырттаны Таған еді!
«Құдай-ау, бұл қайдан жүр? Өлмеп пе еді?»

– Иә, мен әлі тірімін, Қарабауыр! – деген сөзден селк етіп, сасқа-
лақтап ойын жинап алды.

– Мықты екенсің онда. – Басқа еш нәрсе аузына тусе қойған жоқ.

...«Әбден біткен екенсің, Қарабура (бұл Тағанның бір кездегі лақап
аты еді. Бүгінде оны ешкім де бұлай атап, өспенсітпейді). Адамдықтан
кері азып, маймылға айналып-ақ кеткен екенсің».

* * *

Атақты «Мұзтау» деп аталатын шың Алтайдың мәңгі жығылмас,
шаңырағы шайқалмас ақ отауы сынды еді. Міне, осынау шілденің ми-
қайнатар ыстығында пүшпағы шетінемей жататын, мұз құрсаулы шың-
ның алқымынан бұлақ болып басталып, арыны қатты арқыраған өзен-
ге айналатын суды жергілікті қазақтар «Қатын сұзы» деп атағалы қа-
а-а-ша-ан, одан бері де мың жыл еткен шығар-ау. Сол, өсіреле бас жагы
ақайран болып басталып, Таулы Алтай өлкесіне жақындағанда тау-тау-
дың омырауынан сандаган бұлақ саулап қосылып, мәлдірленіп барып
Обықа құятын ағынды өзеннің солтүстігін алтайлықтар, оңтүстігін қа-
зақтар жайлайтын. Қатын-Қарагай ауданы мен оған іргелес Үлкен На-
рын ауданының үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы, табын-табын сиы-
ры жаз бойы емін-еркін шүйгінде, тау басына алғашқы қар түскенде
ғана етекке мамырлай көшуші еді. Міне, сол Қатын сұына Тихой (Тихая)
өзені келіп құятын. Осы бір шағын өзеннің ерекшелігі сол, Алтайдан
муқым өзен күнбатысқа бет алса, «Тихой» керісінше терең сайды қуа-
лап күншығысқа ағатын. Өрге қарай аққан өзен тоқтап тұрған су секілді
толқынсыз, айғай-шусыз, жым-жырт жатар еді. Бәлкім, сондықтан да
«Момақан» деп атап кеткен секілді. Қатынға құйған Момақанның мәлдір
сұы біразға дейін ашуулы өзеннің аққула сұына қосылмай, түсін бұзбастан
қатарласа – жағаласа ағып барып, күштінің ырқына көнгендей өз бояуы-
нан, өз келбетінен, өз тағдырынан айырылатын, жарықтық. Дәл осы

улкенді-кішілі екі өзеннің құйылысындағы алақандай жазықта ағаштан қызып салған керіскедей үй түр. Арпалысқан өлемнің әлегінен, даңғаза да мазасыз тіршілігінен қашып келіп немесе ұлы шерулі көштен адасып қалып, жападан-жалғыз қалған бұл үйдің иесі – біз жоғарыда әңгіме еткен Ерік есімді омарташы жігіт. Алматыдағы дene тәрбиесі институтын бітірген, курестен спорт шебері Еріктің жалпақ дүниенің барлық қызығынан жеріп, атты адам араға бір қонып (онда да жаз айында, қыста жан баласы қатынай алмайды), әрең жетер ит өлген жерге кетуінің сырын ешкім де білмейді. Бұл үйдің ала жаздай анда-санда келіп тұрар жалғыз-ақ қонағы бар. Ол – орманды өрттен қорғаушы, вертолетші жігіт Прохор Александрович Лаптев. Омарташы мемлекетке тапсырар балды осы кісіден беріп жіберетін және Улкен Жермен арадағы байланыс тек Лаптев арқылы жасалар еді.

Бәрінен де бұрын ес біліп, етек жапқалы, барлық ғұмырын қадірлі халқы, жағалай жұрттымен өткізіп, «Көппен көрген ұлы той» деген ұлағатты сезді имандай тұтып келген Еріктің шешесі Нюра Фадеевнаға да қызын тиді. Ал Еріктің жары Айнаға Қап тауын асып кетсе де бәрібір, күйеуі қайда – бұл сонда, қосағымен қоса ағарудан өзге арман да, мақсатта жоқ. Тау қойнауындағы жалғыз үйдің күйбің-күйбің шаруасы жалықтырған емес, белі талып шаршаған да емес. Енесі жасы ұлғайған адам, оның үстіне, міне, жарты жыл болды саржамбас күй кешіп, төсек тартқан сал ауру, екі аяғын баса алмайды, оның асты-үстін тазалап, тамағын әзірлең, сусын жұтқызып отыру да Айнаның мойнында. Ара бағу – қолы білген адамға әүресі жоқ таза жұмыс: өздері жайылады, өздері еңбектенеді, өзін ғана емес, өзгені де асырайды, тек уағында тексеріп, дер кезінде балын жинап, ауру-сырқаудан сақтасаң, шаш-етектен байлыққа батырар берекелі шаруа. Бірақ бұл үйде ара өсіруден басқа да тіршіліктің көзі мол. Тайынша, торпағын қоса есептегенде, оннан аса сиыр малы, бес-алты жылқы, елу шақты қойдың қысқы азығын дайындаудың өзі-ақ ерлі-зайыптыларды сүріндіріп жығатын.

Пештің үстіндегі қазандары су жылыған соң, жez құманға құйып Нұркे кемпірge (ауылдастары Нюраны «Нұркe» деп атап кеткен) апарды. Ол ояу еді. Көріліктен бе, әлде екі аяғы сырқырап тынышын ала ма, әтеш алғаш шақырғаннан-ақ, қыбырлап, жеткірініп ояу жататын. Темір төсегінің аяқ жағына байлап қойған қайыс белдеуден тартып, басын көтерді. Айна да жастығынан демеп, арқасын тиянақтап қойды.

– Шүкір, күн бүгін де ашық екен, – деді Нұркe кемпір келіні құйған шым-шым сумен беті-қолын жуып.

– Иә, шайдай ашық, апа.

– Жалғыз өзіңе қызын болды-ау, менің түрім болса мынау, тобанаяқ болып ас ішіп, аяқ босатқан.

– О не дегеніңіз, апа, осы күніңізге зар болып қиналмасақ. Ерік бұғін келер.

Нұрке кемпір сау кезінде дәрет алып, намаз оқып әдettengendikten бе, ұзақ жуынатын. Бір қолымен жez легенді, екінші қолымен жez күманды ұстап тұрған Айна енесінің осынау туда біткен кірпияз тазалығына таңғалатын өрі сүйсінетін. Қазір де сөл жымышп, асықпай су құйып тұр.

– Рақмет, Айнаш! – деді қос білегін, бет-аузын асықпай сырбаздай сұрткен Нұрке.

...Иен таудың ішінде пішен үйіп жүрген келіншек екі қолы жұмыста болғанымен, ойы алышта, бәлкім, біз түсіне бермейтін басқа-басқа, тек бір өзі ғана байыбына баратын өзге-өзгеше өлемі бар шыгар-ау. Рас, жалғыз жүргенде кісінің ойына оралмайтын дүние жоқ, арманда майтын, қиял құсын құшырлана ұшырмайтын биік жоқ. Сыңарынан айрылған аққудай, жаулығы ағарандап, шөп жинап жүрген келіншек кебінесе еткенін, қайтып қайырылмастай қош-қошын өлдекашан айтқан қыз кезін – қырмызы шағын есіне алар еді. Сол қызығы мол қыз кезі қөлбендең, кей-кейде көз алдынан өтіп бара жатар еді; жалқы сәт, аялдашы, ежелгіні еске алып сырласайқышы дегендей үмтүлғысы, ұстағысы келер еді; боталаған жанарын жұмыстан мүйізденген қолымен уқалап қалғанында буалдыр сағым, бүркүраған Қатын суын ғана керер еді. Айнаның жалғыз-ақ алданышы бар еді, ол – еңбек.

«Мен Ана ара емеспін, – деп ойлайтын ол. – Мен жұмыс арасымын. Өмір бақи үйқы дегенді білмейтін, сеспей қатқанынша шырын жинап, ызыңдалап өтер байғұс аралар сол толассыз еңбегін өзгелер жеп жатқанын қайдан сезінсін?! Ал адамның айырмашылығы енбек-егіннің жемесін теріп жеуінде, erteңгі мұрат-мақсаттарға талпынуда емес пе? Олай болса... мен кім үшін жан ұшыра жанталасамын? Орысша айтқанда: «Во имя чего?»

Осы бір азғынды ой соңғы кезде Айнаның миын шіркейдей айналдырып алды.

«Сонда не істеу керек?»

Білмейді, білсе өстіп өгей өмір кешіп жүрер ме еді. Тағы да бие сауымы болды.



Атау кере – ұзақ ауырып, халі нашарлаған адамға дайындалатын тамак. Қазақ ырымында бұл – науқастың соңғы асы.

Омарта – балараларының ұясы.

Екінті – тұс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы.

Месекерлі – қолынан іс келетін, шаруақор (Шығыс Қазақстанда кездесетін диалект).

Әспенсіту – дандайсыту, есірту, тым көтермелеу, асқақтату.

Қап тауы – шығыс әдебиетінде, азыз-әңгімелерде жиі айтылатын тауаты. Қап тауы қазіргі Кавказ тауы деген де пікір бар.

Жез құман – қолға су қуюға арналған, жезден жасалған түтқалы, қақпақты, шұмекті сопақша ыдыс.



1. Повестің толық нұсқасын оқып шық.
2. Повесть неліктен «Атау кере» деп аталған? «Қауіпті будан» дегенді қалай түсінесің?
3. Повестің ең негізгі көтерген тақырыбы, идеялық түйіні не?
4. Бек-Алқага жылына бір рет міндettі түрде қатынайтын Ерік кімді кездес-тірді?
5. Тау қойнауындағы жалғыз үйдің тұрғындары кімдер? Олар немен шұғылданады?
6. Дене тәрбиесі институтын бітірген, күрестен спорт шебері Еріктің омартаны көсіп қылуының сыры неде жатыр деп ойлайсың?
7. Айнаның ой-толғаныстары мен іс-әрекеттерінен ұлттымызға төн қандай әрекшеліктер байқалады?
8. Неліктен шығармада аралар тіршілігі адамдардың тіршілік әрекетімен үштастырыла баяндалған?



1. Повестің кейіпкерлер әлемін «Кластер» әдісімен топтастыр.
2. Бір кездегі от ауызды, орақ тілді Тағаниның құлдырап, бейшара кейіпке түсуіне қогамның кіноси бар ма? Ойынды «ПОПС» формуласы арқылы жеткіз.

Улғи:

Бірінші сөйлем. Менің ойымша, ...

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей ала-мын.

Төртінші сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім.

3. «Концептуалды кесте» әдісімен үзіндідегі кейіпкерлердің өмірге қызыгуышылдықтары мен адами қасиеттеріне талдау жаса.

Кейіпкер	Өмірге қызыгуышылығы	Адамгершілік қасиеттері	Кейіпкерге берілетін баға
Ерік			
Таған			
Айна			



1. Еріктің құрдымға кеткен Тағанды көргенде қуанып кетуінің себебі неде деп ойлайсың? Пайымдауынды жаз.



2. Берілген үзіндін тыңдал, көркемдегіш құралдарды тауып, талдаңдар. Шығарма идеясын ашууда олардың рөлі туралы айтып беріңдер. Уақыт: 7 минут.



«Мен Ана ара емеспін, – деп ойлайтын ол. – Мен жұмыс арасынын. Өмір бақи үйқы дегенді білмейтін, сеспей қатқанынша шырын жинап, ызыңдан өтер байгүс аралар сол толассыз еңбегін өзгелер жеп жатқанын қайdan сезінсін?! Ал адамның айырмашылығы еңбек-егіннің жемісін теріп жеуінде, ертеңгі мұрат-мақсаттарға талпынуында емес не?» – деген үзіндіні негізге ала отырып, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы шарын эссе жаз.

Кері байланыс: «Сөйлемді аяқта»

Мен мынаны білдім	
Маган қызық болғаны	
Маган қынын болғаны	
Мен мынаны жасай алдым	
Мен мынаган таңгалдым	



Ене мен келін

Оқу мақсаттары:

11.1.5.1 – ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

11.2.1.1 – әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау;

11.3.2.1 – көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

Өмір тарихы, қазақтар мен кержақтар, сыйластық, ене мен келін, тәрбие, отбасы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ повесть үзіндісінде берілген ұлттық құндылықтарды анықтау;
- ✓ ұлттық құндылықтардың ғаламдық тақырыптармен байланысын саралау;
- ✓ берілген үзіндінің композициялық жүйедегі орнын тауып, талдау.

– Сіз ол кісіні шын жақсы көріп қосылдыңыз ба? – деп Айна оқыстау сұрақ қойған.

– Ой, ол бір таусылмас хикая, – деді енесі жастығына жайғаса жантайып.

– Айтып беріңізші, апатай. Сіздердің өмір тарихтарыңызды мен білмеймін. Еріктен қанша рет қадалып сұрасам да... айтпай қойды. Түріңіз болмаса сізді орыстың қызы деуге кісінің сенгісі келмейді. Мен осы үйге келін болып түскеннен бастап, өз тіліңізде ләм деп сейлекеніңізді естіген емеспін, әлде ұмытып қалдыңыз ба?

– Соны өзім де білмеймін, – деп жымиган кемпір өдемі де әсерлі әлдене есіне түскендей жадырап сала берді. Нюра, яғни қазактар Фадейдің қызы Нұрке деп атап кеткен бұл кісі жас кезінде сұлу да сұңғақ болғаны осылай оқта-текте көңілденіп кезінде үшқын үялағанда, әйгіленіп қалатын. Өсіресе, ұлken де үялыш кек көзі қартаймай, жалт етіп қарағанда, жанарынан нұр тәгіліп, жаныңды шуақа бөлейтін. Сейлекен сөзі орнықты әрі байсалды. Жүріс-тұрысынан да бесзаттық пен абзал аналық сезілуші еді. Алғаш осы үйдің табалдырығын аттаған күні Айна жерге кірердей үялыш еді. Оған кінәлі – Ерік, анасының ұлты орыс екенін айтпаған. Оны жаңа түскен келін қайдан білсін, алдынан шыққан орыс әйеліне «Здравствуйте» деп сөлем берген. Сонда енесі таза қазақ тілінде: «Қадамың құтты болсын, қарағым! Қосағыңмен қоса ағарып, бақыттығұмыр кешіндер», – деп алақанын жайып заулатып бата беріп, құшақтап бетінен сүйіп еді. Одан бері де он жыл уақыт өткен екен-ау... уақытты ұысына ұстап тұrap кім бар?..

– Мен Еріктің әкесі Қандауырга тұрмысқа шыққан жылы, жарықтық атамыз, атын атаяу әдепсіз болар, қайын атамды айтамын, – деп пысықтайдын түсіндірді, – Меккеден оралып, қажы атанып қайтқан. Үркердей үш келінін бірдей, оның ішінде мен де бар, мұсылманша оқытып, хат танытты. Мен сол күннен бастап бес уақыт намаз оқып, шаригаттың шәлісін жамылдым. Оны өзің де білесің, Айнажан, екі аяқтан айырылғанша ораза-намазды қаза қылғаным жоқ. Қайын атамыздың іслам діні жайында, пайғамбарлар мен сахабалар туралы әңгімесі бізді ешқашан жалықтырмайтын және біз күмән-күдіксіз сенетінбіз. Алғашында мен қазақ тілін

жарытып білмейтінмін, мұқым ауыл балалары шүлдірлекенімді қызық көріп, сөйлете беруге әуес еді... Иә, ол да бір дәурен, қимас шақ еді-ау.

...Әке-шешем және бүкіл Фадеевтер әулеті қазаққа тұрмысқа шығатынымды естігенде үзілді-кесілді қарсы болды, әкем мен ағайым тіпті өлтіреміз деп те қорқытты. Біздің кержақтар – орыстың ішіндегі төменгі жақтан ауып келген аса діншілі. Естуімше, патша ағзамның өзі ішкери жаққа жер аударыпты, неге екенін білмеймін, «кержақтар» атанғанбыз.

– Үйінен су бермейді екен, ал алда-жалда су сұрап іше қалсаң, сол ыдысты қайтып пайдаланбайды екен, бөтен біреу ұстаған есіктің тұтқасын ыстық сумен жуады екен деуші еді, рас па? – деп сұрады енесінің әңгімесін үйіп тыңдаған Айна.

– Баяғыда одан да сорақы әдеттері бар еді, қазір оның журнағы да қалмай, жергілікті елмен сіңісп кетті гой... Әкемнен гөрі шешем қатал болды. Мені Қандауыр бір-ақ күннің ішінде алып қашып, ауылына алып барған күннің ертецинде, артымыздан шешемнің өзі бастаған құғыншылар келді, түрлерінен адам шошырлық ашулы, бөрінің қолында мылтық. Төбелес, барымта десе қолы қышып, ереуілдеп кетер қазақтар қарап қалсын ба, барында шиті мылтық, жоғында шоқпар-сойылдарын қоқайтып олар да «мен атайын, сен тұр» деп қаптады. Сонымен не керек, екі жақ бітімге келісе алмай «тұрысатын жерін» белгілеп, Бек-Алқаның ағаштан ада беткейіне қарай бет алған. Кержақтардың оқтаулы мылтығына қарсы төтеп берер қару қазақтарда жоқ еді, тек бірен-саран аңшылары ғана қолдарына шиті мылтығын ұстап, намыстың айдауымен қиқулап жөнелген. Екі ауыл қанды шайқасқа қас қағым сөтте әзір болды. Құлынды бие беріп, сатып алған бесатарын мойнына асып, Қандауыр да аттанып кетті. Торғын шымылдықтың ар жағында толған айдай толысып мен отырмын. «Қанды аяқ болды-ау шоқынды» деп мені қарғап-сілеп абысын-ажындарым жүр. Шымылдықты ашпаған күйі атам тіл қатты:

– Келінжан, өзің бетуага келтірмесең, екі елдің арасы ашылып, азamatымыздан айырылғалы тұрмыз. Сені ықылассыз алып кетті деп, күш бермей тұр... менің қазақша сөзімді түсіндің бе?

– Үқтый, ата, өзім барайын, – деп шымылдықты сыйра атып шыққаным. Бұл оқыс қимылдан шошына шалқалап, «Астапыраллалап» шегіншектеген атама қараган қайда, кермедегі кербестіге міне шаптый. Үстімдегі қазақша кигізген бүрмелі етек кейлек желбіреп, басымдағы үкілі тақияны жел ұшырып әкетті. Екі жақтың жігіттері сақадай-сай, бетпе-бет келіп тұр екен, тұра орталарына ағызып шықтым. Өз туғандарыма: «Мен өз еркіммен келген адаммын. Мен Қандауырды сүйемін! Тоқтатындар шайқасты!» – деп орысша да, қазақша да үш рет қайталап, дәл орталарында атымды ойнатып тұрып алдым. Не істерлерін білмеді.

Атыса жөнелейін десе, оқ маған тиоі мүмкін. Осы кезде шешем келді жаныма: «Ақымаң қыз, қайт үйге! Дінімізді қорлама!» – деді мені қамшымен тартып жіберуге ыңғайланып. «Айналайын анашым, бер батанды, амалым жоқ, екіқабатпын» дегенімде ғана жібіп, зар еңіреп жылады-ай. Ал мен бұл сөзді өтірік айтып едім. «Қор болғаның осы... қызымы... енді қайтып сенің қара жүзінді, ...бетінді көрмеймін, лағынет, лағынет!» – деп аттарын ойнақшытып, көздері қанталаған туыстарымды ертіп, кері шаба жөнелді. Ат шаптырып той жасады, қазақтардың барлық ырымымен Қандауыр екеуіміздің некемізді қиды. Құдай-ау, әлі есімде: басымда кимешек, шылауыш киіп, ақ шатырдай бол бие саууга шыққанымда, бүкіл ауыл мәз-мейрам бол қарап еді-ау. Өсіреле, бір тізелеп биенің борбайына жабыса қалғанымда – кержақ қызынан мундай өнер күтпеген атам: «Көресіңдер әлі, бұл келінім барлығынан озады», – деп масаттанған. Ал Қандауыр екеуіміз қосылмай тұрып-ақ қазақтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне жасырын дайындалғанбыз, ана тілін үйреткен де Қандауыр.

– Қандауыр деген не сез? – деді Айна енесін қымтаңқырап қойып.
– Тек, о несі-ай, атасының атын атағаны несі...
– Кешіріңіз, – деді қызара үялған келіні. – Байқамай қалдым, әншійін сез төркінін білгім келіп еді...
– Шешем марқұм, күйеуі Фадей өлген соң, бүкіл шаруашылықты өз қолына алған өжет те еркекірек кісі еді. Қазіргі қазақтар «Бек-Алқа», орыстар «Фадиха» деп аттайтын село сол менің шешемнің иелігінде болатын. Кержақтардың ішіндегі ең шонжарлысы, мыңдал марал өсіріп, пантысын Қытайға сататын. Жас кезімнен мен де тағы маралды тау-тастан қуып, ат құлағында ойнап естім. Шіркін-ай, омартаамыз қандай көп еді!.. Еріктің анау ербиген отыз шақты ұясы ширегіне де келмейді. Бүкіл орыстар, тіпті қоңсылас қазақтар да шешемнен зәресі қалмай қорқатын. Қандауыр екеуіміз ғана айбынынан жасқанбаған (кемпір күлімсіреді). Қорқатын себебі: Анна Филомоновнаның кісіні жадылайтын сұңғыла өнері бар-тын. Сен, Айнашжан, сенбе, Алла атынан айтайын, оқып-оқып қара суды теріс ағызатын. Талайға қас қылып қан қақсатты-ау, жарықтық. Сол сиқыршылық өнерін маған үйретемін деп жүргенде, қазаққа қатындыққа қашып, айырылып қалдым, сырын ешкімге ашпаған күйінде көз жұмды. Үйренбегеніме өкінбеймін де, бұл жалғанда адам баласына, мейлі ол жақсы, мейлі жаман болсын, қастандық жасағаннан қасіретті не бар, душпаныңнан кек алам деп күнөға бату, күпіршілік жасау қайсыбір дінде де иманды жол емес қой.

– Сіз, апа, анаңызға тартпаған екенсіз...



Хикая – орта көлемді сюжетті шыгарма. *Бұл жерде:* ұзақ оқиға мағынасында.

Кержақтар – Нижегородск губерниясы Керженецк өзенінің бойынан жер аударылып келген орыс ұлты өкілдерінің этноконфессиялық тобы.

Панты – жас маралдың, шұбар бұғының дәрі жасауға қолданатын мүйіз қаны.

Жадылау – дуалау, сиқырлау деген мағынада.



1. Айна мен енесінің диалогін рөлге бөліп оқындар.
2. Үзіндігі ене мен келін диалогінен нені аңғардың?
3. Нұркенің кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, міnez ерекшелігі қалай суреттеген?
4. Ниора қалай Нұрке атанған? Қандауырга тұрмысқа шыгуы екі елдің арасына қандай жайсыздық өкелді?
5. Нұрке анасы Анна Филимоновнаның кісі жадылайтын өнерін неге құптаамады?



1. Топта повесть үзіндісін талдаң, сюжеттік желісі бойынша интеллект картасын құрастырындар.
2. Нұркенің портретіне мінездеме бер. Кейіпкердің ең маңызды өрекеттерін анықта. Сол бойынша кейіпкерге қатысты қорытынды жаса.

Кейіпкер	Портреті	Мінездемесі	Кейіпкердің ең маңызды өрекеттері	Оз көзқарасым
Нұрке				



Повестегі кейіпкерлер бейнесі жинақтау мен даралау арқылы жасалғанына назар аударындар. Шыгарма кейіпкерлеріне қатысты үзінділерді повестен тауып оқып, «Үзінділермен жұмыс» әдісі бойынша 1-топ Айна бейнесіне, 2-топ Нұрке бейнесіне түжірым жасандар.

Улғи:

- 1) Менің ойымша, повестегі _____ бейнесі _____
- 2) Ойымды былай дәлелдеймін:
1-аргумент – _____
2-аргумент – _____
3-аргумент – _____
- 3) Ойымды дәлелдей отырып, мынадай қорытынды шешімге келдім:



1. Үзіндіде ене мен келін арасындағы сыйластық қалай көрініс тапқан? Өз пікірлеріңді білдіріп, шағын пікірталас үйымдастырындар.

2. Повестегі заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып баға бер.

Кері байланыс: «Сейлемді аяқта»

Мен мынаны білдім	
Маган қызық болғаны	
Маган қыны болғаны	
Мен мынаны жасай алдым	
Мен мынаған таңғалдым	



Таған мен Шалдың әңгімесі

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 – көркем шыгармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шыгармашылық жұмыстарда қолдану;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.2.4.1 – әдеби туындыдагы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шыгармашылық жұмыс (әңгіме, өлең) жазу;

11.3.3.1 – шыгарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

■ Табиғаттың сұлу бейнесі, еркін адам, таза үрпак, балалар болашагы, өмірлік үстаным.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ повесть үзіндісінен жазушы тіліне тән қанатты сөздер мен дәйексөздерді анықтау;
- ✓ тұрақты оралымдарды шыгармашылық жұмыста қолдануға дағылану;
- ✓ берілген үзіндінің негізгі идеясын анықтау;
- ✓ үзінді идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау.

Суық сумен жуынып, шөп түнбасын ішіп, жаттығу жасап, шай ішкен соң, Қатын суын өрлеп жолға шықты. Осында келгелі алғаш рет үйден үзап, орман аралаганы еді, біртүрлі тынысы кеңіп, шайыр аңқытап ағаш иісінен құшырлана жүтті. Санасы сау, бойы сергек. Жұз қадам журмей ентігетін кекірегі тың, айқыш-ұйқыш сұлап жатқан молактардан жеңіл секіріп өтіп, ойнақтай басады. Қолында қабығын аршып, қатырған қа-

йың таяғы бар, мүк басып шіріген томарды соққылап, жолшыбай кездес-кен барша тышқанға дәлдеп, жас балаша еріге желе-жортады. Қаңсып қалған қайран қөңілінде желік бар, ол қайдан пайда бола қалған желік, өзі де білмейді, әйтеуір, жиырма бес жасы қайтып оралғандай ыргиды, ысқырынып әндetedі. Өзен жиегіндегі әбден пісіп, бүрісіп түсуге айналған қарақатты уысын толтыра асайды. Самырсынның басында самсап өскен балқарағай бүршігін қолындағы таяқпен ұрып құлатып, шағып көріп еді, қарамұрттанып пісіуі әбден жеткен екен.

«Егер Еріктің айтқаны рас болса, ғажап Шал, – деп ойлады. – Жиырмасыншы ғасырдың қашқыны тек мен ғана емес екенмін-ау. Қызық, өмірдің философиясы қандай? Екі баланы етегіне орап тауга тығылғанда, жалғанның жамандығынан құтыла ма?» Ойды ой қуалап, біраз жерге келіп қалған екен... Өрге қарай жүргендіктен ентігіп, шаршau тартқанын сезді. Бағанадан бері тек төмен қарап, қураган ағаштарды санағандай басын жерден бір алмап еді, өзенде жиектей шатқалға біткен орман сиреп, оң жағындағы жотаға көтерілгенінде тұра алдынан маңдайы жарқыраған, найзадай шаншылған аппақ шоқыны көрді. Ұшар басында жаулықтай байланып, тәбесін переделеп тұрар бұлт жоқ, қыркүйектің таза аспанына сұғынып кірген аппақ алып найза – жарықтық Мұстаудың дәл өзі еді. Ал дегенде кезі шағылысып жасқанып қалған Таған кез үйрете келе сілейе қарады. «...Табиғат қате жібермейді, егер «ақымақты» дүниеге келтірсе, онда сол ақымақтың да бір нәрсеге қажет болатыны...» Осы бір пәлсананы не бір жерден оқыған, не өзі ойлап тапты, қалай болғанда да есіліп-есіліп есіне тускеніне іштей мәз болып қуанды. «Демек, мениң де тым керексіз болмаганым... Әйтеуір, бір қажеттілікке жараганым... Ерік те солай...»

Тағанның қуанғаны осы тым-тым ақылгей сөзді жүйелі түрде есіне түсіргені емес, сол сөзді сана сарабына салу қабілетін жоғалтпағаны еді, демек өзінің де құрдымға мүлде кетпегені де... Айнадай жарқыраған Мұстау мұның бала кезіндегі аппақ арманындей болып, жан дүниесін жайлап алды.

– Оу, жігітім, сен қайдан жүрсің? – деген жуан дауыс және шошытты. Бұрынырақта «Сырдың сұысирағынан келмей» жүрген диуана шағында үстінен трактор жүріп етсе де былқ етпейтін Таған соңғы ішүін тыйған уақыттан бермен, жоқтан өзгеден секем алып, қоян жүректеніп кетіп еді. Бәлкім, қорқыныш екі аяқты жұмыр басты пендениң асыл қасиеттерінің бірі шыгар. Неге екені белгісіз, кейінгі дәуір үрпагы осы табиғи қасиеттен жүрдай болып, бірыңғай міз бақпас «батырлар» көбейіп кеткен секілді...

– Оу, тілің байланып қалған ба, неге үндемейсің? – деді үстінен өзкіе қарап тұрған қаба сақал Шал. Шарықтаған қиялыша қиянат жасаған

Шалды Таған ө дегенде сұқаны сүймегені рас-ты. Аузын бугандай бұлырып қалуы қырсықтанғанынан да емес еді, өзі де анық-қанығын ажыратпаған ой-арманынан қапелімде айырылып қалған қас қағымдық сөт ақыл-есін де алжастырып кеткендей еді. Ендігі тымпи ойнаудың, яғни көгерптесін сезді ме, қағып кеткен кісідей:

- Ассалаумагалайкүм, ата, мен сізді бір жерден көрген секілдімін! – деп ырсия құліп, құйрығымен жылжып жақындаі отырды.
- Шырағым, денің сау ма осы сенің? – деп қарт сығырая қарады.
- Саусыз ба, ақсақал? – деді ол тағы түйеден түскендей...
- Мен саумын ғой, шырағым, өзіңнің шалығың жоқ па?.. Қиялимсың, қиналышп җурмісің?
- Соңғысы, ақсақал, соңғысы. Ой тубіне кетіп, оспадарлық жасаганыма кешірім сұраймын. Сізді шырамытып отырмын.
- Немене, әкенді жоғалтып па едің?..
- Кешіріңіз, әкені қара жерге бергеніз. Көрген кісім болған соң...
- Оның жөн-ақ. Бірақ жоқтан өзгеге шыбындаған аттай бас шұлғып, кешірім сұрай берме. Қазақ тек о дүниеге аттанар сөтте гана бақұлдасып, артық ісім болса кеш деп иек қаққан.
- Халқымыздың жол-жоралғы, дәстүр-салтын ұмыттырғалы қа-а-ша-ан... – деп жартасты жарып өскен шынардай шыныққан бітіміне қызыға қарады. Малдас құрып мығым отырган Шал басынан тациясын



шешіп, шор-шор болып қыртыстанған тақыр басын сипады. Ептең жіпсіген екен, күректей алақанымен құшырлана сүрткіледі де, тақиясын қайта киді. Жарланған қабақ, шұңгіл көзін жаба жабагыланған қою қас, қонқақ мұрын, ұзын иегін тұтастыра жұтып қойған сақал, ақшулана бастаған қаба сақал – дәл осы қалпында Шалдың пошымын қазақ нәсіліне үқастырмай түр еді...

– Жүр, кеттік! Құдайы қонағым бол, – деп орнынан лақтай ыргып тұрып кетті. Бұл Шалдың мынау қаңғыбас жігіттің сезінен өзін танығаны еді.

Бұлар ылдилап, қиялай аяңдап, ағаштары жаназага жиналғандай ін тірескен сайға түсті. Сай табанынан арқырай аққан бұлақ шуылы естіліп, осы өңірдегі тіршіліктің жалғыз өншісіндегі құлағыңың құрышын қандырады.

...Жолаушылар сұғына құлдаған сайын сай ішінің ағашы қалындал, екіншіге еңкейген күннің сәулесі қашаңдаған сайын ымырт тез үйіріліп, әрі-беріден соң ешкі самырсын, шыршалардың түбі қарауыта бастағанды. Қарауыта бастаған орман іші елегізітер, еңсенді басар; бірақ сонау таудың жонарқасында алаулы шапақ бар – жайнаған жарық дүниенің ал қызыл шатырындашалқып та балқып жатыр.

– Ақсақал, оу, ақсақал, жетер жерімізге енді қанша қалды? – деп айттады Таған. Жығылып-сүрінген жүрісі шаршастың сыңайын аңдатты.

– Келіп те қалдық, – деп Шал да дауыстай жауап берген. Ең гажабы орман шорт таусылып, әлгі айғайдан қорыққандай, алдарынан айнадай болып көл жарқырады-ай... Айнала жап-жарық болып кетті. Күн өскелең асуындағы қасқая ескен қарагайдың ұшар басында ілініп түр. Мұстаудан бүктетіле аққан бұлақ көлдің дәл құярында алып қара тастан тік саулап, сарқырамаға айналып, елу кез биіктікten құлайды екен. Мың-миллион моншақ-тамшылар жамырап, ак кебікті аспанға ата бұрқырап қайнап, сап-салқын дым бұркеді. Жолаушы жігіт осына қапелімде пайда болған сұлу көрініске елтігендей қаздып тұрып қалып еді, озыңқырап кеткен Шал:

– Оу, сарқырама көрмеп пе едің, айда, кеттік, – деп асықтырды.

– Рас, мұндан кереметін көрмеп едім.

– Ендеше, түнеп шық. Жалықсан, сонау тұтіні будақтаған Тас үйге келерсің, – деп аялдамай аяңдай берді.

Таңдай қаға тамсана қараган Таған, ақсақалдың соңғы сезін естіген жоқ, кез алдында табигат құдіреті орната салған көркем көріністі қызықтаумен түр.

...Жігіттің қоңырқай жүзі батар күннің батсайысындағы ах үрган арманмен алабұртып, ішінде жалындағы жанған екініштің бе, өксіктің бе, бөлкім, әлі де үміткер, әлі де қоламтасы суи қоймаған еркектік сезімнің

сергелдең шағы тұған шығар. Мынау қарсы алдындағы ағынан ақтаратылып тұрған Тағанның күнөдан ада сыры Шалды да шалт жібермей ойлантып еді. Ұзақ та ирелең азапты сапардан – мән-мағынасы жоқ мақсатсыз сандалбай тірлікten запы болған азамат ақылшы аға, қамқор қол, аялар алақанға сусап, егер осылар дәл қазір қатыгездік танытып өгейсітсе, өте-мәте өкінішті боларын, қазақ қайратты да қасіретті тағы бір азаматынан айырыларын бағамдады Шал. Маңдайдан сипар ықылас балағағана емес, үлкендерге де керегін үқты Шал. Төлімі мол тәрбие, көшбасшы көшелі сез жастарғағана емес, ересектерге де керегін сезді Шал. Кеңде тар дүниенің кеселді кесірінен, зілзала кесаптынан сақтап қалу үшін осынау екі тастың үстінде талтайып, қалай қарай аттарын біле алмай аласұрған жігітке ертеңгі өмірінің мінажатына айналар байсалды бата беру керегін кәперледі Шал. «Рас, рас, қазіргі үрпақ батасыз, батасыз болған соң, бөтуасыз лағып бара ма, қалай?» деп ойлады Шал.

– Шырағым, үйге жүр, қонып, қонақасынды же. Өңгімелесейік. Мен саған балаларымды таныстырайын.

Осы шақта тау қуысындағы үйден:

– Ата, ата, қайдасың? – деген баланың дауысы естілді.

...Тағанның таңғалғаны бұл да емес – тыныш тіршілік Қатын сұнының жағасында да бар. Тағанның таңғалғаны осынау Өр Алтайдың малшылар мен аңшылардан басқа жан аяғы баспайтын қуысында, ерте дүние деуіріндегі секілді, тас үңгірді баспана, табиғаттың тағыларын қорек етіп отырған Шалдың қаймана жұрттан қашаң тартқан тірлігі – қомақты қоғам, дүбірлі дәүірден өгейси кешіп, өз қотырын өзі қасыған оқшау кәсібі еді. Тағанды таңғалдырған бұл ғана емес, ауыл-аймақ, бота-тайлақтан тек қара басы ғана ауа көшсе, саяқтаса жарап еді-ау, пендеге берілер санаулы жасының көбі кетіп, келтеленген шағында оған бері жарасар; өзімен бірге т-ү-у итарқасы қиян – ел-жұрты жоқ жетімсіреген жерге қаршадай екі баланы ерте кеткені. Олар күні ертең ержете келе, Қар адамы секілді жабайыланып, жан адамға жуымайтын тағыға айналып кетсе, мынау мәре-сәре өмірдің қызылқырман қызығынан макұрымданып, маңып қалса қайтер... Шалға лағынет жаудырып, өкінішті өмір кешпей ме? Бұл қалай сонда?

Үңгір-үйдің ішіне еңкейіп кіргенде тұған осы ойлардың ұшығын таба алмаған жігіт айналасына аңтарыла қараумен болды. Үлпершектей үлбіреген ұл мен қыз аса бір ізет, иманды инабаттылықпен сөлем берді де, атасының мойнына асылып, аймалап, сағыныш-мауқын басты...

– Балалар, тамақтарынды қамдаңдар, – деді Шал білтешамды жағып. Үл мен қыз жарыса жүгірді. Таудың ымырты лезде үйіріліп, үңгір-үйдің іші қараңғыланған. Ашық тұрған есіктен көлдің бір пүшпағы, ар жағын-

дағы алып тау тұтас тұлғасымен көрінеді екен. Етегі киіздене тұтасқан орман; сол орман заңғартаудың басына жете алмай шаршап таусылып, қорым тас, таз шоқы басталады. Шоқының айыр өркеш шошағында әлі жүқалаң шапақ бар.

– Ұлымның аты – Қозы, қызымының есімі – Баян, ырымдап әдейі қойдым, – деді ақсақал өңгімеге ықылас білдіріп. – Егер тегін қуаласаң, бірі – батыстан, бірі – шығыстан. Әдейі Қазақстанның екі қыыр шетіндегі балалар үйінен алып келдім. Қандары араласып, балталаса бөлінбейтін ұжымды ел болсын дегенім...

– Шынымды айтсам, ағасы, сіздің осы әрекетіңзге түсінбей отырмын. Не үшін? Жаман айтпай жақсы жоқ, ешкім де мың жасай алмайды...

– Өліп кетсең, екі бала көмелетке толмай далада қалады деген уайымың шығар. Айтшы, шырақ, маган қанша жас бересің?

– Шамамен... – деп ойланды Таған. – Кем дегенде жетпіске жақындал қалдыңыз.

– Сақалым мен шашымның ағына қарап ажыратсан, солай, әрине. Нақтысы – 1924 жылғымын, демек елу сегізdemін. Енді бір он бес жылсыз өлімнің дүзагына іліне қоймаспын деген сенім бар. Ендеше, менің екі балам ол кезде бірі бойжетеді; екіншісі ержетеді, яғни жиырманың үстіне келеді деген сөз... Одан ары менің керегім жоқ, өз күндерін өздері көреді, атамекенің атпал азаматы болады.

– Қызық екен... ертектегідей... бәрібір түпкі мақсатыңыз түманды. Елдің ішінде отырып ержеткізсеңіз, кім таршылық жасар еді? Обал ғой, аға, обал...

– Бүтінде ел қалды ма? – деп сақалын саумалады Шал. – «Бұлінгеннен бұлдіргі алма» деген... Егер мен елден қашсам, баламның саудайы қылық, арзан қызықтан таза өссін дегенім.

– Ағайыннан көңіліңіз қалған-ау. Әйтпесе Үлкен Жердегінің бәрі ақымақ дегенге кім сенер. Рас, кепшіліктің ортасында жүріп те жалғызырайсың, ондай ауыр сөт өз басымда да болған. Бірақ айналайын халықпен қақтығысып жүргенге не жетсін?

– Адам-орманның ортасында жүріп күнега батқанша, ағаш-орманың арасында таза өскеніне не жетсін! Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да; ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар үрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле-қала, өсек-жала-дан... мендуана жегендей желіктірер өүен мен өумесер қылар айғай-шудан да алып қашып отырмын.

– Адамзаттың өмірі Алтайдан басталған деуші еді әрі жазушы, әрі тарихшы бір досым. Соның сөзін, бәлкім, сіз дәлелдеп шығарсыз, – деп күлді Таған. – Сонда қалай, екеуін үйлендіресіз бе?

- Дәм жазса, ондай ойым жоқ емес.
- Өз бауырыңызда, бір үйде ағалы-қарында сектілді тел өскен балала-рыңызды ерлі-зайыпты етіп қосқаныңыз ата жолын бұзгандық емес пе, ағасы...
- Ашып айтамын деп, қанын шығара қасып айтып отырсың-ау, шырақ. Екі бала ақыл тоқтатқан соң, анығын ашармын, өздері шешер... Болмаған жағдайда ауылдан адам табылмас деймісің?! Өссінші өуелі... Жә, доғарайық, тамақ дайын...

Ағаш табаққа салған етті буын бүркүратып Қозы, соңын ала сорпа құйған ыдысы бар Баян кірді.



Шайыр – шырша мен қарагай діңінен бөлінетін қоңыр сары түсті қоймалжың.

Молақ – діңі кесілген немесе сынған, қурап кеткен ағаш түбіртегі.

Ымырт – күн үясына бата бастаған мезгіл. Оның турлі атаулары бар. Алакеуім – күннің алакөбенденіп, үясына қона бастауы. Кеүгім, кеуім – қараңғы түскен кез, ымырт. Кеш – қас қарайған шақ.

Саудайы – бетімен кеткен, алаңғасар.

Мендуана – алқалар тұқымдастына жататын біржылдық не екіжылдық шөп тамырлы улы өсімдік, биіктігі 30-70 см, өн бойында жұмсақ түгі болады.



1. Таған неліктен Қатын сұнын өрлеп жолға шықты?
2. Жазушы үзіндіде төүлік мезгілдерін қалай бедерлеген? Олардың атауларын теріп жазып, магынасына назар аудар.
3. Шалдың қаймана жүрттан қашып, өзімен бірге итарқасы қиянға қаршадай екі баланы ерте кетуінің сырьи неде?
4. Жазушы Шал образын беруде қандай тәсілдерді пайдаланған деп ойлайсың? Үзіндіден мысалдар келтір.
5. Хрестоматиядан алынған повесть үзіндісіндегі диалогке назар аудар. Ел тарихында бұл жылдар қалай аталған?

– Жолдас бастық, менде не ақыңыз бар? Ұзында өш, қысқада кегініз жоқ еді ғой. Жолыңызға көлденең түрған жерім бар ма еді? Тіпті бір-бірімізді жыға танымаймыз да ғой.

- Сен халық жауысың, – деді ол марғау қалыпта.
- Оны кім айтты сізге? Дәлеліңіз қайсы? Әйелім мен бесіктен белі жаңа шыққан баламның жазығы не?
- Жазығы сол – байдың қызы.

- Онда тұрған не бар? Өке-шешесінен кетісіп кеткелі қашан...
- Сен, шырагым, басымды ауыртпа. Менің де жаным екеу емес. Ка-тын-Қарагайдан 150 халық жауын табу керек деген жоспар бар жоғарыдан. Сонда сендердің орындарыңа өзім қамалуым керек пе?
- ...Менімен толтыру керек пе?
- Сонда сенің орныңа ауыз жаласқан досың – Көкенді үстаймын ба? «Сол жау» деген айғақ бер, өзінді табан астында босатайын да, соны қамайын.

Қандауыр сөзден тосылды. Рас-ау. Жұз елу жауды тауып беру бұған да қыын.

– Білемін, – деді қаздай тізілген көк кейлек, ақ балтырлы қайындарға қараған күйі. – Білем, мені қарғап-сілейсіндер, бірақ жазығым не? Жазығым үкімет міндетін адал атқарып, бүйректы орындағаным ба? Иә-иә, мен орындаушы ғанамын... Кейде осы ісімнің ақ-қарасын ажыратта алмай дал болып, тіпті таң атқанша кез ілмей шығатын кездерім бар. Ал көзім ілінсе болды, бір жүндес қол қолқама саусағын тарбайта ұмтылады... Тапанша жастап үйықтамаған кезім жоқ, тек сол сұық қаруғана жан досым... айтшы өзің, менің орнымда болсаң не істер едің?

– Сіздің орныңызда болмағаныма қуанамын.

– Қуансаң – сол. Сенен гөрі менің бас бостандығым жоқ...

Шолақ қолдың жүзінде мұң бар еді. Оның осынау мән-магынасы жоқ, ішінде ит өліп жатса да сезу мүмкін емес әлпетіне аяй қарады.



1. Топпен бірге үзіндідегі Шал бейнесі бойынша «Көркем шыгармадагы кейіпкер портреті» кестесін толтырындар. Шалды қай қырынан таныдындар? Оның ой-толғаныстарынан қандай тұжырым шыгаруга болады? Ойла-рынды ортага салындар.

Тұр-келбеті	
Мінез-машығы	
Тұрмыс жағдайы, әл-ауқаты	
Іс-әрекеті, сөйлеу мәнері	

2. Үзіндіден алған өсерінді, сол өсерді беруге ықпал еткен сөздерді кестеге түсір. Көркемдегіш құралдардың шыгарма идеясын ашуады рөлін айқында.

Үзінді	Үзіндіден алған әсерім	Ең қатты әсер еткен сөздер	Көркемдегіш құралдардың шыгарма идеясын ашу-дағы рөлі туралы ойым
Мұзтаудан бүктетіле аққан бұлақ көлдің дәл құярында алып қара тастан тік саулап, сарқырамага айналып, елу кез биіктікten құлайды екен. Мың-миллион моншақ-тамшылар жамырап, ақ көбікті аспанга ата бүркырап қайнау қапелімде пайда болған сұлу көрініске елтігендей қаздып тұрып қалып еді...			



1. Тағаниң табигат туралы ойына «Қос жазба күнделігі» арқылы түсінік бер.

Тағаниң табигат туралы ойы	Түсіндірме
...Табигат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол әмісе әдемі, әмісе сүйімді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан адамдар секілді қателес-пейді. Табигат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдаң-арбамауды табигаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ (табигаттың) жүргегі таза.	

2. Үзіндідегі Таған мен Шалдың диалогін оқы. Олардың үрпақ туралы айтқан сөздеріне мән бер. «– Ұлымның аты – Қозы, қызыымның есімі – Баян, ырымдал әдейі қойдым, – деді ақсақал әңгімелеге ықылас білдіріп. – Егер тегін қуаласаң, бірі – батыстан, бірі – шығыстан. Әдейі Қазақстанның екі қиыр шетіндегі балалар үйінен алып келдім. Қандары араласып, балталаса бөлінбейтін үжымды ел болсын дегенім...» – деген Шалдың сөзін негізге ала отырып, көркем шыгармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстыр.



3. Таған мен Еріктің диалогін тыңдаң, екі кейіпкерге тұра және жа-
нама мінездеме жасаңдар. Мінез ерекшелігін көрсететін сөздерді теріп жа-
зындар. Уақыт: 7 минут.



1. Төмөндегі суретті, повестен үзіндіні байланыстырып, шыгарма-
дагы табигат пен адам арасындағы үндестік туралы өз көзқарасынды білдір.



Повестегі Мұзтау көрінісі:

- 1) Атақты «Мұзтау» деп ата-
латын шың Алтайдың мәңгі
жығылмас, шаңырагы шай-
қалмас ақ отауы сынды еді.
- 2) Ұшар басында жауалықтай
байланып, тәбесін перделеп
тұрар бұлт жоқ, қырқүйектің
таза аспанына сұғынып кірген
аппақ алып найза – жарықтық
Мұзтаудың дәл өзі еді.

2. Повесте жазушы Алтайдың сұлулығын, тамаша табигатын кейіпкерлері-
нің ішкі жан дүниесімен астастыра суреттегенін дәлелдей, эссе жаз.

Кері байланыс: «5-5-1»

- 1) Үзінді жайлыш 5 сейлем жаз.
- 2) 5 сейлемді 5 сөзге қысқарт.
- 3) 5 сөзді 1 сөзге қысқарт.
- 4) Түйінді сөзді сыныппен бөліс.



60

Оралхан Бекей – суреткер. Табигат пен адам жанын ақындық көзben
жіті тінтіп, екінің бірі байқай бермейтін тылсым құпияларды өрнектейді.
Және сол суреттер өзі көргендегідей тылсым күйінде, жұмбақ қалпында
түңғиығына сыр бүгіп тұрады. Оралхан Бекейде жансыз сурет, қансыз бей-
не жоқ.

**Талаптан Ахметжан,
жазушы**

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 – көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйек-сөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

11.2.2.1 – шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.4.1 – әдеби туындыдагы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұргысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең) жазу;

11.3.4.1 – шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

■ Табиғат пен адам, баларалары, будан ара мінезі, соңғы дәм, мінажат, өз нәсілі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ повесть үзіндісін мазмұндас туындымен салыстыру;
- ✓ салыстыру негізінде әдеби сын жазу;
- ✓ шығармадағы заман көрінісіне баға беру;
- ✓ шығарманы көркемдік-эстетикалық тұргыдан талдау;
- ✓ талдау негізінде әдеби сын жазу.

...Шай үстінде мардымды әңгіме болған жоқ. Нүркे кемпір өңі сынық, қабагы қатулы.

– Бір жаққа барып қайттың ба, балам, кешеден бері көрінбедің ғой? – деді шырайын бұзбай.

– Аңшы Шалдың мекенжайын көріп қайттым.

– Иә... Жұрт ауыстырмақ ойым бар деші... Оның да жөн шығар...

– Сіздерге, өсіреле сізге алғысымды айтайын, апа. Егер сіз болмасаңыз, адам болуым...

– Жә-жә, жетер, – деді кемпір қолын көтеріп. – Мен шешең жасаған жақсылықтың мысқалын да қайтарғаным жоқ.

– Жақсылық қарызга жасалмайды ғой.

– Ендеше, осыны үқсаң болды. Атаңың атына кір келтірмеуден артық не бар бүл жалғанда. Тек саған екі тілек айтам: енді қайтып басыңды кесем десе де, арактан татып алмайтын бол, басынды құра – әкеңнің тұтінің сөндіре көрме. Шалға еремін деп те шал болып қалма. Ерік екеуінің жайың жарасатын түрі жоқ, қайтам десен, батамды беремін, жолың болсын. Тек екі-үш күн аялдай тұр.

– Өзім де солай ойлап отырмын. Ерік досым ғой, өкпеге де, өлімге де қия алмаймын, шошқадай батпақташ жатқан жерімнен тауып алып, ертіп келді. Рақметтеп басқа не айтайын. Татуласып аттансам деп едім.

...Күннің бүгін тым жанга жайлыш болып тұрғанын білген Нұркө кемпір, бұлар бал шайқау науқанына кіріспес бұрын, бір өтініш айтқан. Онда да ұнжыргасы түскен ұлына емес, келіні мен Тағанға қаратып айтқан.

– Қарақтарым, бүгін күн ашық екен, келер күзді көрем бе, көрмеймін бе, оны бір Алланың өзі білер, мені тысқа шығарып отыргызындар, намаз арасында шуақтайын, – деді үні дірілдеп. Әрқашан да ажарлы да айбынды отыратын қарттың жас баладай жаутаңдап айтқан сөзі Тағанды толқытып жіберді. Осынау қара шаңырақтың бақыт құсына оқ тигендей, суықтау ой үялап, секем алғандай болды. Кемпірдің екі аяқ, екі қолтығынан көтеріп, далаға шығарып отыргызганда, күннің шымқай жарығы қарықтырып, кезі қарауытып, басы айналды.

Жан-жарына жалтақтарап қарап, өңім бе, түсім бе дегендей сәл тосырқады да: «Е, құдіреті күшті Құдайым, мен осы дуниеден аттанып кетсем де, осылайша масайрап тұра бересің-ау», – деп күрсінді. Бұл жасарын жасаған, асарын асаған қарияның жарық дуниенің жақсылығын өзгелерден – өзінен кейін қалатындардан қызғанғаны емес, бұл дуниенің ешкімге де мәңгіліксіздігін, бейопалығын мойындағаны еді... Күннің шуағы сүрлау тартқан жүзін жуды ма, Нұркө кемпірдің ажары ашыла түскендей, шүңірек тартқан кек кезі де табиғаттың нұрын сіміріп, шоқ түскен тамыздықтай үшқындана бастаған.

– Апа-ау, керемет әдеміленіп кеттіңіз, – деп күле өзілдеді Таған да таңғалғанын жасыра алмай.

– Мені айттыратын адам жоқ енді... Қыз кезімнен қалған жүрнақ шығар. Қараңғыда қамалған қаздай қаңқылдап отыр едім, далаға шығып, жаным жарылқанып қалды-ау. Ал енді сендер жұмыстарыңа барындар. Ерік іздең жатқан шығар, – деді серги сейлекен кемпір.

Міне, енді сол аралар өuletінің арпалысып тірнектеп жинаған шырынын аузынан жырып алу қарекетіне кірісіп кеткен. Бал айырғыш аппараттың құлағын бұрап тұрған Таған анда-санда кемпір отырган жаққа қарап қояды.

...Бал алу кезегі Америкадан келген «қауіпті гибридтерге» жетті. Бұлармен аса сақ өрі сыпайы қарым-қатынасқа көшпесе болмайды. Бағанадан бері тор перденің шалғайын қайырып тастап, жүзін ашық үстап жүрген Ерік еріксіз маскасын түсіруге, қолына қолғап киуге мәжбүр болды. Ұяның қақпағы ашылғаннан-ақ атойлаған ноян аралар ал деген-нен-ақ анталаған шабуылға көшіп, Айна мен Еріктің ес-ақылын шығарып жіберген. Амал не, қымтаулы қорғаныста тұрған ерлі-зайыптылар тісіне жұмсақ бола алмады. Сонда да шебін бұзбастан, қара бұлттай қаптап көпке дейін дуылдап тұрып алды. Бірен-сараны ғана төніректі бар-



лауга кетті. Екеу-үшеуі Тағанды тексеріп қайтты. Жергілікті аралардан едөуір өзгешелігі бар будандарды бұл да бірден байқаған.

«Капиталистік тұқым сен боларсың... қандай шапшаң үшады жауыздар» деп ойлаған да, бұл да қымтана түсken. Бұл жақтан оң жамбасқа келер оңай олжа таппаған соң, самғай зулап Нурке кемпірge беттеген. Алғашқы келген бірен-сарапын қолындағы өне бойы тастамайтын беторамалымен «кіш-кіштеп» жасқап жіберген-ді. Жалғыз-жарымы түк бітіре алмайтынын сезді ме, шырқай үшып негізгі өскеріне оралып, болған жайды, яғни кемпірдің қару-жарагы жоқ, алаң-ашық, бейқам отырганын хабарлаған. Содан не керек, бұл табиғаттың құдіретіне дауа бар ма, адамзат түсінбейтін тілмен түсініскең жәндік-жендертер жалғыз-ақ секундта Нюра Фадеевнаға қарай «уралай» қаптап лап берген. Мындаған араның әп-сэтте ғайып болып кеткенін омарташы ерлі-зайыптылар жұмыс бабында тұрып байқамай қалды. Ал «жауыздар» болса Алтайдың бүршагындағы көшіп, түйілген қалпы қапысыз кемпірдің шат-шәлекетін шыгарды. Қанша қайрат көрсеткеніне қарамастан, бет-аузын, қолын саутамтығын қалдырмай шағып таstadtы, ішінара болған шығынға пішту деген жоқ. «Ойбу, балалар, әй, Айна, Ерік, айдаң әкет мына иттерінді!» – деп азандады, бірақ жан дауысын шығара айқайламаған. Енесінің үніне елеңдей қараган Айна: «Ойбай, апамды аралар опалап жатыр», – деп тұра жүгірді, тұра жүгіріп барып кері оралды да, дедиіп тұрған Еріктің қо-

лынан түтіндектішті жұлып алып, қайта безілдеді. Таған да тарғаяқтай үмтүлған. «Бұлар жынданған шығар», – деп күнкі еткен Ерік раманы қаперсіз сұыра берген. «Ара шаққаннан өлген кісінің бейітін көргем жоқ бұл жақтан».

...«Қауіпті будандардың» бетін түтін қайтарды. Амал не, көмек тым кеш жетіп, кемпір әлсіреп-ақ қалған еken. Жарықтық сүйегі мықты адам гой, сонда да сыр білдірмей сұлық отыр, құламады. Ара талаған беті мен қолында ине шанышқандай ноқат қара дақ қалып, айналасы домбыға ісініп бара жатты.

Айна мен Таған көтеріп үйге кіргізіп төсекке жатқызғанда, кісі танымайтын болып ісініп кетіп еді... Тіл-аузы байланып қалды ма, әлде ендігі арыздасып, қоштасардың түкке қажеті жоғын сезді ме: «Апатайым-ау, енді не істейміз, қандай дәрі-дәрмек қолданамыз», – деп зар еңіреп басында отырған Айнаның бірде-бір сұрағына жауап қатпай, ағаш үйдің бел ағашына телміріп үнсіз жатқан. Өз қолы өзіне артық көрініп, қоярға жер таппай серейіп тұрған Таған да дегірсізденіп құр жаны аши қарағаны болмаса, лажсыз еді. Сырттан асықпай, адымын санап басып Ерік кірді. Кірген бойда:

– Кім сендерге пысықсып далаға шығар деген?! – деп айғай салды.
– Ала жаздай аман-есен үйде отырғанда, астынан су шыққандай жылы орнынан қозғап... ісім сендермен болсын!

Төбеге телміріп жатқан кемпір айғайды құлағы шалды білем, ұлының ұрысынан нәумез болды білем, ендігі сэтте Ерікті көздей бағжия қараган. Сүп-сүйкі жанары өңменінен өтердей қорқынышты еді, адам танымастай ісініп өзгеріп кеткен шешесінің оқтаулы көзінен жасқана шегініп: «Өне, тағы да мені айыпташ жатыр», – деп күнкілдеген күйі үйден шыға жөнелді.

...Тағанның көңлі ойран-асыр. Досының мінезін тағы бір қырынан таныды, алайда кім екенін, қай ұлттың ұлына жатқызарын білмеді. Білуі мүмкін де емес еді... Оның білетіні осындай дубера жандардың жиyrмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде жер бетінде тым көбейіп бара жатқанғана... Амал не, ауырмай есінен жаңылып, шатасып шаң жұтып жүрген өзі секілділер де аз емес еді бұл дүниеде.

Біраздан бері берекесі қашқан үйдің түтіні дәл осы күні үшқан жоқ: от жағылмады, самаурын қойылмады, қазан көтерілмеді – онсыз да жүқарған жүйкенді мезі қылар ауыр тыныштық орнаған. Бір кіріп, бір шығып, тағат таппаған тек Тағанғана. Досының кінә артқан айыптау сезінен кейін, расында да, Нюра Фадеевнаның оқыс әлсірегеніне өзі себепші болғандай, осы үйдің артық адамы екенін сезінді. Айнаның жанары жастан тыйылған жоқ. Сусын әкелсе де, шипалы шөп нәрін ұсын-

са да, енесі бас шайқаумен болды. Анасының арғы дүниеге ықтиярлы екенін білген, білсе де ақтық парызын өтеуден танбай, аялаумен құрап үшқан. Енесінің көңілінде тас болып байланған қара қазандай өкпе бар... Неге? Кімге? Осының сырын ұға алмаған келіні кездейсоқ келген кеселдің бір ұшығын өзінен іздеген, тілін алып далага шығарғанына өкінген де... Адам өмірінің бақильтық емес екенін білсе де, жер-жанандағы пенде шіркіндердің ғұмыры бір-біріне байлаулы, ауру мендең, ажал алды дегеннің өзінде бірінің өліміне бірі себепшілігін санаған. Бәлкім, Айна-ның таусыла, егіле еңіреуі де осыдан шығар... Өз анасы қайтқанда да дәл осылай жыламаған.

Ерік үйге қас қарада кіріп, анасының тамырын ұстады, алақанын маңдайына басты. Нұркесінде ұлының қолын сезді.

– Апа, не айтасың маган?.. – Шешесі басын шайқады.

– Артық-кемім болса кеш, анашым. – Қанша қатыгез десек те, үні дірілдеп шықты. Шешесі басын изеді.

Шамның сөүлесі кемпірдің ашып-жұмып жатқан жарымжан жана-рын тіміскілей берген соң, Таған газетпен көлегейлел қойды.

Бұл күні ешкімнің де мardымды үйқысы болған жоқ, тек таң ала-геуім тартқанда, өбден қалжыраган екі жігіт тысқа шығып, үйдің екі бұрышында жүрелей отырған. Талай уақыттан бері мұлдем ұмытып кет-кен ескі әдеті – темекі мен арақты аңқасы кебе қайта іздеген Таған шы-дамай тықыршып, қалтасынан тастандай жүретін қарагайдың шайырын аузына салып шайнап, әпігін басты.

Айнаның жөні бір басқа... Дүниедегі ең қимас затын байқамай сыйн-дырып, енді қайтып қурай алмай діңкесі құрыған шарасыздық бар; немесе ең аяулы адамы көзден бұлдырай алыстап, қалың тұманның арасына сіңіп бара жатқандай; немесе Маралкөлді кешіп біртін-біртін суға батқан адамның ел-жұртына енді қайырылмас қаттылығын үққандай. Жана-рындағы жасты жылап тауысты ма, енесінің қасында жылжымастан сазарып отыр. Бір нәрсесін ұмытқандай, айналсоқтап жүрген Тағанга да, өлгіндеған кіріп, шешесімен қоштасып шықкан күйеуіне де мо-йын бұрмады, ләм демеді. Нұркесінде қазіргі неге болсын белін буа бекінген сазарыңқы халі бұған да жүққандай. Таң сыз бергенше, көз іл-ген жоқ. Қаракөлеңке бөлменің мұнды да жым-жыртыныштығы – өлім тыныштығын еске салып, салқын сабырға шақырады. Ол, Айна, шеше орнына шеше болған енесінің ақтық түнін күзете отырып, бұған дейінгі жүріп өткен бүкіл өміріне шолу жасап еді. Есіне алғанда, езу тарттырар аяулы сәттері аз болған екен.

– Айнаш! Ау, Айнаш! – деген үннен селк етіп оянды. Бірер минут көзі ілініп кетсе керек. Өлгі өзін шақырған үн қайдан шыққанын білмей,

жан-жағына қарады. Ешкім жоқ. Енесі көзі ашық, тіпті сау кезіндегідей ажарлы.

— Айнам-ая! — дегенде, зәре-құты қалмады. — Қорықпа, келінжан, мен ғой. Су жылытпалап әкелші, дәрет алайын, — деді қымылдан.

— Қазір, апатаі, қазір. — Қатты қуанды. Сауыға бастады деген ила-
ным биледі бойын.

Бұл — Нұркө кемпірдің бой жасағаны еді.

Асықпай дәреттеніп, актық дәм — атау кере сүнніп болған соң, Алла Тағалаға мінажат білдіріп, рақымына көнетінін, төтеден жіберген дертіне мың да бір алғысын айтып, ұзақ күбірледі. Бұдан соң «Бисмилла рахман-рахим» деп екі қолын кеудесіне қойып, шалқалай жатып көзін жұмды. Енесінің әрбір қымылын қалт жібермей аңдып отырган келіні тынысы үзілгендей үнсіз сұлаған апасынан шынымен-ақ айырылып қал-
дым ба деген қорқынышпен үціле түсіп еді, қарияның жүрек соғысы әлі де әлсіз білініп жатқанын сезген.

Нюра Фадеевнаның тұла бойы, саусақтарынан бастап, сүнина бастаға-
ны рас-ты. Бірақ шыбын жаны ұшып кете қоймаған... Оның дәл осынау
әлім арбасына мінер тұсында, қандай құдіреттің күші екенін кім білсін,
құлагына шіркеу қоңырауының үні естіліп, тау-тасты жаңғырықтыра
құмбірлеп ала жөнелген. Балиғатқа толмаған баланы шешесі жетелеп,
шіркеуге апарады екен дейді. Ескі діншілдер шіркеуге бармаушы еді
ғой... Анасының мынау кержақтар сенім-нанымына мұлдем қайшы оқыс
қылышына кішкентай Нюра таң-тамаша қалды. Түкке түсінбей, өне бо-
йын діріл биледі.

Бірақ мінажатханадан қара сақалды поптың: «Во имя отца и сына
и святого духа», — деп басталатын қоңыр да құдіретті дауысы жап-жас
қызды шошытқан жоқ... Анасының қанталына тығылған күйі, шіркеу
табалдырығынан аттаған. Көзінің астымен жан-жағына қарап еді, мунда
кілең кержақтар ғана емес, қантаган қазақтарды да көрді. Таңғалды...
Мұқым ін тірескен ел шоқынып түр. Шешесі қызықтағандай аңтарыла
тұрып қалған қызын бүйірден тұртіп: «Крестись, отпускай свой грех», —
деп күбір етті. Нюра екі саусағын біріктіріп алды да, шоқына баста-
ды... Ананың сүтімен рухына сіңген сенім түптің-түбінде бәрібір жеңіп
шыққан еді.

...Енесінен көз алмай отырган Айна бір уақта... жаңа ғана қыбырсыз
жатқан: бұл түсінбейтін орысша әлденені айтып күбірлеп, бұл түсінетін
«О, господи, прости своего грешного...» деген сықылды сөздерді аралас-
тыра сейлеп, шоқына бастағанын көргенде... Иә-иә, көргенде... Екі көзі
шарасынан шыға шошынғаны соншама, «Апатаіым-ая, мұның не?!» деп
айқайлап барып құлады. Талып қалды. Бұл — Айнаның өз өмірінде екін-
ші рет онбай қорыққаны, талғаны еді.

...Әне, Нюра Фадеевнаның алдынан ескі діндарлар (староверы) жұмагының есігі айқара ашылған... Ол мәңгілікке сапар шекті.

Үйдің бұрышында шекелей отырып, сөл көз шырымын алған Таған өлдекім түртіп жібергендей, селк етіп оянып еді. Құн бұлыңғыр, аспанда тұтасқан бұлт бар. Сондығынан ба, таң атса да, маңай қаракөлеңке. Кемпірдің жағдайын білмекке үйге кіріп еді, өліп жатқан кемпір мен талып жатқан Айнаның үстінен тусты. Жан ұшыра Ерікті шақырды.

Келесі құні түске таман Нюра Фадеевнаның сүйегін Қатын өзенінің жағасына жерлейтін болды. Өзі өмір бойы кекsep өткен тұған ауылынан біруыс топырақ бүйірмады. Жер мойны қашық, мәйтін шыдас бермейтін болған соң, анасының арманын орындаі алмады Ерік. «Ақсақалды үлкен адам ғой, аңшы Шалды шақырайық» деген Тағаннаның өтініші аяқсыз қалды. Сонымен, жас қабірдің басында үшеуі ғана тұрды. Дегенмен осынау үш адамның иығында үш жұз адамның қасірет-мұны бар еді. Амал не, қайғырудан қайтып оралған пенде жоқ. Неге екені белгісіз, өлікті үйден екі жігіт көтеріп шығарғанда, Айна анасына арнап жоқтау айтты, бірақ көзінен жас шықпаған. Зор да зарлы үнпаздықпен қабір басына жеткенше тоқтамаған.

Ел жайлауга қайқайды-ай,
Шаппай да жорға тайпалды-ай,
Апатаіымнан айырылып,
Маңдайдан бақыт шайқалды-ай...
Қатынның сұы тасыды-ай,
Кемерінен асады-ай,
Апатаідан айырылып,
Сүйегім менің жасыды-ай...
Жылай-жылай құн кешкен
Ешкі маңырап су кешкен...

– Жө, зарлай берме, сай-сүйегімді сырқыратып. Үндемей жыла! – деп Ерік зекіп тастады.

Қара су болды лайлы,
Кезінің жасын бұлайды.
Бір бұл емес, апатаі,
Келінің талай жылайды-ай...

«Соңғы жоқтауды өз жанынан шығарды, – деп ойлады Таған. – Апырай, артында ақырап жоқтаушың қалса, қандай бақыт! Нюра Фадеевна – армансыз әрі иманды адам».

Түнде бас алмай жауған биылғы күздің алғашқы жаңбыры осы әзірде ғана толастаган. Арты қалың тұманга айналды. Таудың боз тұманы

маңайдағы барлық затты түмшалап тастаған. Қабірдің топырағы нөсер сұымен малшынып, аяққа, күрекке жабысып, сарсаңға салады. Жол бойы қыңсылап, аяққа оралып, мазаны алған Аламойнақ шоқынып отыра қалып ұлыды-ай... Ерік «Өзіңе көрінсін» деп, қолындағы күргегін ала ұмтылып еді, тұманның арасына сіңіп кеткен. Әлдеқайдан, бозғылт дүниенің әйтеуір бір тұсынан ұлыған үні бәрібір естіліп тұрды. Нюра Фадеевнаны жерлеу рәсімі аяқталған соң, екі ерек, жалғыз әйел томпайған топырақ үйіндісіне салбыраңқы қабақпен қарап, үнсіз ұзақ тұрды. Әрқайсысы өзінше қайғырды, өзінше бақұлдасты. Алтайдың жамбасқа жұп-жұмсақ қойнауы қойнына алған Нұркө кемпір қанша діндар болса да, не мұсылманша, не христианша жерленбей, өз иманын өзі айтып, өз жаназасын өзі шығарып, жарық дүниенің бар азабынан осылайша бақи-лыққа азаттанып еді...

Жер беттеніп, кімге екені белгісіз, кекті сыңаймен түйілген Ерік шүғыл бұрылып кете берді. Енді Таған мен Айна ғана қалған қабір басында. Басына ораған қара шөлісінен бет пішіні сөл ғана көрінген келіншек көз жасының суалып, ағыл-тегіл жылар шағында кеуіп қалғанына қайран... Таған болса не істерін білмеген. Жасқаншақтанда жақындал, Айнаның қолтығынан үстады:

– Апамыз келмеске кетті, өткенше өкін, өткен соң бекін деген, жүр қайтайық, – деп икемдеп еді, келіншек міз бақсан жоқ. Ендігі тұрыстың лажын таппаган соң, ол да үй жаққа аяңдады. Жас қабірдің басында тұманға түмшаланып Айна жападан-жалғыз қалды.

Тұн аса сұық болды.

Ертеңінде шөп басын сілбі басып, кешегі жанбыр мұздақтап тастанап еді. Айлақта отырған жалқы омартаның тұтіні бұл күні шыққан жоқ, тіршіліктің барлығын кемпір өзімен ала кеткендей өгейсіген өмір басталды. Ежелден аз үйықтап, көп жортатын Ерік таң қылаң бере, атын ерттеп, мылтығын өңгеріп аң қарап кетті. Тұні бойы дәңбекшіп, үйқысы қашып, көрер таңды көзімен атқызыған Таған тауық шақырарда ғана тыншыған. Ал Айна мұлдем көз ілмеді. Енесінің киімдерін жинастырыды, тәсек-орнын сілкіп, бөлмені аршалады. Енесінің оны-мұны салынған сарыала сандығын алғаш рет ашқан. Қақпаратын ашарда неге екенін өзі де байқамай «Бисмилла» деген сөз аузына түсті. Сандықтың ішінде өзінен жасырған мол «байлық» жоқ екен, тек ең түбінде шетін кестелеген ақ орамалдың орауын жазғанда, өз көзіне өзі сенбеді, адамзатқа бақырая қараган көнетоз иконды қолы қалтырай алып, бұрышқа апарып сүйеп қойды.

Еринің ертелеңтіп аттанғанын көрген. Тәуекелге бел байлап үйден шыққан. Омартаға барды. Оқыс түскен сұық аралардың да зәресін алған-

дай... Америкадан келген будандардың үясын іздең тауып, ара кіріп-шыгар танадай тесігін шүберекпен мықтап бекітті. Құшақтай ыргап орнынан көтеріп алған күйі өзен жағасына апарды. Екіншісін де жеткізді. Үйден шелекке құйып керосин әкеліп, аямай лақылдатып төкті ағаш жәшіктерге. Бұдан соң шырпы тұтатып от қойды. Лап еткен жалыннан жасқана шегініп, «жауыз араның» жанранына рақаттана қарады-ай... Сейтіп, енесінің қазасына себепкер болған капиталистік шыбынды шырқырата құртқан еді... Амал не, Алтайдың ана аралары ОЛАРМЕН әлдеқашан шағылысып, «жауыздардың» үрпағы анау қаптаған үяның өркайсысында қыбырлап жатқанын сезген жоқ еді... Амал не... білген жоқ еді...

...Тихой өзеншесінен Айнаны көтерген күйі, белуардан кешіп өткен Таған Шалдың «мемлекетіне» жетелейтін білте жолмен Алтайдың қара орманына сіңіп бара жатты...

Оң сапар тілейік, ағайын...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Аңдан кештетіп оралған Ерік келіншегі мен маскүнem досының жым-жылас жоғалып кеткенін білді, сезді, ізdegен жоқ. Салқынқандылықпен: «Жетісер!» – деді тісін сакұр-сұқыр қайрап. Содан соң: «Жетісерсіңдер, жетісерсіңдер!» – деп жын үргандай, тауды басына көшіре сақылдаң күлген.

Ертеңінде әлемді аппақ кебінгे орап қар жауды. Биылғы жылдың алғашқы сонары...

«Аңға шығу керек, – деп ойлады ширықан омарташи. – Дүниеде одан қызық та қымбат не бар? Қалғанының барлығы қараң қалсын!»

* * *

Қатын суының айлағындағы керемет үй, көл-кесір байлық, қора толған мал, баларалары иен қалды. Қалса – қалсын, көп үзамай Қатынға тоған орнатылып, су көтерілгенде, бөрібір шіріп астында қалады...

Су астында Нюра Фадеевнаның жетімсіреген зираты да қалады...

«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»



Мінажатхана – діни дәстүрлерді орындайтын арнайы үй, гимарат.

Жоқтау – дауыс қылу деп те аталады, қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болған күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айттылады.



1. Автор Ерік бейнесі арқылы қогамдағы қандай адамдарды суреттеген?
2. Таганың ауыр жан азабынан құтылуына ықпал еткен кімдер? Оған табиғаттың әсери болды ма?
3. Жазушы Нұркениң сандығына көнетоз иконды орамалға орап сақтаганынан нені аңғартқысы келген?
4. Айна образымен қаламгер нені бейнелеген деп ойлайсың? «Айна» есімінің астарында қандай авторлық идея байқалады?
5. Айнаның енесінің қазасына себепкер болған будан араларды құртқаны дүрыс деп есептейсің бе?



1. Топпен бірге үзінділердегі әр кейіпкердің табиғат туралы ойларын теріп жазып, олардың табиғатқа деген көзқарастарын анықтаңдар.

Автордың табиғат туралы ойы	Еріктің табиғат туралы ойы	Таганың табиғат туралы ойы	Нюраның табиғат туралы ойы

2. Үзіндіні негізге ала отырып, «Жазушы тілінің сөздігін» құрастыр.

Тілдік ерекшеліктер	Үзіндіден мысалдар
Поэтикалық бейнелі, образды сөздер	
Шешендік сөз оралымдары, афоризмдер	
Көсіби сөздер	
Фразеологизмдер	



1. Повестің толық нұсқасын пайдаланып, автордың «НЕГЕ БІЗ ОСЫ...» деп басталатын сұрақтарын екі оқушы жүптасып талдаңдар. Оңаша ой кешкен сөтте өзіңе «Неге біз осы...» деген сұрақты қойып көрдің бе?

2. «...Таганың көңілі ойран-асыр. Досының мінезін тағы бір қырынан таныды, алайда кім екенін, қай үлттың үлгіна жатқызыарын білмелі. Білуі мүмкін де емес еді... Оның билетіні осындай дүбәра жандардың жиырмасының гасырдың соңғы ширегінде жер бетінде тым көбейіп бара жатқаны гана... Амал не, ауырмай есінен жаңылып, шатасып

шаң жұтып жүрген өзі секілділер де аз емес еді бұл дұниеде...» – деген үзіндіге «Қос жазба күнделігі» арқылы түсіндірме жаз.

Үзінді	Түсіндірме

3. Қалай ойлайсың, Ерік перзенттік борышын ақтай алды ма? Баланың ата-ана алдындағы парызы жайлы ойың қандай? Ойыңды «Анаңың ақ сүтін Меккеге үш рет арқалап апарсаң да өтей алмайсың» деген халық даналығымен сабактастыры.

4. Шығармадан қандай теріс мінездерден аулақ болу керектігі жайында ой түйдің?



1. «Атау кере» драмасын көріндер. Кейіпкерлер арасындағы тарыстың дамуы және шешімі, кейіпкерлер тілі, мінезі жайлы пікір алысындар.

2. Жазушы повесте қандай тақырыпты көтерген? Бұл тақырыптың біздің бүгінгі таңдағы өмірімізге қатысы бар ма?

3. Сыныптан тыс уақытта Франц Кафканың «Құбылу» әңгімесін оқып, басты кейіпкері Грегор мен «Атау кере» повесіндегі Ерік бейнесін салыстыр. Әдеби сын жаз.

Кері байланыс: «Жинақтау парақшасының индексі» (екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар парақтар таратылады).

1-беті: бүгінгі тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шық.

2-беті: бүгінгі тақырыптан нені түсінбегеніңді анықта.

ЖАРАСҚАН ӨБДІРАШЕВ (1948–2001)



1948 жылы 7 наурызда Қызылорда облысы Арап ауданы Аманеткел ауылында дүниеге келген. 1969 жылы қазіргі Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген соң, «Жас Алаш» газетінен қызметке орналасады. Одан кейін «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманағында, «Жұлдыз» журналында жұмыс істеп, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы Көркем аударма және әлемдік әдебиеттер байланысы бас редакциясы тәрагасының орынбасары, «Тамаша» ойын-сауық телехабарының бас редакторы болып қызмет еткен.

Шығармалары орыс, неміс, болгар, венгр, украин, белорус, өзбек, тәжік, әзіrbайжан, түркмен, саха, қыргыз тілдеріне аударылған.

Ақынның кең тынысты лирикалық туындылары өз заманында жоғары бағаланды.

Қазақ әдебиетінде эпиграмма жанрының жаңаша дамуына үлкен үлес косқан. Ақынның артында оннан астам жеке жинағы, үш томдық таңда-малы кітаптары қалды. Әр жылдары түрлі жинақтары жарық көрген: «Тұңғыш кітап» (1969), «Ақ қайран» (1970), «Саяхат» (1971), «Дала, сенің ұлыңмын» (1975), «Досың болғым келеді» (1983), «Өзілің жарасса» (1989), «Құлпытас» (2001), «Парыз, парасат, пайым» (2001) т.б.

Эпиграмма (грекше *epigramma* – жазу) – сықақ өлең, жеке адамға арналып айтылады. Ертеректегі грек, рим әдебиетінде туган нұсқаларында тақырып ауқымы өте кең болған. Адамның мінез-құлқы,

іс-әрекеті, әртүрлі қогамдық жағдайлар сигналдан. Магжан Жұмабаевтың қаламынан шыққан қысқа эпиграмма үлгілерінде аңысын, сықақ, кекесін, әзіл-оспақ аралас келеді. Мысалға Райымжан Марсековке арналған эпиграммасын алсақ та болады:

Қарны ысылып,
Жаны қысылып,
Рай–Марсек
Қашқар барды,
Сөлде салды,
Мінді есек.

*Мұсілім Базарбаев,
әдебиеттанушы ғалым*

Өбдіраштың Жарасқанын мен жас құнінен, бала жігіт шағынан жақсы білемін. Сол кездің өзінде жалаңаш жүйке тамыр, серіппедей сезімнен тұтасқан бір тұлға болатын. Сол кездің өзінде өуелден

60 аққу боп, сұңқар боп, тұлпар боп туган адам екені байқалатын. Сол кездің өзінде өмірдегі құбыллыс атаулының бөрін білгісі келіп, бөріне кіріспін кеткісі келіп жүретін. Мұлгіп-қалғып емес, төңірегінің сырын аңдып жүретін. Міне, содан ақын өмірі осылай жалғаса берді, ақын тұлғасы осылай тұтаса берді. Мен қадап айтып отырған оның осы бір ерекшелігі «Кірісу» деген өлеңінде өте айқын көрінеді.

«Кіріспе» демей,
«Кірісу» қойдым жыр атын.
Кірісу менің –
міндестім,
хақым,
мұратым!

Өмірде мынау бәріне,
бәрі,
бәріне
кірісу керек,
кірісу керек шын ақын! – дейді ол...

Шын ақын! Қазір біз әлдебіреулерді ұлы ақын, данышпан ақын деп жатамыз гой. Олар болса – бола жатар... Алдымен шын ақын болу керек! Міне, Әбдіраштың Жарасқаны – қазір саусақпен санайтын өзінің буынындағы маңдайалды ірі ақын!

*Зейнолла Қабдолов,
академик, Қазақстанның
халық жазушысы*

Туган жер, халқы мен ана тіліне деген шынайы, мөлдір көңілді ақын «Дала, сенің ұлыңмын» (1975) атты арнайы кітабында ойы, сыры өзектес жырлар арқылы сарқылмай өрнектеді. Мұнда сол дауірдің әсері де жоқ емес. Бірақ Ж. Әбдірашев уақыттың жүқталтаң талабын күмәнсіз талант, жүрек алауымен жеке өміріндегі магыналы құйге бұра біледі.

*Бақытжан Майтанов,
әдебиеттанушы ғалым*

ДАЛА, СЕНІҢ ҰЛЫҢМЫН

*Жастықтың оты жалындал,
Жас жүректе жанған шақ...*

Абай

Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 – әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау;

11.2.5.1 – әлем жөне қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

11.3.2.1 – көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

Туган дала, тер төгу, жүрек жылуы, далага деген махабbat.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ өлеңді жанрлық ерекшелігіне байланысты талдау;
- ✓ өлеңнен көркемдегіш құралдарды анықтау;
- ✓ автор идеясындағы өмір шындығын саралау.

* * *

Туган дала,
тыным алмас жастамын,
тер төгуден,
өртенуден қашпадым!..
Шаршаганда шалғыныңды жастанып,
шалқаласам,
Шаңырағым – Аспаның!

Анау алыс,
мынау жақын демеген,
ақынмын ғой,
кекірегімді өр өлең
кернегенде кең дүниеге дүбірлі
көз жіберсем,
Кекжиегің – Керегем!

Мезгілім аз меймандардан босаған!
Батысың – бір,
Шығысың – бір Босағам!
Сені маған жаным анам – Табиғат
о бастан-ақ Отая қылыш жасаған!

* * *

Туган дала,
менде қазір жоқ сабыр,
енгендеймін дүниеге басқа бір.
Елжіреген жүргегімнің жылуы
өсірердей тасқа гүл!

Арманым ба?
Жан-жағымда құс аппақ!..
Үстардаймын ұмтылсам-ақ уш аттап.
Жолықтырсам жауымды да бас салып,
сүйер едім құшақтан...

Қүйдей шалқып,
сүйрей тартып денемді,
бір қуаныш билеп ала жәнелді.
Естімеген сияқтымын жалғанда
зұлымдық бар дегенді.

Танысқа да,
алысқа да шет көрмей,
сағынышым салып ұрып жеткендей.
Құмбез таулар көтеріліп орнынан
көкті тесіп кеткендей.

Жондарында,
жолдарымда алдагы
Домалауда қиялымның қаңбагы...
Байтақтанып бара жатсың біртүрлі
бұрынғыдан сен дагы...

Неге?
Неге?
Айта алмаймын ашып түк.
Жүруші еді қабагымды басып бұлт.
Шамырқанған шабыт шығар бәлкім бұл,
болар бәлкім ғашықтық?!

* * *

Тұған дала,
менсіз талай қамалдар
алыныпты!..
Сенің арың –
маған да ар.
Кешір мені,
кеш келіппін өмірге!
Кеш туыппын!
Кеш қалыппын!
Не амал бар?



Құмбез – жалпы жобасы шеңберленіп келген (кейде көп қырлы, эллипске ұқсас т.б.) гимараттар мен құрылыштардың төбесі.

Қаңбақ – алабұталар тұқымдасы, сораң туысына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.



1. Өлеңді мәнерлеп оқып, тақырыбы мен негізгі ойын анықта.
2. Ұзіндіге қандай ат қояр едің?

3. Өлеңдегі басты тұлға кім? Ол туралы не білесің?
4. Ақын тұған даласына деген перзенттік сүйіспеншілігін қалай білдірген?
5. Қазақ даласының поэтикалық портретін қандай сөз оралымдарымен сомдаган? Теріп жаз.



1. Тұған дала,
менде қазір жоқ сабыр,
енгендеймін дүниеге басқа бір.
Елжіреген жүргімнің жылуы
өсірердей тасқа гүл! –

деген жыр шумақтарынан байқалатын автор бейнесі туралы ойынды сыныптастымен талқыла.

2. Жұптасып берілген ұзіндіден көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тауып, талдаңдар.



1. Топта өлеңдегі асқақ пафоспен берілген ақын сезімін талдаңдар. Уақыт пен кеңістіктің суреттелуіне мән бере отырып, оның стильтік ерекшелігін анықтаңдар.

Ақын сезімін берілдіретін сөздер	Уақыт пен кеңістіктің берілуі	Ақын стилі	Біздің ойымыз



2. Берілген ұзіндін тыңдалып, ақын атаған тұлғалар туралы айтып беріңдер. Уақыт: 7 минут.



Хрестоматияны пайдаланып, қазақ халқының өткені мен бүгінін салыстыра отырып бағала.

Кері байланыс: «Сейлемді аяқта»

Мен мынаны білдім	
Маган қызық болғаны	
Маган қиын болғаны	
Мен мынаны жасай алдым	
Мен мынаған таңғалдым	



Оқу мақсаттары:

11.2.2.1 – шығармадагы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.5.1 – әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

11.3.1.1 – шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

Далаға құштарлық, арман, байтақ әлем, үміт.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ өлеңнің жанрлық ерекшелігін талдау;
- ✓ өлеңді әлем әдебиетіндегі туған жер туралы шығармалармен салыстыру;
- ✓ өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығына бага беру.


* * *

Дертім бар ма –
дос-дүшпаным үқпаган?
Ортім бар ма –
өлең болып шықпаган?..

Кекжиекке таянғанда өр күнім,
ұғу үшін,
сезу үшін барлығын,
тұн бе екен деп,
таң ба екен деп
арайлы,
Жарым менің қабагыма қарайды.

Дертің бар ма
дос-дүшпаның үқпаган?
Ортің бар ма
өлең болып шықпаган?..

Кекжиектен оянғанда өр күнім,
ұғу үшін,
сезу үшін барлығын,
туған дала,
тұғырлы тау,
ак айдын,
Мен өзіңнің қабагына қараймын.



* * *

Тұған дала,
саған деген сезімім
сан кеудеге сіңіреді өз үнін.
Архивтерден атып тұрып,
сөз алған
арманыңмын –
Кешегіңнің көзімін...

Жанарымда –
желбіретіп туларды,
артта қанша асу қалды,
ну қалды...
Салтанатты мейрамдарда
саптағы
сеніміңмін –
Бұғініңмін думанды!..

Өнге қосып,
әспеттейтін бар әлем
Өке болдым,
бақыт күткен балаң ем.

Аулаларда асыр салған,
алаңсыз
ұмітіңмін –
Ертеңіңмін және мен!..



1. Екі оқушы жүптасып, өлең мазмұнындағы ой жүйесін айқындандар.
2. Дала тақырыбын асқақтата жырлаған тағы қандай ақындарды білесің? Тұындыларын ата.
3. Автор ақындық жолының басты шығармашылық нысанасына неге далаңы алған деп ойлайсың? Ұзіндіден мысалдар келтіре отырып, ойынды дәлелде.
4. Өлеңдегі лирикалық кейіпкерге қандай сипаттама беруге болады?
5. Ақынның туған өлкеге деген сырлы сезімі мен нәзік махаббаты өлеңнің қай шумақтарынан көрінеді?



1. 45-беттегі суреттен нені аңғардың? Өлең мен суреттің үндестігі неде деп ойлайсың?
2. Ұзіндідегі қай шумақтардан, тармақтардан Ж. Әбдірашевтің ақындық даралығы, қуаты көрінеді? Топта талдап, ортақ пікір білдіріндер, жоба жаңандар.
3. Шығармадагы автордың көркем ойларын теріп жаз, ерекше әсер еткен өлең жолдары бойынша «Үш жақты қүиделікпен» жұмыс жаса.

Ерекше әсер еткен өлең жолдары	Түйіні	Ұзіндігে сай келетін мақал-мәтел



1. Хрестоматиядан «Дала, сениң ұлыңмын» өлециң оқи отырып, ақынның дала тақырыбын мәңгілікке айналдырап тұлғалар қатарында тұрганын зерделе.
2. Өлеңнен көрінетін құндылықтарды кестеге түсіріп, өлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талда.

Құндылық	Әпизодтар	Құндылық	Әпизодтар
	1.		1.
	2.		2.

Өлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігі:



Қосымша ақпарат көздерінен «Дала, сенің ұлыңмың» өлеңі туралы айтылған пікірлерді оқы. Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығына баға бер.

Кері байланыс: «Сөйлемді аяқта»

Мен мынаны білдім	
Маган қызық болғаны	
Маган қыны болғаны	
Мен мынаны жасай алдым	
Мен мынаған таңғалдым	



Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 – көркем шыгармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйек-сөздерді шыгармашылық жұмыстарда қолдану;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.3.1 – шыгарманы көркемдік-эстетикалық құндылық түргысынан талдап, әдеби эссе жазу.

Еркіндік, ой, тарихи тұлғалар, ақындар, сөз өнері.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;
- ✓ өлеңнің көркемдік-эстетикалық құндылығын талдау, эссе жазу.

* * *

Туган дала,
ойы бар,
оты бар жан
ерендікті,
елдікті етіп арман
етеді-ау тек...
Ертеде ер ұлдарың
өзі шыққан өлкенің атын алған!..

Білгің келсе,
тарихқа қарап игер:
болғанменен бөлек ән,
дара күйлер,
Сырдың бойын әлемге әйгілепті
Сығанақи,
Жаухари,
Фарабилер!..

Айыптамас айтты деп кіл дана сын:
Заман басқа,
басқаша жырланасың!..
Сен мен үшін –
Сыр да емес,
қыр да емессің...
Сен мен үшін –
бір өлке,
бір Даласың!..

* * *

Туган дала,
тауысып тағатымды,
етіп жатқан күнімді,
сағатымды
санаймын да,
сабылып іздеймін бір
көңілде бар,
өмірде жоқ ақынды...

Жұрген болар сезімге шайқатылмай,
жұрген болар өзірge байқатылмай...
Бір ақыны қазақтың айта алмаған
бір шындықты сол ғана айтатындай!

Ай дидарлы арулар демес бетен,
сыrbаздығы Сәкендей емес пе еken?..
Көргім келіп,
дәл сондай болғым келіп,
кез алдыма кей уақыт елестетем!

Сыны басқа сияқты,
ұні басқа,
сыры басқа сияқты,
мұнды басқа;
ұқсамайды жалынды Қасымға да,
ұқсамайды арынды Ілиясқа!..

Барлығы да білгенге жыр ғой дара,
Соншалықты демендер бүл қай дана;
ұқсамайды сан қырлы Өбділдаға,
ұқсамайды жаңбырлы Сыrbайға да.

Шырақ па еken –
шалқыған жаңа маздал,
Бұлақ па еken –
толқыған тола жаздал?..
Ұқсайтындай ертеңгі Жарасқанға,
ұқсайтындай бүгінгі маған аздап!..

Заманында оны да сұраушылар
табылар-ау!..
Табылар сынаушылар...
Кім біліпті мен болсам мен шығармын,
маған аттас,
мықтырақ біреу шығар?!

* * *

Тұған дала,
тұрдым-ау бүгін де атып!..
Кешір!
Түсін!
Кінә жоқ ұлында түк!..
Қалай ғана шыдаймын –
көз алдымда
жатса біреу Шындықты шырылдатып?!

«Әдеп» пенен ысырып «тәртіпті» ары,
кеттің деме жастықпен артық тағы...
Қалай ғана шыдаймын –
Қозғалмаса
құрығынан Мансаптың қорқып бөрі!?

«Қызыбасың!» деп шетінен қорлар-сөгер,
ақыр түбі азабын ардан шегер!..
Қалай ғана шыдаймын –
жалғандагы
жалғыз сенер Жақыным сол болса егер?!

P.S.

Және бір сыр:
Салмагын ердің менше үк!
Көрген емес ешқашан көңілім көншіп,
сөйлер тұста –
үндемей қалғандарға
ашуларын ақылға жендіргенсіп!

Және бір сыр:
Жүргендер жоталанып,
аярлықпен айқасқа жеке барып,
безінді ме Шындыққа болысадан –
Өзінді де құлдыққа сатары анық!..

* * *

Тұған дала,
азабың, уайымдарың
аз емес-ау!
Сезіндім!

Пайымдадым!
Ірлікten дейсің бе?..
Әлі күнге
сыыса алмай келеді кей ұлдарың!

Бір-бірінің сыртынан сыбыс тасып,
ретті де, ретсіз жүр ұстасып...

Онсыз сірә тандары атпайды ма?!

Атпайды ма?!

Астары батпайды ма?!

Тарлығынан болар-ау көңілдердің,
Кендігінде әйтпесе жоқ қой кінә!..

* * *

Тұган дала,
сезімге мырза жырдың
селіменен келеді ырза қылғым!..
Тірлік үшін тырбанар бір жан емес,
Шындық үшін жынданар Біржаныңмын.

Тұншықса деп тілейтін асқақ ойлар,
жүрмін андал жетесіз қастан айбар!..
Азынабайлар заманы өткенменен –
бар екен ғой әлі де Поштабайлар!..

Өлшеп мынау өмірді бүгінгімен,
салты емес пе –
сыыспау Дубірлімен!..
«Домбырамды қолымнан алса тартып»,
тек өзіңе шағамын мұнымды мен!..

Өнерімен танылар тамам елге –
тағдыр әр кез ақынды салады өрге!
Сенен менің жалғыз-ақ өтінерім:
жанымды үқпас Жанбота бола көрме!..

* * *

Тұган дала,
Алшақ бел.
Алыс мекен

шақырғанда – билейді намыс бөтен...
Міңгірлекен дауыссыз дыбыстарды
күмбірлекен (амалсыз) дауысты етем!

Болмысынды ұқтырар бар әлемге
жүргімнен іздеймін жаңа көмбе!..
Ақ өлеңің телимін асқақтығын
қайғыруға жаралған қара өлеңге!

Дегізгелі: «О бастан текті ел, міне!»
Баяндаймын бірауық өткенді де!..
Күтінемін састырар сұрақтарға,
бітіремін (қалайда) леп белгігі!

Қалдырмастан қатемді қағар шотқа
хақысы жоқ арымның салар сотқа.
Осы шақтан келемін мен өйткені,
мен өйткені сенемін келер шаққа!



Мансап – қоғамда тұлғалық бейнесін таныту үшін адамның түрлі жолмен қызметтік, кәсіби т.б. өсуді ұстану сипаты.

Шот – есеп шығаруға арналған құрал.



1. Өлеңді мәнерлеп оқы.
2. Өлең қандай қоңыл күймен жазылған?
3. Ақын өзінің басты ақындық парызы деп нені санайды?
4. Ақынның туган даласының өткені мен бүгінін қатар алышп, ой толғауының сыры неде деп ойлайсыңы?
5. Ол туган елінің қандай біртуар перзенттерін жыр арқауына айналдырган?
6. Бүгінгі күн тұргысынан шыгарма несімен өзекті?



1. Өлеңде кездесетін тарихи тұлғаларды топтастыр. Кестенің 2-бөлігін жүппен бірлесе, 3-бөлігін қосымша дереккөздерден сыйыптан тыс толтыр.

Даланың жарқын тұлғалары	Тарихи тұлғалар есімі	Олар туралы не білемін?
Ақындар		
Әнші-композиторлар		
Фұламалар		

2. Топпен бірге «Дала, сенің ұлыңмын» өлецинен көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тауып, автор стиліне «Балық қаңқасы» тәсілімен баға беріндер. Басына – шығарманың тақырыбын, үстіңгі сүйектеріне – мөтіннің ішіндегі көркемдегіш құралдар мен айшықтаудың түрлерін, астыңғы сүйектеріне – үзінді арқылы дәлел, құйрығына – автор стилі туралы өз ойларынды жазындар.



1. «Жарқын ойлар» зерттеу әдісімен:

...Шындық үшін жынданар Біржаныңмын.

Тұншықса деп тілейтін асқақ ойлар,
жүрмін аңдал жетесіз қастан айбар!..

Азынабайлар заманы өткемменен –
бар еken гой әлі де Поштабайлар!

Өлшеп мынау өмірді бүгінгімен,
салты емес пе –
сыыйыспау Дүбірлімен!..
«Домбырамды қолымнан алса тартып»,
тек өзіце шағамын мұнымды мен!..

Өнерімен танылар тамам елге –
тәгдыш әр кез ақынды салады өрге!
Сенен менің жалғыз-ақ өтінерім:
жанымды үқпас Жанбота бола көрме!.. –

деген жыр шумақтарындағы Біржан, Азынабай, Поштабай, Жанботалар кім екендігіне, оқигаға қандай қатысы барына зерттеу жаса.

2. Лирикалық қаһарманның бүгінгі танда қазақ қамын мұң еткен еңселі тұлғага айналғанын өз көзқарасың тұргысынан сипаттап жаз.



Олеңнің көркемдік-эстетикалық құндылығына баға беріп, эссе жаз. Эссе де ақын шеберлігі мен стильдік ерекшелігі туралы өз ойынды білдір.

Көрі байланыс: «Оқырман көзімен»

- 1) «Жазушылар»: өлеңнен алған әсерін әңгімелейді.
- 2) «Ақындар»: дала туралы 1-2 шумақ өлең жазады.
- 3) «Суретшілер»: өлең идеясы бойынша сурет салады.

Тұлғаны танып біл

Хусам әд-дин әл-Хусейн ас-Сығанақи (тұган жылы белгісіз – 1310) – қазақ даласынан шыққан ғалым. Сығанақ қаласында туған. Бағдад, Басра, Дамаск, Халаб қалаларына сапар шеккен. Мұхаммед ибн Омар әл-Ахсикентидің (тұган жылы белгісіз – 1246) «Діннің тұп тамыры жайлы таңдаулы кітап» деп аталатын шығармасына түсіндірмे жасаган. Ол қолжазба қазір Париж бен Каир кітапханаларында сақтаулы.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясынан

Исмаил бин Ҳаммад әл-Жауҳари Әбу Наср әл-Фараби (940–1002) – ғалым, ақын. Фылымда «Тіл тәжі жөне араб тілінің дұрысы сөздері» атты араб тілінің классикалық түсіндірмे сөздігі еңбегімен белгілі. Сөздіктің үлгілері Лондон, Берлин, Булаң, Каир, Калькутта, Лейден, Махачкала, Париж, Санкт-Петербург, Ташкент, Тебриз, Эскуриал т.б. қалалар мұражайлары мен кітапханаларының қолжазба қорларында сақтаулы. Исмаил әл-Жауҳари әл-Фараби ғылыми еңбектерімен қатар поэзиялық шығармалар да жазған.

«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығынан

**«КЕҢІСТИК ПЕН УАҚЫТ» бөлімі бойынша
қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар**

1-тапсырма. О. Бекейдің «Атау кере» повесіндегі табигат суретінің көркемдік қызметі туралы сынни хабарлама жазыңдар.

2-тапсырма. «Атау кере» повесінен ең үтымды дәйексөздерді теріп жазыңдар.

Улғи:

1. Адамның қателігі кемшілік жіберуінде емес, сол кемшілікті кешіктірмей түзemeуінде.

2. _____

3. _____

4. _____

3-тапсырма. Берілген сейлемде Нюра ананың ұлы туралы «бірақ...» деп айтқанда қандай мінездеріне көңілі толмайды? Пікірлеріңмен бөлісіңдер.

«Шешесі айтып отыруши еді: «Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы месекерлі. Бірақ...» Сол «бірақтың...» ақыры әлі күнге айтыла қойған жоқ».

4-тапсырма. «Егер..., онда..., ейткені...» әдісімен «Атау кере» повесіндегі Таған туралы өз ойларынды білдіріп, логикалық қорытынды жасаңдар.

«Егер мен _____ орнында болсам, онда мен

_____ ,

ейткені _____. ».

5-тапсырма. Шыгармаға неліктен «Қауіпті бұдан» деген екінші атау берілген? Табигат–Адамзат–Үрпақ жалғастығы туралы қандай терең мәселе қозғалған деп ойлайсыңдар? Кестені толтырыңдар.

Повестегі оқигалар	Қазіргі заман	Біздің ойымыз

6-тапсырма. «Атау кере» повесінде кездесетін ырым-тыйымдарды кестеге толтырындар. Өздерің билетін ырым-тыйымдарды жазындар.

Ұзіндіде кездесетін ырым-тыйымдар	Көне ырым-тыйымдар	Өздерің билетін ырым-тыйымдар
«Ұлымның аты – Қозы, қызымының есімі – Баян, ырымдап әдейі қойдым, – деді ақсақал әңгімеге ықылас білдіріп.		

7-тапсырма. Жарасқан Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмың» өлецінен үзінде таңдал алындар. Өуен, қарқын, кідіріс, интонацияны сактап оқып көріндер.

8-тапсырма. Ұзіндідегі қарамен берілген сөздердің қуаты неде деп ойлайындар? Ақынның қандай қасиеттерін байқауга болады?

Тұған дала,
тыным алмас жастамын,
тер тәгуден,
өртенуден қашпадым!..
Шаршаганда шалғыныңды жастанып,
шалқаласам,
Шаңырағым – Аспаным!

Анау алыс,
мынау жақын демеген,
ақынмын рой,
кекірегімді өр өлең
кернегенде кен дүниеге дүбірлі
кез жіберсем,
Кекжиегің – Керегем!

ЗАМАН ШЫНДЫФЫ

Әдебиет – өмірдің айнасы. Сол себепті көркем шыгарма әр дәуірдің шындығын көрсететін тарихтың бір парагы іспетті. Заман шындығы әдебиетте әртүрлі жаңр арқылы беріледі. Әр жаңрдың заман бейнесін шынайы түрде беруінің өз ерекшелігі болады. Поэзияда шындық ақынның лирикалық тұлғасымен астасып, оның сезімдерінен көрінеді. Прозалық шыгармаларда заман шындығы кең, ауқымды суреттеу, баяндау, бейнелеу тәсілдерімен үштасады. Тарихи оқигалардагы заман көрінісі автор ұстанымы, негізгі идеяны ашу мақсатымен үндеседі.

Бұл бөлімде заман мен қоғам, сол қоғамдағы адамдардың биік мұраттарға деген үмтىлышы, жеке тұлғалық өмірі туралы көркем туындылармен танысадымыз. Әдебиет өнер пәні болғандықтан, әдебиеттегі заман шындығы жазушының, ақынның ой таразысынан өтіп, жаңа сипатта өріледі. Адамзат қоғамындағы сан алуан тарихи оқигалар, тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлар жеке кейіпкерлер өмірі арқылы заман шындығын толғайды.

БАҚҚОЖА МҮҚАЙ (1948–2008)



Жазушы, драматург Баққожа Мүқай 1948 жылы 31 қаңтарда Алматы облысы Райымбек ауданы Нарынқол ауылында туған. 1971 жылы қазіргі Қазақ үлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. 1965 жылы Кеген аудандық «Коммунизм нұры» газетінде еңбек жолын бастаған. 1970–1988 жылдары «Білім және еңбек», «Жұлдыз» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеді. 1990–1995 жылдары Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасында бас редактор, Бас басқарма бастығы болған. 1990 жылы Алматы облыстық «Қазақ тілі» қоғамын үйымдастырып, басшылық жасады. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі үлттық комиссиясының мүшесі болды. Бірнеше медальмен марапатталған. «Парасат» журналының бас редакторы қызметін атқарды. Ол – «Жалғыз жаяу», «Өмірзая», «Жаңбыр жауып түр», «Өмір арнасы», «Аққу сазы», «Мазасыз маусым», «Дуние кезек», «Тоят түні», «Жеті желі», «Алғашқы маҳаббат», «Ертегідей ертецім» туындыларының авторы. Шыгармалары тәжік, қыргыз, белорус, якут, татар, башқұрт, чех, орыс, өзбек, қарақалпақ, түркмен, корей тілдеріне аударылған. Орыс тілінде 1984 жылы «Водоворот», 1988 жылы «Белая птица» атты кітаптары

жарық көрген. Оннан астам драмалық туындысы Қазақстандағы және шетелдердегі театрларда қойылды. Бірқатар жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне аударған.

«Қош бол, менің ертегім» пьесасы мен «Аққу сазы» хикаялар кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы (1982), Қыргыз Республикасының Т. Әбдімомынов атындағы әдеби сыйлығы (1995), «Өмірзая» романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілген (2000). «Парасат» орденінің иегері (2006).



Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне-өзі қарата айтылған аринауы. Көңіл күй сырны білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдың бір түрі. Ішкі монолог алеуметтік-психологиялық романдарда жиі кездеседі, автордың көрінбей арасасуы арқылы жүзеге асады, психологиялық анализ түрінде беріледі. Ол шығармашылық әдіске орай өр алуан көркемдік әсер тұғыздады.

*Гүлзия Пірәлиева,
әдебиеттанушы ғалым*

ӨМІРЗАЯ

(романнан үзінді)

*Бұл еңбегімді қазақ елінің тәуелсіздігі жолында
құрбан болған ерлердің аруагына арнадым.*

Автор

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шығармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.1.3.1 – көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.2.4.1 – әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;

11.3.4.1 – шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Желтоқсан оқигасы, жазықсыз құрбандар, әке мен бала, үлттық тәрбие, жігер, сатқындық, саналы үрпақ, тәуелсіздік.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ роман үзіндісінің сюжетіне талдау жасау;
- ✓ берілген сюжеттің композициялық құрылымын талдау;
- ✓ үзінді кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктеріне сипаттама беру;
- ✓ роман үзіндісіне әдеби сын жазу.

1

Түннің бір уағына дейін көзі ілінбей қойды. Басы ауырып, мазасы кеткен соң орнынан тұрып, дәлізге шықты. Рахия кемпір күндегі дагдысы бойынша ойға шомып отыр екен. Аяғанга мұлде көңіл аудармады. Біраздан кейін анылеп-үйілеп Ес шықты.

– Ө-ә, қалай екен? – деп кемпір мырс құлді. – Бала үшін ата мен ана отқа түседі.

– Көнеміз де қайтеміз.

– Ол неменің өзі жоламай кетті гой. – Шал қинала қабақ шытып, ақырын ғана құрсінді. – Ондай баланың барынан жоғы жақсы. Өдірем қалғыр жүгермек!..

– Аман болсыншы әйтеуір, – деді шал. Көзі жапақтап, адуын кемпірге жасқана қарап қойды. – Аман жүріп, ел-жүрттына қызмет жасасын. Біз асарымызды асадық, жасарымызды жасадық.

– Пішту! – деді кемпір астыңғы ернін шығарып. – Тұған әкесін керек қылмаған бала ел-жүртты қайтсін.

– Балада жазық жоқ, Рахия. Бұл – заманның қылышы.

– Со-о-н-о-у аштық жылдары өлмелі әкесін арқалап жүріп аман алып қалған азаматтарды көргенбіз. – Рахия басын изектетіп, жасаураған көзін кейлегінің етегімен бір-бір сүйкей салды. – Өкесі соғысқа кеткенде іште қалған азаматтың талайы қырық жылдан кейін әкелерінің сүйегін ит өлген жерден арқалап әкеліп, тұған жеріне арулап жерлегенін білмейші ме едің сен?!

– Білемін, Рахия, білемін...

– Айналып кетейін олардан, – деп көңілі босаған кемпір көзіне жас алды. – Сенің балаң безбүйрек екен.

– Балада кінә жоқ, – деп күбірледі шал. – Заман... Заман сондай. Бала інтірнэтта өсті. Ата-ананың мейірім-шапағатына қанбай, олардың қасиетін білмей өсті. – Кемпірдің сөзі жанды жеріне деп тиді ме, шал жүрегін күйдірген запырандай аңы сөздерін ірікпеді. – Ол неме інтірнэттың баласы болып өсті де, інтірнэттың баласы болып қалды.

– Інтірнэттың балалары, – деп күбірледі кемпір. – Інтірнэттың балалары көп дейді гой тегі.

- Е-е, үйі інтірнэт болған шал-кемпірлер аз ба?
- Интірнэт, түрме, аурухана... Бірінен-біріне ауысумен өтіп келеді өмірім. Е-е, Алла, бұған да тәубе, – деді кемпір бетін сипап.

Аяранның есіне осыдан он бес жыл бұрын шетелге бірге барған жігіттің айтқан әңгімесі оралды.

– Мені бесіктен белі шықпай жатып анамның құшагынан балалар үйі жұлдып алған, – деп еді ол мұңдайып. – Мереке сайын салтанатты шеруге Берияның суретін көтеріп шығушы едім. Басқа балалар маған қызғанышпен қарайтын. Менің мерейім үстем еді. Берия секілді үлкен адам болсам деп армандайтынмын. Ал Сталиннің суретін көтеріп шығу барлығымыздың арманымыз болатын. Олардың кім екенін кейін білдік қой. Менің мемлекет басшыларына деген сенімімді, солардай болсам-ау деген ізгі арманымды Берия талқандап кетті. Осы күні солардың қай-қайсысы болмасын маған уақытша адам сияқты болып көрінеді.

Сол жігіттің аты-жөнін де, түр-тұлғасын да ұмытыпты, ал айтқан әңгімесі тасқа қашалған жазудай жадына өшпестей болып жазылып қалды.

– Ўиге шықсам балаға тілипон соғып айтамын. Іздең барып, әдірем қалғырдың ит терісін басына қантамасам ба!.. Ұмытпай әдресін жазып бер. Жалғыз әкенің қадірін білмеген безбүйректің көзіне көк шыбын үймелетпесем атымды басқа қой, – деп Раҳия даурыға сейлеген. Дауысы тым қатты шықты ма, есіктен қылтиып санитардың басы көрінді. Үйқысынан жаңа оянған тәрізді, екі көзі қызырып кетіпті. Ол қабағын шытып, жұдырығын көрсетті.

– Қайтайық моламызға, – деді кемпір сүйретіліп орнынан тұрып жатып. – Е-е, Алла! Осыған да тәубе!..

Орнына келіп жатқанмен, шалдың қозғалып кеткен көңілі орнына түспеді. Раҳияның сөзі мұнға толған көрі жүректі аямай осып кеткен сияқты. Жалғыз ұлына іштей лагынет айтып жатқандай, қайта-қайта көкірегі қарс айырылардай күрсінеді де, күбірлеп сөйлейді. Баласының кім екенін, қандай адам екенін, кімдерге қиянат жасағанын айтып, кеудесіне толып қалған ыза мен ашуын сарқып тастағысы келіп оқталғанмен, шалдың түрін көріп, жігіттің батылы бармады. Азапқа түсіп, қиналып жатқан шалды аяды. Тірі пендеге қиянат жасап көрмеген Аяған қандай қыын жағдайда да ешкімге жамандық жасай алмасына тағы да кезі жетті. Өзінің орнында Жақия болса кімге лагынет айтарын білмей қиналып жатқан шалды одан сайын түқыртып, жерлеп, жекен суын ішкізетіндігін ойлап, Аяған жұмсара түсті. Басының қатты ауырғанына қарамастан, шалды сөзге тартты.

– Қария, көрші болғанымызға біраз уақыт. Әрі дұрыстап жөн сұраса алмай журміз гой, – деп күлді Аяған. Шал басын көтеріп отырды.

– Менің Алдияр Ақпанұлы деген үстазым болды. – Алдекенің атын естігенде қандай күйге түсер еken деген оймен шалға қадала қарады. Ол мұлде селт етпеді, меніреу адам сияқты басын изектетіп, мен-зең болып отыр. – Сізге қарасам сол кісі есіме түседі. Сіз екеуіңіз сондай үқсайсыздар. Сіздер ақылдан, ардан жараган адамсыздар, қария.

– Е-е, – деп көкірегі қарс айырылып кетердей күрсінді шал. – Дүние ойлап тұрсаң шолақ еken депті біреу. Көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Біз кешегі күнге айналдық. Кешегі күн...

– Кешегі күн өмір емес, тарих. Ал ертеңгі күн – ертегі. Оның тіпті болмауы да мүмкін фой, қария. Тарихымызды ертегіге айналдырып жиберген халқыңыз – біз, – деп жымыды Аяған. – Кешегің де ертегі, ертеңгі де ертегі. Ал өмір деген бүгінгі күн. Орысша айтқанда, жизнь – это всегда сегодня. Ал сіздің барлық қызығыңыз алда өлі.

– Е-е, қарагым-ай! Біз қан базардан қайтып келген адамбыз. Ілдаладап жүріп өмірімізді өткіздік. Қысқа өмірдің мәнді бөлігі түрмеде, айдауда, соғыста өтті. Сен ақылды сөздер айтып жатырсың. Ал бізде өз пікіріміз болған жоқ. Тірі жүру үшін ақылдың, пікірдің керегі жоқ еді бізге. Біз орындаушы болып өттік.

Шал сақалын саумалап, үнсіз отырып қалды. Аяған жиі-жиі жетелетін ескі трактордың кексау моторы сияқты анда-санда тынысы тарылып, пырқ-пырқ етіп үйықтап жатқан Соломон патшага қарады. Бұрын да өмірдің рақатын көрген, қазір де дүниесі түгел «патша» сонау ерте дүниеде туып, содан бері тірі жүрген адам төрізді. Ол өлі де мың жыл жасайтын сыңайлы. Аяған ақырын гана күрсінді.

– Осынша жасқа келіп, жүргегіне кір түсірмеген, арына шаң жұқтырмagan азамат аз, қария. Алдияр Ақпанұлы сондай асыл азамат еді. Сіз оны білесіз, – деді Аяған оған тұра қарап. Тағы қателесті, шал оған сыр алдырмады. Танымайтын, білмейтін кісінің сыңайын танытып отыр.

– Ол көптің адамы еді. Қара басының қамынан басқа ештеңе ойламайтын қараниет пенделердің қолынан қаза тапты асыл азамат.

– Е-е, Алла! – деді шал көкірегін кере дем алыш. Қабагы түнеріп, танауы қусырылды. Жар жиегіне қарай сүйрелеп, тықақтап отырған Аяғанға мұлде назар салмады. – Болған сондай бір асыл адам. Қылышынан қан тамып түрган заманда басын қатерге тігіп, Кенесары бабамың аруағын асырған ол. Ал менің ұлым... Менің жалғызым бабасының аруағына... – Шал ары қарай сейлей алмай, өз деміне өзі тұншықты. – Сол үшін білетіндер мені көзге шүқиды. Е-е, менің сөзім кім, өзім кім? – Салбырап түсіп кеткен басын шалт кетеріп алыш, жігітке ала көзімен ұнатпай қарады. Тышқақ лақ құрлы құним болса, құним батарда көзім бозарып осында жатар ма едім?! Адам өз қолын өзі кеспейді, қарагым.

– Балаңыздың әрекеті бір адамға, бір сізге ғана жасалған қиянат емес, қария. Бұл – ата дастүрге, тұган халқына жасалған қиянат. Бұл тұган өкесін ғана емес, тұган халқын, ата-баба салтын жек керудің белгісі. Бұл – имансыздық! – деді ашуга булықтан Аяған қалышылда. Басы қалтаңда, кемсендеп отырған шалға жаны аши тұра өзін-өзі үстай алмады. Қекірегіне толып қалған аңы запыранды бір-ақ қопарды. – Ондайлар қара басының пайдасы үшін бүкіл халықты жек көруді үйренді.

– Ү-ү-й! – деді шал. Аузынан отты леп шықкан сияқты.

– Үлттық сезім өлген жерде адам да өледі, – деді Аяған қинала қабақ шытып. Басы қақ айырылып кетердей ауырып тұрса да, ашу-асаудың басын бос жіберді. Қеудесіне толып қалған ыза-өртті сөндіре алмай-ақ қойды. – Үлтын сүймейтін, ана тілін білмейтін жанның жәндіктен айырмашылығы қайсы? Оған өнердің, әдебиеттің, тарихтың, мәдениеттің, қысқасы, ештеценің керегі жоқ. Оған қыбырлап тірі журу ғана керек. Оған бәрібір. Ондайларды тұган халқының тағдыры мен тарихынан гөрі дүниенің бір бұрышындағы ешкім білмейтін халықтың мәселесі көбірек толғандырады. Өз халқының басы жарылып, кезі ағып түссе де, қабыргасы қайыспас. Себебі оларда тек жоқ, қария.

– Ү-ү-h! – деп шал тағы да күрсінді. Қос алақанымен бетін жауып, өксіп қоя берді. Одан мұндан қылыш күтпеген Аяған алғашқыда абдырап қалған. Қемейінен лек-лек болып төгіліп жатқан ызалы сөздерді тежеу үшін дәлізге шығып кетті. Енді байқады, екі беті от болып жанып тұр екен. Басы сынып әкетіп барады. Қүрек мандайын қақ айырып кеткен сияқты, қолы сәл тиіп кетіп еді, жанын көзіне көрсетті. Құлағына тосын үн шалынды. Жан-жағына алақтады, ешкім жоқ. Енді ғана аңғарды, Ес қария әлі өксіп отыр екен. Шалдың қекірегінің со-о-н-о-у бір терең шыңырауынан көтерілген зарлы дауыс Аяғаның ызага қақалған жүрегін аямай шағып алды. «Бекер болды-ау. Жарымжан адамды сонша сөккенім не? Өй, қызымақ басым!» – деді Аяған қынжылып. Қол тигізбей қақсан ауырған басы жарылып кетердей зәресі үшқан жігіт қинала ыңырысып, палатаға қайтып келді де, анальгин ішті.

Ес бетін қос алақанымен жауып, өксіп отыр екен. Аяған келіп құшактаған кезде дауысы шығып кетті.

– Ай-й, ит өмір-ай!..

– Кешіріңіз мені, – деді жігіт оның сақалынан сүйіп. – Айтпасқа амалым қалмады. Қекірегіме толып қалған запыран шыдатпады.

– Дұрыс, – деді қарт кемсендеп отырып. – Айтатын жөнің бар, балам. Сен айтпағанда кім айтады?! Біз үндемей жүріп өттік өмірден. Халқымыз аштан қырылып жатқанда Голощекиннің бетіне қарап, жарамсақтана жымидық. Тірі қалу үшін бірге тұған бауырымызды, әкемізді НКВД-

га үстап бердік. Қу жанның амандығы үшін не іstemедік біз?! Біз бәріне қызмет еттік, қарагым. Тек адамға, тұған халқымызға қызмет еткен жоқпаз. Жетпіс жеті жыл ғұмыр кештім. Біздің ғұмыр құлдықпен өтті. Өмір – зая... Өмірім зая... – Босап, болдырып отырган шал қабагын қарс түйіп, жүзі сұрланып, қатайып алды. – Ұлыніс деген жалғыз немерем бар. Қазақпның деуге намыстанады. Ол – менің болашағым. Бөтен. Мен де оған бөтеннін... Жатпын. Өз шаңырағыма, өз баласына сыймай, жат болып, далада қалған жалғыз ғана мен дейсің бе? Жоқ, жоқ! Көп олар, ете көп!..

Ары қарай тілі икемге келмеді. Иегі кемсендеп, басы қалтаңдап отырган шалдың кезінен жас парлап қоя берді...



Запыран – адамның асқазанында болатын сарғылт түсті, ашы сүйық зат. *Бұл жерде:* шер, нала мағынасында.



1. Романың толық нұсқасын оқып шық.
2. Роман неліктен «Өмірзая» деп аталған? «Өмірзая» сөзінің мағынасын мұғалім көмегімен анықта.
3. Романың тақырыбы, негізгі ойы не?
4. Романға арқау болған тарихи оқигаларды «*Тарихыңды зерделей біл*» айдарымен берілген танымдық ақпараттарға сүйене отырып, баянда.
5. Басты кейіпкер Аяганның өмірлік үстанымы қандай? Романнан мысалдар келтір.



1. Үзіндіде Ес ақсақалдың аузымен қандай тарихи уақыт айттылады? Тарихи кезең шындығы туралы ой бөліс. Сұрақтарды алдын ала жазып алып, ойынды ортаға сал.

2. Топтық жұмыс. Үзінді кейіпкерлеріне мәтіндегі диалогтерге сүйене отырып, қандай қасиеттер тән екенін анықтаңдар. Жазушының Аяган мен Ес қарияға деген көзқарасы қандай? Авторлық баяндаулар арқылы жазушы үстанымына назар аударындар. Хрестоматиядан мысалдар келтіріндер.

Аяган	Ес қария
Кейіпкерлерге қандай қасиеттер тән?	



1. «...Үлтүн сүймейтін, ана тілін білмейтін жанның жәндіктен айырмашылығы қайсы? Оган өнердің, әдебиеттің, тарихтың, мәдениеттің, қысқасы, ештеңенің керегі жоқ. Оган қыбырлап тірі жүргу еана керек. Оган бәрібір. Ондайларды туган халқының тағдыры мен тарихынан гөрі дүниенің бір бұрышындағы ешкім білмейтін халықтың мәселесі көбірек толғандырады. Өз халқының басы жарылып, көзі ағып түссе де, қабыргасы қайыспас. Себебі оларда тек жоқ, қария», – деген Аяғаның ойын тарқатып, топта талдап, сини пікір жазындар.

2. «...– Біз үндемей жүріп өттік өмірден. Халқымыз аштан қырылып жатқанда Голощекиннің бетіне қарап, жарамсақтана жымидық. Тірі қалу үшін бірге туган бауырымызды, әкемізді НКВД-га үстап бердік. Құ жанның амандығы үшін не істемедік біз?! Біз бәріне қызмет еттік, қарагым. Тек адамга, туган халқымызға қызмет еткен жоқпыш. Жетпіс жеті жыл ғұмыр кештім. Біздің ғұмыр құлдықпен өтті», – деген қария сезінің мән-магынасын өз көзқарасыңа сүйене отырып, қалай дамытар едің? Пікірінді әдеби эссе түрінде жаз.



«Өмірзая» романының идеялық мұраты туралы әдеби сын дайында.

Кері байланыс: «Сейлемді аяқта»

Мен мынаны білдім	
Маган қызық болғаны	
Маган қыын болғаны	
Мен мынаны жасай алдым	
Мен мынаған таңғалдым	

Тарихыңды зерделей біл

Желтоқсан оқиғасы – 1986 жылы 17-18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Оқиғага қатысқандар саяси түрғыдан қуғындалды. Бұл – бостандыққа, төуелсіздікке үмтүлған қазақ халқы тарихындағы елеулі қадам.



Оқу мақсаттары:

11.1.3.1 – көркем шыгармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.1.5.1 – ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптары контексттермен байланыстыру;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.2.1 – көркем шыгармадагы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

Өмір, жындыхана, ауылға жол, жастар, күрес, қогам.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

✓ берілген үзіндідегі ұлттық құндылықтарды анықтау;

✓ үзіндідегі ұлттық құндылықтарды ғаламдық тақырыптармен байланыс-

тыру;

✓ автор идеясы мен өмір шындығының байланысын сарапалау.

2

Дәл бұлай болады деген ой Аяғанның түсіне кірмеген. Басы сынып кетердей ауырып, таң атқанша кірпік ілмеген жігіттің көзі енді ілінгенде, санитар келіп, оятып алды да, жетелей жөнелді. Үйқы мендеген Аяған жөн сұрайтындағы халде емес еді. Өзін қарап жүрген дәрігердің алдына келгенде, үйқысы шайдай ашылды. Басын таңған дәкені алып, ырсиып тұрған жараны қайта жауып, тазалап дәрілеген соң:

– Бұл саған ескерткіш, – деп күлді дәрігер. – Бұдан кейін қолымызға түсуші болма. Үйіңе қайта беруге рұқсат.

Басы ауырып тұрған Аяған қинала езу тартты. Өзін кекеткендей жымысып отырған дәрігерге ашуулана жалт қарап:

– Бастағы жара жазылар. Сендердің ескерткіштерің мұнда, жүректе, – деді қеудесін дүңк-дүңк үрып. – Ол жара ешқашан жазылмайды. Менің төніммен, жаныммен көрге бірге түседі.

– Бекер ашууланба, жігітім. Менде кінә жоқ, – деді дәрігер қызарақтап. – Сізді осында өкеліп салдырған адамға айтыңыз өкпеңізді. Мынау қағазыңыз. Қош болыңыз!..

Ауруханадан шығарылғаны жөніндегі қағазды көкірегіне басқан күйі жүгіріп отырып бөлмесіне келді.

– Ақсақал! – деп шалды құшақтай алды. – Мені босатты! Мен... Мен...

– Алда айналайын-ай! Босатты деймісің?!

– Мен кетемін қазір! Ауылға, балаларыма барамын!.. – деп Аяған жымысып күлді. Тамағына ып-ыстық қатты зат келіп кептелді, екі көзінен мөлт-мөлт етіп шыға келген тамшыларды сүқ саусағымен қағып таstadtы.

– Жолың болсын, қарагым! Бала-шагаңның қызығын көр... Басың аман, бауырың бүтін болсын!

– Рақмет, қария! Сіздің үрпағыңызга бақыт тілеймін, – деді көңілінде кірбің жоқ жігіт. Шал ернін тістеп, жанарын жықты.

– Сен бізді ұмытпай келіп түр, – деді Соломон патша жігіттің қолын сілкілеп. – Мені іздейтін ешкім жоқ, езің білесің. Маған жақсы-жақсы тамақ ішу керек. Мениң өмір сүргім келеді.

– О-о, сіз әлі көп жасайсyz, – деді Аяған оны құшақтап.

– Рақмет! – деді бүкіш шал көзі жасаурап. – Мениң өлтім келмейді.

– Біз сан рет өлдік. Бірақ бірде-бір рет шындаған өлгеміз жоқ, – деп күрсінді шал орнынан тұрып жатып. – Біз қандай биіктен лақтырса да, терт аяғымен түсетін мысық сияқтымыз. Біз – мысықпыз! – Соломон патша Есті мазақтағандай мырс-мырс күлді.

– He-he! Мысық! Еще езі орден тағады жарымес, – деді. Ес оның сөзіне мән берген жоқ, ойға батып сілейіп түр.

Озімен бірге алып кететін ешқандай заты болмаса да, Аяған төсегінің әр-әр жерін сипалап, сипактап ұзак жүрді. Аурухананың киімін басқа корпусқа барып ауыстыру керектігін біледі, өлденесі ұмыт қалғандай қайта-қайта түмбасын аша береді.

– Қарагым, Аяған, – деді Ес оның жанына келіп. Жігіт тіктеліп, шалға бұрылды. – Мен өлімнен қорықпаймын. Үяттан, жалғыз ұлымның жолын кесіп, жүргізбей қоятын, өле-өлгенше алдынан шыға беретін үтттан қорқамын. Маған айтатын, маған арналған талай сөзіңің ішінде кетіп бара жатқанын да білемін. Үндемегенің сақалымды сыйлағаның шығар. Текті жерден екенсің, қарагым. Саған аппак басымды иемін.

Шал тақиясын алыш, еңкейе берген. Аяған оны қапсыра құшақтай алыш:

– Ат-о-у, – деді сасқалақтап. Абыржып күлді. – Мұныңыз не? Ұялт-пасаңызшы.

– Кешір, шырагым, кешір!.. Олар үшін мен кешірім сұрайын сенен, – деп жігіттің маңдайынан қадалып сүйді.

– Сақалыңыздан айналайын сіздің, – деді көңілі босап, көзіне жас үйірлген Аяған шалдың аппак сақалынан сүйіп тұрып.

Ес қария төсегінде жатқан құндыз бөрігі мен қыстық пальтосын алыш, бірін жігіттің басына кигізіп, бірін иығына жапты.

– Ой, ата-ау, мен тоңбаймын ғой. Үят емес пе, – деп қарсыласқан жігітке:

– Мен сияқты қалтыраған шал бол, – деді. – Мен өлмеймін. Өлсем екінішім жоқ.

Аяғанның көңілі босап, көзіне жас іркілді.

– Е-е, шер көкірек шермендем, – деп күрсінді Ес қария. – Кембагалдың кез жасына қанбаған сүм заман-ай! Жыла, ботадай боздап жылап ал. Сенің қадірінді бәрібір білмейді бұл жұрт. Азамат қашан керек болыпты бұл жұртқа?! Азаматының басын қашан бағалапты бұл қазақ?! Өлген соң шүркүраған болады. Қаймана қазаққа күлкі болған асыл азаттардың қадірі-ай!.. Жетесі жоқ жетім жұрт... Жетектегі жетім ел... – деп күңіренген шалдың көзіне жас толып кетіпти. – Жылармын да жұбанармын. Арзан атақ, алдамшы абырайдың соңына түсіп сүмендеп, болашақтың бетіне құл шашқан жалғыз ұл емес, аруақтар менің тілекшім. Тірінің қадірін аруақтарға біледі. Аруақтарды еске алып, тағым етіп жүр, қарагым. Құндердің күнінде олар алдымыздан шығады. Өлмейтін пенде жоқ. Ажал – ақиқат. Бақылықпаз беріміз. Иә, құдая тоба! Аруақтарға Құдайдың рақымы түсіп, пайғамбарлардың шапағаты тие берсін! Әумін!..

Шал кез жасын алақанымен сүртіп, Аяғанға құле қарады.

– Ато-о-у, – деді жігіт шалды жұбатпақ ниетпен қапсыра құшақтап.

– Жасым жетпістің жетеуіне келгенде көрдім көресімді. Кешегі соғыста өліп қалмаганыма өкінемін. Жындыханада елу үшін сүйікті Отаныма, Кеңес Одағына, коммунистік партияға, ұлы көсемдеріме шын беріліп қызмет еттім. Құл бол деді. Болдық. Жын бол деді. Болдық. Өлтір деді. Өлтірдік. Өл деді. Өлдік, – деп шал қынжыла бас шайқап, қинала езу тартты. – Жалғыз ұлдың арқасында мен тірі өлікке айналдым, қарагым. Ол мені тірідей көрге тықты. Үшпаққа шықтым. Жалғыз ұлдың үйінен неміс әшперкесіне орын табылады, ал маган...

– Ато-оу, қайдағыны айтпандызы, – деп қылды жігіт.

– Үнемі тусіме Мұсаның бала кезі кіреді. Бала Мұсаны жігіт Мұса қылғындырып жатады. Үнемі шошып оянамын, қарагым...

Аяғанның құлағына Бибісінің шыңғырған дауысы келді, селк етіп, тың тыңдады. Өлгі үн оның шұрық тесік жүрегін ондырмай шағып алды.



Дәке – мақтадан дайындалатын таңғыш (медицинальную бинт).

Шер көкірек – қайғысын ішіне сақтаған адам.

Әшперке – орыс тіліндегі «овчарка» сезінің қазақша ауызекі сөйлеу мәнерінде қолданылуы.



1. Роман үзіндісінің композициялық желісі бойынша жоспар құр.

2. Аяған аурұханадан шыгарылатынын естігенде неге жүрегі жарыла куанды?

3. Қоштасарда Ес ақсақал Аяғанга неден қорқатынын айтады? Қарияның бұлай деуінде не сыр жатыр?

4. « ... Азамат қашан керек болыпты бұл жүргіңе?! Азаматының басын қашан бағалапты бұл қазақ?! Өлген соң шүркүраган болады. Қаймана қазаққа күлкі болған асыл азаматтардың қадірі-ай!..» – деп ақсақал кімдерді тілге тиек етіп отыр?



1. Ұзіндіден бейнелеу, суреттеу құралдарын тап. Олардың қандай көркемдегіш құрал түрі екенін ажырат. Шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талда.

Бейнелеу, суреттеу құрал- дары кездесетін сөйлемдер	Қай кейіпкерге тән?	Көркемдегіш құрал түрі	Шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысы

2. Топқа бөлініп, «Кейіпке ену» әдісі бойынша жұмыс жасандар.

1) «Кейіпкер кестесін» толтырындар.

Ұзіндідегі кейіпкер	Кейіпкердің өміріндегі құндылықтар

2) Ұзіндідегі негізгі құндылықты көрсететін кейіпкерді таңдаңдар. Кейіпкер арқылы осы құндылықты баяндайтын қысқаша қойылым дайындандар.



1. Топқа бөлініп, бір-біріце ұзінді бойынша 3 түрлі сұрақ қойындар. Сұрақты талқылаңдар. Ұзіндіде көтерілген мәселені анықтаңдар.

2. Ұзіндідегі құндылықтарды заманауи түргыдан бағалап, салыстыр.



3. Мәтінді тыңдалап, ұзіндідегі көркемдегіш құралдарды табындар. Олардың автор идеясын ашуудағы рөлі туралы айтып беріңдер. Уақыт: 7 минут.



Романдағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағала.

Кері байланыс: «Жұптасып толтыр»

Менің ойларым	Серіктесімнің пікірі



Оқу мақсаттары:

- 11.1.3.1 – көркем шығармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;
- 11.2.2.1 – шығармадагы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;
- 11.3.1.1 – шығарманы өлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

Иесіз пәтер, жатақхана, оқудан қуылу, құғынга тұсу.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ берілген үзіндідегі идеяны анықтау;
- ✓ тарихи құндылығын бағалау;
- ✓ өлем әдебиетіндегі билетін шығармалармен салыстыру.

3

Аяған Алматыдан ауыр ой, жабырқау көңілмен аттанды.

Алдияр Ақпанұлының иесіз қалған пәтерін көріп, жаны жабырқады. Өзі үшін шырылдаپ отқа түсіп кете жаздаған шәкірттері – Камал, Қанат, Ерік секілді азаматтардың желтоқсандағы дүрбелеңге қатысқаны үшін істі болып, оқудан шығарылғанын, түрмеге түскенін естіп, көңілі құлазыды.

Студент атаулыда зере жоқ, барлығы үрейлі. Біраз студент оқудан шыққан, жатақханадан қуылған. Оқып жүргендердің жағдайы мәз емес сияқты, алда ненің күтіп тұрганын ешқайсысы білмейді, барлығының күты қашқан, қорқыныштың жетегінде жүргендей.

Шәкірттерін іздең жатақханаға барған Аяғанды көргендер аман-саулық жоқ, сонадайдан бұрылышп қашады. Адам жейтін аш қасқыр келе жатқандай түстері бұзылышп, зере-иманы үшқан студенттер қашып ба-

рып, есіктерін бекітіп алыш жатты. Соған қарағанда, бақылау, қысым күшті тәрізді. Аяғанның аңғарғаны – жалпы қала халқында, өсіреле қазақтарда үлкен үрей бар сияқты.

Көшеде кездескен қөстаныстар бір-бірімен амандасып өте шыратын болыпты, мамыра-жай замандағыдай шүйіркелесіп ұзак тұру қайда, бір бірімен кездеспеуге тырысады екен.

Әрқайсының соңында аңдушы жүргендей танысын танымай қалатын адамдар пайда болыпты.

Жатақхананың төңірегі толған бейтаныс жан, сұғанақ иттей су-мандалап, бастары қосыла қалған студенттерге қарай емпендей женеледі. Сол маңайда жүрген Мақсұтты Аяған алыстан таныды.

Бейтаныс адамдардың бұл маңайда неге жүргенін іші сезеді. Сақалшашы өскен, қалай болса солай киінген Аяғанға олар көңіл аудара қоймады. Тіпті Мақсұттың өзі оны танымай қалған сыйайлы. Өзіне тесіліп қараган қаңғыбасқа кез қызын тастап, ұзап кетті.

– Ит-ай! – деп кіжінді Аяған. – Күнөсіз балалардың обалына қаласың-ау. Қолынды қанға малатын болдың-ау!..

Жатақханага оқытушылар көшіп келген сияқты. Әрбір қабатта төрттен-бестен қантап жүр. Аяғанды бірде-біреуі таныған жоқ.

– Мұнда неғып жүрсіз? – деді біреуі. Аяған жымышп күлді. Анау таныды білем, танауы қусырылып, екі көзіне үрей ұлап, бағжандай бастады. – Мұнда бөтен адамдардың кіруіне болмайды. Тезірек кетіңіз. Мұнда органның адамдары жүр.

Мұндайға еті үйренген Аяған мүлде қорланған жоқ, жақсы заманда сыйлас болып жүретін жігітке қарап, сұық жымыды да, астыңғы қабатқа түсті. Алдынан Алмас шыға келгенде өшкені жанғандай жүрегі жарыла қуанған. Құшарын жая ұмтылған Аяғанды ол бірақ қасақана танымай теріс бұрылып кетті.

– Өй, әй! – дегеннен басқа аузына сез түспеді. Мандайынан ауыр соққы тигендей есептіреп тұрған.

– Сізге кім керек?

Аяған селк етіп, жалақ ерін шикіл сарыға қарады. Бұған көзінің қызығын ғана тастап, екі бүйірін таянып, шіреніп тұрған жас жігітке жыны келіп:

– Сенің керегің жоқ, – деді ашуулана дауысталап.

– Сіз кімсіз өзі?

– Кім екенімді көріп тұрған жоқсың ба?!

– Жатақханага қайдағы бір қаңғыбастар қалай кіріп кетеді екен? А ну, бұл арадан тез кет! – деді шикіл сары дікеңдеп. – Өй, бері кел. – Жанына жүгіріп жетіп келген студентке шикіл сары шытынай қара-

ды. Анау бейшара қалбалақтап түр. – Кезекшіні тез шақыр. Сағындық шақырды де. Студсовет десен біледі.

Студент далбаңдап тұра жүгірді. Шикіл сарының кезекшінің жержебіріне жетіп, жекен суын ішкізетінін сезіп, Аяган төзірек кетіп қалуға тырысты. Шыға берісте филология факультетінің деканы кездесті.

– Сәлем, – деді Аяган.

– Сәлем, – деді ол да. Біреу көріп қала ма деп қауіптенді ме, жан-жағына жаутаң-жаутаң қарады.

– Сен мұнда бекер келгенсің. Жағдайды түсінесің той. Балалардың обалына қалып жүрме. Тез кетіп қал. Бәрін шетінен қамап жатыр.

Аяган оның қысқа сөзінен мәселенің мәнісін ұқты, таныс студенттің, әсіресе інісіндегі көретін Алмастың тұра қашқан себебін түсінді. Студент атаулыны мықтап қысып, қорқытып қойған сыңайлы. Аяғанның түсінгені – мынандай қалаймақанда Алматыда бір күн қалуға болмайды екен. Тыныш заманда сары ізіне шөп салып, тыныштық бермеген «достарының» кезіне түссе, олардың аямайтынын сезіп, жүргегі шайлышып қалған жігіт бала-шағасының жанына баруға асықты...

Жолай Алматыда болған жағдай қайта-қайта есіне түсіп, Аяғанның ойы сан-саққа жүгірді. Бір-екі жылда тағдырың тәлкеғіне ұшырап, сағы сынып, тауы шағылып қалған жігіт үшін желтоқсандағы дүрбелен мүлде күтпеген, тосын оқиға еді. «Халық неге толқыды?» Осы тақылеттес сан сұрақ жолын кесіп, ойдан шағылып, әбден қажып қалған жігітті одан сайын шаршатты.

«Халық неге толқыды? Алаңға неге шықты?» Осы бір екі сұрақ...

Егер бостандықта жүрсе, көппен бірге алаңға шыгар ма еді? Құдай-ау, топтың алдында жүрер еді той. Кінөсізден кінөсіз көрген қиянаты, шеккен азабы аз болған жоқ. Шындық үшін шырылдап еді, «қолынан өлген адамды тірілтуден басқаның бәрі келетін мықтылар» қарсыласқанына қарамай сүйреп апарып, түрмеге тыға салды. Өлдім-талдым деп ол жерден босанып шығып еді, жындыханаға апарып қамады. Соншалық қиянат көре тұра сын сөтте үндемей қалу – адамның қолынан келмейтін іс.

Сонда алаңға шыққандардың барлығы өзі сияқты есесі кетіп, еңіреп жүрген боздақтар ма? Мүмкін емес. Солай-ақ болсын. Ендеше, халық неге аяқастынан дүр етіп көтеріліп кетті? Табигаты момын, ешкіммен таласы жоқ, құшагы да, көңілі де кең халықтың мұнысы қалай? Шынымен-ақ үйымдастыруышылар болды ма екен?

«Әлдекімдер қара «Волгамен» жүріп, халықты үйымдастырыпты» деген қауесетті ой елегінен өткізген Аяган мырс күлген. Бұл – халықтың табигатын білмейтін, алаңдағы дүрбеленді қара басының мақсатына пайдаланғысы келген пиғылы пасық пенденің ойлаап тапқан әдісі.



«Желтоқсандағы дүрбелең оқыстан тұа салған жағдай емес-ау» дейді Аяғанның бір ойы. Ол жылдар бойы дайындалған, күндердің күнінде болуга тиіс заңды құбылыс екендігін жігіттің іші сезеді. Желтоқсандағы жағдай елдің зәре-құтын қашырған сталинизмге, оның ісін жалғастырған тоқырауга, халықтың мұддесін көзdemейтін мемлекеттік жүйеге деген қарсылық емес пе еді! Жылдар бойы қорқыныштың тас түрмесінен жарық дүниеге шыға алмай булықтан халық үшін жариялыштық пен демократия бүлт арасынан жарқ етіп шыға келген күндей болып көрінген шыгар, сірө. Осы бір ұрымтал сөтті пайдаланып, көкейде жүрген көп ойын айтып салайын деген ашумен айғайға басқан шыгар аңқау қазақ. Жүргіндегі мұнын, жанына батқан ауруын, қасірет-қайғысын айтса несі айып?! Апыр-ау, ең дәмдісін бала-шагасының аузынан жырып алып, қонағының алдына қоятын, сыйласқанның құлына айналып, құлдыраңдан жүгіріп жүретін бүкпесі, бөтен ойы жоқ қазақтың қарны тойғанмен, қайғысы түгесіліп біте қойМАП еді ғой.

Ес ақсақалдың егіліп отырып: «Немерем қазақын деуге намыстады. Мен оған бетенмін», – дегені бір сол кісінің басындағы қасірет пе? Ондайлар көп, тіпті көп, сан жетпейді. Тұған балаларымен түсінісе алмай орысшаны шатып-бұтып шүлдірлесіп жүрген ата-ана аз ба? Тұған балаңың халықтың ғасырлар сүзгісінен өткен дәстүрін, салтын түкке алғысыз етіп сынап, төбе шашың тік тұратындей құбыжыққа айналдырып жазған мақалаларын оқып, жүргегің қан жылағанмен, қолыңан

ештеңе келмесін сезіп, күрсінесің де қоясың. Ал сен ағылшындардың дәстүр, салтын қабылдай алмайтындығың үшін дүниедегі ең сауатсыз, мәдениетсіз адам болып шыға келесің. Өз халқыңың озық дәстүрлерін мадақтасаң, сені «ұлтшыл» деп жазғырады. Апыр-ау, ғасырлар бойы жасалып, уақыттың қатал талқысынан өткен дәстүр, салт халықтың мазмұны емес пе?! Ел-жүрттың кім екенін танытатын оның түр-тұлғасы емес қой.

Егер біреулер ойлайтындағы ұлттың мазмұны оның түр-тұлғасына тәуелді болса, кубалықтар біртұтас халық санатына қосылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тату-тәтті өмір сүрер ме еді, сірә!? Олардың әр тараптан жиналған әртекті, құранды халық екенін кім білмейді?

Оларды түр мен тұлға емес, ортақ дәстүр, салт-сана, тілектің бірлігі тұтастырып, біріктірген...

Халық мәңгүртке айналмау үшін аттандаса несі айып? Жылдар бойы бұғып, көлеңкесінен қорқып, тек жанбағысты ғана ойлап келген халықты «не үшін өмір сүріп жүрміз» дейтін сауалға жауап іздейтін дөрежеге жеткені үшін кінәлауга бола ма? Бұл кінәнің астарында «басыңды жұлып аламын» деген сестің жатқанын кім білмейді?! Әйтпесе бас көтерді екен деп басқа ұра ма? Жан ашуын түсінуге тырысадың орнына күшке салды. Оянған халық ойындағысын дұрыстап тыңдайтын тірі жан болмаган соң дүрліккен шығар, бәлкім. Адамдарды топырлатып алаңға айдал шыққан «белгісіз біреулерді» іздеп, арамтер болу сол халықты бағаламаудың, сыйламаудың, ең акыр аяғы оған шындал жаны ашымаудың белгісі емес пе?! Халық – тобыр. Тобыр, тобыр... Сталиннің заманына үстем болған үғым әлі өзгерменті. Демократия мен жариялыштың салтанат құрганына сенген халықтың сенімін шынжыр табан танкей әділетсіздікпен таптап журе берді. Себебі олардың үгымынша, алаңға мұңы, жанының аңы айқайы бар халық емес, тобыр шыққан. Тобыр... Құлағы кесік құл... Тобырга сез жетпейді. Тобырда парасат жоқ, парық жоқ. Ендеше тізеге салып сындыр, тобыр қорықсанын сыйлайды. Тобыр – ку құлқынның құлы. Қарның тойдырып, алдаң қой да, ойына келгенді істей бер. Бюрократия осылай ойлады, осылай әрекет жасайды. Бұрын да солай болған, қазір де солай...



Көзтанистар – бұрын таныс болған адамдар.

Мәңгүрт – ежелгі түркілер заманында жау қолына түскен тұтқынның ақыл-есінен айырылуы. *Бұл жерде: ұлттық құндылықтардың, адамгершілік қасиеттердің жоғалуын мензеп тұр.*



1. Аяган неліктен Алматыдан ауыр ой, жабырқау көңілмен аттанды?
2. Құшагын жая үмтүлған Аяганды Алмастың қасақана танымай теріс бұрылып кетуі нени аңгартады?
3. Жатақхананың тәріргендегі бейтаныс жандардың іс-әрекетіне назар аудар. Себебін зерделе.
4. Аяганның ойын сан-саққа алып қашқан қандай сұрақтар еді?
5. «Желтоқсандағы дүрбелең оқыстап тұа салған жағдай емес-ау» деген Аяганның ойымен келісесің бе?



1. Ұзіндіден көрінетін авторлық идея мен өз ой-тұжырымының жеткіз.

Романинан ұзінді	Автордың айтар ойы	Менің ойым	Тұжырым

2. Топпен бірге «Маңыздылық аймагы» әдісі арқылы Аяганга мінездеме берінддер. Ең негізгі, маңызды деп тапқан қасиеттерді аймақта жақын орналастырындар.

3. Желтоқсан оқигасына байланысты қосымша дереккөздерді оқы. Оның себептері мен салдары, халықтың ұлттық тұтастығы және жастардың ұлттық нағызы туралы «Балық қаңқасы» әдісімен тұжырым жаса. Балық қаңқасының басына – көтерілген мөселе, денесінің жоғарғы белігіне – себептері, тәмengі белігіне – салдары, құйрығына – тұжырым жазылады. Бір-бірінің жасаган тұжырымдарың негізінде ой белісіндер.



Екі оқушы жүптасып, ұзіндідегі заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалаңдар.

Ес ақсақалдың: «Немерем қазақпын деуге нағыстанады. Мен оған бөтөнмін», – дегені тек сол кісінің басындағы қасірет пе?	Кешегі заман тұргысынан	Бүгінгі заман тұргысынан



Топта шыгарманы мазмұндас туындылармен салыстырып, автор үстенімі, сюжет пен тақырып үқсастығына қатысты ойларының қорытындылап жазындар.

Желтоқсан оқиғасы туралы шыгармалар	Автор үстанимы	Сюжет үқастығы	Тақырып үқастығы
A. Алтай. «Прописка» әңгімесі			
Корытынды:			

Көрі байланыс: «Зерде»

Білім (тақырып бойынша алған ақпараттарым)

Эмоция (сабактағы көңіл күйім)

Бага (өз жетістігіме беретін бағам)

Сын (өз бойымда нені дамытуым керек?)

Идея (маған келген жаңа ой)



Оқу мақсаттары:

11.1.5.1 – ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

11.2.4.1 – әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шыгармашылық жұмыс (әссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шыгарма) жазу;

11.2.5.1 – әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

11.3.1.1 – шыгарманы әлем әдебиеті үлгілермен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

■ Ауыл, кездесу куанышы, ана сағынышы, қабір басындағы ой.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ роман үзіндісіне өз көзқарасын білдіру;
- ✓ берілген үзіндіге байланысты шыгармашылық жұмыс жазу;
- ✓ романда бейнеленетін кейіпкерлер мен сюжет желісіне байланысты адами құндылықтарды саралау.

4

Автобус Қызылұштың тұмсығынан әрі айналған кезде Аяған түсіп қалды. Жамбыл ауылына баратын үлкен жолмен аяндалп келе жатқан жі-

гітті жүк машинасы қуып жетті. Байынқолдағыларға ұн, тұз алып бара жатқан машина оны тура әкесінің үйінің тұсына жеткізіп салды.

Тапал тамның мұржасынан шыққан түтін жігіттің күдік кеулеген көңіліне сөүле болып себездеді. Есіргі ашық тұрган қорада біреу жүрген тәрізді, құлағына баланың дауысы шалынып, қу жүрек лұпілден келіп алқымына тығылды.

– Ой, сасық! Қораны тағы да былгадың той, ей! Шөп бермей аштан қатырайын ба осы...

– Мынау Елжас қой, Құдай-ау!..

Аяғанның дауысы шығып кетті. Асыға адымдаپ қораға беттеді. Басы айналып, екі тізесі дірілдеген сияқты.

Өп дегенде ұлы оны танымай, сақал-шашы өсіп, ағарып кеткен бейтансықа үрейлене қарап, қымылдауға шамасы келмей состиып тұрып қалған. Қолындағы айырын оңтайласп ұстап, айбат шегіп тұрган ұлының өзін тани алмағанын түсінген әке:

– Құлыным! – деді дауысы дірілден. Елжас әкесін енді танып, айырды бір шетке лақтырып тастап, құшағын жая үмтүлды.

– Қекел!..

– Құлыным!..

Елжас көптен бері көрмеген әкесін мойнынан құшақтап алып, бетінен, көзінен, маңдайынан сүйіп жатыр, сүйіп жатыр. Ұлын Аяған да елердей сағыныпты, кез шарасы жасқа толып кеткен.

– Қеке-е!.. Қекетайым менің! – деді Елжас егіліп. Жігіттің қиянатты көп көріп, ешқашан жібіместей болып қалған жүрегі езіліп, көзінен жас парлады. Жасты көзбен баласына мейірлене қарады, Елжас шөмиіп, жүдеп кеткен екен.

– Қеке-е! Енді кетпейсің бе, көке? – деді ұлы әкесіп.

– Кетпеймін, құлыным!

– Қекетайым менің! – Әкесінің құшағынан сыйылып шырып, қуана дауыстап, үйге қарай жүгірді. – Қекем келді! Ата-а, қекем келді!..

Улken ұлының соңынан үйге кірген Аяғанды балалар түгіл Хадиша да танымай қалды. Сақал-шашы өсіп, ағарып кеткен, күлімдеген көзінен жас парлаған бейтансы адамға үрке қарап қалған ұлы мен қызына құшағын жайған Аяған тізерлеп отыра кетті.

– Мен той бүл... Құлындарым-ай!..

– Қе-ек-е-е! – деді Олжас қуаныштан жүрегі жарылардай дауыстал. «Қекелеп» Бибі де үмтүлды. Аяған ұлы мен қызын құшағына қысып, екі көзінен жас моншақтап, тізерлеп отыр. Сағыныштан сарғайған үш жетімек осы бір бақытты сөттен айырылып қалардай әкенің мойнынан тас қып құшақтап алып, қимылсыз қатып қалған.

Улкендерге ілесе алмай қалған Асылхан еңбектеп жетті де, балаларға жармасып жатып орнынан тұрды.

– Айналып кетейін сенен! – деді Аяған оны көтеріп алып. Еміреніп бауырына басып, бетінен сүйді. Басқалардан көргенін істеп, ол Аяғаның мойнынан құшақтады. – Кішкентай азаматым! – Жігіттің көзі қуаныштан бал-бұл жанып, жымып күліп тұрган Хадишаға тұсті. Осы сәт келіншек оған дүниедегі ең бір жақын, ең жанашып адамы сияқты болып көрінді.

– Сөлеметсіз бе, аға! – деді келіншек күлімсіреп. Бір нәрсе бүлдіріп қойғандай Аяғанға тұра қарай алмай жанарын алып қашты, бетінің ұшындағы кішкентай қызыл жайылып барады. Осы тұрысында ол ғажайып сұлу болып көрінді. Жігіттің көз алмай қарағанынан қысылды ма, келіншек жымындал, теріс айналып кетті.

– Сөлеметсің бе, Хадиша! – деді жігіт дауысына діріл араласып. Келіншек оған соншалықты бір жылы көзben жалт қарады да:

– Атам төргі үйде, аға, – деді ақырынғана. Жігіт Асылханды жерге түсіріп, киімін шешпестен төргі бөлмеге кірді. Сағынып қалған балалары шалғайына жармасып, айырылмай жүр.

Өкесі екі көзін шарт жұмып, шалқасынан түсіп жатыр екен. Сақалшашы аппақ қудай ағарып, аруақтай арып, бір-ақ уыс болып шөмиіп қалыпты. Улының дауысын естіп жатқан шал ол кіріп келгенде кемсендеп қоя берді. Аяған өкесін құшақтап, еңкілдеп жылап жіберді.

– Анаңнан айырылып қалдық, құлын-е-ем! – деді Қуат қария егіліп. Аяған оның жас үйірілген көзіне қарады. Кейінгі уақытта әртүрлі «өнер» шығарып, сыр беріп жүрген жүрегі кенет от қарығандай жиырылып, қайтып жазылмай, түйілген жұдырықтай болып қатты да қалды. Дем жетпей тұншыққан жігіт екі бүктетіліп, бүрісіп отыра кетті. Өке мен баланың көріскеңіне қарап, көңілі босап, есік көзінде тұрган Хадиша жүгіріп барып, су өкеліп берген. Су үрттаганнан кейінғана Аяғанның жүзіне қан жүгірді.

– Менің жатысым мынау. Бір айдан асты, орнынан тұра алмай қалдым, – деп күрсінді шал. Өкесі әбден әлсірепті. Дем алысы ауырлап, екі ауыз сөзден кейін-ақ демігіп, шаршап қалатын болыпты. – Бар салмақ келінге... Хадишаға тұсті ғой. Айналайын одан!..

Есік көзінде тұрган Хадишаның екі беті қалақай шаққандай дуылдаап, бұрылып қашты. Аяған ақырынғана езу тартты.

– Бақытты болыңдар! Ақ батамды бердім, – деді шал демігіп. – Шешенің басына барып қайт, балам. Сенің келгенінді білсе, ол сорлы бір аунап түсер. «Аяғаным қашан келер екен?» деп зарығып жатқан шығараяу. Оның кеудесінен жаны шыққан жоқ әлі. Жалғыз ұлы біруыс топырак

тастаганша жаны шыгушы ма еді шешеңнің. Бар, құлымын, тезірек бар. Анаңың жанын қинама.

Кеудесіне өксік тығылған Аяған сүйретіліп орнынан әрең түрді. «Пап, пап» деп еңбектеп келіп, аягына жармасқан Асылханды көтеріп алыш, құшақтап, құшыры қанбай ұзақ іскеді де, екі бетінен кезек-кезек сүйді. Құлағына өксік шалынғандай болған, жалт қараган жігіт Бибині құшақтап, егіліп отырган Хадишаны көрді. Келіншектің қуанғаннан жылап отырганын көпті көрген сұңғыла көңіл сезді.

— Сен анаңың қай тәмпешіктің астында жатқанын білмейсің, балам. Қасыңа Елжасты ертіп ал, — деді шал қинала дауыстап. — Шанамен барындар. Анаң Сағынтай бабаңың оң жағында жатыр.

Қар қалың. Аққүнгейге дейінгі аралықты трактормен күреп, жол салған екен, екі қапталындағы үйілген қардың биіктігі аттың құлағынан асады. Аяздың табы бұлың-бұлың жортқан сағым сияқты, бұлдырап көрінген Аққүнгейді алыш қашып, алыстатып бара жатқан төрізді. Елжас шананың алдыңғы жағына тізерлеп отырып алған, анда-санда божыны қағып алыш: — Шүү, жануар! — деп дауыстап қояды. Азгана уақыттың аралығында ауылдың баласы болып үлгерген ұлына Аяғанның іші жылып қалды. Ол осы сөт өзін қартайып қалғандай сезінді. Сонша ұзақ өмір сүрген төрізді. Аяған қалжырап шаршағанын, әбден қажып қалғанын енді ғана сезіп келе жатыр.

Дүниенің бәрі аппақ қар. Сенгір-сенгір тау мен көсліп барып Алатаудың етегіне тірелетін дала аппақ. Тау мен даланың ой-шұңқыры жоқ сияқты, қайда қарасаң да теп-тегіс жазық. Кез сүрінер кедір-бұдыр көрінбейді. Аяған ақырын ғана күрсінді. Өмір оған аппақ қар жамылған дәл осы дала сияқты болып көрінген, алданғанын маңдайына тағдырдың таяғы тиіп, құлап түскенде бір-ақ білді. Өмірде теп-тегіс жол болмайды екен. Сол ұзақ жолда адамның сүрініп, құлап, қайта тұруы занды құбылыс екен. Өмір деген жеңілістер мен жеңістердің жиынтығы сияқты.

«Жеңілістің азы дәмін татпаған жан жеңістің қадірін білмейді» дейтін Алдияр Ақпанұлы.

Жаның жаннатта болғыр Алдекендей ғұлама да өтті бұл жалғаннан. «Адамның жаны өлмейді. Ол торғайға айналып, ең жақын адамдарының тәбесінде шырылдан ұшып жүреді» деуші еді сол ғұлама. Анасының, Өсемінің торғайға айналған шыбын жаны көз көрмес, құлақ естімес биікте шырылдан ұшып келе жатқан шығар, сірә. Ата-бабасының, анасы мен жарының аруақтары қолдап, жеңістің де дәмін татар. Алда өлі ұзақ жол бар.

— Тр-р, жануар! — деді Елжас божыны шірене тартып. Орнынан тұрып, божыны шананың басына байлады да, жерге тусти. — Келдік, кеке...

Елжас алға түсіп, қасат қарға омбылап, жол бастады. Биылғыдай қалың қарды көрмегелі не заман. Елжастай кезінде тоқал там қардың астында қалып, әкесінің есікті өрең ашқаны есінде. Жалпы, таулы өнір болғандықтан ба, Байынқол аңғарына қар қалың түседі. Солардың ішінде ерекше есте қалатын қыс сирек. Биылғы қыс сол сиректің бірі сияқты.

Көктемде көрген өртүрлі ескерткіштер қардың астында қалыпты. Күмбездеп салған еңсесі биік екі-үш молағана көзге ерекше көрінеді. «Елжас әжесінің бейітін таба алмайды-ау» деп құдіктенген Аяған. Омбылап өрең жүріп келе жатқан баласын аяды.

– Кеке, менің ізіммен жүр, жеңіл болады, – деген ұлының сөзіне құлкісі келді. Жүрегі елжіреген жігіт:

– Макұл, құлым! – деді.

– Міне, келдік, кеке, – деді Елжас. Өжептөүір биік діңгекті сілкілеп қарын түсірді. Қардың астында қалған төбешікке шанжа шаншып, жоғарғы тұсына жұқа тақтай шегелеп, анасының атын жазып қойыпты. Аяған ұлының жазуын таныды. Тізерлеп отыра қалып, қарды аршыды. Өрең дегенде тоң болып қатып жатқан топыраққа қолы жетті. Анасының бейітін құшақта, іштей әксіді. Бір сөт оған жер күрсінгендей, соナン соң сөйлеп жатқандай болып көрінді. «Жер емес, анам менімен қоштасып жатыр» деп ойлады ол.

– Қош бол, асыл анам! Топырагың торқа болсын. Ақ сүтінді актайды. Кеш, ана!.. Кеш мені, – деді Аяған егіліп жылап. Кенет көзі анадай жердегі аласалау төбешіктің жанында басы салбырап, тізерлеп отырған ұлына түсті. Құбірлеп сөйлеп отыр.

– Мама, мен келдім. Көкемді ертіп келдім.

Аяғанның жүрегі шаншыды. Көзінен бүрк ете қалған ыстық жас аяз сорған жүзін тілгілеп, төмен сырғыды. Ұлының қатарына тізерлей отырып:

– Мен келдім, жаным. Балалардың жанына келдім, Өсем. Сен кеткелі көрмеген құқай, қиянатым қалмады. Енді ешқайда бармаймын. Балаларымның жанында боламын, – деп құбірледі. Соナン соң шалқайыңқырап аспанға қарады. Кегілжім аспанға көлеңке түсе бастапты. Ақбұлақ шыңының төбесіндегі бір өшіп, қайта жанған жетім жұлдызыдан көзі шалды. Жетім жұлдыз...

Алдияр Ақпанұлы айта беретін ғұмыры қысқа жетім жұлдызы Өмірзая осы шығар, бәлкім. Аяған теңіз бетіндегі қалтқыдай біресе көрініп, біресе жоғалып кетіп тұрған жетім жұлдыздан адасып қалды. Бір кезде жетім жұлдызы аспан тұңғиғырынан дір-дір етіп қайта шықты. Аяғанға ол сүйкә тоңып, дірілдеп тұрғандай болып көрінді. Кенет ол түбі көрінбес тұңғиғық аспанның тереңіне біржола батты.

Жетім жұлдыз батып кетті... Өмірзая – жетім жұлдыз...

– Өмірзая... Өмір – зая... Зая... Зая!..

Осы бір сөздерді қара жер күнірене қайталап жатқан тәрізді. Қара жер емес, оның сүп-сүзық құшағында жатқан мың сан аруақ қайталап, күніреніп жатқандай...



Божы – арба, шанага жегілген көлікті жүргізіп отыратын ұзын шылбыр. Кей өңірлерде «делбе» немесе «делбеке» деген атаулары да кездеседі.

Қасат қар – ұзақ жатқан қалың қар.

Шанжа – қарагайдан жасалған жіңішке ұзын ағаш.



1. Жазушы әке мен балаларының сағынысып көріскен сәтін қалай суреттеген?

2. Аяған бейнесі қандай сөздермен көрсетілген? Теріп жаз.

3. «*Өмір оған аппақ қар жамылған дәл осы даға сияқты болып көрінген, алданғанын маңдайына тағдырдың таяғы тиіп, құлап түсkenде бір-ақ білді. Өмірде теп-тегіс жол болмайды екен. Сол ұзақ жолда адамның сүрініп, құлап, қайта тұруы заңды құбылыс екен. Өмір деген жеңілістер мен жеңістердің жиынтығы сияқты*», – деген Аяганиң ойыарқылы жазушы не айтпақшы болған?

4. Ұзіндідегі табигат суретіне назар аудар. Автор қандай сөз маржандарын қолданған?

5. «*Ата-бабасының, анасы мен жарының аруақтары қолдан, жеңістің де дәмін татар. Алда әлі ұзақ жол бар*», – дегенде жазушы Аяганиң алдындағы қандай жол туралы айтып отыр деп ойлайсың?



1. Топта Аяганға қатысты ұзінділерді тауып, «**Ұзінділермен жұмыс**» әдісі бойынша Аяған бейнесіне тұжырым жасандар.

Үлгі:

1) Біздің ойымызша, ұзіндідегі _____ бейнесі _____

2) Ойымызды былай дәлелдейміз:

1-аргумент – _____

2-аргумент – _____

3-аргумент – _____

3) Ойымызды дәлелдей отырып, мынадай қорытынды шешімге келдік: _____

2. Ұзіндідегі көркемдегіш қуралдардың қолданысына талдау жасандар. Көркемдегіш сөздерді бірінші – жұптастып табындар, екінші – басқа жұптармен ой бөлісіндер, үшінші – дәлелді үзінді келтіре отырып, кестеге толтырып жазындар.



1. «Пирамидалық талқылау» тәсілі бойынша ұзіндіде көтерілген мәселелерге өз пікірлерінді жеке жазып, ортада талқылап, ортақ пікір қалыптастырыңдар.

Шарты: әр топ флипчарттың шетіне тапсырмага байланысты өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қоргайды.



2. Узіндіні тыңдал, автор идеясын ашатын сөздерді теріп жазыңдар. Автор алған символдық бейненің мағынасына талдау жасандар. Ұақыт: 7 минут.



«Өмірзая» романын осы тақырыпқа жазылған мазмұндастармен салыстырып, романның тарихи жөне көркемдік құндылығын бағала. Ойынды сын мақала түрінде жаз.

Кері байланыс: «Үш минуттық эссе»

- 1) Бүгінгі үйренгендеріңің ішінде ең маңыздысы не?
- 2) Қай сұрақ есінде қалды?
- 3) Сен үшін ең қызын, түсініксіз болған нәрсе?



Оқу мақсаттары:

11.1.5.1 – ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

11.2.1.1 – әдеби шыгарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау;

11.3.2.1 – көркем шыгармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

Түрмедегі азап, жанкештілік, үрпаққа өнеге, намыс пен ар, асқақ болмыс.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ берілген үзіндідегі заман көрінісін бүгінгі заманмен салыстыру;
- ✓ үзіндідегі оқиғаларга баға беру;
- ✓ кейіпкер жан дүниесінен байқалған ұлттық құндылықтарды галамдық тақырыптармен байланыстыру;
- ✓ көркемдігі мен эстетикалық қуатына талдау жасай отырып, бағалау.

5

Кеудесінде қу жаны қалған Аяғанды еңгезердей екі жігіт сүйреп әкеліп, лақтырып тастай салды. Орнынан тұруға шамасы келмей ентігіп үзак жатты, еден тастай сұық екен, біраздан кейін тісі тісіне тимей қалышылдаған, тоңа бастады. Жанын қинап жатқан орнынан әрең тұрды да, бір басып, екі басып тәсекке жетті. Әбден ескіріп, иістенген, жұлым-жұлымы шыққан одеялға оранып, шалқасынан түсіп жатты.

Әл-дәрмен жоқ, өз бетімен жүре алмайды, тергеуге әлгі жігіт сүйреп алып барады, сүйреп әкеліп тастайды. Содан үзак уақыт ес жия алмай, есендіреп жатқаны. Әдейі аңдып тұра ма, көзі ілініп бара жатса жетіп келіп, таяқпен сабайды. Осы адам-ау, бір жеріне закым келеді-ау демейді. Азаптау дәл осылай жалғаса берсе, қашшама шыдарын жаратқанның өзі білер. Кеудесінен шыбын жаны ұшып шығып кеткенше шыдамасқа амалы көне?! Мақсұттың айтқанына көніп, кінәсін мойындаса нәтижесі белгілі. Ол пәле-жаланың бөрін Аяғанға артып, жазаның ең ауырына тартпақ. Артында арқа сүйер ешкімі жоқ, үш жетімегі шүрқырап дала-да қалар. Асқар таудай болып көрінетін әке де кетті бұл пәни жалған-нан. Шұрық тесік болған көрі жүрек жаратқанның соңғы қиянатына шыдамаған шығар. Біруыс топырақ сала алмады. Ең үлкен өкініші – сол.

Көптен бері ауру еді, сүйегін сүйретіп әрең жүрген шал Аяған келген соң жатып қала беретін болған. Сиыр сәскеде үш жігіт сау етіп кіріп келгенде Қуат қария екі көзін шарт жұмып, қимыл-қыбырсыз жатқан. Ұлына аманатын айтпақ болып жатқан.

– Бір мәселені анықтау үшін бізben бірге ауданға барамыз. Кешке қайтып келесіз, – деп жақаураған жігіттің өтірігін Аяғанның іші сезген. Кеудесіне тығылған ашуды тұншықтырмақ ниетпен өзі үшін отқа түсуден тайсалмайтын Хадишаға қарап, жұмып күлген.

– Балаларға ие бол, жаным, – деген. Қанша уақыт бір шаңырақтың астында тұrsa да күн сайын оқталып, батылы бармай жүрген жүргегіндегі жылы сезін осы жолы айтты.

Есік алдында тұрган алматылық сериялы «Волганы» көргенде жүрергін бір үрей аямай шағып алды. Тағы бір шыралада түсерін қу көңіл сезсе де, боталарын үрейлендірмеу үшін үндемеді. Балалардың барлығын құшақтап сүйіп, әкесіне жағдайды айттып, қоштасып шыққан соң Хадишаны бауырына басқан.

— Есінде болсын, Хадиша, менде сенен басқа ешкім жоқ. Мына жетімектер сенікі, — деген. Көз жасына ерік берген келіншек бірінші рет батылы барып, Аяғанды бетінен, мандайынан шөпілдетіп келіп сүйді.

Екі жігіт екі жағына жайғасты, біреуі алдына отырған. Оның аудандық қауіпсіздік комитетінің қызметкері екенін олпы-солпы киіміне, тотыққан жүзіне қарап көрген сәтте-ақ таныған. Өзін алыш кетуге сонау Алматыдан екі адамның келгеніне сай алдағы тағдырын ойша бағдарлап қойып еді.

Машина қозғалып кеткенде барып көрді, Елжас айқайладап жүгіріп келеді екен.

— Тоқта! — деп ышқына дауыстаған. Жүгіріп жеткен ұлы:

— Ат-а-а-м!.. Ат-а-м ө-ө-л-і-п-п қалды, — деген ботадай боздап тұрып.

— Кеттік! — деп зірк ете қалған ұлты белгісіз жігіт жүргізушиңің ишінан нұқып. Әкесінің бұл фөниден аттанып кеткенін, біруыс топырақ салуға міндетті екенін екі жағындағы қос мәңгүртке түсіндіре алмай қажыды. Бұл екеуінің ата-ананың қадір-қасиетін білмейтін, балалар үйінде ескен туажат көр көкірек екенін бұған біреу айтты дейсің бе?!

Түннің бір уағында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тергеу изоляторына келген Аяғанның жолын асыға тосып Мақсұт отыр екен. Оның көзіндегі қуанышты керді, мақсатына жеткен пендеге тән тоқмейіл пейілді таныды.


— А-а, қош келдіңіз, мыр-р-за. Шекірттеріңіз түгелімен осында, — деп езу тартты Мақсұт. Жылайтын адамдай қабагы шытылып, езуі керіліп, түсі мұлде жылымады. — А-а-н-о-оу кезде үзіліп қалған әңгімемізді қайта жалғастырамыз.

— Менде саған айтатын әңгіме жоқ. Жақындаған жындыханадан шықтым. Ештеңе білмеймін, — деді Аяған мұңайып. Бұрынғы екпін жоқ, жуасып, монтансып тұр.

— Б-а-р-р, — деді Мақсұт барқылда. — Өңгіме көп. Өте кө-ө-п!..

Ойда жоқта үлкен олжага кенелгендей Мақсұттың қымылышында бір әбігер бар сияқты. Әртүрлі құжаттарын толтырып болғаннан кейін Аяғанды үшінші камераға апарып қамады. Ешкім жоқ екен, сол баяғыдай қаңырап бос тұр. «Мен үшін біреуін әдейі босатып қойған шыгар» деп ойлаған.

Мақсұттың айтпаған сөзі қалмады, табалады, намысын таптады, оған да көңілі көншімеді ме, қол жұмсады. Қарап жатып өлмек жоқ, қар-



сылық көрсеткен. Жалғыз өзіне әл бермесін сезді ме, Мақсұт дауыстап әлдекімдерді шақырды. Еңгезердей екі жігіт кіріп келді де, жабылып сабады.

— Алаңға студенттерді азғырып апарған осы сүмелек. Нагыз бандит осы. Аямандар иттің баласын, — деп бажалақтаған Мақсұт шіреніп тұрып бетінен тепті, көзәйнегінің быт-шыты шықты, мұрнынан қан сау ете қалды. Оны ескерген ешкім жок, үрып жатыр, кіжініп тепкілейді келіп. Қарсыласқанмен қанына қарайған үш нойынса қайрат таныта алмасын түсінген Аяған басын қорғаштап, бұк түсіп жатты.

Осынша қиянattyң кімнің құзырымен жасалынып жатқанын сол күні-ақ білген. Шындықты шырылдаپ қорғайды дейтін ұлы күштің ара-шага келмесін де іштей сезген.

Осылай бастаған түрмедегі тірлігі еш өзгеріссіз жалғасып келеді. Күндердің есебінен жаңылды. Мұнда желтоқсанның отызы күні әкеleiп қамаған. Одан бері талай заман өткен сияқты. Өрқашан шақырайып шамы жанып тұратын камерада күн мен тұнді айыру мүмкін емес. Бірінен соң бірі тергеп, айтқандарына көндіре алмаған ашулы топ жабылып үрып, тепкілеп әбден қорлайды, соナン соң сүйреп әкеleiп тастайды.

Осынау жалғанда пенде баласынан асқан қияннатшыл, қатыгез тіршілік иесінің болмайтындығына Аяғанның көзі анық жетті. Адамның азап шегіп, қиналғанынан ләzzат тауып, рақатқа мелдектейтін пендесіне

билік беріп қойған мемлекеттен қандай қайырым, жақсылық дәметуге болады? Ақыл, парасат емес, қара күшке, қиянатқа сүйенген мемлекетте болашақ бар дегенге кім сенеді?!

Тұрмеге түскелі небір сұмдықты көрген Аяған өзінің «сүйікті» мемлекетін жаңа қырынан таныды. Осынау жарық дүниедегі бағаласа баға жетпес анасында аса мейірімді, әкесіндегі қамқор, ең әділ, ақыл-парасаттан, ізгілікten тұратын дейтін қоғам сын сағатта бет пердесін сыпрып тастап, мұжық қалпына түсіп, ортағасырлық мазмұнына оп-оңай көшө салады екен. Ол сенің жаңыңың қиналғанын көрмейді, себебі көрсоқыр, шыңғырған дауысында естімейді – таскерен.

Осыны ойласа тұла бойын үрей билеп, қалай қашып құтыларын білмей далбасалап, шарасыздыққа бас иеді. Бір уақыттарда мазаққа айналдырып күлетін Мақсұт – бұл күнде қорқыныш. Сол көпірден жүргегі әбден шайлыққан, оны есіне алса зәре-құты қашады. Оның көрсеткен құқай-қиянаты шектен шығып, қу жаны азапқа түскенде тізерлеп отыра қалып, өлердегі сезін айтып, жалынып-жалбарынғысы да келеді. Осындаға аяқастынан пенделігі ұстап, қалғып кеткен намысын тұртпектейді. Үрей мен намыс жабылып талағанда қалай қарай жығыларын білмей жан далбасага түскен бейшара екі көзін шарт жұмып алып кемсендеп, іштей өксиді. Мұндай сөтте мынау әділеті кем дүниеде Мақсұттан асқан бақытты жұмыр басты пенде жоқ, дүшпанын мұқатқанына масайрап, ыржиып күліп отырады. Оның осы түрін көргенде әл-қуаты қашып, әбден әлсірегенмен ешқашан жеңілуді білмейтін жеңіс оты лаулап жанып, пушайман халдегі Аяғанның тұла бойын шарпітын. Ол кенет жадырап, Мақсұтқа тік қарайтын, езуіне мысқыл ілінетін.

– Сені өз қолыммен... Кеңес үкіметінің жауларына кешірім жоқ, – деп көкталақстана айқайлаған тергеуші тістеніп келіп былш-былш ұратын, ол аздай-ақ тірсегінен аямай тебетін. Алғашқы күндері ауырсынып, жан дауысы шығушы еді. Осы күні жаны қиналса да, намысқа тырысып, үндемейді. Мақсұт одан сайын құтырады, тебеді, ұрады, шашын жұлады. Сонда да айызы қанып, ашуы тарқамайтын тәрізді. Ол мұндай сөтте өзінің адам екенін де үмитып кететін секілді болып көрінеді Аяғанға.

Қас дүшпаныңды белгілі бір дәрежеге дейін жек көруге, мұқатуға, омақаса құлатуға болар, ал оны көрге тыққанша азаптау, қинау арқылы ракатқа бөлену жан-жүргегі бар, ақыл-есі бүтін кісінің тірлігі ме? Соншама қинап, мәңгілік кешірмей, кек тұтатындағы осы Мақсұтқа не қиянат жасап еді?! Өлде онықі ескі кектің қарымтасы емес, қызмет бабына байланысты атқаруға тиіс міндегі ме екен?! Ол – орындаушы. Ол – кішкентайған тетік. Мүмкін, Мақсұт қазақ азаматына осыншалық азап, қорлық көрсету арқылы өзінің осы үкіметке, орыс халқына берілгендейгін

дәлелдегісі келетін шығар. Қара басының қамын берінен жоғары қоятын пендеге бір адам түгілі бүтін ұлттың тағдыры мазақ болып па?!

Оның ойын шыңғырган дауыс бөлді. Селк етіп, көзін ашып алды. Шақырайған жарық көзіне өткір инелерін қадады. Көз алдынан әлдебір жолақтар тізбектеліп өте бастады. Жаңағы аңы шыңғырыс тағы бір рет естілді де, біржола өшті.

— Кім екен? Бөлкім, Камал шығар. Әлде Қанат пен Еріктің бірі ме екен?

Оқыстан әлдекім ине шаншығандай жүрегі ауырып, қабақ шытты. Есіне Мақсұттың жанына еріп жүретін еңгезердей екеу түсті. Бірінің есімі – Аширжан, ұлтының кім екенін білмейді. Әйтеуір қазақ емес. Сол шіркіннің ауыз ашып, сөйлегенін естімепті. Мақсұт мұның жер-жебіріне жетіп балағаттап жатқанда көзін жұмып, төмен қарап тұрады. Ештеңені естімейтін таскерең сияқты.

— Оширжан! – дейді бір кезде Мақсұт. Оған осы сөз де жеткілікті, Аяғанды тұрғызып алады да, қақ мандайынан ұрады. Одан арғысы қапқара түнек. Осы күні мандайы қол тигізбей ауырады. Бүгінге дейін қақ айырылып кетпей жүргеніне таңы бар. Мақсұтқа жәрдемші болып жүрген екінші жігіт – орыс. Ол нағыздың өзі. Алаңға шыққандарды түгелдей атып тастаудан қайтпайды-ау, сірә. Сезінің әлпеті жаман шіркіннің. Қашан болсын қазақтарды жерден алып, жерге салып кіжініп жүргені. Кісіні азаптап, жанын қинауга келгенде, одан асатын ешкім жоқ. Аяғанның таңғалатыны – Мақсұт әлгінің барлық сөзін ести тұра ләм демейді. Қазақ деген ұлтты түгелдей қырып, жер бетінен жойып жіберсе де, Мақсұт ештеңесін жоғалтпайтын төрізді.

Осы екеуінің орнында кеудесінде жаны, бір мысқал намысы, азғана ақылы бар қазақ баласы болса дәл мыналардай қатыгездік жасамас еді гой. Мақсұт та мұншалық қиянатқа бармас па еді, бөлкім.

Азғана ғұмырында көрмегені қалмады. Сондағы бұлдіргені не? Мұның ісі осы қоғамға залал шектірдердегі үлкен саяси әрекетке айнала қойған жоқ еді гой. Пенде баласы ашумен артық айттар, өзіне ұнамаған құбылысқа байланысты пікір білдірсе несі айып? Пенденің мазмұны қайшылықтардан тұрмай ма, ол өмір бойы өзімен-өзі құреседі. Солай екен деп сары ізіне шөп салып, ит қосып құғаны қай сасқаны?! Пікірі бар, ойын жасырмай айтатын кісіні ықтырып алудың тәсілі шығар бүл. Үреймен төрбиелеу... Үрей... Қорқыныштың құшағындағы адам естіп жүріп роботқа айналады. Робот!.. Орындаушы қара құл!.. Құлақкесті құл!.. Бұл қоғамға саналы, сапалы адам емес, құл керек екен үққаны. Неге? Мұмкін, өзінің негізінің тым әлсіз екенін сезінуден тұган сақтық шығар бүл. Құдай-ау, бір-бірімен тарихи туыстыры, рухани бірлігі, дәстүр-салтын-

да тамырластық жоқ, тілі де, діні де, ділі де бетен үлттарды күшпен біріктірген қоғамның негізі қалай ғана мықты болмақ?! Бұл үлттарға жасалған эксперимент қой. Өткенінді ұмыт дейді. Қажет болса, өзінің кім екенінді ұмытуға тура келеді дейді. Санасында саңылау, қеудесінде шыбын жаны бар пенде бұл шартқа қалай көнсін?! Соны біле ме, бұл қоғам қылышын қынабына салмайды, әр сөт сайын жалаңдатып, басыңды қағып тастауға дайын тұрады. Аямайды ешкімді, аянбайды ешқашан. Ешкімге сенбейді. Өйткені өзінің бағасын билетін, ата-баба аруағына сиынып жүретін әрбір тірі жан ол үшін бетен, жат. Ниеті жат, көңілі жат, жаны жат.

Еркін ойлы азамат еркін өмір сүруге ұмтылmas па?! Аяғына, қолына кісен салып, басына құрсау кигізген пендениң тірлігі қайдан оңсын?!

Аяғанның есіне «Сыздық тәре айтты» деген сөз түсті. Оқи-оқи миында жатталып қалған сол монологті Кенесары үрпағы Сыздық төренің өзі келіп, құлағына сыйырлап тұрган тәрізді. «Арқа сүйер асқар тауың – өз мемлекетің болмаса асыранды итсің. «Ит қарны тойған жерде жүреді» дейді. Өз мемлекеті болса, қарны тойса қайғысын ұмытып кететін қазақ шілдің bogындай пышырамай, жұдырық болып түйілсе, «қарнымыз тойған жерде» жүрер ме едің?! Қоқан ханына қызмет қылдым. Қанағатшах «пансат басы» деген ат берді, 500 адамға бас болдық. Орысқа қарсы соғыстық. Ескіде кеткен кегімізді алсақ дедік. Ол да сатып кетті ақыры. Ада-сып айдалада қалдық. Баар жер, басар тау жоқ. Ақыры қайтып келіп, орыстың қолтығына тығылдық». Екі көзін шарт жұмып жатқан Аяған шарасыздығына күйінгендей қабак шытып, езу тартты.

Осыдан жұз жыл бұрынғы ахуалдың мүлде өзгермеген себебін неден іздерін білмей басы қатты.

Енді жұз жылдан кейін де жағдайдың осы күйінше қалатынын ойлап, жаны құлазыды.

Темір есік сарт-сұрт ашылып, камераға әлдекімдер кірді. Аяған тапжылған жоқ, көзін де ашпады. Қеудесіне үрей тығылып, әдеттегідей ма-засызданбады.

– Қонақтарыңды қарсы ал, – деді Мақсұт мырс-мырс күліп. Ол қозғала қоймаған соң Аширжан келіп, төсектен жұлып алды да, ортага сүйреп шықты. Әл-дәрмен құрыған, басы айналып, екі тізесі дірілдеді. Үрады деп қауіптеніп, бетін қорғамақ болған, қолын көтеруге шамасы жетпеді.

– Куәлардың сөзін тыңдал ал, – деді Мақсұт тістене кіжініп. Жақын-дал келіп, үциле қарады, Аяғанның жүзі құп-қу, екі өкпесі сырылдан, ентігіп әрең дем алып түр. – Көне, бері келіндер.

Аяғанның бетіне қарауға Алмастың дәті шыдамады. Бүкіл денесі корқыныштан қалшылдап, Жақияның тасасына қарай ығысқан.

– Байсанов, мұнда кел! – деп зекіді тергеуші. Аяған селк етіп көзін ашып алған, бірақ ештеңе көрмеді. – Ал, кәне, баста, Байсанов. Кеңес үкіметіне қашшалық адаптациянда көрсет. Жұмба кезінді, оңбаған!..

– Аш-ей кезінді, сорлы, – деп Жақия үмтұлып келіп, көк желкесінен түйіп жіберді. Сонан соң ерні-ерніне жүқпай жыпылдалап сөйлеп кетті. – Брежнев алаңындағы бассыздықты үйымдастырган Аяған Қуатов. Жоспарын жасаған, студенттердің арасында үгіт жүргізген осы. Қонаевпен тікелей байланысы бар. Екеуі бір облыстан.

Әрі-бері теңселіп жүрген Мақсұт басы салбырап, алаңсыз тұрган Алмасты тобықтан тепті. Аяғын құшақтап, ыңырып қиналған жігітті табалағандай ыржып күлді. Сонан соң Жақияға бұрылып:

– Осылармен бірге сениң де кезінді құртамын, – деді. Емпендең жетіп келген Жақияны сұқ саусағымен маңдайынан нұқып жіберді.

– Мәке-аяу!.. Айналып кетейін, Мәке-аяу!.. Мен деген бағыдан сіздің тілекшілігінің гой!

– Мына сүмелек неге үндемейді, а?

– Үндейді, Мәке. Бұл сайрап тұрган бала, Мәке. Тұр-ей, сорлы, – деп Алмасты орнынан көтеріп тұрғызыды. – Сайра, кәне. Тоқтамай сайра, сорлы.

– Аяған Қуатов – Леонид Ильич Брежнев атындағы аланда болған демонстрацияны үйымдастыруши. Ол 1982 жылы маган бүкіл жоспарын көрсеткен. Камал Жақаев, Ерік Қаңтарбаев, Қайрат Елемесов және басқалар Аяған Қуатовтың ақылымен жұмыс істеді. Ол 15-16 желтоқсанда жатақханаға келіп, жасырын жиналыш өткізді. «Колбінді қуып жібереміз. Қазақстанда қазақтарға тұрсын. Орыстарға арамызда орын жоқ», – деді. – Алмас қайта-қайта көшіріп, миында жатталып қалған мәтінді мұдірмей айтып тұр. Аяған оның жағдайын түсінді, қу жанның амандығы үшін пенде баласы бұдан да сорақы қиянатқа баарын ойласпайды. Түсінгені – Алмас әлдеқашан Мақсұттың қарғылы төбетіне айналыпты. Ең жақын адамы болған жігіттің мына сұрымен талайға обал жасарына күмөні қалмады.

«Бүкіл қазақ халқын, барлық мұсылмандарды көтереміз, көпірлерді Қазақстаннан қуамыз», – деді.

– Бұл сөзді мен де растаймын. Куәлар көп, өте көп, Мәке. Үлтшыл оңбағандарды өз қолымызбен ұстап береміз, – деп өзөуреген Жақияның аузы көпіре бастады. Алдын алмаса қосақ арасында кетіп қаларын іші сезетін сияқты. Аспанды тіреп тұргандай көрінетін Мұса Байларовтың жағдайы мүшкіл. Жан сақтау үшін ол бейшара республиканың бұрынғы басшысын сықыртып жамандап, кісі баласы сенбейтін өтіріктің небір түрін айтып жүр. Онықі жанталас. Анау бір күні телевизордан сөйлеп, Қонаевты жерден алып, жерге салды. Бір замандарда қолын алуға зар

болып, «ұлкен кісі, ұлы адам» деп тәбесінен құс ұшырмай отыруши еді. Оның қазіргі тірлігі – жан сақтаудың амалы. Осы күні бұдан басқа жолдың жоқтығын Жақия да біледі.

– Аяған Қуатов коммунистік партияға, Кеңес Одағына қарсы құрестін астырын ұйым құрды. – Алмас тақылдаپ тұр. Бірте-бірте құмықтан дауысы ашылып, салтанатты мақамға ауысып, саңқылдаپ естілді. Сүлейсапа күйде, сүлесөқ күйде тұрган Аяғанға оның айтқаны мүлде әсер етпеді. Оның сезін әлсін-әлсін іліп әкетіп, ешкім сенбейтін әңгімелерді қосыстып тұрган Жақияның айтқандарына да құлақ қоймады. Қысылшаң сөтте адамның арзандап, топастанып, азғындаپ кететінін ойлап, соның себебін іздеді.

– Коммунистік партияға, ұлы орыс халқына деген сүйіспеншілігімізді ісімізben дәлелдейміз, – деп жылпылдағы Жақия. Өлдекім тәбесінен ұрды. Сампылдаپ сейлеп тұргандардың дымы өшкен сияқты, құлағы шыңылдаپ тұрды да, бітіп қалды. Қарақұсы удай ашып, гүре құлады.

Ес-түссіз қанша жатқанын білмейді, сол құлаған жерінде қалыпты. Денесі от болып жанып жатыр екен. Шешіндіріп тастапты. Камераға тағы біреуді әкеліп қамаған сияқты. Бейтаныс біреу кіжініп сейлейді, қарқылдаپ құледі. Оның кім екенін, мұнда қандай мақсатпен қамалғанын Аяған түсінді. «Кісі әлтірген, ауыр қылмыс жасағандарды камера-ларға қамап, кінәсін мойындағандарды азаптайды екен» деп сан рет естіген. Небір қияннаны көп көрген тәнімен бірге жаны ауырды.

Тұ-у алыстан бір басып, екі басып қаба сақал бейтаныс жақындаپ келеді. Біреу емес, екі адам. Апырау, мыналар Кенесары мен Сыздық тереғой. Екеуінің де жүзі солғын, көздерінде айықпас мұң бар.

– Қор болып тірі жүргенше арпалысып өлмек жөн. Тұр орныңнан! – дейді Кенесары хан. Аяған орнынан тұрып кетпек болып талпынады, бірақ әл-дәрмені жетпейді, денесін зілмауыр жүк басып тұр.

– Шыда, батыр, шыданап бақ. Елім деп еңіреген талай боздақ көрген кеп бүл. Күш жина, серпіл, күрес, – дейді Сыздық төре.

Аяған оларға осы өмірінде көрген қиянаты мен азабын айтып, мұнын шаққысы келген. Қанша тырысса да үні шықпады, аузындағы тіл емес, қап-қатты түрпідей бірдене. Әрі-бері қозғаса таңдайын, ернін қажайды. Әбден кеуіп, шыт-шыт жарылған тілінен шып-шып шыққан қанды талғап жұтып тамсанды. Қышқылтым сүйік өзешін тілді. Тағы да жұтынған, бірақ тобарсып кеткен тілден қан шықпады.

Шоқтың үстінде жатқандай, денесі күйіп-жанып, шыдатпай барады. Басы қақ айырылып кететіндей, ауырмаян жері жоқ. Орнынан тұрмак болып талпынды, екі қолы былқ-сылк.

1988 жыл, қараша/1995 жыл, мамыр



Нойыс – қатал, қатыгез, қара күш иесі.
Мелдектеу – шамадан тыс тойған.
Сүлейсана – селсоқтау, ықылассызыдау, енжар.



1. Бас кейіпкердің ең ұлкен өкініші не?
2. Аяганиң «түбіне жеткен» қандай қыры деп ойлайсың?
3. Жазушы мансапқорлық, опасыздық сияқты жағымсыз нәрселерді кімдердің образы арқылы берген?
4. Аяған не себепті өз басын қатерге тікті? Оның женіліп, құрбан болуына қандай жағдай әсер етті?
5. Ұзіндіде Мақсұт пен Жақия қалай сипатталған, қандай іс-әрекеттерімен көрінеді? Олардың жауыздығын қалай дәлелдейсің?
6. Егер сен жазушы болсан, Аяганиң тағдырын қалай аяқтар едің? Себебін түсіндір.



1. «Өмірзая» романындағы ұлттық мінез туралы пайымдауыңды жаз.
2. Ұзіндідегі кейіпкерлер бейнесіне, ішкі жан дүниесіне талдау жасап, бага беріңдер.

1-топ:

Кейіпкер	Іс-әрекеттері	Ішкі жан дүниесі
Мақсұт		
Бага:		

2-топ:

Кейіпкер	Іс-әрекеттері	Ішкі жан дүниесі
Алмас		
Бага:		



Кенесары мен Сыздық сұлтандар туралы сюжеттер не үшін алынған? Ойынды «ПОПС» формуласы арқылы жеткіз.



Мұхтар Мағауин: «Танымал жазушы Бақжома Мұқайдың «Өмірзая» романы құлдық сана, рухтың жаншылуы тұрасында. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа серпін, соны қыбылыс дер едік. Әдетте, жадагай сын әлдебір шыгарманы көтергісі келсе, қызыгылықты, жеңіл оқылады, тартып әкетеді деп көрсетеді. Бақжома романының тартып әкететіні рас. Бірақ өте ауыр оқылады», – деп бага берген. Сен қандай бага берер едің?

Кепі байланыс: «Шығу парагы» бойынша сұрақтарға жауап жаз.

- 1) Бүгін не үйрәндің?
- 2) Романдарғы жазушы үстанымын ұға алдың ба?
- 3) Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?
- 4) Келесі сабакта қандай мәселелеге баса назар аудару керек?



ЕРБОЛАТ ӨБІКЕН (1980 жылы туған)



Жазушы Ерболат Өбікен 1980 жылы Қытай Халық Республикасы Санжы қаласының Мөргү ауылында дүниеге келген.

2001 жылы Санжы қалалық №3 орта мектебін тамамдаған. 2002 жылы атажұртына оралып, 2007 жылы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген.

Ерболат Өбікен – өзіндік қолтаңбасы бар, әңгіме жанрында шебер жазатын жазушы. Оның туындылары қоғамдағы келеңсіздіктер мен әлеуметтік жағдайларды өткір сатира тілінде дәл суреттеуімен ерекшеленеді. Бір шыгармасында кейіпкерлермен бірге өмірдегі әділетсіздікке күйінсеніз, екінші әңгімесінде сол келеңсіздікке шынайы күлесіз.

Мерзімді баспасөз беттерінде, әдеби сайттарда белгілі қаламгерлер мен ғалымдардың жазушының шыгармашылығы туралы пікірлері жиі жарияланды. Мәселен, ғалымдар А. Ісмақова, Қ. Мәдібай, қаламгерлер Д. Әшімхан, С. Қамшыгер және т.б. оның шыгармаларындағы астарлы юморды, қысқа ғана оқиға арқылы үлкен мәселені көтеретінін ерекше атап өтеді.

«Алтын бұтак», «Бірінші байлық» ғибраттық ertegiler топтамасы жарық көрген. «Министр», «Желтоқсан ызғары» атты әңгімелер жинағының авторы.

60

Қазіргі қазақ прозасы XXI ғасырға сай дамып келеді. Соцреализм тұсындағы біржақтылық пен тек дөргөндең айырып келеді. Постмодернистік эстетика талап ететін шарт бірегей: нақтылық пен сөзді мүмкіндігінше үнемдеп қолдану. Сондықтан қазір әлем әдебиетінде қысқа жанрлар: көркем әңгіме мен новеллалық эссенің қажеттілігі арта бастады.

Қазақ прозасына жаңа мәтіндер келді. Бұлардың ерекшелігі – айналамыздағы шындықты жазу арқылы қазіргі қазақтың басына, жаңы мен төніне түскен қасіретті айқында...

*Айғұл Ісмақова,
әдебиеттанушы галым*

Сатира (латынша *satira*) – өзі суреттеп отырган оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынга алғып, ажуага айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Драматургияда сатира комедия жанрынан көрінсе, көркем прозада сатиralық әңгіме, повесть, романдар жазылады. Сатиralық шығармаларда әсірелеу (гротеск), түспалдау (аллегория), юмор (достық рәуіштегі күлкі), ирония (жекеңіл ажуа), сарказм (аңы мысқыл, кекесін) т.б. бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады.

ПӨТЕР ІЗДЕП ЖҮР ЕДІК

(әңгіме)

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шығармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.1.3.1 – көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралдау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.2.2.1 – шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.3.4.1 – шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

■ Пәтер жалдау, аялдама, көшедегі оқиғалар, маклер.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ өңгіме үзіндісіндегі негізгі оқиғаны анықтау;
- ✓ өңгіме жанрының ерекшеліктеріне байланысты сюжеті мен үзінді композициясын талдау;
- ✓ әдеби сын жазу.

1

Алматыны алты айналып, «жетім бұрышты» жеті айналғанда өкшем опырылып түсті. Енді маймақ жүріске бастым, аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік... Құмырсқаның илеуінше қайнаган «жетім бұрыштан» бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті маклер саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсін.

- Пәтер бар ма, апай?
- Бір қыз керек.
- Пәтер бар ма, ағай?
- Бір жігіт керек.
- Апай, пәтер керек еді.
- Екі қыз керек.
- Келіншегім екеуіміз тұрсақ бола ма?
- Болмайды, келіншегіңің қасына бір қыз қос, езің басқасын жалда.
- Пәтер керек еді.
- Жас отау керек.
- Біз жас отаумыз, – қуанып кетіппін, дауысым қатты шығып кетті.
- Онда естіп ал, елу мың теңгеден, жүз елу мың теңге үш айдың ақшасын алдын ала тапсырасың.
- Беліп тапсырса ше?
- Онда барындар ары.

Сасқанымнан келіншегіме қарадым, маган жаны ашыған болу керек, естісе де, естімеген боп түр. Аппақ бетінің ұшына аздал қан шапши қалыпты, көзінен мұң байқалады, қасынан алыс тұруға тырысып, тағы бір маклерге қарай жүтірдім.

- «Шаңырақта» бір үй бар, жас отбасын тұрғызады, – деді семіз қара келіншек. Қеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.
- Қанша болады?
- Он мың теңге, үш бөлмелі жаңа үй.
- Шаңырақ алыс па? – дедім келіншегіме бұрылып.
- Өте алыс қой...

– Амал жоқ, шамамыз соған жетеді, үш бөлмелі үй болса болады екен.

– Жарайды, келістік.

– Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

– Мінеки, мың теңгегеңіз.

Қалыңдығы бір елі, тозығы жеткен, іші шимайға толы дәптеріне үңіле түсті.

– Мынау – телефоны мен аты-жөні. Сұлушаш тәте жіберді дейсіңдер.

– Қожайынмен бірге тұрмайтынымыз қандай жақсы болды, – деді келіншегім жол-жөнекей құлагыма сыйырлап, бұрынғы жәбір-жапаны ұмытқан адамдай ете көңілді, жымың-жымың етеді, еріксіз жымып күлгөн болдым. Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіре түсіп, телефон құлагын бұрадым. Ар жағынан ер адамның барылдаған жуан дауысы шықты.

– Алло, кім?

– Алло, ассалаумағалайкүм, Сәкен аға ма екен?

– Иә, мен.

– Сұлушаш тәте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік...

– Қайдағы пәтер, өткізіп жібергенбіз үш күн бұрын.

– Сұлушаш тәте он мың теңгеге үш бөлмелі пәтер бар деген болатын.

– Он мың теңгеге тауық кепе де жалдай алмайсың, бауырым, – деді де, телефон тұтқасын тастай салды. Ашудан жарылардай мелшиіп тұрдым да қалдым.



– Өкеңнің-ай, маклер алдапты, – дедім келіншегіме.

– Не деген опасыз адам еді, – дейді келіншегім дауысы дірілдеп. Тозығы жеткен маршрутканың ішіне есіктен ытқып шығардай сыйылып әрең сыйдық та, қонақтаған тауықтай бір-бір аяғымызды көтеріп тұра қалдық. Маршрутка қидаландап «жетім бұрышқа» қарай тартып келеді. Ойым әлгі алдамшы әйелді тауып алғып, сазайын тарттыру. Тіпті болмағанда қолымда жүрген топли өкшесімен майдайдан тарс еткізу. Ызадан булықтаным сонша, ішімнен тынып әрең келем, жол бойы келіншегім екеуіміз бірауыз үн қатысқан жоқпыз. Массаждан шыққан адамдай қидаландап жеттік ақыры. Маклер әйел сужуқпастың өзі екен, біздің қайтып келетінімізді білгендей, тайып тұрыпты. Барахолкадан бір-ақ шықтық. Қош бойымен әр дарбазага жалтақтай қарап, барлап келемін. Бір кезде пәтер жалдаймын деген жазу көзіме шоқтай басылды. Қуанғаннан айқайлап жібере жаздал, бетімді шымшып өзімді әрең тежедім. Қожайын үйғыр әйел екен, бізді сұық қарсы алды. Айнадай жарқыраган жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші сасық иісі мұңкіген қараңғы дәліз екен. Артынан еріп келеміз. Таусылып болмайтын бұрылмасы кеп дәліздің тубіне барып бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Кезім сәл үйірлескендей болды. Қоян екеш қоян да інін дәл бұлай қаза алмас-ау, сірә? Қыртыс есікті шалқалай ашты, уш аттап төрге жеттім, құлашымды жайып едім, саусақтарымның ұшы қабырғаға тиді. Сол жақ бұрышқа ұзыннынан екі төсек қойылыпты. Төсек емес, үсті-үстіне қиуластырып, кірпіші, шөркесі аралас бірденелердің үстіне жатқызып қоя салған тақтай екен. Сол тақтай төсектің біреуінің тен жартысы есіктің артындағы үйді бөлген кездегі бетон қабырға мен тақтай қабырғаның арасындағы бос аралыққа кептеліп кіргізіліпті. Егер осы құыс болмаса бір ғана төсек сиятындай. Уш метр үйге төрт метр төсек, әне, солай сыйып түр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап тозығы жеткен матраң төселіпті. Өртенген, әлде май тамғаны белгісіз, кейбір жерлері сарғыштанып кеткен. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден әрең асатын кішкентай үстел қойылыпты. Үргап көріп едім, «билеп» түр. Енді байқадым, үлкен бір залды келсін-келмесін, иттің ұясындағы қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Тақтаймен бөлсе бірсөрі. Қыртыспен қиуластыра беріпті. Соның керегеге тірелген соңғы құысы бізге бүйірып түр. Саңылауладарының ар жағында пәтершілердің қарасы анық көрінеді. Сол сәт аргы беттен сәбидің шырқырап жылаған ашы үні естілді. Қыртыс қабырғаның үстіңгі жағы төбеге бір қарыс жетпей қалыпты да, сол ашық аралыққа небары жалғыз ғана шырақ орнатыпты. Аргы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сөнсө, екі жақ та жарықсыз қалады. Есік жақ қабырға да итеріп қалсаң құлап түсердей, қаусап әрең

тұр. Бірақ оң жақ қабырга сияқты ашық емес, сөл де болса жиі шегеленіпті. Опрылған оң жақ тоқал өкшемен еденді ақырын теуіп көріп едім, ескі тесеніштің шаңы бүркө етіп балағыма шашыды. Шамасы бізден бұрын аяқкімін шешуді білмейтін біреулер тұрған тәрізді.

– Коныс жайлы болсын, – деген дауысқа жалт қарасам, аппақ сақалы қеудесін жапқан қария қарап тұр екен, қапелімде сасып қалдым.

– Бірге болсын, ата, – деппін.

– Е-е, балам менсінбей тұрсын-ау, ә! «Ер жігіт бір терінің ішінде неше арып, неше семіреді». Біз де жүрміз ғой! – деді солқ-солқ құліп. Осы арада қожайын әйел киіп кетті. – Алсандар осы үй бос, он мың теңге, қарап тұратын уақыт жоқ, тез шешіндер. – Келіншегім маган қарады, мен келіншегіме қарадым. Екеуімізде де ун жоқ. Қария құлімсіреп: «Әй, балаларым-ай!» – деп басын шайқап қояды.

– Аяғым ісіп кетті, «жетім бұрышқа» енді бармай-ақ қояйықшы. Өкшем ойылып қалды-ау деймін, удай ашып тұрғаны.

– Келістік, – дедім. Аузымнан осы сез қалай шыққанын да сезбей қалдым. Артынша: «Елден қай жеріміз артық, өзіміз сияқты қазақтар екен ғой осында пәтер жалдал жүрген», – деп қоям құбірлеп. Өзімді-өзім жұбатқан түрім.

– Мына үйде бір нәрсе жетіспейді, – деді келіншегім, аналар кеткесін сылқ-сылқ құліп.

– Бір нәрсе жоқ.

– Бір нәрсе?! Бір нәрсе ғана емес, бұл үйде ештеңе жоқ.

– Бір нәрсе ғана жоқ.

– Телевизор ма?

– Жоқ.

– Айна...

– Қойшы, айна біздің не теңіміз. Өзің соқырмысың. Көзінді ашып қарасайшы.

– Өзің айтшы ал. – Кенет жарық жалп етіп сөне қалды.

– Әй, жарыққа не болды? – деп сасып қалдым.

– Мен өшірдім, – дейді келіншегім сыңғырлап.

– Жындымысың, жақ шырақты.

– Не нәрсе жоқ екенін тапсаң жағам.

– Бәрі жоқ бұл үйде. Ештеңе жоқ.

– Әдейі істеп тұрсың ба, әлде, соган да мың жетпей тур ма?

– Бала қорқады, жарықты жағындар, – деген ерекк дауысы шықты қыртыс қабырганың ар жағынан.

– Терезе жоқ, – деген әйел дауысы шықты қырсық қабырганың аргы жағынан. Шырақ жарқ етіп жана қалды.

- Терезе жоқ дейді?
- Иә, терезе жоқ, – деді келіншегім.
- Терезе жоқ, – деп қарқылдаш күлді ер мен әйел.
- Терезесі жоқ үй де болады екен-ау, ә?!



«Жетім бұрыш» – баспана іздеп жүрген адамдардың жиналатын орны.

Маклер – делдал, арада жүруші.

Дарбаза – қамал-қорғанның, үй-жайдың, мекеме ауласының, қоралың т.б. екі жаққа ашылатын үлкен қақпасы; кең, биік жарма есік.



1. Үзіндіні оқып, сюжеттік-композициялық талдау жаса. Оқиганың ербүйін анықтап, оның қандай сөздермен жалғасатынына мән бер.
2. Кейіпкерлердің бастан өткөрген қызындықтары ойландыра ма?
3. Жазушы осы әңгімесі арқылы қогамдағы қандай әлеуметтік мәселені қозғайды? Оның себебі неде?
4. Автор оқига желісін қаншалықты аша білген?
5. Автордың бұл әңгімені жазудағы мақсаты не деп ойлайсың?



1. Үзіндідегі көтерілген мәселені анықтап, осы мәселелердің шешімін ұсын.

Қандай мәселе көтерілді?	Шығармадағы мәселені аштын үзінділер	Көтерілген мәселелеге өзіндік көзқарасым	Көтерілген мәселелердің шешімі

2. Топқа бөлініп, әңгімедегі маклерге «FILA толтыру» әдісімен сипаттама беріңдер.

F/ Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін аштын деректер жинаңдар;

I /Пікір/ – кейіпкер туралы өз ой-пікірлерінді білдіріңдер;

L /Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын аштын сұрақтар әзірлендер;

A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған әдісі қандай?

Деректер	Ойлар	Сұрақтар	Іс-әрекет



1. Кестені әңгіме негізінде толтырып, жұптасып, топпен бірге талқылауда шыгарманың жанрлық ерекшелігін тани отырып, көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырындар.

Шыгармадагы көтерілген мәселе	Қай кейіпкердің бейнесінен көрінеді?



2. Мәтінді тыңдалап, диалогтегі сарказм мен иронияны, гротескіні анықтаңдар. Автор стиліне баға беріңдер. Уақыт: 8 минут.



Топпен бірге шыгарманы мазмұндас туындылармен салыстырып, автор үстанымы, сюжет пен тақырып ұқсастығына қатысты ойларынды қорытындылап, әдеби сын жазындар.

Кері байланыс: «Сұрақтары бар қорап»

- 1) Қорапқа бүгінгі тақырып бойынша сұрақтарынды салындар.
- 2) Сұрақтар келесі сабактың басында талқыланады.



Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шыгармага сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.2.1 – көркем шыгармадагы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

■ Тар бөлме, көршілер, пәтер мәселесі, тұрмыстық-әлеуметтік жағдай.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ әңгіменің идеясын басқа да әлеуметтік мәселелерді көрсететін туындылармен салыстыру;
- ✓ салыстыру нәтижелерін әдеби эссе түрінде жазу.

Қырсықтың көкесін жатарда көрдік, екі адам еркін айнала алмайтын қуықтай бөлме, ермек етерлік дәнеце жоқ. Жалғыз шырақты жағып-сөндіру құқы бізден бұрын келгендіктен көршімізде болды. Сол себепті жарықты сөндіруге бата алмадық. Ерте үйықтайын десек, біреу-міреу қыртыстың саңылауларынан сығалап тұрған секілденді де, киімімізді шешуден арландық. Астымызға бірдене салып бүктетіліп жата кетуге еден тым лас екен. Оның үстіне егеуқүйрық талап кететін түрі бар. Амалсыз бір төсекке қырымымызбен қысылысып жаттық. Мен келіншегіме сұық тиіп қалмасын деп түкпірге жаттым. Келіншегім қозғалып қояды. Тар төсекке сыймай жатқанын сезіп, өзім шет жаққа алмастым. Үйқы келер емес, жалмауыздың жалғыз көзіндегі жарқыраған шырағы құрғыр көзімді талдырып жіберді. Көршінің жас нәрестесі жагы талмайтын жылауықтың өзі екен. Қарсы бөлмеде жатқан ақсақал күрк-күрк жөтеледі... Сейтіп жатып үйықтап кетіппін. Қай мезгіл екенін білмеймін, ояна келсем, терге малшынып жатыр екем. Қайда жатқаным есіме түсіп, көңілім ортайып қалды. Уақыт еткізу үшін тамақтан кейін келістіріп отырып екі шөугім шай ішкен едік, сол қысып барады. Еріксіз далаға шығуға тура келді. Сипалап жүріп жарықтың түймесін әрен тауып, жасқана жақтый. Бір бұрышқа мандайымды, бір бұрышқа тіземді соғып жүріп, бұлың-бұлың дәлізben далаға әрен шықтый. «Ун» деп кең тынысталап, рақаттанып қалдым... Қайтарда да иттен қашқан мысықтың күйін кешіп жүріп үйге әрен жеттім. Қандендерден оншалық қорықпадым, ит үрсе есім шығатын әдетім бар еді, өсіресе шөуілдеген дауыстан қатты мазасыздандым. Тәтті үйқы құшагында жатқан жерімнен келіншегім қатты жұлқып оятып жіберді, үйдің іші тастай қараңғы.

- Тұр деймін түс болды, тұр тез, – деп есімді шығарды.
- Сонша ерте оятатын, не күн туды басыңа?
- Ертесі несі, түс болды.
- Онда шырақты жақсаңышы.
- Тоқ жоқ, күндіз өшіріп тастайды екен.

Басымды жастықтан жұлып ала сала, далаға жүгіре шықсам, күн дәл тәбеле таяп қапты. Кешке пәтерімізге өте жақын бір досым келді. Бұл біз бас құрап үй болғалы келген түңғыш қонақ еді. Сол себепті бір жагынан қуансақ, бір жагынан қатты қысылдық. Сыртқа шай қайнатқала шыққан келіншегімнің қасына барып едім, қайнап тұрған еттің көбігін сүзіп жатыр екен.

- Етті қайдан алдың? – дедім таңданып.
- Көрші әйелден қарызға сұрап алдым.
- Үят-ай!

– Үялмай-ақ қой, бірер күннен соң ауылдан ағам келеді, телефонмен сейлестім, ет әкелетінін айтты.

Досым: «Екі адамның арасына есі кеткен түседі», – деп қоярда-қоймай шабаданның үстіне жайғасты. Келіншегім екеуіміз төсекке отырдық. Дастанқанның үсті недеуір жайнап кеткен еken. Мен келіншегімнің мұндай тағамдарды қайда сақтап, қайдан әкеле қойғанына тацмын. Табақ толы етті жағалап, енді ауыз тие бергенде, қыртыс есікті біреу жүлқып ашты. Қожайын әйел еken. Ашулы, дурсе қоя берді.

– Мынау кім? – Қатар атып тұрыстық.

– Досым еді, тәте.

– Сендер жас отаумыз, басқа ешкіміміз жоқ деген едіндер, енді үшеу болып алышындар. Мен сендерді білем, көбейіп аласындар. Үйді қоқсытып жіберіпсіндер, түнімен темекі шегесіндер бүркүлдатып.

– Қашан шектім мен, темекі шекпеймін, – демекші болып едім, досым білегімнен тартып қалып, үндеме деген сыңай танытты.

– Сізге тамақтан кейін барып түсіндірейін деп отыргам, ақшасын берем гой.

– Қадірлерінді кетіргенше сейтпейсіндер ме, баяғыда? – Есікті тарс еткізіп жапты да, бұлқан-талқан болып шығып кетті. Досымнан үялып, кірерге тесік таптай тұрмын. Келіншегім сыр білдірмегенсіп, жымып күліп қояды. Досым иығымнан қарып, жұбатқандай болды. Қожайынга ақша апарған кезде, бір кендеу ескі темір тесек берді. Досымды соған жатқыздым. Торы салбырап, жерге тиді. «Уш күннен кейін адам көрге де үйренеді», біз де қараңғы пәтерге үйірлесе бастадық. Таңертең тастай қараңғы пәтерде шалбарымның қайда тұрғанын, жейдемді қайда ілгенімді, аяқиімімнің қай жерде жатқанын ойланбай-ақ табатын болым. Тіпті шалқалап жатқан беті қиналмай қол созсам болды, қықтай пәтердің қай жерінде болса да іздеген дүниемді оңай бас салам. Бұл күндері ел ауылдан туысым келетін болды деп қуанса, мен туысым келетін болды деп қорқатын болым. Өуел десеніз, дәл мынандай кезде әкем мен шешемнің келуін де қаламайтын едім. Бұл – менің жалғыз қорқынышым. Қайнағам келсе қайттім, ойбай, ұят болды-ау! Қайсы төсекке жатқызам деп сарыуайымға салындым. Телефонмен сейлескенде: «Әдірісін айтқан соң, өзім тауып барамын», – деген еді. Бір күні кеште ойламаған жерден жаңырлатып жетіп келмесі бар ма? Лашығымызды көріп шошып кетті. Есіктен төрге дейін көзі шарасынан шыға жаздал үрейлене көз жүгіртті. Шай ішіп отырмыз, шабаданның мен қозғалған кездегі қаудырлаған дыбысынан басқа тырс еткен дыбыс шықпайды, ешкімде үн жоқ.

– Шай ішіңіз, аға, – деймін қайнағама жапақтап, іштей шайды аз ішсе еken деп тілеймін, түзге шығу бұл үйде қиямет екенін қайнағам

байғұс қайдан білсін! Ештеңе ойламастан сораптап отыр. Бір кезде үйдің төбесінен тамшы тама бастады. Отқа қақтаса да, тер шықпайтын тандырдай денемді сұық тер басты. Себепсіз ыржақтай бердім, ауылдың әңгімесін сұраған болып сезге тарттым, жарытып ештеңе айтпайды. Өдette аузы-аузына жұқпайтын шешенің нақ өзі еді, енді үртyna су толтырып алғандай-ақ үнсіз отыр. Тамшының тамғанын пайдаланып, терлеп жыбырлатып әкетіп бара жатқан желкемнің терін әкесін танытып сұртіп таставым. «Қайыршыға жел қарсы» деп енді дастарқанға тамшы тама бастады, тамған сайын жүргегіме біреу ине пісіп-пісіп алғандай күй кештім. «Қайнагамның ыдысына тамшы тамыза көрме» деп Алладан іштей тілей бергенім сол-ақ екен, кесенің дәл қасына тамшысы түскірдің тамып-ақ кеткені. «Тамыза көрме» деп іштей бәйек боп мен отырмын. Өне, бір тамшы ернеуін сүріп те өтті. Өне, тамып та кетті қайнагамның шындағы шайына. Манձайымнан сұп-сұық тер бүрк ете қалды. «Тер ыстық болушы еді, осындей да сұық тер болады екен-ау!» деп таңғаламын. «Басқа шыныға құяйық» деп қайнагамның шындысына қолымды соза беріп едім, ол: «Керегі жоқ», – деп шайды сылқ еткізіп іше салды. Ашуланғаны ма жоқ, бізді үялтпау үшін солай істеді ме, ол жағын білмедім. Енді қайнагама қарайтын менде бет жоқ.

– Бұрын тамшы тамбаушы еді, не болды екен, ә, – деп ұялғаннан төбеге қарап едім, келіншегім:

– Біз келгелі жаңбыр бірінші рет жауды ғой, – деп түйеден түскендей дұңқ еткізді. Бетіне жалт қарадым. Қысылғанда менің сезімді сейлемегені қалай, дауысында діріл бар. Жүзі бұлт буркеген күндей күреніте қалыпты. Көзінің үсті домбығып, ұзын кірпіктерінің ұшынан мөлдір тамшы ыршығалы тұр.

– Өнеуқұні жауған секілді еді ғой, – дедім мыңқылдан. Жауап болмады. Бұрын шыны көрмеген адамдай шыныны қолыма алыш сипалап үціле бердім. «Жау жағадан алғанда, бәрі етектен алыш», сол сәт дастарқаның екі шетінен екі тарақан пайда болды да, қарама-қарсы жорғалай жөнелді. Келіншегім шөгіп барады. Тарақан құдды соғыс майданына жекпе-жекке шыққан қас батырдай екпінде келді де, бір-біріне тұмсық түйістірді. Бір-біріне айбар шекті... Қайнагам теріс қарады. Әйелім бетін басты. Мен күйіп-жанып бара жаттым. Тамағым кеберси берді, құрт малтап отыр едім, сол құрт өңешіме тығылып қалғандай, сойлесем дыбысым шықпайтында сезілді. Мен қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, өмірімде тап болмаған тылсым бір бақытсыздық күй кешудемін. Қайнагам тұнжырап, келіншегім жылап отыр, оған жаным ашыды. Ай мен күндей жарқыраған сұлу келіншек, ешкімнің қолы жетпеген, менің гана қолым жеткен сұлу келіншек, үріп ауызға салардай аппақ сұлу келіншек

көз алдында жылап отыр. Мен оны жылату үшін алып па едім! Оның көз жасы менің жүргегіме, жүргімнің ішіндегі өзекке тамшылап жатқандай. Келіншегім тамақ жасауға сыртқа беттеді. Үйдің іші үй емес, төбесі түсіп құлазыған ескі моладай қаңырады. Жалғыздың күйін кешіп, мен қалдым. Қайнағамның бетіне қарауга дәтім шыдамайды. Келіншегім бейне бір алыс сапарға кеткендей сағындым да қалдым. Бір сылтау тауып, мен де сыртқа атылдым. Қазан-аяқ жақта өбігерленіп жатқан келіншегімнің қасына бардым. Жылап тур екен. Ту сыртынан қапсыра құшақтай алдым, жақтырпаған адамдай бұлқынды. Мен де жылап жіберіппін, көз жасым желкесіне тамып жатты. Келіншегім қарсылық көрсетпеді. Мұрнын пыс-пыс тартып ыдысын жуып жылап түр.

- Ана қатынға бар. Тез, пәле салады, – деді өксіп.
 - Үйінде жоқ, – дедім мен де өксік аралас.
 - Жаңа келді. – Тұра жүгірдім, қараңғыда біреу өте шыққандай болып еді, қожайын әйел екен. Қайқаңдал ұшып барады, біздің есікке таяп қалыпты.
 - Тәте, – дедім. Дауысым жарықшақтанып шықты. Кілт тоқтады. Қатып қиініп алышты. Өдетте алба-жұлба жүретін. Сырттан келген беті екен, киімін де алмастырманты.
 - Кім анау? – деді ашууланып.
 - Қайнағам еді, ауылдан келіпти.
 - Сендердің-ақ қайнағаларың таусылмайды екен.
 - Апай, ақырын сейлеңең, естіп қояды.
 - Намысшылын, өздерінше ақша бермей қонғызбақсыздар ғой.
 - Міне, ақша, – деп екі жұз теңгені ұсына берген едім:
 - Керегі жоқ, – деді сөзін шорт түйіп, – кетіңдер ертеңнен бастап.
 - Кетсек кеттік, қазір-ақ кетеміз, ит байлласа тұрғысыз қу моланнан. – Естіген қайнағам естіді, аянуудың жені жоқ...
 - Онда бүгін кетіңдер, – деді де шығып кетті.
 - Кетсек кетеміз! Немене, сенен басқада үй жоқ па екен? – дедім кетіп бара жатқан әйелдің соңынан айқайлад. «Біз көшеміз» дедім сосын келіншегіме қарап.
 - Естідім. – Үні аянышты шықты. Бөлмемізге баруға жүрексініп, қазан-ошақтың маңын торуылдадым да қалдым.
 - Ағамның қасына барсаңшы.
 - Мен үялып тұрмын, садағаң кетейін, сен баршы!
 - Жарайды, мен барайын, сен тамақ ішерде келерсің. – Бөлмеге кіріп кеткені сол екен, дереу тасыр-тұсыр жүгіріп келді.
 - Ағам жоқ, кетіп қалыпты!?
- Осы сез маған «Ағам өліп қалыпты» дегендей қайғылы әрі аянышты

естілді. Қөшеге жүгіріп шықтым. Жаңбырдың астында, біреу тар кешені бойлап бара жатқандай. Қайнарам емес пе екен? Айқайлап шақырмасам жете алар емеспін... Ақыры шындаш кешуге бекіндім. Қорпені буып-түйіп, иырыма салдым да, шабаданды бір қолыма ұстап, сыртқа беттедім. Басқа нәрсеге бас қатырмадым, үйде қанша қасық, қанша шыны бар, бәрі-бәрі маған аян. Қөп емес, қөше-қөше көндіккен пендеміз, сол себепті, ине-жібіне дейін бәрі менің санамда сайрап тұр. Қалғанын келіншегім қолына ұстай салатынын сезіп келемін. Жаңбыр төпеп тұр. Тұнделетіп жаяу келеміз, иығымда көрпе-жастық, қолымда шабадан, бірденелерін көтеріп келіншегім соңымнан еріп келеді... Ойым – такси тосып, пәтер іздеу. Бағыма қарай жақсы біреу табылатын шығар деп үміттенем. Сіркіреп жауған ақ жаңбыр басылар емес. «Астыңнан су шықты ма?» деуші еді. Су емес, шу шықты ғой, су шығатын үйім болса, жеті түнде безбей-ак, тұншығып өлсем де жата берер едім, әттең! Кенет аялдамадағы жарнама қағаздарына көзім түсті. Бізге қажеті бар ма екен деп үңіле түстім. Кезім жайнап сала берді, үй жалдап алғың келсе, хабарлас депті. Өңім бе, түсім бе? Неше қайталап оқып шықтым. Телефон нөмірі де анық жазылыпты. Дереву телефон шалдым. Ар жағынан:

- Бұл кім? – деген еркек дауысы естілді.
- Аға, мен ғой... Жарнамадан оқыдым, пәтер іздең жүр едік.
- Иә, бар... Бірақ қазір өте жай болып кетті ғой.
- Бәрібір, аға. Бағасын айтыңыз, қазір өзіміз барамыз.
- Неше адам едіңдер?
- Жас отаумыз, келіншегім екеуіміз ғанамыз.
- Үйленген бе едің? Бізге бала-шаганың керегі жоқ.
- Мына кейпімізben баланы қалай бағамыз аға, әзірше баламыз жоқ.
- А, онда былай болсын, мен де әйеліммен бірге турамын, бір белмесін жалға береміз.
- Қанша болады, әдіресін айтыңызбы!
- Бағасы жиырма мың теңге, қымбат емес шығар?
- Қымбат емес.
- Ертең келсөндөр қайтеді?
- Жоқ, қожайынмен келіспей қалып, бізді қуып шыққаны.
- Мына түнде ме? Неткен опасыз еді. Өй, өздерің де тентексіндер ғой тегі, тыныш жүрмегенсіндер!
- Жоқ, бізде кінә жоқ. – Келіншегімнің жүзін жас жуып кеткен бе, әлде жаңбыр сусы жуып кеткен бе, әйтеуір малмандай су. Ерні дір-дір етеді. Жаңбырдан қорғана түсіп менің мимикамды бағуда.
- Онда былай болсын, бауырым. Біз тыныштықты қалаймыз. Қонақ келмейтін болсын!

- Жарайды.
 - Арақ ішуші болмаңдар.
 - Ол не дегеніңіз ағасы, мен арақ ішкен адамды өлердей жек көрем.
 - Мен ішем гой, мені де жек көресің бе?
 - Жо-га, сіз іше беріңіз, сізді жек көрмеймін.
 - Ха-ха-ха, тамақты бөлек жасап ішесіндер.
 - Оны білеміз енді, бірге тұрып жүрміз гой.
 - Келіншегің биік өкше аяқкиім кимейтін болсын.
 - Неге?! Оның қатысы қанша?
 - Қатысы қанша дейсің бе-ей? Дәлізден кіргенде мазамыз кетеді гой.
 - Жарайды.
 - Даңғара шыққанда аяқтарыңың ұшымен басып шығындар.
 - Неге?
 - Дыбысы шықпау үшін, әйелім ұнатпайды.
 - Айтқаныңыз болсын.
 - Ал кірген кезде....
 - Онда да аяқтың ұшымен кіреміз гой?
 - Жоқ. Кірген кезде өкшелеріңмен етеп, дыбыс шығармай кіресіңдер.
- Мақұл, мақұл, мақұл.
 - Ал тамақ жасаган кезде...
 - Иісін шығармай, аяқ-табақты салдырлатпай жасаймыз гой.
 - Оны қайдан білесің?
 - Аға, ау, аға!
 - Тыңдал тұрмын.
 - Атаңың басы.
 - Не, сен... адам боқтадың гой, кімсің өзің?
 - Боқтықтың үлкені мынау, естіп ал, қазақ былай боқтайды... – дедім де, телефонды жаба салдым. Жаңбыр толастайын деді, сурепеті кеткен айғыз-айғыз көшемен қараңғы тұн құшағына сіңіп барамыз. Пәтер ізден жүрміз...



Сурепет – өң, түс, шырай, келбет.



1. Өңгімеде заман көрінісі қалай суреттелген?
2. Ұзіндіде қандай тілдік құралдар қолданылған?
3. Өңгіменің ең қызық жері? Неліктен?
4. Топта өңгіменің сюжеттік құрылымын талдаңдар.

Сюжеттің басталуы	
Сюжеттің байланысы	
Сюжеттің дамуы	
Сюжеттің шиеленісі	
Сюжеттің шарықтау шегі	
Шешімі	



1. Әңгіме кейіпкерлеріне қазіргі кездегі адамдардың қандай жағымсыз іс-әрекеттері, мінез-құлық дағдылары жинақталған деп ойлайсың? Ойлауынды жүйелеп, кестеге түсір.

Әңгіме кейіпкерлері	Жағымсыз іс-әрекеттері	Жағымсыз мінез-құлықтары

2. Ұзіндіні басынан аягына дейін зерделеп оқып, көркемсөз образдары мен автордың жеке стилін танытатын сөздер тізбегін құрастырып шық.

3. Топпен бірге әңгімеден көркемдегіш құралдар мен автор тілінің ерекшелігіндегі байланыстарды табындар.



Берілген ұзіндінің мазмұнын бүгінгі заманмен байланыстыра талда. Кейіпкер не себепті мұндай жағдайда жүр?

«...Ақыры шындаап көшуге бекіндім. Көрпені буып-түйіп, иығыма салдым да, шабаданды бір қолыма үстап, сыртқа беттедім. Басқа нәрсеге бас қатырмадым, үйде қанша қасық, қанша шыны бар, бәрі-бәрі маган аян. Көп емес, көше-көше көндіккен пендеміз, сол себепті, ине-жібіне дейін бәрі менің санамда сайрап тұр. Қалғанын келіншегім қолына үстай салатынын сезіп келемін. Жаңбыр төпеп тұр. Тұнде-летіп жаяу келеміз, иығымда көрпе-жастық, қолымда шабадан, бір-деңдерін көтеріп келіншегім соңымнан еріп келеді...»



Әңгімедегі заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағала.

Көрі байланыс: «3-2-1»

- 1) Сабактағы 3 маңызды ақпарат.
- 2) Қызындық келтірген 2 мәселе.
- 3) Сабакта ұнаган 1 аспект.

«ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ» бөлімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1) Бақжоға Мұқайдың «Өмірзая» романы мен Ерболат Әбікеннің «Пәтер ізден жүр едік» әңгімесінде заман шындығы қалай көрінген?

2) Екі шығармадағы тұрмыстық-әлеуметтік мәселелер қандай тәсілдер арқылы жасалған?

3) Кейіпкерлердің міnez ерекшеліктері қалай суреттеледі?

2-тапсырма. «Өмірзая» романындағы Аяган бейнесі арқылы берілген құндылықты анықтап, кестені толтырындар.

Дәріптелетін құндылық	Шығармадан мысал
1.	
2.	
3.	

3-тапсырма. Аяган образымен көрсетілген құндылықтың қазіргі қоғам үшін қаншалықты маңызды екенине өмірден мысал келтіріңдер.

4-тапсырма. «Пәтер ізден жүр едік» әңгімесінен алынған үзінділердің қай кейіпкерге тән екенин анықтап, оны сипаттаңдар.

Үзінді	Қай кейіпкерге тән?	Кейіпкерге сипаттама
Аппак бетінің үшына аздал қан шапши қалыпты, кезінен мұң байқалады...		
...сүжүқпастың өзі екен, біздің қайтып келетінімізді білгендей, тайып тұрыпты.		
– Алсандар осы үй бос, он мың теңге, қарап тұратын уақыт жоқ, тез шешіндер...		
Бұл күндері ел ауылдан туысым келетін болды деп қуанса, мен туысым келетін болды деп қорқатын болым. Өуел десеніз, дәл мынандай кезде әкем мен шешемнің келуін де қаламайтын едім.		
Бір күні кеште ойламаган жерден жаңбырлатып жетіп келмесі бар ма? Лашығымызды көріп шошып кетті. Есіктен төрге дейін көзі шарасынан шыға жаздап үрейлене көз жүгіртті.		

ФАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

«Фасырлық туынды» бөлімі халқымыздың біртуар ұлы, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналады. Романда гуманист, ойшыл ақын Абай мен оның айналасындағы адамдар арқылы қазақ халқының белгілі бір дауірі көз алдымыздан өтеді. Халқымыздың салт-дәстүрі, тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы, қоғамдық өмірі жан-жақты суреттеледі. Абайдың идеал тұлға, жоғары интеллектуалды көркем образы романда барлық қырынан ашылған. Абай бейнесі арқылы өлем қазақты таниды. Қазақтың тарихы мен мәдениетін, әдебиетін түсінеді.

Абай жолы – қазақ халқының жолы. Абай жолы – өділдік пен ақиқаттың жолы.

МҰХТАР ӨУЕЗОВ (1897–1961)



Мұхтар Омарханұлы Өуезов – жазушы, абайтанушы, драматург, публицист, әдебиеттанушы, аудармашы, қоғам қайраткері, академик. Ол Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында Берілі ауылында 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Өуез атасы да, Омархан әкесі де сауатты адамдар болған. Мұхтар Өуезовтің Абай шығармашылығына қызығушылығын оятқан да атасы еді. М. Өуезов өз естеліктерінде атасының оған алты жастан бастап Абайдың өлеңдерін жаттатқанын айтады.

1908 жылы Семейдегі Камалиддин медресесінде, кейін орыс мектебінің дайындық курсында білім алады. 1910 жылдан Семейдегі бес сыныптық қазына училищесінде оқиды. Оқып жургенде алғашқы «Дауыл» шығармалар жинағын шығарады. 1915 жылы Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясына окуға түседі. 1917 жылы Шәкірім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» поэмасының негізінде «Енлік-Кебек» пьесасын жазып, оны Ойқұдық деген жерде Әйгерімнің үйінде сахналайды. 1918 жылы Жұсіпбек Аймауытовпен бірігіп «Абай» журналын шығарады. 1921 жылы «Қорғансыздың күні» деген алғашқы әңгімесі жарияланды.

1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне окуға түсіп, «Шолпан» және «Сана» журналдарына қызмет етеді. «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» әңгімелері осы басылымдарда жарық көрген.

1923 жылы маусым айында Ленинград мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет бөліміне ауысады. 1924–1925 жылдар аралығында Семейдегі мұғалімдер техникумында оқытушы болып істейді. Оқытушы болып жүріп «Таң» журналын шығарады. 1925 жылы Ленинградқа оралып, оқуын қайта жалғастырады. 1928 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды. Бұдан білек Қазақ ағарту институтында сабак берді. М. Өуезов проза мен драматургияда қатар еңбек етті. Отызынши жылдары «Қасеннің құбылыстары», «Іздер», «Шатқалаң», «Құм мен Асқар», «Бұркітші» әңгімелері мен «Айман–Шолпан», «Тас түлек», «Шегарада», «Тұнгі сарын» пьесаларын жазады.

Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттең, Абайдың ақындық мектебі тұжырымдамасын, қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері, әдебиеттегі зар заман ақындары бағыты туралы ғылыми түсінік қалыптастыруды. Жазушы өзінің ең басты туындысы – «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабын 1942 жылы, екінші кітабын 1947 жылы жарыққа шығарды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде өуезовтану ғылыми бағыты қалыптасқан. М. Өуезовтің өмірі мен шығармашылығы, үстаздық қызметі, әдеби және мәдени мұрасы туралы Қ. Сәтбаев, М. Қаратаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, А. Нұрқатов, З. Кедрина, І. Дүйсенбаев, Е. Лизунова, Р. Бердібаев, Л. Өуезова т.б. зерттеулер жасады. М. Өуезов шығармашылығы туралы «Мұхтар Өуезовтің қолжазба мұрасы», «Мұхтар Өуезовтің өмірі мен шығармаларының шежіресі» деген үжымдық еңбектер басылып шықты. Жазушының алты томдығы (1957), он екі томдығы (1967), жиырма томдығы (1987), елу томдық жинағы (1997) жарық көрді.

«Абай» романының жазылу жайынан:

Мен бұл мақалада Абай жөніндегі (қазір төрт томы түгел жазылып біткен) романдарымның алғашқы екі кітабын сөз етемін. «Абай жолының» екінші кітабымен окушы жүртшылық күні бүгін толық танысып болған жоқ. Сондықтан оған кейінрек бір оралып соғуды жөн көрдім. Ал менің ұлы ақынды, ақын өмір сүрген дәүірдің тарихи шындығын көрсету мақсатындағы творчестволық ісімнің бірқатар сырын «Абай» романының маңында айттар пікірімнен де аңгаруга болады.

Алдымен, мынаны ескерген жөн: «Абай» да, «Абай жолы» да – тарихи романдар. Бірақ, жүртқа мәлім «Петр Бірінші», «Емельян Пугачев» немесе «Степан Разин» сияқты романдардан менің романдарымның өзіне төн кейбір өзгешеліктері бар.

Аталған романдардың геройлары – қайсыбірі ірі қоғамдық қайраткер болуымен бірге, көбіне төтенше ер, бұрқанған күштің, қолма-қол қимылдың адамдары болып келеді, олар бұқараны өздерінің еркін іс-әрекеттерімен

бастайды; ал менің романдарым батыр емес, ақын туралы, менің геройым – творчестволық тұлға; демек, қоғамдық құбылыс есебінде көрінетін оның қолма-қол қымыл әрекетінің нәтижесі емес, творчестволық еңбегінің туындысы гана. ...Міне, бұл тақырыпқа келгенде, мен осы ерекшеліктерді қатты ескердім. Геройымның сыртқы әрекетін гана емес, ішкі творчестволық бұраландарын, творчестволық психологиясын, оның өмірді тікелей түйсінулерінің, сезіну-толқынуларының нәтижесінде көрінген шындық құбылыстың сырларын, тіпті ақын шыгармаларының тамыр тартқан тереңін аша көрсетуге көп күш жұмсадым.

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл

60

Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін галымның бірде-бірі бұл кітапты жанап ете алмайды: галым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қаныгумен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді; галым-этнограф қазір көне заманмен қоса көтерген небір түрмистық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі.

*Қаныш Сәтбаев,
академик*

Эпопея (грекше *eros* – сез, баяндау және *poieo* – жасаймын) – бүкіл бір дәуірді кеңінен қамтып бейнелейтін кең тынысты, сан салалы эпикалық шыгарма.

Ежелгі Грекияда халықтың өмірін, қаһармандарын, ірі тарихи оқиғаларды суреттейтін өлец-жырларды бір желіге тізіп, тұтастыру арқылы жасалған көлемді эпостық жырды «эпопея» деп атаган. Мысалы, Гомердің «Илиада», «Одиссея» атты эпостық жырлары, үнді елінің «Махабхарата», қыргыз халқының әйгілі «Манас» эпосы осындай әдеби туындылар қатарына жатады.

Біздің уақытымызда эпопея деп тарихи уақыттың маңызды кезеңдерін, халық өмірін әр қырынан көрсететін үлкен тарихи оқиғаны, күрделі тағдырлар тоғысын бейнелейтін романдар циклін айтады. Л.Н. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М. Шолоховтың «Тының Дон» атты шыгармалары соган мысал. Қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ халқының жартығасырлық өмірінің әнциклопедиясы дерлік кесек, көркем туынды.

Бұдан біз эпопея деген үғымның жазба әдебиетінде тақырып-мазмұнды бейнелеу адіс-тесілдері, көркемдік ерекшеліктері жағынан мүлде өзгеріп, жаңа сипат алғанын айқын көреміз.

*Серік Негімов,
әдебиеттанушы галым*

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабы келесі тараулардан тұрады. Олар: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Жолда», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда».

...Бүгін біз осы аса ұлы эпопеяны жасаушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовті зор ризалық және алғыс сезімімен тағы да еске алуға тиіспіз, вйткені оның таланты арқасында ұлы Абай дүниеге қайта келгендей болды.

Дінімұхамед Қонаев,
көрнекті мемлекет және
қоғам қайраткері

* * *

М. Әуезов Абай шыгармаларын зерттеуді 20-жылдары Ленинград университетіндегі оқып жүрген кезінде-ақ қолға алған. Жас ғалым 1922–1925 жылдары Ташкенттегі, Семейдегі оқу орындарында Абай мұрасынан дәріс оқып, «Таң» журналында ақын шыгармаларын жарияладап, Абайдың өмірбаяны жайлы деңгектер мен шыгармаларын толықтыра түсү жолында тынымысыз еңбек етті. Осы маңызды 1936 жылы Абай еліне барды. 1943 жылы арнайы цыымдастырылған экспедицияны өзі басқарды... «Абай жолы» эпопеясы арқылы Абайдың дара тұлғасын көркем әдебиетте әлемге танытты.

Мекемтас Мырзахметов,
абайтанушы ғалым

АБАЙ ЖОЛЫ (бірінші кітап)

Қайтқанда

Оқу маңыздылықтары:

11.1.1.1 – әдеби шыгармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.1.3.1 – көркем шыгармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.2.5.1 – әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

11.3.2.1 – көркем шыгармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

■ Уш күндік жол, бала шәкірт, ауыл, әке, әже, аналар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ берілген үзіндінің сюжетін ауызша айтуға дайындалу;
- ✓ композициялық жүйесін талдау;
- ✓ үзіндіде суреттегетін оқигалардан өмір шындығын табу;
- ✓ берілген үзіндіден негізгі идеяны анықтау;
- ✓ жинақтау мен даралау арқылы жасалған бейнелерге талдау жасау;
- ✓ негізгі құндылықтарды табу;
- ✓ заман көріністеріне байланысты оқигаларды саралау.

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды.

Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алғып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып түргызып еді.

Күнүзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың түс-түсына келгенде бала оқшашу шығып, астындағы жарапу құла бестісін ағызып-ағызып та алады.

Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай:

– Мына баланың ауылға асыгуын-ай!

– Сорлы бала қытай іш құса болып қалған-ау, – деседі. Бала шәкірт үзап кеткенде бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді. Жорға Жұмабайдың тақымында қара шоқпары бар. Байтастың да аяғының басына ілген ұзын қайың сойылы бар-ды. Тақырбұлақ түсін келгенде Байтастар баланы жеке шабудан тежеп:

– Енді бізден үзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!..
Уры жатады... – деді.

– Сені мен бізді манадан көріп отыр! «Қоқырақтап жалғыз шабатын неме еken, түсіріп, атын әпкел өзінің!» дейді де, сені төбеден бір-ақ нұқып, мына бейге бестінді алады да кете барады, – деді Жұмабай да.

– Е, сендер ше? Сендер беріп жібересіңдер ме?

– Ойбай, бізде не қауқар бар? Біз екеу-ақ...

– Олар самсаған сары қол. Бұл Есембайда үдайы жау жатады. Тек бізді өзіміздің елдің адамы деп аман қалдырmasa, жер жаман, – деп Жұмабай шошыта сөйлегісі келеді.

Баланың қытығына тиетіні осы жері.

– Өйтейір, сендерден дәрмен жоқ еken. Ендеше бірге жүрдім не, жеке жүрдім не? Ал кеттім! – деп соқтырта жөнелді. Бұл Тақырбұлақтан өте бергенде бастағаны еді.

Содан жаңағы қауіпті деген Есембайға жеткенше, артына бірде-бір қараган жоқ. Көз үшінә кетіп ұзап алып, ылғи жапа-жалғыз шауып отырган.

Жолдың бұл тұстары ылғи белес-белес болатын. Осы қазіргідей жұрт Шыңғысқа, жайлауга қарай көшкенде елсіз болып қалатын жер. Алыстан жолды бағып отыратын тұргылары бар. Тақ иек артпадан, өкпе тұстан жүргіншіге жауды қоян-қолтық, құшақтастыра түсіретін ұры сай, жасырын жыралары да бар.

Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей, баланың шыдамын әбден таусықсан-ды. Ол сондықтан бүгін, ауылға жететін күні үлкендерді еріксіз қатты жүргізуідің айласын тапқанына дән ырза. Күні бойы осылай етуге байлаған.

— Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзінде, пәруәрдігер, — деп, Байтас бабын таба алмай басын шайқайды.

Жұмабай әбден болмаған соң:

— Қап, мынаның баласы!.. «Мен берінің бөлтірігімін» деп келеді-ау! Қой, не де болса қалмайық енді. Байтас, жүр! — деп шаба жөнелді. Екеуі де жарыса бастады.

...Бала шәкірт ауылға асыққан, лепірген күйіне қайта келіп, тағы да тебіне жөнелді.

— Уа, қой деймін, бала! Ат зорықтырасың!

— Жапа-жалғыз ұзап кетіп, жауга жем боласың! — деп екі жолдасы тағы тежей бергісі келді.



Бірақ қаладан, жабырқау медреседен жаңа құтылып, енді үйіне, ауылға жетуге асыққан бала шәкірт ол сөздерді тыңдайын деп ойысқан жоқ.

Улкендер қорыққан Есембай да, тіпті үрылар да Абайға сондайлық жат, сұық бол көріне алмады. Үры десе, осы елдің өздеріндегі қазақтары. Кеп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай үрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық кеп. Кейде, тіпті, сарытоқым үры болған – ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта бір кездесіп, дәл жауға шапқан пішіндерін көрсем деген іште жүрген ынтықтыры да болатын.

Қорықтан шыққалы таңертеңнен бері бөгелмesten тартқан үш салт атты, аттарын қан сорпа қылған қалпында, кешкі екінші кезінде Қелқайнардағы Құнанбай ауылына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырған ауылына кеп жетіп еді.

Келқайнар сұы мәлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес. Жайлауға қарай, Шыңғыс асқалы беттеп келе жатқан елдің үш-төрт ауылы қоныпты.

Бұның бәрі «Құнанбай ауылы» деп аталады. Өзінің ауылы мен жақын туысқандарының ауылдары.

Көлемі аз бұлактың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ию-қиу араласып жатқан сияқты. Жерошактардан шыққан тұтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан кекшіл мұнардай тарайды. Урген иттер, мал қайырған айқайлар, маңыраган қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі, шаң-тозаңы болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін ізден шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары болсын – барлығы да осы отырған ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты. Баланың барынша сағынған көрінісі. Қазір жүргегін аттай тұлатып, соншалық қуантып, еркін алған көрінісі. Жүргіншілер бұлактың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, кеп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы.

Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, кешкі жайылымға, батыс жаққа қарай жаңа еріп бара жатқан бойдақ қойдың ішін аралап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды. Өсіресе, қораның ортасында қосақталған қойды сауып отырған қатындар бұрын көрген екен. Етектерін белдеріне қайырып түріп алған, алжапқыш тартқан қалыптарымен, қолдарына шелектерін ұстасып, жүргіншілерге қарап:

- Қалашылар, қалашылар келеді!
- Анау Абай, Абай гой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді...
- Бәсе, Телгара гой... жаным-ау, мынау... Телгара! Өпкеме айтайыншы, – деп женге де үлкен үйге қарай үмтыхысқан.

Сагынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Үлжан да есептеп, осы бүгінге үйғарып жүр еді. Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сары-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды туғел естіді. Өз үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты.

Құлағы көптен мүкіс тартқан көрі әжесінің ең бір жақсы көретін не-мересі Абай-ды. Оны есінен шығармай, дүғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын.

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан түр екен. Жаңағы шешелерден басқа: женделер, көрші үйлердің қатындары, бірен-саран тыста жүрген шал-кемпір, онан соң осы ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп келіп жатқан балалар бар. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан дабырлап сөйлеп, ағылып келіп жатыр.

Осы жиынга қараган бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алыш кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Өй, шырағым балам, өуелі ар жағында әкең түр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай түр екен. Іштегісіздікпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін үқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өні сүп-сүр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4-5 атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар төрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап түр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеші бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрган орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алыш:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бол-

йыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ, күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме?

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабагын жұтақ қыста күн раянын бақсан көрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Үялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шукірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым, – деді.

Тіпті, ересек адамша сейлеп қапты. Баланың бұл ерте өзірлеген жауабы еді.

...Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сезін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, аманда, балам! – деді.

Абайдың күткені де сол еді. Өлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрган шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды.

...Барлық үлкеннің құшагына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жұзді Айғызы қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз құліп:

– Пай, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп паңдана құлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан іискеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқаның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшагы!.. Ұлжан көп ұстаган жоқ.

– Өжеңе бар, әнеки! – деп үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Көрі әжесі Зере бейбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маган бұрын келмей, әкене кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшагына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: – Қараашығым, қоңыр қозым... Абайжаным... – деп кемсеңдеп, жылауга айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды. Шешелері бұған бірсесе қымыз, бірсесе тоқазыған ет, бірсесе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. Жөн-деп ішкен де жоқ. Күні бойғы аштығы да ұмытылған сияқты.



Медресе (араб. *мадраса* – оқу) – орта (сирек жағдайда жоғары) конфессионалдық мұсылмандық мектеп.

Құлағы мүкіс – құлақтың есту қабілетінің азаюы, нашар естуі.

Хазірет – имамнан кейінгі жоғары дінбасы.

Фатиха – бата.



1. М. Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы, жанрлық ерекшелігі, тақырыбы мен негізгі ойы туралы қосымша дереккөздерге сілтеме жасай отырып, әңгімелे.

2. «Абай жолы» романының басталуына жазушы қандай мән берген?

3. «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабы қандай тараулардан тұрады?

4. «Қайтқанда» белімінен алынған үзінді мазмұнын ашатындаі жоспар жаса.

5. Жазушы ауылдың қатты сағынған жас шәкірттің ынтық көңілін, туган жеріне деген сезімін қалай бейнелеген?

6. Құнанбайдың «Бойындаі бол білімің өсті ме?» деген талап аралас сұрағында қандай магына бар?

7. Үзіндіде қазақ тәрбиесіндегі өкеге ізет, үлкенді құрмет ету ерекшелігі қалай көрініс берген?



1. Топпен бірге «Шыгарманы талдау» кестесін толтырып, шәкірт Абайдың бейнесіне талдау жасандар.

Тарау	Оқиғалар	Кейіпкерлер	Абайдың іс-әрекеті
«Қайтқанда»			

2. Үзіндіні негізге ала отырып, «Жазушы тілінің создігін» құрастыр.

Тілдік ерекшеліктер	Үзіндіден мысалдар
Табу	
Көнерген сөздер	
Кірме сөздер	
Пейзаждық көріністер	



1. Үзіндіден көрінетін құндылықтарды кестеге түсіріп, шығарманың ерекшелігіне баға бер.

Құндылық	Әпизодтар	Құндылық	Әпизодтар
	1.		1.
	2.		2.

Шығарманың құндылығына өзіндік баға:

2. Абайдың әке алдында және аналар құшагында өзін қалай ұстаганын салыстыр.



Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағала.

Романдагы әкені құрметтеу көрінісі, ана өнегесі	Қазіргі замандағы әкені құрмет тұту туралы пікірім
<p>Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:</p> <p>– Өй, шырағым балам, өуелі ар жағында әкең тұр... Сөлем бер! – деді.</p>	

Кері байланыс: «Жинақтау параптасының индексі» (екі жағында да көрсетілген тапсырмалары бар параптар таратылады).

1-беті: бүгінгі тақырып бойынша негізгі идеяларды атап шық.

2-беті: бүгінгі тақырыптан нені түсінбегеніңді анықта.



Оқу мақсаттары:

11.1.2.1 – әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау;

11.1.3.1 – көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.2.2.1 – шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.3.1 – шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.3.1 – шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық түргысынан талдау, әдеби эссе жазу.

Бозбала, өженің ертегісі, аналар тәрбиесі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндінің жанрлық ерекшелігін талдау;
- ✓ жинақтау мен даралау арқылы жасалған көркем бейнелердің ерекше сипаттарын саралау;
- ✓ автордың негізгі идеясын табу;
- ✓ көркемдегіш құралдарды талдау;
- ✓ әдеби эссе талаптарын қайталау.

* * *

Был Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық ке-йіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, был біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі іріленкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мұсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаңғана есімдік бейнелес.

Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозшылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас қүйқасы да қылаңданып көрінеді. О да ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да біралуан бол өзінше үйлесті. Ол атқа мініп жүргуге жараганымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек, бір дос тапты. Онысы, әсіре-се әжесі. Одан қала берсе шешесі. Абай был ғана анық бағалады. Бұның әжесі біртүрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сейлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Өуелі Абай ауыра бастағанда бір күні кешке үйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда, ол ойланып отырып:

– Е-е... Бұлдыры-бұлдыры күн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесін тізесінен ақырын қағып:

– Е-е... Бұлдыры-бұлдыры күн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп тағы да әңгімемен тілегенін білдіруші еді.

Әжесі өуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құламерген» – бәрі де айттылды. Оның әңгімелерін түсте де, кешкі де, тіпті көш бойы да Абай айтқыза беретін болды.

Бертін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол – осы ел ішінде Зеренің жасынан бергі көргені, естігені жайын-дагы әңгімелер.



...Кейде өжесі шаршап, айтпай қойса өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол көбінесе өлеңді сөзді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, білдірмей, шақтап жүрген зе-йініне таңғалады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет өзілдерін де көп айтып береді. Екі анасын қөңілдендіріп тағы айтқызу үшін кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп-Зылиқа» сияқты қиссаларды оқып береді. Әндептіп, мақалдан қояды. Шешелеріне үғым-сыз болған түрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады. Осымен қайта қөңілдендіріп алыш, ескі әңгімелерді тағы айтқызады.

...Сондай шеше әңгімелеріне бар бейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол – былтыр жайлалауга келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш-Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен.

Қонақтармен жай сұрасып, амандастып болған соң Ұлжан Абайға қарап жымиып:

– Ал, балам, өжеңмен екеуімізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені міне, жана келді. Мына кісі Барлас деген ақын! – деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар келбетті келген, зор дауысты ақ сары кісі Барлас Абайға салғаннан үнады. Білгенін ішіне бүгіп, үндемей отырган өзге үлкендердей емес. Барлас іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген, ауыл адамы сияқты.

– Е, балам, «Шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген» дегендей, сейлеуді де, тыңдауды да сүйген ел – ел дағы. Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкекше жалықпас! – деп жас жолдасына қарап күліп қойды.

Жайлауга келіп қонғалы бөгде қонақтар келгіш еді. Барлас Сыбан болатын. Жайлауга қоныстары жақындаған соң, жылдағы дағдысы бойынша осы ауылдарға амандаса келген еken. Жолшыбай Мамай ішінен Байкекше қосылыпты. Ол – Барластың ақын шәкірті. Жылда осылайша қасына еріп, бірнеше айларды бірге өткізуші еді.

Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы тұнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі, күшті жыры осы еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім еken? – деп бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.

– Әріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін... – деді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды, әсіресе елтіткендей болатын. Жатқанда көпке дейін алағызып үйіктай алмады.

Ертеңіне Үлжан Барлас пен Байкекшені жібермеді.

– Жүрмеңдер. Асықпай әлі біраз күн қонақ бол жатып кетіңдер, – деді. Бұл – Абайдың тілегі. Абай бұрын тағылым, үлгі – кітапта; білім, өнер – медреседе ғана деп түсінетін. Оған дастан шебері – Низами, Науай, Физулиде; мұң нәзігі – Шайх Сағди, Хожа Хафизде, батыр жыры Фирдаусиде көрінетін.

Қазақта нелер «Баян-Көрпеш», талай «Ақбала-Боздақтар» барын анық білмеуші еді.

Тілі үғымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкекшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген өнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр, майда баяу домбырадан ба? Қалайда болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкекше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды. Күндіз де, тұнде де Барластардың қасынан шықпайды. Екі ақын Үлжан үйін барлық осы үлкен ауылға қан базардай қалың жиын үйі қып жіберді.

Бие байлап болғаннан кейін, түске жақын ауыл қымызға жиылады. Қыза отырып жыр тыңдайды. Күндіз ылғи үзақ жырлар жырланады. Немесе, әредікте шешендер, ділмарлар айтқан тақпак, тартыс, билік, даулар айтылады.

Ал ел айырып оңаша қалғанда, Барлас өз жырларына Асанқайғы, Бұқар жырау, Марабай мен Жанак, Шортанбай, Шәже, Сыбанбай, Балта, Алпыс ақын – бөрін қоса, өзі құрбы өзге ақындар айтқан жырларды термелеп кетеді.

Бұлардың ішінен заман зарын, көп мұнын шертетін сөздерді, өсіресе бөліп айтады. Барлас біреуді мақтап, біреуден сұрап жырлайтын ақын емес.

Абай мен шешелерінің кешкі уақытта тыңдаған жырларының көбі – Барластың өзі сүйген құлақ қуйі сияқты термелер болады. Мұндай кезде Барлас Абайға күндізгі Барластан тіпті басқа боп көрінеді Қызықты, қызуды, қыздырманы ғана айтатын күлкіші, сауықшыл Барлас емес. Кешкі кездерде ол бір үлкен өситетші, кейде шерлі қарт сияқтанады.

Сондай-сондай кездерде өзінің де ішін ашып:

...– Өйтеуір үлкен қасиеті – болымсызды дардай ғып мақтай беретін әдеті жоқ екен. Ел ақтаған ақын емес қой. Сөзін ұғып ал осының! – деп қоюшы еді Үлжан.

Тыңдай келе Абай Барластан тағы бір соны сөздер есітті. Ол осы заманның ұлығы мен бегін айтқан, сынап-мінеп айтқан сөздер. Бір терменің ішінде Барлас:

– Аға сұлтан ұлық бар,
Елге мәлім қылықтар,
«Өл» дегенде өлмесен,
«Жұр» дегенде жүрмесен,
Малы құрым құрықтар,
Кісен салып құлыптар! –

деп бір кетті.

Абай әкесінің үйде жоғын еске алып, «келмей-ақ қоя тұрса екен», «қыдыра түссе екен» деуші еді. Шынында да, Барластар келgelі Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес. Ол бір топ үлкендермен ел аралап, жолаушылап кеткен. Үлжанның Барласты жібермегені де сол. Ақын мен әнші Құнанбай жоқта болмаса, мұның ауылына онша үйір боп, бой жазып жата алмайтын.

Барлас «ұлық пен бек» дегенде кімді айтады? Онысын ашпайды. Бірақ Абай оның мұндай жырларын ылғи өзінше үфады. Мысалдың кебін жақыннан іздейді. Бірақ бұл бала да сырын, ойын ешкімге ашпайды.

Старшын дейтін әкім бар,
Пайдасын көрер жақындар.

Қалың елі тек жемі
Боранды күн тиіскен
Аш қасқырдай тақымдар...

«Бұл – старшын Майбасар» деп ойлайды Абай.

...Жарлы, зарлы демейді,
Кеңінен ашып көмейді.
Түгіменен түйесін
Жұтам десе қай сорлы
Қалтқы болып бөгейді.
Соны көріп ақынның
Аса түсіп ағы да,
Өжімі де көбейді, –

деп «аһ үргандай» боп кеткенде, Абай Барластың қайғысын да танығандай болады. «Ел ұйытқысы шайқалды» дейді. Бұрын Абайдың естімеген зар-шері сияқты.

Беті-түсі айқын болмаса да, әр заманда, әр жерде күңіреніп, қайғы шеруін тартып жатқан көрі өжесі сияқты көп жасаған, көп қайғыны көрген, үлкен бір шері бар. «Ол кім?...» – дәлін, барын Абай біле алмайды.

Осы жолы Абай әрі езі ысылып, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкекшені дәл бір айдай жібермеді. Бұл уақыттарда жас бала Барлас, Байкекшемен біржолата дос, жақын бол алды. Бертін келе түнде ол Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Мұның үғымтал зеректігіне қатты ырза боп, шын сүйсінген Барлас бір оңашада, жайғана тақпақтап:

Шырағым, ержетерсің,
Ержетсөң, сірө, не етерсің,
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасан шыңға жетерсің, –

деп көп Абайға домбыраны ұсынды.

– Міне, балам, осы менің батам болсын. Тіпті шынымен мейірім түсіп айтқызып отыр, – деді. Абай ыңғайсыздың қысылды да, ұн демеді. Бұл «Барластар ертең жүреді» деген түнде, ас алдында болған сез еді.

Ертеңінде ақындар аттарын ерттеп, жүрерге тақағанда, Абай шешесін тысқа шығарып алып:

– Апа, екеуіне де жақсығып тұрып сый беріп аттандыршы! – деді. Үлжан ұнделген жоқ.

Қонақтар қымызыз ішіп болып, енді қоштасарға келгенде Үлжан Барласқа қарап бір сез айтатындей пішін білдірді. Қонақтар іркіліп қалған еді.

— Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қо-
йып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар.
Қадамы құтты қонақ болдыңдар! — деді.

Абай, шынында да, дөл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлантаза
боп арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезді. Шешесі үндемесе
де, ашып айтпаса да, «білгіш, танығыш, сыншы» сияқты көрінді. Ол бе-
гелсе де, сөзін бітірген жоқ-ты.



Бозбала – он үш жас пен көмелет жасы аралығындағы жеткін-
шек. Адамның өз айналасына балаң көзқараспен қараудан арылып,
естияр адам ретінде қалыптасуға даярланатын кезең.

Старшын – Ресей әкіметі тағайындаған ұсақ билеушілер. Рулар ішін-
дегі шағын топтарды басқарды. Аға сұлтандар мен болыстарға бағынды.

Сүле науқас – созылмалы дерптар, ауру.



1. Үзіндіні оқып, сюжеттік желісі бойынша интеллект картасын
құрастыр.

2. Жазушының жас Абайдың портретін сомдаудағы шеберлігі туралы не
айта аласың?

3. Ескілікті жыр, ақыздарды көкірегіне тоқыган Зере Абайға қандай ерте-
гілерді, тарихи негізі бар оқиғаларды баяндап береді? Зере өнегесі Абай бола-
шының қалыптасуына қалай өсер етті?

4. Ұлжанның әңгімелерін тыңдай отырып, Абай неге таңғалады?

5. Барластан алған бата Абайдың өміріне, оның ақындық өлеміне қалай
өсер етті деп ойлайсың?

6. «Жарқын ойлар» зерттеу әдісі арқылы «Тілі үгымды, өмірі таныс
болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырла-
рының кейде шырқаган, кейде қалқып баяулаган, кейде лекітіп соқты-
рып, ескектеме желген әнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр, майда баяу
домбырадан ба? Қалайда болса, Абай бұл құнғе шейін өмірінде дәл осы
Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларга барабар еш нәрсе есіт-
пеген сияқты болды», – деген жердегі Барлас пен Байкөкшенің үзіндіде ай-
тылар негізгі ойға қандай қатысы барына зерттеу жаса. Қосымша дереккөздерді
пайдалан.



1. Зере мен Ұлжан бейнелері жинақтық бейне ме, әлде даралық бей-
не ме? Ойынды дәлелдеп, «Пирамидалық талқылау» тәсілі арқылы жеткіз.

2. Ұзіндідегі негізгі кейіпкерлердің портреттерін тауып, мінездеме бер. Кейіпкердің ең маңызды өрекеттерін анықта. Жинақталған ақпараттар негізінде кейіпкерге қатысты қорытынды жаса.

Кейіпкер	Портреті	Мінездемесі	Кейіпкердің ең маңызды өрекеттері	Оз козқарасым

3. Шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талда. Тәмендегі сұрақтарға жазбаша жауап жаз:

- 1) Ұзіндіде қандай көркемдегіш құралдар қолданылған?
- 2) Образдың ашылуына олардың әсері қандай?
- 3) Автор кейіпкерлердің бейнесі мен өрекеттің сипаттауда қандай сөздерді қолданған?



1. Жас Абайды рухани науқастан айықтырган не нәрсе? Топта талқылап, кестені толтырындар.

Абай нәр алған қайнар бұлақтар	Ұзіндіден мысал	Оз ойымыз
1.		
2.		
3.		

2. «Мұның ғылыми зеректігіне қатты ырза бол, шын сүйсінген Барлас бір оңашада, жай гана тақпақтан:

Шырағым, ержетерсің,
Ержетсөң, сірө, не етерсің,
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің, –

деп кеп Абайға дөмбыраны ғынды», – деген ұзіндідегі қазақ халқы өміріндегі «бата алу» үгымына назар аудар. Ұзіндідегі авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықта.



3. Берілген ұзіндіні тындаңдар. Барласқа портрет жазындар. Уақыт: 10 минут.



1. Жазушы Абайдың әжесі Зере мен анасы Үлжанның бойына қазақ өйелдеріне төн қандай ең жақсы қасиеттерді сізіре бейнелеген деп ойлайсың? Қазіргі әжелер мен аналардан ондай қасиеттер табыла ма? Өз ойларынды білдіріп, пікірталас үйымдастырыңдар.

2. Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Үлттық кітапханасына виртуалды саяхат жасап, Абай тыңдаған өртегілер туралы шағын таныстырылым жаса.

3. Шыгарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық түргысынан талдап, әдеби эссе жаз.

Кері байланыс: «Бес саусақ»

- 1) Маған үзінді үнады ма? Неліктен?
- 2) Қандай білім мен тәжірибе алдым?
- 3) Мен үзіндіні қалай талқыладым?
- 4) Тақырып бойынша басты мәселе қандай?
- 5) Сабақ барысында өзімді қалай сезіндім?



«Абай» романының жазылу жайынан:

Мен творчествоның адамы жөнінде жазылған романдарды көп оқып, көп зерттедім; олардың ішінде өзіміздің совет жазушыларының да, қазіргі Батыс жазушыларының да шыгармалары бар. Мұны айтқанда мынаны ескерткім келеді, мені оқығандарымның бәрі бірдей қанагаттандырган жоқ, бірін үнатсам, бірін үнатпадым. Бірақ екеуінің де пайдасы болды, екеуінен де үйрендім: бірінен қалай жазу керектігін үйрендім, бірінен қалай жазбау керектігін үйрендім.

...Оларға ақын басынан өткен кез келген кездейсөк биографиялық ұсақ-түйектерді жиынп-теріп көрсетудің керегі аз, оларға ақын өмірінің ең бір есте қаларлық, тәрбие берерлік бағалы құбылыштарын, адам баласының прогрессіл тарихы үшін аса маңызды жайларын сарапалап, талғап суреттеп беру керек.

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл



...Мұхаңның атын көпшілікке әйгілі еткен, ең алдымен, «Абай» журналы еді. Бұл журналды Мұхаңның ең алғаш беташары деуге болады. Өйткені оны бірінші рет үйымдастырып, оның негізгі мақалаларын жазған көбінесе Мұхаңның өзі болатын. Бұл алғашқы өрлеуінде Мұхаң көбінесе журналист, публицист, ойшыл, сыншы, философ ретінде көрінді...

*Әлкей Марғұлан,
академик*

Оқу маңсаттары:

11.1.1.1 – өдеби шыгармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.1.5.1 – ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

11.2.4.1 – өдеби туындыдагы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұргысынан шыгармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, өдеби және еркін тақырыптарға шыгарма) жазу;

11.3.1.1 – шыгарманы өлем өдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

Қала, жұпның киімді жатақтар.

Маңсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндінің сюжетіне байланысты композициялық талдау;
- ✓ ұлттық құндылықтарды ғаламдық тақырыптармен байланыстыру;
- ✓ шыгармашылық жұмыс жазу үшін үзіндіден керекті мәліметтерді теріп жазып алу;
- ✓ үзіндін оқып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау үшін ерекшеліктерін саралау.

...Абай Қарқаралы қаласын жапа-жалғыз аралап кетті. Кейде бір іші пысып, жүдеу тартса немесе бір нәрсеге ырза боп, көңлі өрбісе, осылайша жалғыз кетіп қалушы еді... Құн кешкіргенмен әлі батқан жоқ екен. Қала желкесіндегі өсем таудың қарагайлы жотасында қызыл арай сөүле бар. Тау басында жел түрдү білем. Тоғайсыз ашық жондарда сырғақ көрінеді. Жаяу борасында, үйтқи түсіп қызылт құйын үшқындейды.

Қала ішінде желсіз шыңылтыр аяз білінеді. Жайсыз суық емес. Бойды ширықтырып, жинақы үстаратын жеңіл мезгіл.

Таудың қалаға қараган бетін кеш көлеңкесі басқан. Жақын жерде гі жақпар тастардың өзі де қазір көкшіл көлеңке ішінде көгілдірленіп, алыстай түсіп, түнге бейімдеп барады...

Абай өз пәтерлерінен екі-үш көшे үзап кетіп еді... Бір уақытта пүшпақ айналып, даурыға сейлеп келе жатқан жаяу топты көрді... Көп адам болса да, ішінен Абайға таныс кісі білінбеді. Құлісіп, дабырласып сейлеп келе жатқан ылғи жұпның киімді жатақтар... Жаяу жүрістерінен де қаладағы қарекет адамдары екені танылып тұр.

...Бір пүшпаққа жақындаپ қалған екен. Дәл бұрыштан бұрылып, бұған қарсы шыққан үш аттыға көзі түсті.

Аңырып тұра қалды да, тез таныды. Келе жатқан Бежей, Байсал, Байдалы екен. Ортадағы тұлкі тымақты, күрен төбел атты – Бежей. Ақ сүр жүзі жабыңқы. Қоңырқай мұрты менен сақалына кешкі аяз қылау салыпты.

Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына жұмысы бар кісідей көлденендең кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап еді, жақындал тұстас келді.

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен тесін басып, қатты дауыстап:

– Ассалаумағалайкүм!.. – деп сәлем берді.

Медреседе жүргенде: «Көшеде хазіретті көрсөң, осылайша тағзым ету керек», – деп халфелер үйретуші еді.

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сәлем беріп көрген жоқ. Қарқаралыға келгелі Бежейдің көрінгені – осы. Шешесінің жүрердегі сөзі есіне түсті ме, болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме?.. Қалайша бүйтіп әдеп шыгарғанын Абайдың өзі де байқамай қалған-ды.

Озге қазақтан бөлек, мына сияқты, біралуан сыпайылыққа Бежей он назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

– Уагалайкүмассалам, балам!.. – деп тоқырай қалды.

Байсал Абайды жаңа таныған еді. Жақтырмай, мұрның тыржитып:

– Өй, мынау екен гой, жә, жүрші! – деп атын қозғай беріп еді, Бежей:

– Тоқташи! – деді.

– Ей, сол антүрганның баласының сәлемін алушы ма ем?.. – деп Байсал Абайға қабагын түйе қарады.

Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарпып еткендей. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады.

Бежей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыпташ қарап алыш:

– Балам, жөнінді айтшы, бізді көрсөң, сәлем бер деп әкең айтып па еді, жоқ өздігінмен істедің бе? – деді.

– Бежіке, әкем емес, өзім беріп тұрган сәлемім сізге!..

Абай болса, күндізгі өзін көңілдендірген күйін ұмытпаган болатын. Қарқаралының кейбір көше қазағы естіген татулық жайын Бежей, Байсалдар әлі естіген жоқ-ты. Жаңа, кешкे жақынғана Алшынбай бұл үшесүіне кісі жіберіп, өз пәтеріне асқа шақырған екен. Не сез барын білмесе де, соған аттанып бара жатқан беті осы еді.

Абай жауабын естіген соң, Бежей ықыласпен қарай түсіп, жақындауды да:

– Өкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырагым!.. – деді.

Байсал бұл сөзді де жақтырмай сырт қарай беріп еді, Бежей оның қозгалысын танып:

– Ей, Байсал, сен бата бермегенмен, мынау болайын деп тұрган бала ғой, – деді де, Абайға бұрылып:

– Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын!.. Жалғыз-ақ өзгені берсе де, әкенің қаттылығын бермесін! – деп бетін сипады. Абай да Бежейге қадала қарап тұрган қалпында бата қылышп, бетін сипап еді...

Аттылар жүріп кетті. Байдалы бағанадан үндемеген еді. Енді ғана Бежейге қарап:

– Екі кезі сексеуілдің шоғындар жайнап тұр екен өзінің... – деді.

Абай тұрып-тұрып барып қана қозгалды.

Шын ба? Шын айтты ма? Жоқ әлде Байсалдың қаттылық, аямастық мінезі балаға ауыр тимесін деп, жаны ашығаннан айтты ма? Бежей не мәнмен мұндай жақсы бата берді? Ойда жоқтан, оп-оқайдан, осындар таудай үлкен сый бола ма?.. Мырзалық па? Жоқ әлде Абайды аз білсе де, тез танығаны ма?

Улкендер көреген, танығыш, сыншы ғой! Шынымен-ақ танып айтқаны ма?.. Олай болса, Абай жаман кісі емес, жақсы кісі болмақ қой!..

Бұл жайды ойлаған сайын балалық өзімшілдігі қатты ырза болды. Абайдың іші алағызып, біртүрлі қуана серпіліп, тез-тез құлаш сермегісі келгендей. Өлдекандай өріс іздегендей.

Енді асыға жүріп келеді. Күн қазір ымырт бопты, оны да жаңа байқады. Екі көшө адасып, пәтерінен асып кетіпті. Мұны да жаңа білді. Қайта жүрді.

Ауылда жүргенде қысы-жазы дәң басында өтетін кеш, қазір тағы да бір өзгеше бол серпілтіп, өз қуатын айрықша білдіріп, Абайға қатты әсер етеді...

Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және тіпті өз ойы сияқты көрінді. Анығында, «акыл, қайрат...», «акыл мен бақыт, байлық» деңгендердің өзара дауы, таласы деген парсы, түрік тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі бар-ды.

Қазірде Абай соны әмірден тапқанына да дән ырза... Өз акылымен тапты... Тапты да: «Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазы...» – деп өзгеше бір сенімді байлау жасады. Осы оймен қатар, өзін осы Қарқаралыға келгелі қатты өсіп, ұлғайып қалған кісі сияқты көрді. Талай жанды көріп, талай сөздерді үқтывы...



Халфе (араб. *орынбасар*) – мұсылман қауымындағы ең жоғарғы атақ түрі, мұсылман қауымының басшысы.

Сексеулдің шоғындай – «көзі жайнап, жанып түр» деген мағынада. Сексеуіл – ең қызызы мол, ұзак жанатын ағаш түрі.



1. «Жолда» тарауының толық нұсқасын оқып, сюжеттік-композициялық құрылышына талдау жаса.

2. Үзінді мазмұны бойынша кестені толтыр.

Тарау	Ең басты оқигалар	Негізгі кейіпкерлер
«Жолда»	1.	
	2.	
	3.	

3. Абай Қарқаралыға неге келді? Кімдерді кездестірді?

4. Байдалының Абай көздерін «сексеулдің шоғына» балауында қандай мағына бар деп ойлайсың?

5. «...Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарып откендей. Кіналап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқетін, Байсалга қадала қарады», – деп жазушы неге Абай көзіндегі ерекше отқа назар аударған?

6. Қарқаралы сапарының Абайдың ерте еселеюіне ықпалы болды ма?



1. Үзіндіде кездесетін 3 кейіпкерді атап, байқалған басты құндылықтарды анықта.

Үзінді кейіпкерлері	Кейіпкерлер өміріндегі құндылықтар	Менің ойым

2. Топпен бірге үзіндідегі негізгі құндылықты көрсететін кейіпкерді таңдаңдар және кейіпкер арқылы осы құндылықты баяндайтын қысқаша қойылым дайындаңдар.

3. «Жолда» тарауынан алынған үзінділерді галамдық тақырыптары өзекті мәселелермен байланыстырып, кестені толтыр.

Тараудан үзінділер	Фаламдық тақырыппен байланысы	Менің қорытындым
Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... Анығында, «ақыл, қайрат...», «ақыл мен бақыт, байлық» дегендердің өзара дауы, таласы деген парсы, түрік тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл өңгімесі бар-ды.		
Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән ырза... Өз ақылымен тапты... Тапты да: «Осының бәрі бір жерде, бір кеудеде, бір адамның ішінде болмаққа лазыим...» – деп өзгеше бір сенімді байлау жасады.		



1. Әдеби туындыдагы көтерілген мәселелерге байланысты шығармашылық жұмыс (өңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) орында.



2. Берілген үзіндіні тындаңдар. Бала Абай көзқарасы тұрғысынан әлем және қазак әдебиетіндегі құндылықтарды талдап жазындар. Ұақыт: 10 минут.



Үзіндінің тарихи және көркемдік құндылығына «Дербес пікір жазу» әдісімен бага бер.

Улғі:

- 1) Пікір, ой, идея (1 сейлем)
- 2) Дәлел (2 сейлем)
- 3) Өз пікірінді айғақтайтын мысал (2 сейлем)
- 4) Пікіріңе қарсы дәлел (1 сейлем)
- 5) Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын сейлем (1 сейлем)
- 6) Қорытынды (2 сейлем)

Кері байланыс: «Ыстық орындық»

- 1) Абай бейнесін сомдайтын оқушыны таңдаңдар.
- 2) «Кейіпкерге» сұрақ қойындар.
- 3) «Кейіпкер» болып сұрақтарға жауап беріндер.





Көркем бейне – көркемнөрде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелең өмір құбылысының нақтылықерініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі. Көркем бейнеде екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақтылық түрде көрсету – осы екеудің іштегі астасын, қабысын жатады.

Реалистік көркем бейне типтендіру тәсілімен жасалады. Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктең алғып, бір адамның бойына сыйғызып бейнелейді. Сонда кейіпкердің кескін-тұлғасы, харakterіндегі жекелік, көпке ортақ жалпылық қасиеттері де жалқылық ерекшеліктерімен қатар, айқын бедерленеді.

Зәки Ахметов,
академик

Өрде

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 – көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

11.2.1.1 – әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау;

11.2.5.1 – өлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

11.3.2.1 – көркем шығармадагы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

Нагашы, ас беру науқаны, ақын қонақтар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

✓ үзіндіні оқып, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

✓ үзіндінің композициялық ерекшелігін талдау;

✓ өлем әдебиетіндегі өзің оқыган шығармалармен салыстыру;

✓ көркем шығармадагы заман көрінісіне өз бағаңды беру үшін оның ерекшелігін саралу.

Нагашы тобы мен артқы аттылардың бәріне жататын үйлерін көрсетпек бол Ызғұтты, Сүйіндік алға түсті.

Нагашылар жақындасып келгенде, Абайлар барлық жігіттермен сөлем беріп, түсіріп алысты. Ақсақал нағашыға Сүйіндік Абайды таныс етіп, Құнанбайдың баласы екенін айтты.

Абай: «Қош келдің, нағашы», – деп қол қусырып, тағзыммен қарсы алған. Барлық мол үйлерден мынау он үй өзгеше, оқшау тұрганын қонақ атаулы аттарынан түспей тұрып, ерте таныған еді. Бұл үйлерге өздері түспей, басқа жерлерге орналасқан қонақтар: «Анау бөлек үйлер кімге арналған? Онда кім қабылдайды екен?» – десіп, сұраса бастаған-ды. Сол ретте ол үйлер Құнанбай баласы тіккізген, Бежейдің нағашы жұртына арнап тіктірген үйлер екенін де білісіп қалған.

Ақсақал нағашыны қасындағы үлкенірек кісілермен ірікте отырып, Абайлар дәл ортадағы, ең жасаулы үйге кіргізді. Өзге топтарын да дамыл көрмей қарсы алысып, қатар үйлерге кіргізіп жатқан.

Нағашылар бәйгеге қосқалы бір баған, екі қылаң жүйріктерін өкепті. Құйрық-жалақ сүзуілі, үстеріне бала мінгізген, үкілі-тұмарлы аттар оқшау байланды.

Алыс-жақыннан келген қалың топтардың бәрі-бәрі де өзірше осылай бәйгелерін жұтындырып, көлбек қақтырып келіп жатыр.

Алғашқы топ келісімен өзге қонақтар да іркілген жоқ. Кез байланғанша он үйдің алтауы толып қалды. Өзірge Жетісудың алыс руының бәрі аталып жатыр. Енді ымырт жабылар кезде Қазбалага тәгіліп жатқан топтардың киім үлгілерін болжау қын. Қай рулар екендері мәлім емес. Тек қана кейбірінің қылаң аттысы көп, кейбірінің баған аттылары көп – үлкен шоғыр бол көрінеді. Сам жаққа қарай бұрылса, күміс ер-турман жарқылдайды. Өлкедегі қалың нөпірді көргелі жаңада мінілген үйірсек аттар кісінейді. Абай үйлеріне келушілер саябырлап, азгана толас болды. «Ендігі кісілер ертең келер» десіп, Абайлар алдыңғы үйлерге қымыз тарта бастаған. Осы уақытта Ербол Абайға келіп:

– Тары бір қалың топ келді! – деп ақырын хабар берді. Бұл жиын Найманның Тобықтыға жақын отыратын руы – Сыбан екен. Арғы шеті – Аягез, Қоңыршөулі, Ақшөулі де, бергі жағы осы Шыңғыстың сілемінде болады. Тобықтымен сыр мінез. Бірақ бәсекесі де көп, тайталас ру.

Абай жылдам басып, тысқа шығып, бар жігіттерін топтан тұрып, тары да жақсы қарсы алды. Жері жақын болғандықтан, өзге Жетісү елінің бәрінен Сыбандар мол келген екен. Абайға тиген қонақтың арты осылар. Бос тұрган үш-төрт үйге соларды түсіріп, Абай барлық қонақтарын жайғастырды да, енді тамам жігіттермен өзі қоса, сарп үрып жүріп сыйлауга кірісті. Өуелі қымыз. Содан соң шай... Содан әрі атпен тартқызыған табақ-табақ ет! Алыс жолдан шалдығып келген, қарны ашып келген қонақтарды тыңайтып, күйлендіріп жатты.

Ет желінгеннен кейін, шаршап келген қонақтардың алды жата бастады.

Бүгінгі жүріске мұқалмаган Сыбандар екен. Олардың үйлеріне еттен соң тағы да қымыз сапырылып еді.

Кеш бойы, көбінесе, нағашы жағының үйлеріне айналып жүрген Абай Сыбан қонақтарға енді оралып келді. Сыбан жиынының бұл келістегі үлкені Қадыrbай екен. Ол – ақын Қадыrbай. Жас күнінде әйгілі Садақ ақынмен айттысып, «Бала ақын» деген ат алып, сол Садақты өлең сезде мұдірткен осы Қадыrbай болатын. Оның көп өлеңіне Абай қанық. Бірқатарын жатқа біледі. Өз қонағының ішінде Қадыrbай болғанына Абай дән ырза болды.

Қадыrbай болса, бағана түсер жерден-ақ бұларға арналған үй – Құнанбай үйлері екенін білген-ді. Арысы Тобықты, берісі Ыргызбай ішінің қатын-баласына дейін білетін Сыбанның бірнеше сөзуар кісілері тек отырған жоқ. Бағана кештен бері тыскә шығып, қастарындағы күтуші Ерболдармен сөйлесіп, осы он үйдің жай-жапсарын, күтуші иелерін де Қадыrbайларға мәлім еткен.

Қадыrbай өзі де келгеннен бергі сары қымыздан, дастарқан мен ыдыс-аяқтан, шай үстіндегі тәтті-дәмдінің молдығынан әр жайды топышылап отырған. Өсіреле, түрілген жас қазының қатарында жүрген үйіткен қойдың етін – мынау үйдің сыйын өзге үйлердің сыйынан басқаша деп бағалаған. Ас атаулының бәрінде болатын жалпы құрғақ сыйдан бөлек жатыр.

Енді осы сыйды басқарып жүрген Құнанбайдың бір жас баласы деген соң, Қадыrbай сол бала өз қастарына келгенде ілтипат жасады. Абайға:

– Бері кел! Отыр, балам! – деп шақырып ап, өз қолынан қымыз ұсынды.

Қызылт қоңыр сақалы бар, келбетті, ақ сары Қадыrbай Абайға аса бір келісті кісі көрінді. Бұл қонақ Абайдан әке-шешелерінің саушылығын сұрастырды. Көрсетіп жатқан сый-құрметіне алғыс айтты.

Абай өздігімен сейлемей, тек қана Қадыrbайдың сұраган сөздеріне жауап беріп отыр еді. Жауапты қысқа болса да, байыпты, орнықты ғып айтады. Жас жігіттің тұс-тұлғасын Қадыrbай ұннatty білем, тағы да сей-леткісі кеп:

– Осы Барлас ақын маган бір әңгіме айттып еді. Құнекеңнің оқудан қайтқан бір жас баласы бар екен. Өзі өлеңқұмар екен. Үлжаннан туған, Зеренің қолындағы баласы десе керек еді. Сол әлде сенбісің? – деді. Абай ұялыңқырап күлді де:

– Барлас ақынның біздің үйге кеп азырақ қонақ бол кеткені бар еді, – деп Қадыrbайдың жүзіне тұра қарады.

Қадырбай күлімсіреп қойып:

– Балам, ендеше, сен көңіліце алма, әкеңмен мен құрдастын. Сондықтан еркін сейлей берем. Айтпағым: өлең дегенді аса бір сүймейтін кісі сенің әкең еді. Сен негып өлеңсүйгіш боп жүрсің? Осының жөнін айтшы? – деді.

Үй іші Қадырбайдың қалжынына күле бастады. Абай өзі үй иесі болғандықтан сыпайылық жасап, аз сейлермін деген. Бірақ мына Сыбандар шет елдің адамдары сияқты емес. Тобықтының өз ауылдарының адамындей кең отыр. Жауап айтқысы да келеді. Айттар сөзі де даяр сияқты. «Тек қонаққа кеп отырған үлкен кісімен жауаптасса, әдепсіздік болар ма екен?» деп екійлы болды. Өзі байқамастан тамсанып, басын шайқап еді. Қадырбай шалып қалған екен.

– Көне, бірдеме айтқалы отырсың гой. Ұялма, айт! – деді.

– Ендеше, Қадеке! «Әкесі құрдастың баласы құрда» дейді гой. Оғат айтсам, ғафу етіңіз! Бірақ аса бір көңілі керең кісі болмаса, өлеңді сүймейтін жан бола ма? Мениң әкемнің де сүйетін өлеңі болар. Жалғыз-ақ сіздің есінізде қалғаны, әлгі бір «Шұбарым, аргымагым, кер маралым, өз заңынша бөлкендік жандаралым!» деген өлеңді жақтырмай, сынап сейлеген сөзі болмаса! – деді де, ақырын күліп қойды.

Үйдің іші тегіс елең етіп, Абай жауабын баққан Қадырбай қатты қарқылдан күліп жіберді.

– Япыр-ай, мына баланың өзіме соғуын қарай гөр. Сен бұл әңгімені естіген екенсің-ау, ө? – деп үй ішіне жағалай қарады. – Мынаның айтып отырғанын көрдіңдер ме? Бұл менің Солтабайға айтқан өлеңімді нұсқап отыр. Құнекең соны естігенде, маған: «Несіне жалына бергенсің?» – деп сын айтып еді. Балам, сен дауынды тауып айттың! – деп тағы күлді.

Абай осыдан әрі үндеген жоқ. Тегінде, соңғы кезде барлық үлкендерге талас сөзде соқтығыңқырап сейлегенді қатты ұнатушы еді. Өзі қоймай сейлеткен соң, Қадырбайға айтқанына да өкінген жоқ. Қайта мұндай-дагы қатқыл көңілі бір ырзалық тапқандай болды.

Бұл үйдегі қонақтар үзак отырып, кеш жатты. Орындарын жайластырып, тегіс жатқызып болып, түңліктерін жапқызып, Абайлар ас ошағына қарай қайтқанда, жаздың қысқа таңы сарғайып атып келеді екен.

Абай, Ербол, Ызғұттылар асүйлерге жақындей беріп, өзара күңкілдесіп:

- Қазір таң атады. Бүгін үйқы бола қоймас!
- Үйқыны қояйық!
- Отын-су ерте қамдалсын!
- Қымыз! Қымыз кешікпесін! Бар үйдің де сабалары сарқылып қалды!

– Үйқыны қойып, тез қам қылайық! – десіп, келесі күннің қамына жұмылды.

Келер күн ең ауыр күннің өзі болды. Астың дәл үлкен күні осы. Абайға тиісті қонақтар бұл күні түске шейін кешегі үйлерінен қозғалған жоқ. Таңертеңнен бері шай, қымызбен сыйласп келіп, дәл түске тақай бергенде, барлық он үйге ет тартылды. Абайдың бұл жолы жасаған тәртібі қонақтарды да, көлденең елді де, ас иелерін де қатты сүйсіндірді.

Табақ тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ер-тоқыммен ерттелген. Құтуші жігіттер бастанына тегіс жібек орамал байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табақтан алыш, қатар ызытып жәнелгенде, өлкө бойы жайнап кеткендей болады. Нагашыларға арналған күтімнің қапысы жоқ, оқшау сый болды.

Астың күндізгі етін осы үйлер түгел жеп болған кезде, Байсал бір үлкен ақ боз атқа мініп, қасына қырық-елудей топ ертіп, қолына үлкен биік ағашқа орнатқан қарақшыны алыш, атой беріп шықты. Қонақтар атқа мінсін, әзірленсін деген белгі. Енді бәйге, курс, ат үсті сауық басталмақ. Астың қалың думан, қызу ордасы қайнады. Әңгіме, дүкен қарақшы айналасында болады. Байсалдың хабарын құлақтана салысымен, барлық жұрт аттарына үмтүлды. Жал-құйрығы сүзілген бәйгелер де киікше базып, ойқастап шықты. Аз уақытта қалың ел ат үстінде әзір болды.

Жиынын Абай тегіс болжай алмады. Ол атқа мінбеген, мінбекші де емес. Өйткені мұның сыбағасына тиғен қонақтар алыш елдің адамдары болғандықтан, бүгін тарамайды. Ендеше, кешкі сыйына тары әзірленіп тұру керек. Сол себепті Абай мен Ызғұттылар өз шаруасының қарбаласында жүр. Маңындағы жігіттері де тапжылмай, қастарында қалған. Абай ешқайсысын босатқан жоқ. Тек жалғыз Ерболған көптің қызынына елігіп, шыдай алмай:

– Тым құрыса, сендерге хабаршы болайын. Не бол жатқанын айтып келейін, – деп тұра жәнеліп, шапқылап кетеді де, тез оралыш келіп, тың хабарлар айтады. Кешеден бері жиылған жұрттың сан мәлшерін білген кісі жоқ еді. Ербол «талай мың бар екен» деп келді.

Абайдың қонақтары аттарына мініп, белгі күтіп тұрганда, Байсал ұран салып, қарақшысын аспандата көтеріп, Тезектің Қарашоқысына қарай шапты. Соның ар жары – кең жазық. Истің бері сонда болмақ.

Қарақшы жәнелісімен, соның бетін бағып тұрган барлық топ-топ аттылар да дүркірей шауып, қаптай жәнелді. Абайлар енді көрді, көлденең етіп, селдей ағып жатқан халықтың саны ұшан-теңіз екен. Бұл кезде асүйлерден Ұлжан, Айғыздар да шығып, барлық құтуші, қызметші атаулының баршасы тамашалап, қарап қалысты.



Сыр мінез – сыры, мінезі белгілі. Өрекетіне қанық, біletін адамдар деген мағынада.

Оғат – ерсі, оғаш.

Бөлкендік жандаралым – орыс тіліндегі «полковник жандарм» деген сөзді қазақ тілі мәнерінде айту.

Сыбага – құрметті қонаққа немесе жақын-жұыққа арнап сақталған кәделі, мүшелі тағам. *Бұл жерде:* күтілетін қонақтар.



1. «Өрде» тарауынан берілген үзіндіні оқып, тезистік жоспар құр.
2. Ас иелері Бөжейдің нағашы жүртyn күтуді неге Абайға сеніп тапсырады?
3. Абай алыс жолдан шалдығып келген қонақтарды қалай күтті?
4. Абай қонақтарды, көлденең елді, ас иелерін қалай сүйсіндіреді? Үзіндіден тауып оқы.
5. Жазушы қандай этнографиялық суреттер жасаған? Хрестоматияны пайдалан.



1. Екі оқушы жұптасып, үзіндідегі кейіпкерлерге тән ерекшеліктерді анықтаңдар.

Кейіпкерлер			
Ерекшеліктері			
Өмірлік мақсаттары			
Үстанымдары			

2. Топпен бірге «Сұрыптаң талдау жұмысы» әдісімен жоба жасаңдар:

- 1-топ. Үзіндідегі суреттегетін эпизодтар.
- 2-топ. Осы эпизодтардың тарауга арқау болуына түрткі болған ой.
- 3-топ. Екі немесе үш эпизодтың айырмашылығы туралы не айтасыңдар?
- 4-топ. Бұл эпизодтарда Абай бейнесі қалай көрсетілген? Абай азамат ретінде қалыптасқан тұлға ма? Үзіндідегі Абай бейнесін даралап түрган қасиеттерді қалай бағалайсыңдар?



Қадыrbай мен Абайдың диалогін рөлге бөліп оқыңдар. Жазушының Абай бейнесін сомдаудағы шеберлігі туралы жұппен бірге талқылап, кестені толтырыңдар.

Үзіндіден мысал	Абайды қандай қырынан таныдым?
<p>– Көне, бірдеме айтқалы отырсың ғой. Ұялма, айт!</p> <p>– Ендеше, Қадеке! «Әкесі құрдастың баласы құрда» дейді ғой. Оғат айтсам, гафу етіңіз! Бірақ аса бір көңілі керен кісі болмаса, өлеңді сүймейтін жан бола ма? Менің әкемнің де сүйетін өлеңі болар. Жалғыз-ақ сіздің есіңізде қалғаны, әлгі бір «Шұбарым, арғы-мағым, кер маралым, өз заңынша бөлкендік жандаралым!» деген өлеңді жақтырмай, сынап сөйлеген сезі болмаса!</p>	

2. Үзіндіден көрінетін әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігі туралы өз көзқарасынды «ПОПС» формуласы арқылы жеткіз.

Улгі:

Бірінші сөйлем. Менің ойымша, ...

Екінші сөйлем. Мен оны ... деп түсінемін.

Үшінші сөйлем. Мен оған ... деген деректер, мысалдар келтіре ала-мын.

Төртінші сөйлем. Мен ... деген қорытынды шешімге келдім.



Үзіндідегі заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағала.

- 1) Суретtelген ас беру дәстүрі: _____
- 2) Бүгінгі замандағы ас беру дәстүрі: _____
- 3) Олардың үқастығы мен айырмашылығы туралы өз ойым: _____

Кепі байланыс: «Бес саусақ»

- 1) Маған үзінді үнады ма? Неліктен?
- 2) Қандай білім мен тәжірибе алдым?
- 3) Мен үзіндіні қалай талқыладым?
- 4) Тақырып бойынша басты мәселе қандай?
- 5) Сабак барысында өзімді қалай сезіндім?



60

Классикалық қазақ әдебиетінің үздік ұлғасы саналатын «Абай жолы» роман-эпопеясында Мұхтар Әуезов әлемдік деңгейдегі көркемдік үрдістерді терең пайымдай отырып, сахара төсіндегі үлттық ортага тән тіршілік өрістерін негұрлым шынайы диалогтік қарым-қатынастар ауқымында дәл, нақтылы бейнелеуді мұрат тұтты.

*Бақытжан Майтанов,
әдебиеттанушы ғалым*

Типтендіру деген суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дауірге сай талғап-тануы, тандап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырган көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы болып табылады.

*Зейнолла Қабдоллов,
академик*

Қияда

Оқу мақсаттары:

11.1.3.1 – көркем шығармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.1.5.1 – үлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контексттермен байланыстыру;

11.2.2.1 – шығармадагы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.4.1 – әдеби туындыдагы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлец, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;

11.3.3.1 – шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

Жаңа мақсат: Әже, қимас жан, қайғы, өлецмен жұбану.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, жинақтау мен даралау арқылы жасалған бейнелерді табу;
- ✓ үлттық құндылықтарды анықтау, ғаламдық контексттермен байланысын талдау;
- ✓ автор идеясын анықтау;
- ✓ шығармашылық жұмыс жазу үшін керекті мәліметтерді теріп алу;
- ✓ әдеби эссе талаптарын қайталу.

Күн әбден жылдынды. Көк те шыға бастады.

...Ертең таң атысымен жүк шығартуга бүйірып еді. Бірақ дәл осы күні кешке Зере сырқаттанды.

Көрі әженің сырқаты біліне салсызымен қысып кетті. Басында ыңғылы күшті бол, тынысы ауырлап келіп еді. Келесі күні дәрмен аза-йып, өздігімен қозғала алмайтын болды. Абай мен Үлжан қатты сескенді де, Зеренің қасын күзетті. Сусыны, төсегі, бар күтімі екеуінің ғана мой-нында. Өзге жанды көп кіргізген де жоқ. Жұрт аяғын ауырлайды деп, үй ішін оңаша ұстауга тырысты. Зере науқасының келесі күні түнінде Үлжан енесінен күдер үзе бастаған болатын. Абайға айтпастан, Үлжан Қарашоқыға кісі жүргізді. Сейтіп, түні бойы ұйықтамай күзетіп отырған келіні мен немересіне Зере таң алдында ең соңғы рет көз салды. Әжесі қөзін ашқанда Абай үміттеніп қалып, қадалыңқырай түсті. Науқас ана бірдеме айтайын деген тәрізді. Ол ажарын Абай өзі таныған жоқ. Үлжан байқады. Екеуі де қатар сырғып, жақындей түсіп, төніп келгенде, Зере бір нәрсені сыйырлай бастады.

Дене күші бітсе де, ойы сап-саяу. Тек үні әлсіз.

– Өнегем... болса... тірлігімде көрсете алдым ба, жоқ па? Өсиетім болса... құлағым, тілім барында айтып болдым ба, жоқ па? Қайтейін!.. Енді қайтейін!.. Бүгін мынау әлім біткен шағымда, не дәме етесің екеуің!.. Не күтіп маған телміресің!.. – деді. Осы сөздерін көп қиналып, ұзак айтып еді.

Сейлету зорлық сияқты. Бірдемені айту да орынсыз. Абай екі қолын төсіне қойып, әжесіне тағым етті де, басын иді. Өзінше «Бар жүрегімнің құрметі, әулиедей ана, саған арналған» дегені. Сейтіп, аз отырды да, әжесінің екі қолын ұстап, кішкентай алақандарына бетін басты. Иіскеп сүйіп отырғанда бірнеше ыстық тамшылар да сол әлсіз жүдеу алақандарға тамып еді. Әжесі тағы да сыйырлап:

– Қарағым... жалғыз қарашығым, – деп Үлжан жаққа қарады да, – анаңды күт! – деді.

Осыдан кейін тағы бір толастан соң:

– Ішімнен шыққан жалғыз еді ғой... Жалғызға топырагым бүйірсын! – деді. Бұл сөзді, тіпті ап-анық айтты да, қайтып үндеген жоқ. Кезі тағы да жұмылдып кетті. Жаңағы айтқаны Құнанбай екенін Абай лезде түсінді. Сол сөзді бастай бергенде, Үлжан басын изеп, «Тыныш болыңыз, орындаимыз» дегендей белгі еткен.

Қадірлі ана осы таңға жетпей қайтыс болды.

Абай мен Үлжан таң аппақ атқанша үн қатқан жоқ. Зеренің дана жүзіне мұлгіп, жүдеп, қадалып отырды. Екеуі де жаңа ғана қастарынан гайып болған ана туралы өз шерімен, өз ойларымен болып, бар дүниені ұмытқан сияқты.

Абайдың өзі ес білгелі шын жақын жанның әлімін көргені осы. Көрі анасының қазіргі жүзі көкшіл сүрғылт тартса да, біртүрлі бір зор тыныштыққа жеткен тәрізді. Өлім емес, қиналу емес. Қайта көптен көксеген арманына жеткендей. Соншалық ырза және мейір шафқат нұрын тапқандай.

Күн шыға бергенде, барлық ауыл хабарланып, бала атаулыға шейін тегіс жиылдың келген еді. Немерелері мен келін-кепшік үнсіз жыласты. Көрші-қолаң, малшы атаулы да шын күйініп, ауыр-ауыр күрсінді.

Осы таңтеренде Қарашоқыдағы, Шыңғыстағы көп туысқан да кеп жетті. Алдымен келген Құнанбай, Құнкелер болатын. Қалған Үргызбай да осы күні түске шейін түгел келді.

Бұл өлімді барлық жұрт тегіс ауыр алғанмен, жыласқан жоқ. Үнде-мей күтті. Келесі күн жаназасы болғанда кедей көршілер де тегіс келген екен. Кеп қауым боп, түгел ардақтап қойды.

...Аз уақытта, жылдағы дағды бойынша жұрт жайлауга көшті. Абай әжесінің қырқына шейін, тысқа шықса, ертелі-кеш анасын жоқтап, зар өлеңдер айтады. Тау басына шығып, даланы кезіп жүрсе де, анасына бағышталған мұнды ойлардың қасірет жырлары орала береді.

...Абайдың Ақшоқыға соға кететін жұмысы бар-ды. Ордадан шығып, солай қисая жүрді. Жол жоқ. Бірақ қар жүқа болатын. Ербол екеуі сар желіп отырып, Есембайды бауырлап кеп, Тақырбұлақ тұсындағы жолға түсті.

Бір шақта қаладағы оқудан қайтып келе жатып, ауылды аңсан, асығып шапқан кек жазығы осы еді. Қазірде аппақ суық қар басқан. Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панасыз, жүдеу. Айықпас, ауыр мұңға батқан. Бұл күнде Абай көңліне панасыз, кемтар көрінетін бар сахарасының, бар халқының күйі де осы реңдес. Бір кезде нанғыш, таза бала жүрегі барлық рақат, бақыт осы қырда, ауылда деп аласұрған болса, қазір Абай қайта жортып келеді. Енді бірақ сондағыдай үміт, бақыт тілегін қаладан ізделеп, соны аңсан келеді.

Бұл уақытта Абайдың жасы 24-ке шыққан-ды. Кез алдынан өзі ше-гіп өткен жылдардың бірталай күйлері шұбатылып өте берді. Байқап қараса, өмірдің бірталай қат-қабатынан, шытырманынан, бел-белесінен өтіпті. Бір шақта өрге басып, енді міне, қияға қарай да өрлеп келе жатқан тәрізді. Осындай өз тірлігінің бұраң жолын көрді.

Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, өлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді.



Шафқат нұры – мейірім нұры.

Қия – тау-тасты, биіктеу жер бедері.

Бұраң жол – бұрылыш, қисық жол.



1. Зере әжениң соңғы сөздері Абайға қалай өсер етті?
2. Абай екі қолын төсіне қойып, тағзым ету арқылы әжесіне не демекші болды?
3. Неліктен Абайға мұнды ойлардың қасірет жырлары орала береді?
4. Атаның емес, адамның ұлы болуды қалай түсінесі? Абай ол биікке жете алды ма?
5. Автор Абай образының символы ретінде нені суреттеген?
6. «Абай жолы» роман-эпопеясы бірінші кітабының тарауларын жазып шығып, ерекшеліктерін көрсет.

Тараулары	Ерекшеліктері	Тарау атауларының символдық мағынасы



1. Топпен бірге «FILA толтыру» әдісі бойынша кейіпкерлерге талдау жасандар.

F / Дерек/ – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинаңдар;

I /Пікір/ – кейіпкер туралы өз ой-пікірлерінді білдіріндер;

L /Сұрақ/ – кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар өзірлендер;

A /Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған әдісі қандай?

Деректер	Ойлар	Сұрақтар	Іс-әрекет

2. «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабы бойынша Абайдың өсу жолдарын атап шық. Абайдың тұлғасын танытатын көріністерден мысал келтір.



1. Абайдың азаматтық бейнесін жасаудағы жазушы жеткен биіктікі немен түсіндірер едің? Осы тақырыпта шағын ізденіс жұмысын жүргіз.

2. «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабындағы эпилогке талдау жаса.

Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақырың мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді.	Шыгарма сюжетін жеткізудегі маңызы	
	Шыгармадагы мәселелерді жеткізудегі маңызы	
	Шыгарма идеясын жеткізудегі маңызы	



Романды көркемдік-эстетикалық құндылық түргысынан талдаған, әдеби эссе жаз.

Көрі байланыс: «5-5-1»

- 1) Роман-әпопеяның бірінші кітабы жайлы 5 сейлем жаз.
- 2) 5 сейлемді 5 сөзге дейін қысқарт.
- 3) 5 сөзді 1 сөзге қысқарт.
- 4) Түйінді сөзді сыныппен бөліс.



1941 жылы май айында Алматыга ауысып келіп, Қазақтың Мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып тағайындалды... 22 июнь күні Ұлы Отан соғысы басталды да... кейбір жабдықтар мен қызметкерлердің жетіспеу салдарынан оның бүріншесі жоспары өзгертиліп, біраз шыгармаларды тоқтата тұруға мәжбүр болдық. Бірақ біз, баспа қызметкерлері, ері ойласып, бері ойласып «Абай» романын ертерек шыгару көрек деп таптық. Көп кідіртпей машинкага жаңа әріппен қайта басқызып (кітап алғашында ескі латын әрпімен терілген еді), баспаханага жібердік.

Келесі 1942 жылы июнь айында «Абай» баспадан шықты (бірінші кітап – Б.К.). «Абай» баспадан шыққан күні ол жөнінде Қуандық Шаңғытбаев екеуіміздің мақаламыз да жарық көрді («Социалистік Қазақстан», 26 июль, 1942 жыл).

«Абай» романын шыгарысуга менің де біраз еңбек сіңіргенімді байқап, маган өз кітабының бетінен мынадай сөздер жазып сыйлады: «Бейсенбайга! Кітаптың дүниеге шығынына еткен еңбегің мен достық, інілік көңіліңді айрықша сүйсініп бағалаган жүрекпен сыйлаймын. Мұхтар. 31.08.42».

Бейсенбай Қенжебаев,
әдебиеттанушы ғалым

«Абай» романының жазылу жайынан:

Абай туралы романдардың бәріне тән бір ерекшелік – менің шыгарма үшін материал пайдалануымдағы ерекшелік. Бұл арада мен сіздерге Абай жөнінде, өсіресе оның өмірінің күресінің, ақындық қалыптасуының алғашқы кезеңдері жөнінде бізге жазба түрінде жеткен дерек жоқтың қасы екенін айтқым келеді. Рас, ол кезде кейбір жеке жазушылар болды, жазу-сызу Абайдан көп бұрын туды, бірақ Абай орта жасқа келіп, нағыз жүртқа танылған ақын болғанға дейін оның көптеген шыгармалары қағазға түспей, ақынның өз аузында айтылып немесе оған жақын адамдардың жадында гана сақталып жүрген. Ал Абайдың өз басын, оның өмірінің жекелеген фактілерін алатын болсақ, бұлар жөнінде ешқандай мемуар да, күнделік те, не сол кезде жарияланған деректі еңбек те жоқ. Мен роман жазбақ болғанинан кейін, керекті материалды әртүрлі жолмен өзім жинай бастадым. Абайдың жасы қазір жүз онға жуықтады, өзі маган кездескен жоқ. Сондықтан мен оның балалық, жастық шағын, жігіт кезін көрсетеу үшін, Абайды көзбен көрген адамдардың аздаған естеліктеріне сүйенуге мәжбүр болдым. Рас, өзімнің сол Абай шыққан жердің қазагы болғандығымның біраз пайдасы тиді: жасаңдау кезімде Абайды жақсы билетін адамдармен – кемпір-шалдармен кездескенім бар. Олардың кейбіреулері тіпті Абайдан бірнеше жас үлкен де адамдар еді...

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл

- М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші кітабы келесі та-
• руалардан және эпилогтен тұрады. Олар: «Тайгақта», «Жайллауда», «Еңісте»,
• «Оқапта», «Асуда», «Тарауда», «Биікте».

АБАЙ ЖОЛЫ (екінші кітап)

Тайгақта

Оқу мақсаттары:

- 11.1.3.1 – көркем шыгармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;
- 11.1.4.1 – көркем шыгармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шыгармашылық жұмыстарда қолдану;
- 11.2.1.1 – әдеби шыгарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.4.1 – шыгарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Кітаптардағы ғажайып мекендер, жолаушылар, алыс сапарга дайындық.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ жинақтау мен даралауга байланысты кейіпкерлерге талдау жасау;
- ✓ үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шыгармашылық жұмыстарда қолдану;
- ✓ композициялық ерекшелігіне назар аудару, талдау;
- ✓ үзінді идеясын анықтау;
- ✓ әдеби сын талаптарын қайталау.

Таң алдында бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді үй-қысыз өткізді. Бірақ өлі талған жоқ. Өлі де кітап бетіне үңілуде. Үлкен үстел үстінде шалқасынан ашылып жатқан кітап бір емес, өлденеше. Әр алуан тілдерде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналыш түсінетін араб, парсы және олардан ғері де өлі ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар.

Абайдың жайшылықтары оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа. Кітаптан алатын білім нұсқаның бүгін тіршіліктің қолма-қол керегі үшін асырыс қажет болған бір шары еді. Абай соңғы күндерде, әсіресе осы соңғы түнде, өзіне бұрын дағдылы болмаған бір халде. Ол бір ескі «ғалымдар» ма, «рауайлар» ма, солардай бір күйде отыр. Осы жайына өзі таңырқай түсіп, қызығып та қарайды. Парсы, түркі кітаптары бұны біресе Шираздың гүлзарына әкетеді. Самарқандың мазар гимараттарына қадалтады. Мәру, Мешнедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын, самал хауыздарына үңілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Фырат, Фазна, Бағдаттың сарайларына, медреселеріне, кітапханаларына тартады. Нелер ықылым замандар бойы асфанаңи қайқы қылыштары тынымсыз тайталаспен қарш үрысып өткен араб, парсы, түрік, мұңғыл тарихына да көп-көп көңіл тартады. Осылардан бірауық орысша кітапқа түскенде, Орта Азия, Иран, Араб жер-суы, шөл-құмы, қала-сауда тірлігін айқын тани түскендей болады. Абайды бүгін өзіне үңілдірген – жаңағы елдер мен уәлаяттардың дәл бүгінгі көрінісі.

Оқи отырып, кей жайларды анық, айқын етіп хатқа жазып келеді. Керуен көшетін сауда жолдары, үлкен базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айрықша керек болған.

Бұл кітаптардан алған хабардың бәрі қазір аттанатын жолаушы үшін керек. Абай оқи отырып, кей кездерде, бала шактан көп естіген сонау алыс мұнар ішіндегі шаһар, үелаяттарға беттеп, «осы сапарға өзім жүрер ме едім» деп қызығып та қояды. Көрмек, білмекке қызығады.

Ашық терезеден оқыс соққан салқын жел келді. Үлкен, жеңіл ақ пердені жел үйірді. Шалқыта толқытып кеп, жақын тұрган биік үстелдің үстіндегі кітаптарға төндірді. Перде біресе ойнаған баладай боп, Абай оқып отырған кітап бетін жасыра бүркеп қалады, біресе желпи қағып, кітаптың жазуларын сапырып үшіруға тырысқандай болады.

Абай жаңа байқады, артындағы үлкен есік кең ашылып, ар жағында келе жатқан бір сый адамды күткендей екен. Таң атқалы бұл бөлменің есігі ашылып, кісі кіргені осы еді. Абай бұрылып қарай бере, келе жатқандардың кім екенін білді. Жай басып, ауыр тыныс алып, демігіп келе жатқан өзінің шешесі. Бұл күнде денесі ауырлап, жүріс-қозгалысы үлкен қыындыққа айналған Үлжан есіктен кеп көрінгенде, оны екі жағынан екі әйел қолтықтап, сүйеп келеді екен. Абай орнынан шашаң тұрып, шешесіне көрпе салды. Түсі Абайға ұқсаған, сәнмен киінген ақ сүр сұлу келіншек жастықтар әкеп қойды. Барлық тұлғасы Құнанбай тектес бұл жас әйел – осы үйдің келіні, Абайдың апасы Мәкіш. Екінші әйел – Үлжанның ауылдан ере жүрген жолдасы Қалиқа. Ол бәйбішенің алдына жалтыраган жез шылапшын мен Қашқардың әсем, сопақ құманын әкеп, су қойды. Мәкіш кең бөлменің ортасындағы топсалы үстелді қайырып жазды да, ашық есікке қарай дыбыс беріп:

– Ал әкел, жасай бер! – деді.

Үйге Мәкіштің өзі құрбылас ақ қызыл жұзді, сұңғақ бойлы келіншек кірді. Оқа жаға салған, қара мақпал қамзолы бар, самай шашы майланып, жылтырай таралған келісті келіншек дастарқан жайып, қонақтарға арналған таңертеңгі асты жасауга кірісті. Шешесі жуынғаннан кейін кеzek алып, бешпентін тастап, беті-қолын жуына бастаған Абай үйқысыз тұнде басының азырақ ауырлап, зеңіп қалғанын енді сезіп еді. Мәкіш бұны қонақ тұтып сыйлап, қолына су құйып тұрғанда:

– Мәкіш, сұың жайлыш тиіп барады, сергіп алайын. Басыма да құйып жібер! – деп бас-мойнын түгел жуып алды.

Сүртініп, демігін жаңа ғана басқан Үлжан Абай отырған биік үстелге кез салып, баласының жайын түсінді де:

– Абайжан, осы сен тұні бойы үйықтамағанбысың? – деп баласының бетіне қарады. Абайдың өңі ақшыл тартып сұрланып, екі көзі қызарып тұр еді.

– Жоқ, тұн ортасында кез шырымын алдым ғой! – деді.

– Соншалық сарылғанда кісінің ойы шатаспай ма? «Қойға қасқыр шапқанын негып байқамай қалдың, үйықтадың-ау» дегенімде, біздің Ко-

дыға айтып еді: «Ұйықтағам жоқ, бірақ таң алдында көзіме, тіпті түйенің өркеші төртеу болып көрініп отырган шақ еді. Дәл қасымнан өтіп, сүмендең кетіп бара жатқан қасқырды ит екен деп қорага жіберіп алдым», – дейтін. Сол айтқандай, түйенің өркеші төртеу болған шақта, мен-зен болған басқа білім қонақ ма екен, балам-ау? – деді.



Ықылым замандар – ерте кездер, өте ерте замандар деген мәғынада.

Асфанаңи қайқы қылыштары – Исфahan қаласында жасалған қылыш.

Үәләят – Шығыс елдерінде жиі кездесетін аймақтық-әкімшілік бөлік: басқарма, басқару; өлке, аймақ, облыс деген мәғынада қолданылады.

Жайлауда

Кең көгалға жайыла қонған үлкен ауылдың оң жақ шеті өңшең үлкен ақ үйлер. Бұлар мал жататын қотаннан, иіс-қоңыстан, мазасыздықтан әдейі қашаңдап, шалқая қонған.

Ауылдың екінші шеті мен мал ірілетін орта түсында отырган өңшең қоңыр үй. Бұл шетте жыртық, шоқпыт лашықтар, құрым қара костар, кішкене күркелер де бар. «Қоңсы-қолаң» атты кеп жанның баспанасы осы жақ. Қойши шал, қозыши бала, түйеші, сауынши, жылқыши да осы жақтан шығады.

Қазір үлкен ауылдың бұл шетіндегі қолы бос жас-желең де, шүйке есіп, үршық іірген кексе қатын, кәрі кемпір де түгелімен ауылдың екінші жағына құлак салады. Тегіс алаңдап, солай жүргілері де келеді. Олардың бәрін еліктіріп, аса қыздырған – жалғыз бір шырқаған асқақ үн, ол – ән. Ауыл үстінде шаңқай түсте, бұлтсыз кек аспанға шаншылып шырқаған өктем, әсем жалғыз үн.

Шеткі үйлердің барлық жаны бұл әншіні бұрын алыстан болса да есітіп, дәндегендей.

...Бұл көршілер әңгіме еткен «жас келін», «әнші келін» – Әйгерім болатын.

Қалың қонақ жиылған отау да соның үйі.

Абай Әйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып өкелген еді. Қазір басында желеңі бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр. Бұл екеуінің осы жолғы қонағы да өзгеше. Ол – өңшең қызы, сылқым келіншек пен сөнді сұлу бозбала.

...Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырган орта бойлы, қызыгылт жұзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жұзді асыл саз, өсем әнімен үйтқан Біржан сал.

Тобықты ішіне сонау алыс Кекшетаудан келген сирек сый қонак. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Устінде қара мақпал, кең, женіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға» ақ кейлектің сыртынан киген сарғылт түсті қытайы жібек қамзолы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ыргала түседі. Құйқылжыған әніне қалың жиын қыбыр етпей үйип, мұлгіп отырганда, кербез әнші өзі де, жұзіне жылтыр майда рең бітіп, нұрлана құбылады.

Баласы Қожагұлдың Біржан салмын,
Жұртyma зияным жоқ жүрген жанмын.
Кіcіge өzіm қатар bas үrmаймын,
Өзіm ақын, өзіm сал, kіmgе зармын?.. –

деп бір кетеді.



1. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші кітабы қандай тараулардан тұрады?
2. «Тайгақта», «Жайлауда» тарауларының толық нұсқасын оқып таныс.
3. Абайды оқыган кітаптары ойша қайда сапар шеккізеді?
4. Абай неліктен кітаптан оқыған жайларды анық, айқын етіп хатқа жазып отыр?
5. Абай мен Әйгерімнің өзгеше сыйлы қонағы кім? Ол туралы не білесің?
6. Жазушы Біржанның тур-түсін қалай суреттейді? Қандай көркемдік құралдарды қолданған?



1. Топпен бірге тараулардағы басты оқиғаларды іріктең, Абайдың іс-әрекеттерін жинақтаңдар.

Тарау	Басты оқиғалар	Кейіпкерлер	Абайдың іс-әрекеттері
«Тайгақта»	1.		
	2.		
	3.		

«Жайлауда»	1.		
	2.		
	3.		

2. Үзінді идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысына талдау жасандар. Шыгармадагы көркемдегіш құралдарды бірінші – жүптасып табындар, екінші – басқа жүптармен ой болісіндер, үшінші – топта дәлелді үзінді келтіре отырып, кестеге толтырып жазындар.

Үзінді	Көркемдегіш құрал түрі	Колданысы



1. Абай мен Біржанды рухани жақындастырыган өнер құдіреті туралы ойынды «Төрт сойлем» тәсілімен жеткіз.

2. «Көршінің сұрагына жауап» әдісі арқылы үзінділерде айтылған оқиғалар туралы ақ парапқа бір сұрақ жазып, сағат тілі бойынша жылжытып, сол жағында отырыған серіктеріне бер. Олар сұрақ жазылған парапқты алғып, сол сұраққа жазбаша жауап береді. Жазып болған соң сұрақтар мен жауаптарды жүптасып оқып, талқыланадар.



«Абай жолы» роман-эпопеясын М. Әуезовтің «Абай» пьесасымен салыстыра отырып, әдеби сын жаз.

Кері байланыс: «Оқырман кезімен»

- 1) «Жазушылар»: романнан алған әсерлерін әңгімелейді.
- 2) «Ақындар»: 1-2 шумақ өлең құрастырады.
- 3) «Суретшілер»: роман идеясы бойынша сурет салады.



Көркемдік уақыт. Әдеби шыгармадагы уақыттың суреттелуі, зейінге алыну, қабылдануның өзгеше сипат-ерекшелігін түсін үшін көркемдік уақыт деген үғым бірте-бірте қалыптасып келеді. Көркемдік уақыт әдеби шыгарманың танымдық мүмкіншіліктерін, әсерлілігін арттыра түседі. Мысалы, «Абай жолы» эпопеясын алсақ, мұнда жарты гасырга

таяу мерзім алынған. Абай оқырманмен алғаш кездескенде 13 жаста болса, кітап аяқталған тұста 60-қа таяп, дүниеден қайтады. Осы мерзім кітапта үздіксіз суретtelмей, кейде жазушы арада бірнеше жылдар өтті деп, бірталау уақытты аттап кетіп те отырады. Ал бірақ кітаптагы көркемдік уақыттың көлемі өлдеқайда кең жатыр. Ондагы өткен замандағы өмір суреттерін еске алсақ, есke азыз-жырдағы оқигаларды ескерсек, кітаптагы уақыттың сыйымдылығы өлдеқайда мол екенін аңгарамыз. Оның үстіне, роман-эпопеяда маңызды тарихи кезең алынып отырганына және назар аударалық. Абай жана дәуірдің тууын арман етіп, соган жете алмай кетеді гой. Сонда Абай заманы қазақ даласында жүздеген жылдар бойы қалыптасқан патриархалдық-феодалдық қоғамның өмір салтын көрсететін тарихи кезең десек, кітаптагы көркемдік уақыттың, тарихи уақыттың сыйымдылығы онан да кеңеїе түседі. Әдеби шығармада бейнелі түрде көркемдік уақыттың қаншалық мағыналы, әсерлі болатынын осы мысалдан-ақ айқын аңгаруға болады.

*Зәки Ахметов,
академик*

Еңісте

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шығармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсінүү;

11.1.3.1 – көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.1.5.1 – үлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптары контекстермен байланыстыру;

11.2.2.1 – шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.5.1 – өлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

11.3.2.1 – көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

Көктемнің жайлы күні, аударма жасау, танысу.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ сюжеттік-композициялық талдау жасау;
- ✓ жинақтау мен даралау ережесін қайталау;
- ✓ автор идеясын саралау;
- ✓ үзіндіден үлттық құндылықтарды табу;
- ✓ шығармадағы заман бейнесін талдау.

Есігі түрлі, түңлігі шалқия ашылған кең үйге көктем сәскесінің бар тынысы, бар үні мол кіріп тұр. Биік төсек жанында дәңгелек үстелге шынтақтап оңашағана отырған Абайға есіктен кірген самал да жайлыш.

Таласа, жарыса білінген изен, жусан, жас бетеге істері де күншуакты салқын сәскенің қош лебіндей. Шырылдап ұшқан бозторғай үні бір кезек үй үстіндегі аспанға ілініп, қадалып, қырық құбылады.

Ақшоқының жақын сайларынан анда-санда үн қатып көкек шақырады. Үнемі жауапсыз сұрағын қайталай қадалтып, сұңқ-сұңқ етеді. Дүниенің ең бір жазықсыз, аңқау үнпазы өз жұбайын шақырам деп, кішкене сырны кең тау-тасқа да паш етеді.

Кейде жақын жердегі кең жайылым – «Қорықтан» адырға қарай шеттей ұшқан топ үйректердің сыпсың қанат қағыстары естіледі. Үяны сай тастан, інді моладан салып ап, жұп-жұбайлы қундерге жаңа ауысқан сарала қаз, итала қаздар үн салып өтеді. Абай кітап оқып отырса да, көктемнің осы сияқты көп алуан жаңа тірлігін үнемі қатар сезеді. Ойлай сезеді.


Үй жанынан кішкене, шымыр түяқтарымен шапшаң дүбірлеп, топыр салып жас қозы-лақтар жүгіріп өтті. Бір болымсыз себептен үркіп, үйытқып безгендей. Өлі өмір танымайтын жас буын өз тірлігін үрке сүйеді.

Көрші үйден осы қозылардай оқушы балалардың да жамыраған үні Абай құлағына оқтын-оқтын естіліп қалады. О да адам көктемінің жас төлді, балапанды тірлік үні.

Абай кітабын оқи отыра, даланың кей дыбыс, істерін үстірт қана сезінсе, кейде оңай оралған қатар ойды жаңағыдай ойлай да отыр.

Еңсесі биік отаудың оң жақтағы түсқиіз, шымылдығына шаңырақтан түскен күн сөүлесінде көктемдік, жаңа ашық рең бар. Таза сыпсырылып, таза жиылған оңаша үй Абай кеңілін көтеріңкі етеді. Өзіне-өзі тиген еркін шақта, жас жасаулы, жаразстықты жаңа көктемді үйден, тыстан бірдей сезіп, өзінше бір қуанышпен тыныс алады.

Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтаған үціледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы, тіпті белек. Ол ықылас кітап пен оқушы Абай арасында туған жақсы бір ұғынысудан. Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі осы. Ұғымды болған кітап бірінші өткел болды. Таза, сара, ашық өткелдей. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп тырмысып созылған арманды жағасына шыгаратын өткел.



Биылғы өткен қыс бойы Абай неше алуан «тәпсірлерді» серік етіп, жалғыз табандап қадалғаны орыс кітабы еді. Аяғында осы көктемде, жаңа дүние саңылауы шын жарқырап ашыла бастағандай болған соң, Пушкинге ауысқан. Қара сезінен бастаған. Қазірдегі өздігінен оқып, ұғып келе жатқаны – Пушкиннің ұзақ әңгімесі «Дубровский». Тілін берген «Дубровский» хикаясы өзегін де берді.

Осы таңертеңгі одаша отырыста Абайдың бар дүниені, үй-мекенді, кең тынысты көктемді өзгеше шат, жарқын көңілмен сезуінің себебі де сол жаңа тыныс, жақын дос болған, қызық кітаптан ауысқан әсер еді. Көптен бүндай қуанған да емес сияқты.

Былтырғы жаз берген өткен қыс бойында барлық істен, сөзден безер бол, қашып жатып алыш, үйден шықпай қойғанының да енді, міне, орайы қайтты.

...Абай қора салатын ұсталарымен, жұмысшыларымен және тәрт-бес үй көршісімен келіп, сол жұмысын жүргіздіріп жатыр. Қораны салушылар өз жұмысын істеп жүр. Ол жақта көбінше Ербол мен Әйгерім болады. Абай бұл жолы әке-шеше ауылданнан біраз ұсақ балаларды Кішкене молда деген тәрбиеші молдасымен белек үй көтеріп, бірге көшіртіп әкелген. Қазір көрші үйде үй салып жатқан сол шәкірттер ішінде Абайдың Ділдөдан туған балалары Ақылбай, Әбіш, Құлбадан және кішкентай Мағаш бар.

...Кітапхананың ұзынша оқу бөлмесінде жүрт отыр екен. Абай бұл үйге кіргенде, әр үстелдің айналасында екіден, үштен отырып кітапқа үцілген жандарды байқады. Өр жастағы, әр алуан киімді ерек, әйелдер, жас оқушы шәкірттер мен қыздар да көрінеді. «Осы шаһардағы ең бір қадірлі орын-ау!» деп ойланған қарап, жақсы бейілімен кіріп еді. Абай танитын өжімді жүзді, шоқша бурылсақалды, жұпның киімді қарт кітапханашы жымия күлді. Сирек бір қонағы келгендей, сыйайы пішінмен қарсы алды.

Залдың бергі шетінде мұртын сәнмен шиratқан, бұйра шашты, жылтыр жүзді чиновник отыр еді. Ол қатарындағы биік прическасы бар, сәнді киінген жас әйелге күлімдеген көзбен жиі ііледі. Бұл жерде де бозбастық дағдысын ұмытпағандай.

Сол жігіт кітапханага Абай кіргенде, қасында отырған паң жүзді көрші әйеліне Абайдың келе жатқанын көрсепті. Залдың ішіндегі оқушының біразына естіртіп, даурыға түсіп, тұрпайы бір өзіл айтты. Ол өзілі кең шапан киіп, бұнда отырған жүрт үлгісінен басқаша көрініспен келген сахара қазагы Абайды қағытқан сөз еді.

— Бұ не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? — деді.

Абай бұл кезде кітапханашы қартқа қол беріп амандастып, өзіне көрек кітабын енді атағалы тұр еді. Жаңағы тұрпайы өзілді құлагы шалысымен, чиновник жаққа салқын ызамен жалт етіп бір қарады. Чиновникке жақын отырған бірер жас оқушы оны қостап, ойсыз құліп қалған екен. Бірақ жігіттің қасындағы тәрбиелі, көрікті әйел күлгөн жоқ. Чиновникке тұңғының қаракөк көздерін кейіспен бүрдуды. Қабагын аз шытынып, жігіттің әдепсіздігі үшін қызыарып кетті. Абайдың алғашқы ашуы бір-ақ сәтке білінгендей еді. Енді құлқілі мысқыл жүзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты:

— Чиновник мырза, түйе кірсе, несі бар, бұнда ол түгіл, есек те отырыпты ғой! — деді.

Чиновник бір қуарып, бір қызыарды да үні өшті. Оның қасындағы әйел шалқия түсіп, қатты құліп жіберді. Абайға соншалық мейірлі жүзбен, кез қызырымен бір қарап, бетін басып, төмен иілді. Абайдың сезін естіген оқушының бөрі де қатты күлісті.

Таныс қартына Абай бүтінгі керегі «Русский Вестник» журналының белгілі саны екенін айтты. Кітапханашы ол журналдың кісі қолында екенін білдіріп үлгергенше, бұл екеуінің қасына орта бойлы, кең маңдайлыш, қаба қара сақалды бір адам тақап келді. Ол бағанадан бері Абай кіргелі бұл кітапхананың сахарадан келген сирек оқушысына қадала қарап, анысын аңдып отыр еді. Жаңағы Абай мен женілtek чиновник арасында

болған өткір қағысады да түгел естіген болатын. Қазір сол кісі Абайдың алдына келді де:

– «Русский Вестник» менде. Мен қарап болдым. Сізге бере аламын. Тек сұрайтыным, сізге ол не үшін керек еді? Қай жерін оқымақсыз? – деді.

– Ол журналда Толстоймен жаңа романы басылыпты, соны оқымақ едім! – деді.

– Сіз Толстоймен таныс па едіңіз? Неге оны ғана керек еттіңіз? – деді.

Абай бұл кісіге енді бұрылды. Жүзінен, барлық келбет-қабілетінен өзін сынап, барлап тұрган маңызды адам екенін байқады. Сыпайы жынышп, ілтипат білдірді.

– Мен Толстойды бұрын аз оқыған едім. Бірақ орыс халқының шындана, ақылды адамы деп естімін. Сол ақылды адам қандайлық өсиет айтады екен, үққым келеді!

Абайдың жаңа танысы журналды Абайға беріп тұрып:

– Білмек талабыңыз жақсы екен. Мен сізді бұдан бұрын, басқа бір жағдайда көріп едім. Областное правлениеде. Рас, ол кездесу қызықты жағдай емес болатын. Сізді мен сыртыңыздан бұрын да білуші ем. Бұғін мынау орында сізді көруім, шынымды айтсам, артық өсер етті! – деді. Өзінің жөнін айтып, Абайға қолын созып:

– Танысайық, Михайлов Евгений Петрович! – деді.

Абай оның қолын шапшаң алыш, қатты қыса түсіп:

– Ибрагим Құнанбаев! Мен сізді жақсы білемін. Достарыңыз маган сіздің жайыңызды көп айтқан. Танысқаныма қуаныштымын! – деді.

Осыдан соң екеуі де кітапханадан шығып, Ертіс жағалаған көшемен ылдилап жүріп кетті. Шапаның желбегей салған Абай қамшысы мен тымдағын артына ұстаған. Екеуі де баяу басып, әңгімелесіп келеді. Бұлардың арт жағында, Абайдың «бір орыспен сейлесем деп, көше бойы жаяулап бара жатқанын» лайықсыз көрген Баймағамбет салт еріп келеді. Олар осы бетте су жағасындағы ақ диірменнің қасында тұрган ұзынша тасблолат ақ үйге жетті. Михайлов парадный есікті Абайдың алдынан ашты да:

– Біздің үйге кіріңіз. Менің әлі сізben біраз сөйлескім келеді! – деді.

Баймағамбет Абайдың бұл үйде отыра түсетінін аңғарды да, екі атты алыш, Ертіс жағасына кетті. Михайлов көп белмелі үйдің сырттан кіретін есікке жақын, кең, жарық бір бөлмесінде жалғыз тұрады екен.

Бұл кездесуде осы күн кешке шейін Абай Михайловтың қасынан кете алмады. Мәжілісіне соншалық ырза болғандай үзак отырды.

Михайловқа Абайдың ықыласын ерекше аударатын себеп көп-ті. Абайдың бұл күнгі жіңі сөйлесіп, ақыл алыш сырласатын досы адвокат Андреев осы адамды мол баяндаған. Қазіргі Семей шаһарындағы орыс

адамдарының ішінде ең зор ойшыл және үлкен адамгершілік тәрбиесін көрген жан деген. Андреевтің айтуынша, Михайлов Петербург, Москвадағы және Ресейдің іші мен сыртындағы, бұл замандағы орыстың үлкен ойшыл азаматтарының баулуында өскен. Өз өмірін халық, қоғам иғлігіне енбек етуге жұмсаған. Сол жолда патшалық, ұлық тарапынан айыпты жан саналып, жастайынан жазага тартылған. Қамау-айдаруды көрген кісі. Бірақ сол тартыс жолынан «құғын көрдім!» деп азбаған да аумаған. Қайта айдау, тұтқын сапарын асыл адамдардың ортасында өткізіп, бұрынғысынан да ірі білім, өнер тауып, данышпандыққа жетіп қалған кісі. Заманы келіссе, бір халықтың мәндайына біткен ырысы дерлік. Ел қасиетін бойына жиган қадірмен азамат деген-ди.

Андреевтің осылайша таныстырыған Михайловын Абайдың жұз көргені өлті. Михайлов Абайдың бұл күнге шейін не кітаптар оқығанын сұрастырып білумен қатар, өздігімен оқудың жақсылығын да айтты, қыншылығын да білдірді. Көп сөздері Абайдың көкейіне шекірт жайын жақсы билетін үстаздың тіліндегі қонады. Бір кез Михайловқа өзіл етіп:

– Менің жолымдағы қыншылықтарды айтқаныңыз сонша тұра. Мысалы, көңілі жүйрік, қолы шебер сынықшы болады. Соның мертігіндегі тауып, сипап отырған майда қолындай. Менің бірталай мұңымды өзіме өзім айтып көрмеген тілмен жеткізіп отырызы! – деді.

Михайловқа Абай бұл сөздерін орысшалап айтқанда, көп тоқтап, көп ойланып, мұдіре отырып жеткізген.

Ол тоқтағанда, бұның орысша теріс сөйлеп отырған сөздерінің ар жағындағы мағынасын тез байымдаپ, қызығып аңғарған Михайлов күліп жіберді:

– Сіздің үқсатуыңыз дұрыс, тапқыр сөз. Менің аңғаруым дұрыс болса, сіз көбінше бір нәрсеге теңеп айтқанда оқыс, қызық мысалдар табасыз. Оны мен сіздің Кошкинмен дауласқан жауабыңыдан жақсы аңғарған едім! – деді.

Абай өзінің тергеуінде Михайловтың болғанын енді білді. Кошкин сияқты ұлықтардың қазақ халқына ететін омырау ожар мінездерін шағым еткендегі болып еді. Михайлов Абайдың чиновниктер мінезін білмейтін аңқаулығын айтып берді...

– Ол қауым сонау Петербургтен бастап, сіздің Семипалат уезіне шейін тегіс бір қалыпқа соққандай! – деп қолын бір сілтеді. – Сіз оларды өздерінің ісінен ғана түгел танып болмайсыз. Қайта-қайта Кошкинмен үстасып кеп, әр жолда бір жарым айдан абақтыда отырып, олар мінезін біліп үлгеру аса қыын, ұзақ мехнат жолы болады. Мен сізге оларды барлық тұқым-тұяғымен оцай танудың емін айтайын. Бұларды өлтіре сынап, бәріне қатал үкім айтқан Салтыков-Щедрин сияқты жазушы бар.

Соны оқыңыз. Барлық өзіңіз көрген чиновниктер сырын, шынын сонда үғынасыз! – деді.

...Өзіне осындай сенім көрсетіп, ішін ашып отырған Михайловқа алғыс та бар еді.

– Сіз маған бұрын мен баспаған дүниенің шетін аштыңыз. Соншалық сенім көрсетіп аштыңыз. Мен мына мәжілісіңізден сабақ алғандай болдым гой! – деді.

Михайлов Абайдың иығынан қағып, аса сенгіш, таза қөңіл достығын сездірді.

– Менен ғана оқымаңыз, менен ойлы, менен сыншы орыс ойшылдары бар. Солардан оқыңыз. Мен сондай адамдардың кітаптарын сізге беріп отырайын. Рұқсат етсеңіз, бұдан былай өз бетіңізben оқуда сізге мен көмекші болайын. Оқу талабыңыз жақсы екен. Сіздің халықтан өлі оқыған жандар аз. Сізге көп білу керек. Көп шындықтарды тану шарт. Бұл жөнінде орыс кітабы үлкен достық етеді. Сенімді серігіңіз болады! – деді.

Абай Михайловтың бұған көрсеткен бейіл, ықыласына өке мейірімінен артық ырза болды.

– Мен өзімді сізге кездестірген тағдырыма соншалық ырзамын. Басшылық етем деген уәденіз мен үшін достық, зор достық! – деді.

Алғашқы күнгі кездесуді Михайлов бұдан соң Абайдың орыс жазушыларын кімнен бастап, қай кітаптарын оқу керек деген байлауымен аяқтап еді. Абайға ол орыс тілінің ұғымсызын білдіретін бірнеше сөздік-лұратты, тәспірді өз кітабынан алып берді. Және өз қолымен жазып, Гогольдің, Лермонтовтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың бірнеше тілі оқай кітаптарын айттып берді. Абай осы кітаптарды дөл осы жолдың өзінде Семей шаһарында жатып оқып шықпаққа бекініп, күн кешкіріп бара жатқан шақта ғана Михайлов үйінен аттанды.

Осы күннен соң әрбір үш күнде Абай Михайловтың үйінен табылатын болды.

...Абайдың жүрерлік кезі тақаған еді. Михайловқа бұл кездерде ол күн сайын қатынасып, жиі көрісетін. Бер жақтан қайтып, досының пәтеріне Абай енді бір келгенде, есікті Михайлов өзі ашты.

...Үлкен алақанына шалқасынан ашып салған бір кітапты оқып жүр екен. Шала амандаса сала Михайлов Абайды қолтықтап алды. Өз белмесіне қарай әкеле жатып:

– Құнанбаев, мен сізге орыс жазушыларынан басқа, соңғы мәжілістерімізде айтқан әр алуан білімдер саласынан да біраз кітаптар өзірледім! – деді.

– Қай білімдер саласын айтасыз, Евгений Петрович?

– Жалпы тарихтан! Еуропаның есею тарихынан және географиядан да, осы жыл ішінде сіз оқып, біліп шығатын кітаптар бар. Жарымын мен өзім таптым, тағы біразын Гоголь кітапханасынан, Кузьмичтен аласыз. Сіз үшін тапқызып, елге кетер жолыңызға, уақытша беріп жіберуге бөлгізіп қойдым. Соны барып аласыз! – деді. Аздан соң тағы да өзі сейледі:

– Мениң аңғаруымша, сіз тарихқа көп атсалыспаған сияқтысыз. Ол ғылымдардың анасы рой.

...Абай Михайловтың бүгінгі мәжілісінен кейін, оны өзіне бұрынғыдан да жақын көрді. Екеуін туыс ететін ағалық ойдың өрісін аңғарды.

Осы жолы Семейден бір арба қып алыш қайтқан Абай олжасының қақ жарымы Михайлов көрсеткен я өздігімен тауып берген кітаптар еді.



Тәпсір – араб тілінен аударғанда мағынасын ашу, баяндау дегенді білдіреді.

Мехнат – бейнет, азап, қыншылық.



1. «Едісте» тарауынан берілген үзіндіні оқып, сюжеттік-композициялық құрылышына талдау жаса.

2. Абай оқыған кітаптарға, шығармаларға назар аудар.

3. Абай Михайловпен қалай танысады?

3. Кітапханада Абай мен женілtek чиновник арасында болған өткір қағысулар Абайдың қандай қыры байқалады?

4. Абай мен Михайлов диалогіне арқау болған өзекті мәселелерді ата.

5. Абайдың ақындық өлемінің қуаттануына өсер еткен құбылыстар не деп ойлайсың?



1. Үзіндіде көрінетін іс-әрекеттеріне сүйене отырып, негізгі кейіпкерлерге «Портреттік мінездеме» кестесін толтыры. Жинақтау мен даралау арқылы жасалған өмір шындығын анықта.

Салыстыру аймагы	Үндестік	Ерекшелік	Қорытынды пікір
Абай			
Михайлов			

2. «Еңісте» тарауында жазушының айтпақ болған ойы не? Өзің қалай қабылдайсың? Автордың маңызды түйініне өз көзқарасынды, пікірінді білдір.

Үзінді	Жазушының айттар ойы	Менің қабылдаудым
Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтамен үціледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы, тіпті бөлек. Ол ықылас кітап пен оқушы Абай арасында туған жақсы бір ұғынысудан. Орыс тілінде жазылған үзак әңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі осы. Ұғымды болған кітап бірінші өткел болды. Таза, сара, ашық өткелдей. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп тырмысып созылған арманды жағасына шығаратын өткел.		



Абай мен Михайлов диалогін оқы. Абай мен Михайлотовтың бойынан қандай құндылықтарды байқадың? Олардың үндестігі неде? Екі оқушы жұптастып талқылап, өз түйгендерінді жазып беріңдер.



Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағала.

- 1) Көркем шығармадағы заман көрінісін анықта.
- 2) Айғақтар мен дәлелдер келтір.
- 3) Қазіргі заман көрінісімен салыстыр.
- 4) Қорытынды пікір жаз.

Көрі байланыс: «3-2-1»

- 1) Сабактағы 3 маңызды ақпарат.
- 2) Қыындық келтірген 2 мәселе.
- 3) Сабакта үнаган 1 аспект.



«Абай» романының жазылу жайынан:

Өзім материал алған адамдардың ішінен мен Абайдың бірінші өйелі – Ділдөні атай аламын. Ол 1924 жылы өмірден өтті. Содан соң, мен Абайдың сүйікті жары – Өйгерімді жақсы білемін. Ол кісі 1918 жылы алпыс жасында қайтыс болды. Абайды бертінде көріп, оның өмірінің естелігін ез аузынан тындаған жасырақ адамдардың да бірқатарымен кездесіп, әңгімелестім. Бірақ, олардың айтқандарының көбін мен фольклорлық сипатта қабылдадым: алыс өткенді ақыздай өсірелеп, сырлаңқырап, взгерте осіріп айтатын. Кейде тіпті бір нәрсе туралы бірінің айтқаны екіншісінің сезіне қайшы келіп те жататын. Мұндайда шындықты табу мені тағы да көп іздеңуге салатын.

Абай шығармаларын мен жастайымнан біліп өстім. Атам Әуез Абайдың досы еді; ол кісі біз сияқты немерелеріне ақынның өз өлеңдерін де, аудармаларын да көп оқытатын. Әсіресе, Абай аударған Татьяна жанының нәзік сырын, оған Онегиннің жауабын жаттататын. Біз болсақ, Татьяна кім, Онегин кім – онда жұмыссымыз жоқ, атамыздың айтқанын істеп, жаттай бердік. Абайға ықыласым ерте түсуге осы жайлар себеп болды.

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл

Прототип (грекше *prototyp* – түп, төркін, бейне) – әдеби шығармадағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға.

Шығармадағы кейіпкер мен оқига нағыз өмірден алынғанда да, олар қаламгердің өмірлік тәжірибесімен, бұрынғы көрген-білгендерімен ұштастып, оның қиялында туған сезім-әсерлермен сабактасады.

Өйткені өмірден көрген сол кейіпкер мен оқига жазушының жанына жақын болмаса, ой-қиялымен, арман-мақсатымен жанааспаса, ол тіпті соларға елеңдемеген, мән бермеген де болар еді. Сейтіп әдеби кейіпкердің тұлға-бейнесі, образы нақтылы бір прототипке негізделіп жасалғанымен, әдебиетке, көркемнерге тән типтендіру, жинақтау принциптеріне сәйкес және жазушының нақтылы шығармасындағы идеялық нысанасына орай сомдалып, өзгеше сипат алады. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-әпопеясындағы Абай образын алсақ, көркем образдың іріленіп, типтік сипатқа ие болатынын көреміз. Шығармандың кейіпкері әдебиетте бұрыннан белгілі көркем тұлғага негізделіп жасалса, оны да прототипі бар образ деуге болады. Мысалы, пьесадағы немесе кинофильмдегі белгілі эпостық жырына негізделіп суреттелген, прототипі (түпкі тұлғасы) бар образ.

Зәки Ахметов,
академик

Оқу мақсаттары:

11.1.5.1 – ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контексттермен байланыстыру;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.1.1 – шыгарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

Балаларды оқыту, білім алу, алғашқы сабактар, Михайлотовтың ақылы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ ұлттық құндылықтарды анықтау;
- ✓ үзінді идеясын табу, көркемдегіш құралдарды талдау;
- ✓ тарихи және көркемдік құндылықтарды саралау.

...Уш ат жеккен кең күйме Ақшоқыдағы қыстаудың түсынан – Қорықтан шығып, қалаға қарай тартып келеді. Ат ұстаған – козлодағы Баймағамбет. Уш торыны күз күнінің таңертеңгі қоңырсалқыныңда тықсырып айдал, сар желдіреді. Шалқасынан ашылған қызыл сафиян іші бар күймеде Абай мен уш баласы отыр. Бұл – Әбіш, Мағаш және Құлбадан.

Кең ақ мәндайлы, жіңішке ұзынша қара қасты, жүқалан қызығылт жүзді Әбіш Абаймен әңгімесін ұзбей келеді.

– Аға, біз қалада қайда тұрамыз? Үшеуіміз бір үйде тұрамыз ба? Қазақ үйінде тұрамыз ба, орыс үйінде тұрсақ, жақсы бола ма? Жәоқ, әлде мен мына екеуінен бөлек оқып, бөлек тұрам ба? – деп алдағы жұмбақ құндерін әкесінен тынымсыз сұрайды.

...Абай Құлбадан мен Мағашты Михайлотовтың ақылымен «Уездная школага» берді. Бірі ерекек, бірі әйел балалар оқытын школдарға бөлініп түскенмен, бұл екі баланы Андреев тауып берген орыс үйіне бір бөлек қойды. Әбіш туралы Михайлотовтың мәслихаты басқа болды. Оның мұсылманша жақсы оқуы бар. Ұғымтал, өз талабы зор, ынтасы ашылған бала. Және орысшада тілмаштан бірталай оқып, бірге сейлесіп, қасынан қалыспай жүріп, тілге жақсы бол шықты. Алғашқы кластарға түсіруге жасы да ересегірек бол қалған. Оны Абай мен Михайллов ана екі баладан бөліп алды. Тіл тәжірибесіне, бар тәрбиесіне үлкен септігі тиетін оқымысты адамдар үйіне жалғыз қойды. Және школда оқытпай, өзін

жалғыз, үйде оқытатын байыпты, ысылған, жақсы учительді жеке жалдап берісті.

Әбіштің ажарына, мінез, тәрбиесіне ең алғаш танысқаннан Михайловтың ықыласы басқаша болды. Оны оқу мен пәтерге орналастырып болғаннан кейін, Михайлов Абайға тағы бір ақыл айтты.

— Ибрагим Кунанбаевич! Мынау бала — Әбдірахман көп оқуға жарайтын бала сияқты. Аз ересек болғаннан күдіктенбеніз. Мүмкін, тіпті өзінің ана тілінде оқып, ашылып, ысылып келгені жақсы да болар. Бірақ осы туралы мениң бір ақылымды алыңыз. Биыл қыс бойы Әбдірахман төтенше жолмен, бір ғана оқытушыдан жақсы әзірленсін. Келесі жыл школға түскенде Семейде оқымасын. Түменде оқу орындары бұдан артығырақ. Және мениң жақсы дос, таныстарым бар. Бұл бала жаз сахараасына қайтып тұrap. Бірақ қысқы оқуда таза орыс ортасында болып, шаһарлық орыс тәрбиесін толық алатын болсын. Дені сау болса, ар жағындағы болашағын Түменнен де ары, Питер деп үміт етейік! — деген.

Абай өзінің жас балалары туралы қырдағы жақынының бәрінен де сонағұрлым тілеулес аға, дос бол отырған Михайловтың мәслихатына үлкен алғыс айтты. Сол арада іркілместен, оның ақылын құп алды.

Бұл сөздер Михайловтың жұмыс істеп отыратын үлкен бөлмесінде болған еді.

...Абай осы жолы қалада көп жатты. Оқуға балаларын орналастырған алғашқы жылында оларды қимай жүргені де болды. Құз бойы, қыстың қалың ортасына шейін Гоголь атындағы кітапханада күнүзын отырады. Фылым зерттеуші, оқымысты төрізді боп алған өзінің дағдысына да аса қызығулы. Кітап бетінен кете алмайтындай. ...Сенбі күн кештерде Баймағамбет ат-шанамен жалғыз кетіп, бір пәтерден Әбішті, тағы бір пәтерден Мағаш пен Құлбаданды алып келеді. Олар екі түн, бір күн әкесінің қасында аунап-қунап, тынығып, қуанысып қалады. Абай балаларының қонаққа келетін кештерін ел қазағына бермеуге, бөлмеуге тырысады.

...Абай жұмасына немесе он күнде бір Әбіштің пәтеріне барады. Ондағы үлкен тәрбиелі, сұлу жүзді, бурыл шаш Анна Николаевна атты Әбіштің «хозяйкасымен» ұзақ әңгімелесіп қайтады.

...Қыстың ортасы ауып, енді қаладан елге қайтар кез жеткенде, тағы бір сенбінің кешінде Абай Баймағамбетті жарым күндей жүргізді. Қаланың әр жерінде тұрган жаңағы оқушы балалардың барлығын өз пәтеріне шақырып алды. Соларға өз алдында еркіндептіп ән салдырды. Асық ойнатып, жаңылтпаш, жұмбак айтқыздырып, емін-еркін бой жаздырды. Сонымен кешкі ет алдында азғана бір толаста: «Балалар!» — деді. Жас

қонақтарын, өз балаларын салмақты үнмен өзіне қаратып алды. Бұғін күндіз жазып қойған бір табақ қағазды алғып отырып, үнсіз анырган балаларға бір өлең оқып берді:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім...

Бұл жиында бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес, осы бүгін тұған өлецін оқыды. Арасында:

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім... –

деген жолдарын қайталап оқып беріп, балаларға қысқа ғана тіл қатты:

– Міне, балаларым, інішектерім. Біз сияқты ага, әкелерің мезгілінде есе алмай, қылтанақ жарып, сарғайып қалған шөптейміз. «Ғылымнан мақұрым қалдық» деп енді өкінеміз, опық жейміз. Сол – біздің мұн. Ал сендер үшін тілегім, айтарым жаңағы. Бұл – ага батасы! Сендерден дәрмен күткен далаңың, еліңнің тілегі! Адам болам деп оқындар. Аймагыма жақсылығым жетеді, адад азамат болам деп, халықтың қамқоры болам деп оқындар! Міне, осы өсиетті сендерге арнал, мынадай өлең жазып отырган Кекбай атты ақын еді, – деді.

«Осы отырган балалардан жаңа төл өсірем, жаңа буынның жаңа азamatын шығарар болсам, менің ендігі жұбанышым, көмектесім де, үміт етер қанатым да солар болмас па еді? Ендігі етер еңбегім мен көмегім, айтар өсиет, ақылым болса – көзі ашық, оқыған жаңа қауым тұрызуға арналсын. Ел ішін көгертетін кез жетті ғой» деп ойлады Абай.

Был қыс Абай кітаппен қатар қағаз-қарындасты жіңіустап, өзі де кеп өлеңдерді құлақ қүйдей, жан сазындаі күйлей толқып жүрген-ді. Бірақ бұл өлеңдердің иесі де өзіне-өзі сенген ақын аты жоқ. Өз ақындығына шала сенген сыншыл жанның көмеккілеу айтылатын «Кекбай» деген ғана аты бар-ды.



Уезд – төменгі қатардағы әкімшілік-аумақтық бірлік. Алғаш рет «уезд» термині XIII ғасырдағы орыс құжаттарында кездеседі. 1775 жылдан бастап Ресейдегі әкімшілік-аумақтық, қаржылық бірлік есебінде губернияның құрамдас бөлігіне айналды.

Мақұрым – ештеңесі жоқ деген мағынадары араб сөзінен алынған.



1. «Оқапта» тарауын оқып, күрделі жоспар құр.
2. Абай Михайлотовтың кеңесімен балаларын қандай оқуға береді?
3. Әбіш туралы Михайлоловтың мәслихаты неге басқа болды?
4. Абайдың өнер-білім жолына бет бұруының себептері неге?
5. Абайдың «Жасымда гылым бар деп ескермедім» өлеzi дүниеге қалай келді?

6. «Осы отырган балалардан жаңа төл өсірем, жаңа буынның жаңа азаматын шыгарар болса, менің ендігі жұбанышым, көмектесім де, үміт етер қанатым да солар болмас па еді? Ендігі етер еңбегім мен көмегім, айтар өсімет, ақылым болса – көзі ашық, оқыған жаңа қауым түгизуга арналсын. Ел ішін көгертетін кез жетті гой», – деген үзіндідегі үлттық құндылықтардың маңыздылығы туралы не айтасың? Абай арманын жүзеге асыра алды ма? Ойынды бүгінгі күнмен сабактастыра өрбітіп көр.

7. «Өз ақындығына шала сенген сынышл жанның көмекілеу айтылатын «Көкбай» деген гана аты бар-ды», – деген үзіндідегі Көкбай кім? Ол туралы не білесің? Абаймен қандай байланысы бар?



1. Үзіндідегі көркемдегіш құралдарды тауып, шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талда.

Көркемдегіш құрал	Үзіндіден мысал	Шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысы

2. «Оқапта» тарауында жазушының айтпақшы болған ойы не? Оны қалай қабылдайсың? Автордың маңызды түйініне өз көзқарасынды, пікірінді білдір.

Абай ұстанымы	Бұгінгі қазақ жастары
Тілді менгеру	
Әлемдік деңгейде білім алу	
Өнерлі болу	
Адамгершілік	



1. «Еркін жазу» стратегиясы бойынша азамат ақынның рухани дамуы, қайраткер ретінде өсүі төңірегінде ойынды жазбаша жеткіз.

2. Үзіндіден алынған: «— *Міне, балаларым, інішектерім. Біз сияқты ага, әкелерің мезгілінде өсе алмай, қылтанақ жарып, саргайып қалған шөптейміз.* «*Фылымнан мақұрым қалдық*» деп енді өкінеміз, опық жейміз. Сол — біздің мұң. Ал сендер үшін тілегім, айтарым жаңагы. Бұл — ага батасы! Сендерден дәрмен күткен далаңың, еліңнің тілегі! Адам болам деп оқыңдар. Аймагыма жақсылығым жетеді, адап азамат болам деп, халықтың қамқоры болам деп оқыңдар!» — деген Абай сезіне «Дербес пікір жазу» әдісімен ой-пікіріціді білдір.

Үлгі:

- 1) Пікір, ой, идея (1 сөйлем)
- 2) Дәлел (2 сөйлем)
- 3) Өз пікірінді айғақтайтын мысал (2 сөйлем)
- 4) Пікіріңе қарсы дәлел (1 сөйлем)
- 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын сөйлем (1 сөйлем)
- 6) Қорытынды (2 сөйлем)



Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағала.

- 1) Романды әлем әдебиетіндегі қандай шығармамен қатар қояр едің?
- 2) Оның тарихи құндылығы неде деп ойлайсың?
- 3) Ал көркемдік құндылығы туралы не айтар едің?

Көрі байланыс: «Уш минуттық эссе»

- 1) Романнан үйренгендеріңің ішінде ең маңыздысы не?
- 2) Роман бойынша қай сұрақ есінде қалды?
- 3) Сен үшін ең қыын, түсініксіз болған не?



«Абай» романының жазылу жайынан:

Өлдекашан бел асып кеткен көштің айдаладагы жұртына кешігіп жеткен жүргінші сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраган бір қызығылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған мениң халім де дәл сол әрекет сияқты еді. Мен қарт адамдардың көмескі жадында үмыт болған көп нәрселерді қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстагы Әйгерімнің әжімді бетіне қарап, оның бір кезде Абайды тұтқындаған жас, шырайлы ғажап сұлу жүзін «қалпына келтіруім» де әлгідей еді.

Мұхтар Әуезов, 1959 жыл

Үлттық характер – әдеби шыгармадагы кейіпкердің үлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екен дігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Үлттық характер – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларга сәйкес қалыптасады. Дүниені үлттық түсінікпен қабылдау жолы – қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Эр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар үлт болып қалыптасуынан беліп қарауга болмайды.

Сондықтан шыгармада үлттық характер жасау үшін оның дүниетанымын, психологиясын, әдет-ғұрыптарын т.б. қасиеттерін білу керек. Бұл жөнінде Н.В. Гоголь: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нөрсені үлттық психологияға сәйкес құбылыштай сезініп, толғанғандаған үлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін», – деген ой айтады. Бұл дұрыс та. Мысалы, «Игорь полкі туралы жыр» – орыстардың, «Махабхарата» – үнді халқының, «Нибелунга туралы жыр» – немістердің, «Манас» – қыргыздардың, «Ер Тарғын» – қазақтардың дүниетанымын, мінез-болмысын айқындайтын шыгармалар.

*Төрекелді Бекназаров,
егалым*

Білкте (Татьянаның сахарадағы әні)

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 – көркем шыгармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шыгармашылық жұмыстарда қолдану;

11.1.5.1 – үлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;

11.2.4.1 – әдеби туындыдагы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шыгармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шыгарма) жазу;

11.2.5.1 – әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;

11.3.3.1 – шыгарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

■ Ән, ән мен сөз үйлесімі, Татьянаның жаңа бейнесі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

✓ үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шыгармашылық жұмыстарда қолдану;

- ✓ ұлттық құндылықтар мен галамдық тақырыптарды байланыстыру;
- ✓ шығармашылық жұмыс түрін анықтау;
- ✓ әлем және қазақ әдебиетіндегі ұндастіктерді саралау;
- ✓ әдеби эссе талаптарын қайталау.

Бірнеше жылдар өтті. Абай үшін бұл еңбек мезгілі, өнер іздеу дәурені болған. Оқу менен жазу оның ендігі тірлік тынысы тәрізді.

Бұл құндыгі Абай ақын атын анық алған. Сол ақындық еңбегін енді халыққа етер азамат қарызы деп біледі.

Соның орайына, қазіргі заманда Абай айналасына жиылған жас өнер-паздар да көп. Абай ендігі шығарған жырларын өрдайым жазып айтады. Сол жазғандарын жаттаушы, әнге салып айтушы, жүртқа таратушы іні, достары жаңағы жас серіктерінің арасынан шыға бастаған.

...Таңертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кеткен. Қыстың бір ашық құні екен. Абай үлкен бөлмеде оңаша отырып қапты. Алдында кең дәңгелек, аласа үстел түр. Абай біресе сол үстелге шынтақтап, біресе алақанымен мықынын таянып, үнсіз отыр.

Ішінде ой шырағы жанғандай боп, салмақпен қараган көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады. Құн түсіп тұрған қарлы адырға үзак-үзақ қарай түседі. Өзінше бір мығым күшпен, ұғымсыз бір мұнмен жұмырлана бүгілген тәбе-төбелер.



Биылғы қыс – ел сөзінен, тынышсыз жүрістерден Абай өзін босатып алыш, үйде көбірек орнығып отырған қысы. Көп елең жазылған жылдың бірі де осы болатын. Сондай өзімен-өзі боп толғана ойланған уақыттарында көз алдына көптен-көп оралатын осы адырлар. Бұлар күн райына қарай әртүрлі ажар көрсетеді. Ақындық шабыт кейде осы адырмен көп сырласқандай болады. Бұлты сүрғылт күні ол адыр күн шуағын сағына мұнданады. Ашық күні жылы, жарқын жазын көксегендей көрінеді. Жеткізбес арман женсігі жеңген адыр.

Қазір Абай сол адырдың жадыраңқы бір қабагын көргендей болды. Қоралы қойдың алды солай қарай өріп барады екен. Сарылып, сазарған үнсіз адыр енді тас басында жүріп шырқаған қойшы өнінен сергіген сияқты.

Абайдың осындай боп үндемей ойланып қалған кездерін қабагынан танитын жолдасы бар. Ол – мұнданай шақтарда үндемей, көп қозғалмай отыратын Баймағамбет. Қазір, тіпті қарап отырмас үшін, ол Абайдың тоғылғы сапты сарбас қамшысына бұлдірге тағып отыр. Анда-санда Абайға қарай түсіп, өз жұмысын істейді.

Сондай бір нәрсені бүйірар деп күтіп отырғанда, Абай Баймағамбетке шұғыл бұрылып, жалт етіп салқын қарады да, үйдің сол жақ бұрышына қарай қол созып, үн қатпастан, бір нәрсені «әкел» дегендей белгі етті.

Баймағамбет оның нені керек қылғанын түсінді де, шапшаң тұрып барып үстелдің үстіне екі үлкен кітапты қойды.

Абай бір кітаптың бетін ашып, өзіне керек жерін тапты да, сол беттерге қарап, шалқайынқырап, біраз бөгеліп отырып қалды. Көзі екінші кітапқа да түсе береді.

Бұл екі кітап – осы ауыл, өлкенің Абайдан басқа көп жанына әлі тілімен де, сырымен де үғымсыз кітаптар. Тек Абай көңіліне ғана құрметті боп алған екі ақынның кітаптары. Ол жатқан – Пушкин мен Лермонтов.

Мынау екі ақын Абайға көп кезде бірге туысқан аға, інідей көрініп қалады. Сол теңеу бұл екі атты Абайға осы өз ортасы, өз айналасындағы адамның арасындағы жақындағы көрсетеді.

...Басында ақылы мен ашуы шарпысып, кезек жеңісіп барып, ақырында сыншы – кемел ой жеңсе де, шерлі көргіш боп алыш, тына жанған аға бар. Сол ағаның дертін көріп «тынғаннан не тауып ек?» деп ызасы мен қызыуна бойұрып, жұлдысып өлген іні бар. Сол аға – Пушкин. Сол іні – Лермонтов. Кейінгі үрпаққа, барлық ел, барлық заман, бар қауымдағы ойлыларға атой салып, өмірлері шырақша жанып өткен аға, іні... Абай ойланған отырып, Татьяна хатына үңілді.

– Неткен айтқыш тіл! Тіл емес, жүректің лебі. Лұпілдеп соққан ыргагы. Қандай нәзік терендік! – деп отырып, кітап бетінен көзі тайқи бере:

Фашықтық тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл... –

деді.

Татьяна хатының ыргагы мен нәзік үніне өз жанынан үн қосқан бір жолдарды еске алды.

...«Евгений Онегиннің» осы беттерінің арасына салып қойған хат бар. Бір нәрсеге ойы ауғандай боп, насыбайын атты да, Абай сол хатты алды.

Семей кітапханасына барып, он шақты кітап әкелген Баймамбет осы хатты бірге әкелген. Білімді досы Михайлов Абайдың «Евгений Онегинге» сүйсініп жазған сөлеміне жауап айтыпты.

...Көзі жасаурай, ерні жыбырлай отырып, Ақшоқының қос биқтеріне анда-санда көз тастайды. Бірақ қараган нәрсесін бұл халде көріп отырған кез емес. Ол – қазір ойдың көзі. Тербеле толқыған ақын толғауының көзі. Қолы ішек пернені термелеп, жебелей береді. Кешке жатарда да осы бір сарынды алыс бір ызыңдай зейіні шалып қап еді.

Қазір сол саз есіне де, домбырасының ішегіне де тап түсіп, орала кетті. Тағы да тарта отырып, ақырын үн салып күніреніп көріп еді, келген екен.

Амал жоқ, қайттім білдірмей,
Япырым-ау, қайтіп айтамын? –

деген екі жол, Татьяна сырының басы іркіліп тұрып, шешіле бастаған сияқты. Тағы да, тағы да... Бірсесе шынтақтап жантайып, бірсесе тез қозғалып, құшырлана малдасын құрып ап, арлы-бері тебіренеді. Қос ішек бірде баяу басса, бірсесе шұғыл, қатаң үндерге ауысып, асып қайтып отыр. Соңғы екі жол қымбатқа түсті. Бірақ о да оралды. Татьяна хатының үш аузызын мұдіртпей айтып өтті. ...Енді бірде қатты, бірде баяу тартады, ұмытылмайтын сияқты. Бір сәтте артына қарай, барлық мол денесімен шұғыл айналып бұрылып қалды. Жүзі өзіл-мысқыл ажарымен жарқ етіп барып, жылы қарап, Баймамбетке:

– Өй, сен неғып отырсың, не білдің? – деді.

Баймамбет Абайдың шұғыл өзгерісінен біраз дағдарып қап, бұлдіргесі тағылып болған тобылғы салты сарбас қамшыны алақанына салып отырып:

– Мынау еді, Абай аға! – деді.

– Мен не ғып отырмын, оны сездің бе?

- Сіздің ойыңызға бір орыс күйі түсті ме деп отырмын.
- Ө, олай болса, о да білгенің екен. Бар, ендеше! Кішкене молданы шақырып кел! – деді де, өзі тағы да жаңағы ыргағын тарта жөнелді.

Баймағамбет тұрып есікті ашқанда, ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Әйгерім көрінді. Оның артында бөгде кісілер сияқтанған бірнеше адамның басы байқалады. Қолдарында қамшылары, белдері буулы, беттері біраз аяздаған адамдар. Өңшең тон, шекпен кигендер екен. Алдыңғы бір-екеуі Тобықты үлгісінен бөлек, шошақ тәбелі, алты сай Уақ тымағын киген адамдар. Соны Абай көзі шалып болғанша, Әйгерім де, бұл кісілер де үйге кірді. Абай домбырасының үнінен ойын үзген жоқ еді.

– Түү, аяз келді-ау! – деді.

Әйгерім тіксініп қап:

- Аяз жоқ қой, Абай-ау! Тіпті, бүгінгі күн майтоңғысыз! – деп таңдана қарады.

Абай:

- Ө-ә, рас, аяз екен десем, сендер екесің! – деді де, шет елдің кісілерімен амандасты.

Әйгерім Абайдың талай жұмбақ сезінің бірі екенін аңғарды да, күлім-сіреп тұрып, түкпір үйге қарай кетті.

Сейткенше, қарсы үйде бала оқытып отырған Кішкене молда да келген еді. Абай соған қарап елең етті:

- Татьянаның хатын көшіріп пе ең? Енді ол өн салатын болды ғой, білдің бе? – деді.

– Онысы аbzал болған екен, көшіріп қойып ем.

- Ендеше, Мұқа мен Мағашқа хат жазып жібер. Екеуіне «Татьяна сәлем айтыпты, бізben де таныс болсын» депті де! Мына Мұхаметжан қалага бара жатқан шығар, сол сәлемін ала барсын! – деді.

Үй ішінде тымак, белдігін шешпей отырған бөгде қонақтар бұл сездер не сез, кімнің жайындағы сез екенін үққан да жоқ, үғайын деп елең етіп селт еткен де жоқ. Жалғыз-ақ, осылармен бірге кіріп, Абайдың тәменгі жағынан кеп отырған Мұхаметжан бар еді. Кішкене молдамен қатар, Абайдың жаңағы сездеріне құлагын түре тыңдаған сол ғана. Сұлу қызыл жұзді, қой көзді Мұхаметжан расында да қалага бара жатқан.

Ол өзінің жөнін сұрамай сезген Абайға біраз таңданумен бірге, жаңағы хат пен өлең жайын шын білгісі кеп отыр. Мұхаметжан да Мұқа сияқты жақсы өншімін деген жігіт. Оның үстінен бұның өзінің де анда-санда өлең шығаратыны бар. Соңғы жылдар Абайдан тараған өлеңнің бәрін көшіріп алышп, жаттап айтып жүретін Абай айналасындағы жас достың бірі. Ол қазір сыртқы киімін шешіп жатып:

– Абай аға, бұл өн салып жатқан кім болды? – деді.

Абай домбырасын қайта үстап, «Татьяна хатының» алғашқы үш аузын өндөтіп айтып берді де, енді қайтып бұл жайдан сейлеспеді. Өлі күнге үнсіз отырган қонақтардың шаруасын сұрады.

Жаңағы бір айтқаннан Абайдың әнін үйрене алмай қалған Мұхаметжан ән ішіндегі сездің төркінін жақсы сезген. Бұл күнге шейін Абай шығарған өлең мен әннің барлығын білем деп жүрген Мұхаметжан мына сезді бұрын естімеген болатын. Абайдың жаңағы аңғарына қарағанда, бұны өзге жастар да білмейді екен. «Маған жаттап біліп алыш, соларға айтып бар дегені екен гой», – деді де, енді өлеңін де, әнін де өбден білмек болды.

Мұхаметжан – Абайдың туысқандарының бірі. Жасы кіші болған-дықтан, Абай өзі айтып бермесе, «тағы айтып беріңізші» деп сұрай алмайды. Қазбалап тақымдай бергенде Абайдың жақтырмайтынын да біледі. Сондықтан: «Бұгін Абай ағамның түстігіне қалайын да, осыны біліп кетейін!» – деп қарсы үйге кеткен Кішкене молданың артынан же-нелді. ...Абай Татьяна әнін қайта іздеді:

Амал жоқ, қайттім білдірмей...

Домбырага ыңырана қосып көріп еді, бағанағы ән әлі де жоқ, мұлде ұмытылған. Сейткенше, қарсы үйден шыққан бірталай кісі тағы үстіне кірді.

Бұлар Кішкене молда, бағанағы Мұхаметжан екен. Және осылардың алдында тоғызқұмалақтың ағашын бір қолына үстап, тері дорбашадағы таастарын бір қолына алған Көрпебай кіріп келе жатты.

Келгеніне үш-төрт күн болса да, Көрпебай Абайға тоғызқұмалақтан әлі жөндеп үтқызған жоқ. Соңғы күндердің бір қатты бәсекесі бол алған ойын бар. Кейде таңтертеңгі шайдан түстікке шейін ойнағанда бір ойнанды тауыса алмай айырылыштын. Кеше кеш бойы Абай кітап пен жазу үстінде болды да, ойын үзіліп қалған. Енді Көрпебай «тоғызқұмалақ» ағашын алыш кіргенде Абай: «Тағы алаң кірді, қоя тұрайын», – деп Пушкин томының беттерін жауып қойды. Көрпебайға:

– Құр, кешегіңнің есесі енді қайтпаса, сен ағалап тұрсың! – деді.

Сары сүйектен істелген жылтыр, жұмыр «құмалақтар» үядан ұяға тоғыз-тоғыздан сырт-сырт түсіп жатты. Абайдың үяларын да Көрпебай толтырып жатыр. Мұның қолы ағаш үстінен жүргенде лыпыл қағып, қалқып жүрген сияқтанады. Үяларға санап түсіріп жатқан таастарды қандай қозғалыспен бөгелмestен дәл түсіріп жатқанын байқау қын.

Абайдың кейбір қыстарда, үде отырып қалғанда әдейі шақыртып алыш, жиырма күн, бір айдай табан аудармай ойнап қалатын кіслерінің бірі Мақыштың Смағұлы не Марқабай болса, тағы бірі – осы Көрпебай.

Ішінде Абай бар – осы үш-төрт ойынши – бұл атыраптағы басқа ойыншылардан озып, ағалап шыққан және өзара бәсекесі күшті ойыншылар.

Абай мен Көрпебай ойынга кірісті. Басында үш-төрт кезекте, машиқты бастаулар бойынша екі жағы да тез-тез журіп барып, екі-екі үядан тас алдысты. Өлі тұздық алысып, беріскендері болған жоқ.

Қазірде бұл ойынға Мұхаметжан, Кішкене молда, Баймағамбет те қадала қарап отыр. Мұхаметжан бағана, қарсы үйге барған бетінде, Абайдың өзі жазған қағаздан Татьяна хатын түгел көшіріп бір алып, артынан Кішкене молдамен салыстырып, бірге оқып шыққан-ды. Молда бұл өлеңді көшірумен бірге, жаттап та алған екен.

Татьянаның сезіне құмартқан Мұхаметжанның қазіргі есі-дерпті – жаңағы әнді қайта есіту. Бірақ Абай құмалаққа қадалған бетінде, ойын аңгары ашылғанша, басқа нәрсені ойға алатын емес. Сонымен, жас әнші қалтасындағы қағазды алып, аузы күбірлеп қайта оқып, басқы жолдарын іштен жаттап отырды.

Жат үн, жат тілді Татьяна бұрын бұлардың Абайдан да естіп көрмеген зарымен шерленді.

– Соны сөз деген осындай-ақ болат та! – деп қадалады. Абай әлі де үн қатпай, Татьянасын ұмытқандай боп, Көрпебаймен аңдысуда отыр. Мұхаметжан алғашқы екі ауыз өлеңді жаттап та алды.

Енді құмалаққа қарай түсіп, домбыраны қолға алып, ақырында тартып, ішінен «Амал жоқ, қайттімді» өзі білген әнге қосып көріп еді. Өзірге ол әндерге қосылмай жатыр. Өзінің атақты әні «Ақ қайыңға» салып көрді, «Топайкекпен» де жағалатты. Созылмайды, көнбейді.

Баймағамбет мұның нені іздел отырғанын ана үйде-ақ есітіп келген. Енді Абайды осылай аударып көрем бе деп жағалатып, Мұхаметжанға:

– Немене, Татьяна «Ақ қайыңды» білгісі келмей ме, қалай? – деді.

– «Ақ қайың» ғана емес, тіпті біз білген әнге жуысайын деп тұрған Татьяна көрген емен.

– Бейіт, терме сияқты келте, шолақ әнге тез келе ме дейім! – деп Баймағамбет Абайға тағы қарап қойды.

Абай бұлар сезіне енді ғана көңіл беле бастап:

– Солай деймісіндер! Татьяна болса, ол «Ақбала» да болмас, Бағдат, Мысырдан бейіт те тілемес! – деп бір қойды да, көңілденіп, көтеріңкіреп алып, бір рет көшіп кеткенде соңғы тасы тарс беріп Көрпебайдың орта ұясының біріне түсе қалды. Сейткенде, Абай мәз болып, мол денесі селкілдеп қатты күле жөнелді. Көрпебай сасып, қабағын түйіп, томсарып қалды.

Алғашқыдай емес, қасында отырған жігіттердің нені тілеп отырғанын Абай енді аңғара түсіп:

– Баймағамбет-ау, Татьянаның бағанағы салған әнін енді қайта айтпай отырғанын көрдің бе? – деп Мұхаметжанның домбырасына қол созды. Мұхаметжан домбыраны ұсынып, тізесінде жатқан қағазына үңілді.

Абай бұл жолы тартып жөнелгенде, таңертеңгі ән қаз-қалпында қайтадан шашаңғана орала кетті.

– Жоқ, енді айтқысы келген екен, – деп сүйсіне күле түсіп, – былай депті ғой! – деді де, үн қосты. Өз аудармасының екі ауызын айтып өтті. Сол екінші өлеңі біte бергенде, түкпір үйден келе жатқан Әйгерім көрінді. Ол Абайды таңдана тыңдай кеп, қасына отыра берді.

...Әйгерім Мұхаметжанға бұрыла қарады да:

– Кәні, ол қандай ән екен? Талайдан үнінді естігеміз жоқ, түстік жеп аттанарсың, өз үққаныңды айтып берші! – деді.

– Ойбай-ау! Өзім де бір-ақ есітіп, ұстай алмай, «дәт» деп қап отыргам жоқ па, женеше-ау, – деп Мұхаметжан домбыраға жаңағы әннің бас қайырмасын тыңқылдатып көрді. Келмей жатыр. Абай бұл кезде өз кезегін журіп, сәл босап отыр еді.

– Жоқ, теріс тартып отырсың, – деп домбыраны қайта алды. Жаңағы әнін үш-төрт қайырып тартып өтті. Мұхаметжан енді домбыраны қайта алғанда, іркілместен қатесіз тарта жөнелді.

Сол арада жаттап алған алғашқы екі ауыз өлеңді әнге де салып жіберді.

– Айта түс! – деді Абай.

Рұқсат алып алған Мұхаметжан өзінің зор, таза үнімен енді шырқап айта жөнелді.

Тізесінде жатқан жазуына көз қызығын тастап отырып, барлық Татьяна хатын іркілмей айта берді. Тоғызқұмалақ тоқталып қапты.

Абай міз бақпай, кірпік қақпай тыңдайды. Ол қазір Ақшоқы биқтеріне көз жіберіп, Татьянаның наз-наласына үйығандай. Өні өзгеріп апты. Өзі сөйлеткен сез, өзі жырлатқан әуен ең алғашқы рет әрі жас, сұлу, әрі әсем нақысты әншінің көлденең үнімен айтылғанда, енді Абайдың өзін де қатты толқытады.

...Бұның ажарын байқап, үйдегінің бәрі де қыбыр етпей, Мұхаметжанның жүзіне ғана қарап қалыпты. Қазақ әні емес. Бірақ сондай бір мұңды шермен, үғымды күймен ыргалған майда қоңыр, назды қоңыр толқып кетті. Мұхаметжан «Енді айрылып қалмайын, жадыма тоқып алайын» дегендег боп, тоқталмай айтады. Өз көңлі де елжірей сүйінгендік танытады. Татьянадай жасты көз алдында көргендег боп, терең сезініп, үғынған сияқты. Осы әнінің үстінде үғынды. Өнін тоқтата бере:

– Тал бойынды үйытқандай, сорлы шерменде екен, ә! Мұны осыншалық күціренте күйзелткен қандай ғана жан екен, Абай аға?! – деп Абайға қарады.



Тыңдаушы өзгелер де бұл сұрауды аса орынды көргендей. Бәрі де Абайдың жауабын күтті. Өзгеден жеңілдеу, шапшаң сейлейтін Кішкене молда:

– Е, оны айтқызып отырган Фошкин ғой! – деді.
Мұхаметжан бұның қазіргі киліккенін жаратпай қалды.
– Қоя тұрыңызшы, молдеке, Фошкин демей. Тіпті, сол ақынның аты да сіз айтқандай емес!

Кішкене молда тағы да шапшаңдан:

– Е, енді қалай екен? Мен бек дұрыс айтам, солай!
– Жоқ, Абай ағам Пушкин дейтін сияқты еді! – деді де, Мұхаметжан Абайға қарады.

Абай Пушкиннің өмірін, өлімін қысқа баян етіп беріп, «Татьяна хатына» қайта оралды. Мұхаметжанның жазбасын қарап, ойланып, кей жерін түзей отырды.

Сол күні Абайдың үйінде түстеніп алып, Мұхаметжан Семейге жүріп кетті. Абай бүгінгі кеш бойы Пушкинді тағы да қайта оқумен болған. Бүгінгі күні анда-санда алаң еткен уақ жайлар болса да, Абайдың Пушкинге оқушығана емес, ақынша жақындасқан күні. Туысын тапқандай боп шабытты үн қосып толғана бойұрған күнінің бірі. Тұнде кеш піскен еттің алдында Пушкин томын жауып жатып, Абай үй ішіне естіртіп бір сыр айтты:

– Дүниеге көзімді аштың-ау, Михайлов, қандай қазыналарға мені жеткеп әкелген едің!.. Енді менің Қағбам орнынан көшіп, күншығысым – күнбатыс, күнбатысым күншығыс бол барады! Солай болса, болсынши! – деді.

Ас ішіп болған соң, үйдің іші жатпай, күндеңі әдет бойынша «Абайдан тағы бір әңгіме шығар ма екен» дегендей бол, ұзақ отырды. Алдында шам жаққаннан асқа шейін кітап оқыған Абай, енді үйдегі жиын көзлін ескеріп, әсіреле бұның әңгімелерін телміре күтетін, бүгінде атақты ертекші бол алған Баймағамбетті ойлап және Әйгерімнің де үнемі құрметпен ден қоятын күйін еске алыш, енді бір тың әңгіме айтып бермек болды.

Сонымен түн ортасына шейін міз бақпай, қадала қарап, бұны тыңдаған мәжіліске осы кеште Абай француз жазушысы Александр Дюманың атақты романы «Уш мушкетерді» қызық әңгіме етіп, ұзақ баяндалап отырды.



Бұлдірге – қамшы, сойыл, шоқпар сияқты қол қаруларының сабына тағылатын қайыс не былғары таспадан түйілген түйік бау, ілмек. Бұлдірге сөзінің түп-теркіні буын және ілдіргі (буынілдіргі – буілдіргі – бұлдіргі – бұлдірге) сөзінен түзілсе керек.

Кемел ой – толысқан ой, толық ой, өз биігіне жеткен ой.

Тұздық алысу – тоғызқұмалақ ойыны. Қарсыластың екі құмалагы бар отауына таратқан құмалактың соңғысын түсіру керек. Тұздық бір рет алынады және 9-шы, сондай-ақ аттас отаулардан алынбайды.



1. «Біекте» тарауын оқып, мазмұндаудың жоспарын құрастыр. Құрылған жоспар бойынша үзіндіні әңгімелеп бер.

2. Үзіндідегі негізгі идеяны айқындайтын сөйлемдерді тауып жаз. «Қос жазба қүнделігі» әдісімен түсіндір.

Негізгі ойды білдіретін сөйлем	Менің пікірім

3. Жазушы Абай шығармашылығындағы орыс әдебиетінің ықпалын қалай суреттеген?

4. Абай Пушкин поэзиясымен қалай табысады?

5. Қос ақынның үндестігін жазушы қалай танытқан?

6. Кейіпкерлердің сөйлеу тілі, іс-әрекеттерін сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді теріп жаз.



1. Жазушының шыгармадагы кейіпкерлер арқылы баяндағысы келген құндылықтарын анықта.

Үзінді кейіпкерлері	Кейіпкерлер өміріндегі құндылықтар	Менің ойым

2. Берілген сөйлемге назар аудара отырып, Абай аударған А.С. Пушкин шыгармаларын түпнұсқадан салыстыр. Абай мен Пушкин шыгармаларындағы ортақ құндылықтарды талда.

«...Абай Пушкиннің өмірін, өлімін қысқа баян етіп беріп, «Татьяна хатына» қайта оралды. Мұхаметжанның жазбасын қарап, ойланып, кей жерін түзей отырды».

Абай шыгармасы	Пушкин шыгармасы
Шыгармалардағы ортақ идеялар	
Шыгармалардағы ортақ құндылықтар	



1. Жазушының үзіндідегі Абайдың аударма саласындағы өз ұстанымдары мен шеберлік үлгісі туралы пайымдауларын тауып, топта талқылаңдар.

2. Абайдың Татьянаны қазақша сөйлетуінің сырты неде деп ойлайсың? Ойынды «Төрт сөйлем» тәсілімен жеткіз.



1. 3. Қабдоловтың: «Өуезов пейзажы – бай палитраның түрлі түсті бояуларымен келістіре салынған сурет қана емес, шынында да құдды жанды адам: дем алады, қозгалады, жадырайды, күледі, жылайды – дәл адамша әрекет етеді», – деген пікіріне («Арина» кітабынан) сүйене отырып, романдағы пейзаж көрінісі туралы өз ойынды білдір. Мысал келтір.

2. Романды көркемдік-эстетикалық құндылық тұргысынан талдап, әдеби эссе жаз.

Кері байланыс: «5-5-1»

- 1) Роман-эпопеяның екінші кітабы жайлы 5 сөйлем жаз.
- 2) 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқарт.
- 3) 5 сөзді 1 сөзге қысқарт.
- 4) Түйінді сөзді сыныппен бөліс.

«ФАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ» белімі бойынша қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1-тапсырма. «Абай жолы» романынан берілген үзінділерден бала Абайдың қандай қасиеттерін байқағандарының кестеге түсіріндер. Абайдың бойындағы қасиеттер сенің бойында кездесе мә? Қай қасиетін өзіңе үлгі-өнеге тұтар едің?

Романнан үзінді	Абайдың қандай қасиеттерін аңгардың?
Тегінде ертекші, өлеңші не басқа әңгімелі адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді.	
Кішкентай күнінен ертек-әңгімені көп сүйетін бала осы жазда, тіпті көп естіп, көп алған сияқты.	
Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды, өсіресе елтіткендей болатын. Жатқанда көпке дейін алағызып үйықтай алмады.	

2-тапсырма. «Абай жолы» роман-эпопеясының 1,2-кітаптарынан мақтап сейлеу актілерінің түрлеріне мысалдар теріп жазыңдар.

- 1) I жақта мақтап сейлеу актісі: _____
- 2) III жақта мақтап сейлеу актісі: _____
- 3) Өзін-өзі мақтап сейлеу актісі: _____

3-тапсырма. adebiportal.kz сайтынан академик Зәки Ахметовтің «Абай жолы» атты мақаласын оқып, Абай бейнесіне қатысты айтқан бағалы пікірлерін жинақтап жазыңдар.

Үлгі:

1) «Ақын, ойшыл Абайды жазушы басты кейіпкер етіп ала отырып, айналасына топтасқан көптеген қаһармандармен (бұлардың ішінде аса ірі тұлғалар мол) тығыз қарым-қатынас үстінде жан-жақты ашады. Абай барлық оқығалардың арасында жүреді. Бір қарағанда оған қатысы жоқ оқиға, сурет-көріністер Абайдың көзқарасы не оның тікелей араласуы арқылы жаңа мазмұн, мағынаға ие болып, жарқырап шыға келеді».

2) _____

3) _____

4-тапсырма. «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша ізденіс жұмысын журғізіндер.

- 1) «Абай жолы» романындағы мақал-мәтелдер.
- 2) Эпопеядагы тұрақты сез тіркестері.
- 3) Романдағы салт-дәстүрдің көрінісі.

5-тапсырма. Абай дүниеге келген өйгілі Шыңғыстау өңіріне виртуалды саяхат жасаңдар. Романдағы географиялық атаулардың мәнін ашыңдар.

Үлгі:

Романдағы географиялық атаулар	Географиялық атаулардың мәні
Ақшоқы	Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының солтүстігіндегі таулы мекен. Абайдың қыстауы орналасқан.
Жидебай	Абайдың атақонысы. Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан қалың қорық.

ТАБИГАТ ЖӘНЕ АДАМ

Табигат пен адам қарым-қатынасы әр уақытта көркемөнердегі маңызды тақырыптардың бірі болып қала береді. Адамзат табигаттың бел баласы ретінде оның ажырамас бөлшегі екенін ешқашан ұмытпау керек. Әдебиет – өнердің ерекше түрі. Ол табигат сұлулығын, табигат тылсымын, ондағы адам орнын айқындайды. Әдебиет қоршаган орта арқылы адам жан дүниесіндегі асқақтау мен құлдыраушылықты, сұлулықты сезіну мен жамандықтан безінуді көркем түрде сипаттайды.

ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ (1935–2011)



1935 жылы 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Жымпты кентінде туған. Ақын, Қазақстанның халық жазушысы.

1958 жылы қазіргі Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын «Балдырыған» балалар журналында бастаған. «Жұлдызы» журналы басшылығында қызмет атқарды. 1968–1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің менгерушісі болған. 1980 жылы «Жерүйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

Өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгр, фин тілдеріне аударылған. Қадыр Мырзалиев – елуден аса прозалық, поэзиялық жинақтардың, балаларға арналған топтамалар мен әдеби-сын кітаптардың авторы. Шығармалары: «Ой орманы» (1965), «Дала дидары» (1966), «Ақ отау» (1968), «Домбыра» (1971), «Кеш» (1973), «Жерүйық» (1976), «Алақан» (1977), «Қорамсақ» (1980), «Кекпар» (1981), «Қызыл кітап» (1983), «Күміс қоңырау» (1985), «Мәңгі майдан» (1993), «Үкілі үзінділер» (1996), «Алаштың арманы» (2001). Кейінгі жылдары ақынның он алты томдық тандамалылары жарық көрді.

65

Ақындардың бәрі ой толгайды, бірақ ойшыл ақындардың бәрі бірдей философ бола бермейді. Сен ойламаган ойың, оқымаған кітабың жок, ендігі философ ақындардың бірегейі едің.

Әзілхан Нұршайықов,
жазушы

«Қадыр – Абайдан кейінгі көп оқылатын ақын», – деп бағалау шындықтың ауылынан алыс емес. Ақынның өлец жолдары ұлагатты сөздері мен афоризмдері өр ауылды, аудиторияны аралап кеткелі қашан?! Жалпы Қадырдың өлеңдерін білмейтін қазақтың жоқ екені аксиомага айналды.

*Сауытбек Абдрахманов,
журналист, қоғам қайраткері*

 Поэма – өмірде болған не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқигаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын колемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатты өлецмен суреттеу. Поэмалар түрлі-түрлі: сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары да өр алуан: эпикалық образ да, лирикалық образ да, реалистік образ да болады. Поэма – қазіргі қазақ поэзиясындағы мол өркендең, кең өріске шыққан шешуші жанрлық түрлердің бірі.

*Зейнолла Қабдоллов,
академик*

ҚЫЗЫЛ КИТАП (поэмадан үзінді)

Оку мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шығармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.2.2.1 – шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.3.1 – шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.2.1 – көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

 Табигат, адам, жануарлар өлемі, табигатқа жасалған қиянат.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ поэмандың үзіндісіне талдау жасау;
- ✓ сюжеттік желіні анықтау;
- ✓ оқигаларын ауызша баяндау;
- ✓ жанрлық ерекшелігін талдау.

Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,
 Менің мазам кетеді күдікті ойдан.
 Жұртпен бірге мәз болып,
 Ду-ду етіп
 Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.
 Аңшылыққа қалай жұрт қызығады?!
 Қан жуады олардың ізін әлі.
 Көргеннен-ақ мылтықты
 Менің үшін
 Дүниенің дидары бұзылады.
 Айымын мен анасыз,
 Атасызды.
 Айымын мен құлышыз,
 Ботасызды.
 Хайуанатқа жасаған қиянатың —
 Бауырыңа жасаған опасыздық!
 Қызыл түлкі даланың көрігі еді,
 Жаға болып ол енді «керіледі».
 Бекебаймен бүркеулі анау қалпақ —
 Қалпақ емес,
 Қақпан боп көрінеді.
 Тымырсығы-ай!
 Қалада жел еспейді.
 Жел есетін бұл жайлайу емес дейді.
 Анау киімлігішке көзім түссе,
 Бұғылардың мүйізі елестейді.
 Ауылда, өспе, мейлі, сен қалада өспе,
 Анаң сениң бәрібір
 Даала емес пе?!

Терезеге ұстаған анау шілтер
 Құсқа құрған торларды салады еске.
 Айналайын бұлбұлым,
 Бал таңдайым,
 Саған тор да,
 Қасқырға қақпан дайын.
 Шынтақтаған жастықты
 Көрінеді
 Аққу-қазды жаныштап жатқандайын.

Өкпелетпеу керек қой қожайынды.
Айта алмайсың халіңді,
Не жайыңды.
Үстай беріп айырды
Шошып кетем,
Шаншығалы жатқандай дәу жайынды!
Тартып алған андардың бір киерін,
Қызы-келіншек үшін мен құр күйемін.
Кешіре гөр біздерді,
Өулие көл!
Кешіре гөр біздерді,
Қыр киелі!

2

Азапты адам бір кезде желден көрді,
Аязыңнан,
Аптаптан,
Шөлден көрді.
Тірілердің бағасын білу үшін
Еске алған жөн бір мезет өлгендерді.
Өлгеннен соң күн де жоқ,
Шуақ та жоқ.
Өлтіргенде ар да жоқ,
Үят та жоқ.
Оңбаганның артында үрпағы бар,
Ал мамонттың артында түяқ та жоқ.
Бәрі-бәрі олардың қырылыпты,
Біздер мына – бүгінде тірі мықты.
Мамонттарды жоқтауға тиісті адам,
Жоқтар болса түбінде ірілікті.
Қаншама анды өлтірдік қамап түзде?!

Сағынады оларды алап күзде.
Қай кезде де
Болуга тиіс енді
Мамонттардың апаты сабақ бізге!
Бар тағдырдың тағы да,
Тағы алары.
Өсті мамық,
Терінің бағалары.

Мамонттардан дегенмен сүйек қалды,
Басқалардан белгісіз не қалары?!

Бұдан былай адамдар болмақ па абай?!

Безген бақыт оралып қонбақ па оңай?!

Тола жатар орны топастардың,
Мамонттардың орны толмақ қалай?!

Осындайда ақында тіл қышыған,
Жатыр талай бүгінде жер құшып аң.
Ал ғаламшар жоқтайды мамонттарын
Айырылған анадай тұңғышынан.

Қырдан безбе, бауырым,
Нұрдан безбе!

Жыларатын жайттар бар жырдан да өзге,
Жиһан қамын жабылып жоқтау керек,
Жердің өзі жоғалмай тұрган кезде!

Ойлаймыз деп бір кезде қамын бастың,
Ей, адамдар, достастың,
Қауымдастың.

Асын беру мамонттың керек енді,
Жылын берген сияқты ауылдастың.



Жылататын жайттар бар жырдан да өзге,
Қырдан безбе, бауырым,
Нұрдан безбе!
Мамонттарды ел болып жоқтау керек,
Мамонттарша жоғалмай тұрган кезде.

3

Ойран салған сайғақтың өрісіне
Қауіптірек Сібірдің бәрісінен,
Кейбіреулер
Сыйлайды саудагерге
Папка жасап ақбекен терісінен.
Ми дарымай, біреуге пұл дарыған,
Аямайды пұлсын ол үлдарынан.
Былғарыға құмар-ақ сол үлдардың
Қымбат емес кейбірі былғарыдан!
Қариды деп үяттың өрті бізді,
Біз, әрине, бұзбаймыз сертімізді.
Аямайды
Аң түгіл өзіңізді
Алу үшін ондатра бәркіңізді!
Аңдар бастан кешкенді –
Дала кешпек.
Тарих мұңын
Ертеңге ала кешпек.
Еліне де,
Ерге де пайдасы жоқ
Ешкі қыздың үстінде лама бешпент.
Кекпеңбек боп көктемде қыр жайқалды,
Бірақ анау мәлдірде кір шайқалды...
Жөні бөлек, әрине, жүйелі істің,
Кейбір завод бірақ та күйе құсты...
Желкілдеген үкі үшін
Қалды адамдар
Жете жаздаپ түбіне түйекұстың.
Қыын болған тағдыры бұл құсыңың,
Қоя алады жасырып қылмысын кім?!

Аяғында жатады ақсүйектің
Терілері барыстың,
Ілбісіннің.

Азаматтан,
Ақылды дос агадан
Не тыңдайды құлағы тосаң адам.
Оған салсаң,
Кәдімгі аң патшасын
Бөстек күйде көресің босағадан.
Кейбіреулер сүмдықты кәсіп көріп,
Жұр бүгінде базарға тасып тери.
Біздер үшін бұғылар
Сырқыратып,
Мүйіздерін келеді кесіп беріп.
Кінәліміз жасымыз,
Кәріміз де:
Зауал болар аңдардың зары бізге.
Әжеміз де кетеді әйел десек,
Адам десек кетеміз бәріміз де!
Әй, адамдар-ай!



Мамонт – ежелгі заманда тіршілік еткен, піл тұқымдас ірі жа-
нуар.

Оннатра – кеміргіштер отрядына жататын терісі бағалы аң болып
саналады. Қорек талғамайды, негізінен су өсімдіктерімен қоректенеді.

Ілбісін – мысық тұқымдас жыртқыш аң.

Бөстек – адамдардың астына тәссеуге арналған жұмсақ тессеніш. Ол
малдың (көбінесе ешкінің) немесе аңның иленген жұмсақ терісінен да-
йындалып, киізден астар салып жасалады.



1. Үзіндіні түсініп оқып, бөлімдеріне ат қой.
2. Поэма неге «Қызыл кітап» деп аталған? Қызыл кітап туралы не білесің?
3. Поэманиң тақырыбы мен негізгі ойын анықта.
4. Үзіндідегі сиреп бара жатқан құстар мен аңдарды, жан-жануарларды
теріп жаз.

Сиреп бара жатқан құстар	
Сиреп бара жатқан аңдар	
Сиреп бара жатқан жан-жануарлар	



1. Топпен бірге биоалуантүрліліктің құрып бара жату себебін, оны шешудің жолдарын анықтап, жоба жасап қорғандар.

2. Жұптасып үзіндігі көтерілген мәселені табындар. 1-жұп – баяндамашы: тезис түрінде үзінді мазмұнын қорытындылау; 2-жұп – респондент: баяндамашыны тыңдау және көтерілген мәселе бойынша нақты екі сұрақ қою. Рөлдермен алмасындар.

3. Топта шыгарманың идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талда, «Таңдау және зерделеу» кестесін толтырындар.

Үзіндінің негізінде жатқан идея, авторлық ой	Үзіндідегі көркем ойды бейнелейтін тілдік құралдар	Тілдік құралдарға үзіндіден мысалдар	Ақын стилі, әдісі	Поэманың көркемдік сапасы туралы түжырым



1. Шыгармадагы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықта.

Поэманың ой-толғамы қандай? _____	Автор осы поэма арқылы қандай ой тастайды? _____
_____	_____

Авторлық идея

Үзінді мазмұнынан авторға қандай мінездеме беруге болады? _____	Поэма идеясының құндылығы не-де? _____
_____	_____

2. Үзіндідегі бүкіл адамзатты ойландырар пікір-түжырымдарды теріп жазып, өзіңе ерекше ұнаган пікір-түжырымға «Қос жазба күнделігін» толтыру арқылы түсініктеме бер.

Бүкіл адамзатты ойландырар пікір-түжырымдар	Түсіндірме



«Андар бастан кешкенді –

Дала кешпек», –

деген үзіндінегізге ала отырып, поэмадагы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісіне баға бер.

Кері байланыс: «Зерде»

Білім (тақырып бойынша алған ақпараттарым)

Эмоция (сабактағы көңіл күйім)

Баға (өз жетістігіме беретін бағам)

Сын (өз бойымда нені дамытуым керек?)

Идея (маган келген жаңа ой)



Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 – көркем шыгармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шыгармашылық жұмыстарда қолдану;

11.2.2.1 – шыгармадагы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.4.1 – шыгарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Жойылып кеткен жануарлар, табигат тылсымы, аялы алақан, қоршаган ортаны қорғау, адамзат парызы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ үзіндіні оқып, автордың негізгі ойын анықтау;
- ✓ үзіндіде суреттелеңтін өмір шындығы туралы айтуда;
- ✓ поэмандың көркемдігін талдау;
- ✓ поэмада айтылатын өзекті мәселелерге әдеби сын жазу.

4

Мына қыры қазақтың,

Ана қыры

Қызыл қырман бүгінде,

Қала бірі.

Қайда кетті,

Кім маган айтады енді

Атыраудың құланы –

Онагры?!

Жер айтады осылай,
Күн айтады,
Күн айтады,
Көңілді мұңгайтады.
Ақтөбеде бір кезде піл болғанын
Кім біледі бүгінде?
Кім айтады?!
Айла көп-ті адамда,
Айла көп-ті.
Айласына талайды айғақ етті.
Қылыш тісті жолбарыс –
Жерлес біздің
Айтыңдаршы, ағайын,
Қайда кетті?!

Жатыр дейсің жаратқан кімді ескеріп,
Құртты ма, әлде өзара күндес бөрі?!

Ажары еді Даланың,
Қайда кетті?
Қайда кетті қазақы жүндес керік?!

Іздеймін мен әр бұта,
Әр талымды.
Момынымды,
Тентегім,
Арқалымды.

Кім қайырып береді кваганы?
Кім қайырып береді тарпаңымды?!

Нысанана мықтап бір ілінгенге
Тіршілік жоқ...

Дүние бүлінген бе?!

Құмырсқалар құрыса,
Оның орнын
Толтыруға болмайды піліңмен де!
Қуанышын,
Қайғысын,
Мұңын көріп,
Жылжып жатыр осылай күн ілгері.
Мамонт қана емес қой
Опат болған,
Жетіп жатыр мамонттың інілері!

Жарқырап-ақ түрғанда көктем нұры,
Қасірет пен қайғының жеткен бірі.
Хайуанаттар ғана ма зәбір көрген,
Хайуанаттар ғана ма кеткен құрып?!

5

Жер астынан аң табар,
Балық табар.
Сонда қанша сыр жатыр анықталар?!

Дронт құсап кәдімгі
Ізім-ғайым
Жоқ бол кеткен ел де бар,
Халық та бар!
Кімде кінә, бауырым,
Кімдерде айып?
Кімдер одан сорлады,
Кімдер байып?
Хайуанаттар түгілі
Дүниеде
Ұлттар ғайып болыпты,
Тілдер ғайып!
Құлпытастың ежелеп оқыр үстін
Ғұламалар басында отыр істің.
Таңба ғана,
Тас қана!
Тілі де жоқ,
Өзі де жоқ бүгінде этрустың!
Бір кездерде шаңдатып айна кекті,
Төңірегін түгелдей майдан етті.
Жер жұтты ма?
Немесе
Кек жұтты ма?
Сол хазарлар бүгінде қайда кетті?!

Білімпаздар сеніммен қағып тесін,
Ұлы десін,
Кеменгер халық десін,
Латындардың өзі де ғайып болған
Қалдырып тек тілі мен әліппесін!
Кейбір халық одан да құр қалыпты,
Мойынға іліп әлі де жүр қамытты.

Бір балықты бір балық қылғытқандай,
Қылғытыпты бір халық бір халықты!
Жауыздықтың қадалып сұңгілері,
Желкеде ойнап мылтықтың дүмбілері,
Жақын қалды құруға,
Жоғалуға
Американың үндіні-үнділері!
Жылдар, жылдар...
Бір мезет тоқтамастан,
Халық қанша шоқ басқан,
От та басқан?!
Шіркей үшін зар қаққан, агайын-ау,
Неге?
Неге?
Соларды жоқтамасқа?!
Неге? Неге сол үшін зарламасқа!
Басқыншыны сөкпеске,
Қарғамасқа!
Өлде мына өмірде халықтардан,
Үлттардан да қымбатты бар ма басқа?!

6

Одан көріп,
Ақыры бұдан көріп,
Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!

Жоғалтқанды жоқтаған жән болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!
Өттең, бірақ!
Аспанның бұлты биік.
Жаңбыр емес,
Өтеді сілті құйып,
Жоқ бол кетті
Әдемі теке муйіз,
Айғыр жалды көгілдір жылқы киік!
Қара жерді жылатып,
Еңіретіп
Кетті солай дронттың өмірі өтіп.
Екі ғасыр бұрын біз
Ең ақырғы
Сусиырды өлтірдік мөніретіп.

Қызыл-жасыл,
Зер өнді,
Қалайы түр
Тотылардың музейде талайы түр.
Адамдардың алдында
Ақырғы рет
Ышқынды да
Кез жұмды жабайы тур.
Осыны айтсаң,
Күрсініп,
Тоқтайды жел.
Өкініштің мылтығын оқтайды шөл.
Солқ-солқ етіп жылайды
Опат болған
Перзенттерін еске алып,
Жоқтайды жер.
Одан көріп,
Ақыры бұдан көріп,
Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!
Жоғалтқанды жоқтаған жән болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гәрі!
Отыра алмас ұл шыдап,
Қызың шыдап.
Жоғалғандар тізімі ұзын-шұбак.
Қызыл кітап –
Мезгілсіз кеткендердің
Бастарына қойылған қызыл шырақ!
Келеді кез,
Құрделі біздің бұл кез!
Жаутаңдайды адамға түзде мың кез.
Қызыл кітап –
Опат бол кеткен аңыңың,
Бастарына қойылған қызыл күмбез.
Қашқан кезде адамнан
Ізін қандап,
Тау ешкісі өтеді құзыңды андан.
Қызыл кітап –
Тірі жан тимесін деп,
Хайуанатқа берілген қызыл мандат.

Баяғыдай көбінің халі бірақ –
Мойындарын үзеді өлі бұрап.
Қызыл кітап –
Бұл өзі қызық кітап:
Тысы жұқа,
Астары қалыңырақ!



Онагр – жылқы тұқымдасына жататын жануар. Құланның бір түрі. Оны «Иран құланы» деп атайды.

Қылыш тісті жолбарыс – сұтқоректілер класының мысықтар тұқымдасына жататын жойылып кеткен ірі жыртқыш аң.

Квага – зебра тұқымдас жойылып кеткен жануар.

Этрус тілі – Италиядагы көне тілдердің бірі. Жерорта теңізінің тілдік тобына жатады. Б.з. бас кезінде этрус тілін латын тілі ығыстырыған.

Хазарлар – орта ғасырлардағы түркі тілді халық.

Дронт – шамамен 1598 жылы қанатсыз құс туралы алғашқы деректер пайда болды. Оның аты «додо» немесе «дронт» еди.

Тур – жабайы өгіз. Шығыс жартышарында кең тарап, орманды дала, далалық аймақты мекендеген. Биіктігі – 2 м, ені 1,8 м. Салмағы 800 кг-ра дейін барған. Ең соңғы тур Польшада 1627 жылы ауланған.



1. Поэманиң түсініп оқып, шыгарма идеясын білдіретін ой-толғамдарды теріп жаз.

2. «Хайуанатқа берілген қызыл мандат» деген жолдарды қалай түсінесің?

3. Поэмада сен күтпеген, сениң бұрынғы үгымдарыңа қарсы келген ақпараттар бар ма?

4. Сиреп бара жатқан биоалуантүрлілікті сактаپ қалуға өз үлесінді қалай қосар едің?

5. Поэмадагы ең басты көркемдік тұлға кім?

6. Поэманиң заманауилығы мен жаңашылдығы неде деп ойлайсың?



1. «Қызыл кітап» поэмасындағы мына тармақтардың мазмұнын қазіргі заманмен байланыстырып көрсет:

Жоғалтқанды жоқтаған жән болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!
Отыра алмас үл шыдан,
Қызың шыдан.
Жоғалғандар тізімі ұзын-шұбақ.

Қызыл кітап –
Мезгілсіз кеткендердің
Бастарына қойылған қызыл шырақ!

Ойынды «Төрт сейлем» тәсілімен жеткіз. Улгі:

Шікір. Үзінді мазмұнының қазіргі заманмен байланысы туралы пікірінді бір сейлеммен жаз.

Дәлел. Оны бір сейлеммен дәлелде.

Мысал. Өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасынды жаз.

2. Поэмадагы бүгін жер бетіндегі аң-құстардың жойылғаны сияқты ертең адамзатта жер бетінен жойылады деген ақынның түйінді ойын қалай дамытар еді? Ақын көтеріп отырган әлемдік мәселе туралы ой боліс. Сұрақтарын алдын ала жазып алыш, ойынды ортаға сал.

3. «Қызыл кітап» поэмасынан үзінді тыңда. Ерекше әсер еткен өлең жолдары мен сол әсерді беруге ықпал еткен сөздерді кестеге түсір. Көркемдегіш құралдардың шыгарма идеясын ашуадагы ролін айқында.

Ерекше әсер еткен өлең жолдары	Ең қатты әсер еткен сөздер	Көркемдегіш құралдардың шыгарма идеясын ашуадагы ролі туралы ойым

4. Үзіндіден көрінетін құндылықтарды анықтап, топтастыр.



1. Берілген сейлемдердегі ойды «себебі немесе сондықтан» шылау сөздерін қолданып аяқта.

- 1) «Қызыл кітап» поэмасын досыма оқуға кеңес беремін, себебі ...
- 2) Поэмада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе маған әсер етті, себебі/сондықтан ...
- 3) Поэмадагы автор көзқарасын зерттеу керек, себебі ...
- 4) Автордың идеялық ұстанымын жаһандық тұрғыдан салыстырып, таразылау керек, себебі ...

- 5) Автордың поэмадағы ұлттық танымы мені ойландырады, себебі/сондайқтан ...
2. «Қызыл кітапқа» сен тұратын өлкенің қандай аң-құстары, жан-жануарлары, есімдіктері кіргенін анықтап, таныстырылым жаса.



3. Берілген үзіндіні тыңдаپ, көркемдегіш құралдар мен айшықтаударды анықтап, талдаңдар. Уақыт: 7 минут.



Қадыр Мырзалиевтің «Қызыл кітап» поэмасын басқа да қазақ қаламгерлерінің осы тақырыптағы туындыларымен салыстыра отырып, әдеби сын жаз.

Кері байланыс: «Сабак бойынша ойынды білдір»

Қандай жаңа білім алдың?	Алған білімінді қолдана аласың ба?	Саған қындық тудырган түсініктер бар ма?



СҮЛТАНӨЛІ БАЛҒАБАЕВ (1946 жылы туған)



Сұлтанөлі Балғабаев 1946 жылы 21 мамырда Қызылорда облысы Шиелі ауданы Мұстафа Шоқай ауылында дүниеге келген. Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының оқытушысы болып қызмет істейді. Алғашқы жинары 1978 жылы «Жұлдызың жансын» деген атпен жарияланды. «Алтын сағым» (1979), «Құм мен қызғалдақ», «Шел» (1984), «Дала мен дария» (1988), «Красная гармонь» (1992), «Қазақтың қызыл кітабы» (1988) атты повестері мен әңгімелері, мақалалар жинақтары бар. 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясы бойынша «Сыр мен Сарысу», «Фажайып көктем» атты екі томдық тандамалы шығармалары жарыққа шықты.

Жазушының драматургия саласындағы «Қыз жиырмада толғанда», «Біз де ғашық болғанбыз», «Қазақша күрес», «Әйелдер әлемі немесе ең жақсы ерек», «Ең әдемі келіншек», «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайткан қазақтар», «Жымбала, Мико және қасқыр», «Сағыныш пен елес»,

«Отірік айтпайтын адам», «Әйелдер әлемі» туындылары еліміздің театр сахналарында қойылып жүр. Халықарлық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері.

Комедия (грекше *comodia, comos* – көңілді топ, *oide* – өлец де-ген мағынада) – драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі ке-лецсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, оспадарлықты күлкілі етіп бейнелейтін сахналық шыгарма. Комедияда адамның мінезі, іс-әрекеті күлкілі жағдайда, қандай да бір ерсілік, оғаштық танытатын тұстарда көрсетіледі. Өмірдегі қайшылықтардың терең тамырын қазбаламай, жеңіл қақтығыстар арқылы ағарту басым келеді. Комедиялық характерді бейнелеу тәсілдері келекелі сыққақ, гротеск, өсірелеу (гипербола), келемеж (карикатура) түрінде көрінеді. Комедиялық кейіпкердің мінезі-не тән кемшілік оның іс-әрекеті үстінде ашылады, шындықпен бетпе-бет келгенде ол еріксіз күлкілі жағдайға ұшырайды. Көбіне өзін-өзі әшкерелеп отырады.

*Айгүл Ісмақова,
әдебиеттанушы ғалым*

ТОЙДАН ҚАЙТҚАН ҚАЗАҚТАР (екі бөлімді комедия)

Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шыгармага сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.1.3.1 – көркем шыгармадагы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.2.1.1 – әдеби шыгарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау;

11.2.2.1 – шыгармадагы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау;

11.3.2.1 – көркем шыгармадагы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

Жолаушылар, пойыздагы оқиға, билетсіз жолаушы, саудагерлер, жол қынышылығы.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ драмалық шыгарманың жанрлық ерекшелігін анықтау;
- ✓ берілген үзіндінің композициялық жүйесін талдау;
- ✓ кейіпкерлеріне мінездеме беру;
- ✓ автор идеясы мен өмір шындығын байланыстыра отырып талдау.

Қатысушылар:

Мэлис Өлібаевич – жауапты қызметкер

Асай Мүсеевич – тарихшы ғалым

Қошқарбай – аудандық өкімшіліктің қызметкери

Пойыздың бастығы

Жолсерік келіншек

Саудагер әйел

Билетсіз жолаушы

Екі-циш еркек, бір-екі әйелден құралған көркемөнерпаздар ансамблі

Екінші бөлім

Алтыншы көрініс

Бірінші бөлімнің соңындағы көріністің жалгасы. Асай Мүсеевич жынды адамша айқайлад жүр.

Асай Мүсеевич. Ойбай, бұл біздің пойыз емес екен!.. Біздікі емес екен! Тоқтатындар пойызды!.. Тоқтатындар деймін!..

Күпеден Саудагер әйел шыгады.

Саудагер әйел. Әй, мыналар адамға үйқы бермейтін болды-ау!.. Өлетін шығармыз мұлде!..

Асай Мүсеевич. Тоқтатындар деймін!.. Тоқтатындар дереу пойызды!.. Қап-әй, енді қайттім! Не істедім?!

Күпенің есігінің алдына отыра кетеді.

Саудагер әйел. Мынау жынданған шығар!.. Үстамалы ауруы бар пәле шығар мынау!..

Билетсіз жолаушы (*өз күпесінен шығып*). Жо-жоқ, арақтың ауруы гой...

Саудагер әйел. Ой, Алла-ай, ой, Алла-ай!.. Пойызға мінсең болды – көретінің ылғы осы...

Билетсіз жолаушы. Және бәрі – қазақтар!.. Кілең қазақтар!.. Жасына дейін... көрісіне дейін...

Саудагер әйел. Қай күні тап осындаі бір қазақ пойызда ішіп-ішіп, ақыры кез алдымызда жынданып кетті. Мынау да сондайдың сұрынан гой деймін!..

Асай Мүсеевич (*шын тұрып*). Жо-жоқ, ол емес!.. Мен... мен, ертең!.. Баяндама!.. Әй, прөбәдник!.. Прөбәдник! (*Жолсерік келіншек жүгіріп келеді.*) Бас стопкранды!.. Тоқтат пойызды!..

Жолсерік келіншек (*заресі шын*). А-а? Не-е? Не?

Саудагер әйел. Ойбай, мынау жынданып кетті! Жынданды!..

Билетсіз жолаушы. Иә-иә, сейтті!.. Ишіп-ішіп...

Асай Мүсеевич. Жо-жоқ, жынданған емес... Пойыз... пойыз! Бас стоп-кранды, өңкей мафия!..

Саудагер әйел (Жолсерік келіншекке). Өне-әне, көрдің гой?!. Естідің гой?!. Шақыр ана бастығынды!..

Жолсерік келіншек. Қазір... қазір...

Жүгіріп кетеді.

Асай Мүсеевич. Шақыр!.. Шақыр!.. Оған көрсету керек!.. Әдейі... әдейі жасаған гой!.. Қайда әлгі стопкраны?! (*Саудагер әйелге*) Тұр былай жолдан, өңкей мафия!..

Саудагер әйел. Стопкраның не, ойбай?! Жұртты қырайын деп пе едің енді?! (*Билетсіз жолаушыга*) Шық ар жағынан!

Билетсіз жолаушы. Не?!

Саудагер әйел. Ар жағынан шық деймін! Аяқ-қолын байлап тастау керек!

Билетсіз жолаушы (қорқыңқырап). А, қалай?!.. Қалай?!.. Зіңгіттей неме еken, шамамыз келер ме еken?!

Саудагер әйел. Біздің үйдегі сұмырай бұдан да жаман болатын... Бірақ мен оны да бірден жалп еткізетінмін!..

Асай Мүсеевич. Көне, көне, былай тұрындар!.. Жол беріңдер дереу!..

Саудагер әйел. Иә-иә, жақында бермен!.. Жақындаі гой, жаным! (*Билетсіз жолаушыга*) Әй, жаның бар ма?!. Ереккісің өзін?!. Қимылдасайшы!.. Уста аяғынан!.. Ах!.. Ох!..

*Екеуі екі жақтап Асай Мүсеевичті үстап,
тізерлеп отыргызыады.*

Асай Мүсеевич. Ай-ай, жіберіңдер дейім!.. Жіберіңдер!.. Мен... мен... баяндама! Академияда... Президенттің алдында! Ертең үлкен жиналыш! Баяндама!..

Саудагер әйел. Баяндамада басың қалғыр, қоясың ба, жоқ па?

Қалтасынан орамал алып Асай Мүсеевичтің аузын басады.

Асай Мүсеевичтің үні өшеді.

Билетсіз жолаушы. Сауап болды!

Саудагер әйел. Тұрін қарашы, өле алмай жүріп президенттің алдында баяндама жасамақшы!..

Билетсіз жолаушы. Сандала береді!.. Ана жолы біздің ауылға да осындаі біреу келген... Жазушымын деді ме, ақынмын деді ме – бәрімізді қырып жібере жаздап еді... Сөйтсек, жазушы да емес, сайтан да емес, жүрттан жылу жинап жүрген аферист болып шықты!..

Пойыздың бастығы мен Жолсерік келіншек кіреді.

Пойыздың бастығы. Бұл немене? Тағы не болып қалды?

Саудагер әйел. Үйбай, інім-ау, мынау бізді қырайын деп жатыр... Есінен адасты ғой деймін!

Билетсіз жолаушы. Пойызды тоқтатамын дейді!

Асай Мүсеевич (*Саудагер әйелдің қолынан жүлкінып шығып*). Иә-иә, со-лай!.. Тоқтат пойызынды!.. Бас стопкранды!..

Саудагер әйел (*Асай Мүсеевичтің қайтадан нұқып отыргызады*). Әй, қоя-сың ба, жоқ па?! Өшір үнінді!..

Пойыздың бастығы (*не істерін білмей, әрлі-берлі жүріп*). Ақсақал-ау, сіз атыңыз... атағыңыз бар, әжептеуір ғалым көрінесіз... Сізден бүкіл халық... бүкіл қазақ үлгі-өнеге алады дейміз... ал енді мынауыңызға жол болсын?!

Билетсіз жолаушы. Бұлардың бәрі осы... Тек сайрап сейлеуді ғана біледі... Ал істейтіндері тек халықты бұзу... Теріс жолға салу...

Саудагер әйел. Иә-иә, пәленің бәрі осылардан шығады...

Асай Мүсеевичтің желкесінен түйіп қалады. Асай Мүсеевич осы сәтті пайдаланып, Саудагер әйелдің қолынан сыйлып шығады.

Асай Мүсеевич (*жылагандай болып*). Ойбай-ау, ағайындар-ау, алдымен дұрыстап тыңдалап алсандаршы!..

Саудагер әйел. Анаң қарашы, мас болса да сөзі сап-саяу адамның сөзі сияқты.

Асай Мүсеевич. Қайдағы мас?! Менің айтайын дегенім... Айтайын дегенім – біз басқа пойызға мініп кетіппіз!..


Пойыздың бастығы (*түкке түсінбей*). Не?!

Асай Мүсеевич. Басқа пойызға деймін... Біз... біз... (*Қолын ке-йінгі жаққа сілтеп*) Мұлдем басқа жаққа!.. (*Қалтасынан билетті алып, Жолсерік келіншекке беріп*) Міне... міне, көріңіз!..

Жолсерік келіншек (*билетті қарап*). Үйбай-ау, бетім-ау, шынымен со-лай екен!.. Бізге емес, сегізінші пойызға... Алматыға!..

Асай Мүсеевич. Иә-иә, соган... Алматыға!..

Пойыздың бастығы. Не дейт?! Не дейт?! (*Саудагер әйел мен Билетсіз жолаушыға*) Сіздер ана жаққа бара тұрыңыздаршы!.. (*Олар кетеді.*) Ау, сонда бұл қалай болғаны?!



Асай Мұсеевич (қипақтап). Бұл... бұл енді түнде... қараңғы түнде...
Перрон деген қараңғы... қарасақ, бір пойыз... пойыз... «Қазақстан» деп
жазып қойыпты.

Пойыздың бастығы. Жазғанда... «Қазақстан» дегендегенде... бұл енді
Алматыға емес, керісінше Алматыдан шығып, Мәскеуге бара жатқан
«Қазақстан» пойызы ғой...

Жолсерік келіншек. Иә-иә, сондай... Бұл – жетінші пойыз!..

Асай Мұсеевич. Оны өзім де байқап тұрмын!..

Пойыздың бастығы. Байқап тұрмын дейді... Ойбай-ау, оны түнде, по-
йызға мінгенде байқау керек еді... Енді не істедік?!

Асай Мұсеевич. Не істегені қалай?! Пойызды тоқтату керек!.. Дереу
тоқтату керек!..

Пойыздың бастығы. Айналайын ағасы-ау, бұл кез келген жерде
тоқтай беретін есек арба емес!.. Тіпті, такси де емес!.. Бұл – пойыз!..
«Қазақстан» пойызы!..

Жолсерік келіншек. Және тоқтатқан күнде не істейсіз? Сіздер отыра-
тын сегізінші пойыз баяғыда, сіздер ән салып, би билеп жүргенде өтіп
кеткен. Алматыға баратын енді ешқандай пойыз жоқ!

Пойыздың бастығы. Иә-иә, жоқ, түк жоқ!..

Асай Мұсеевич. Жо-жоқ, ол болмайды!.. Біз... біз ертең кешке дейін
Алматыға жетуіміз керек! Мәліс Өлібаевич деймін, қайдасыз?!.
Ояныңыз, тұрыңыз!..

Пойыздың бастығы. Апрым-ай, мынау ұят, ыңғайсыз болды-ау!

Жолсерік келіншек. Қойыңызы, несі ұят? Басқа пойызға мініп кетіңдер деген біз емес қой оларға!..

Пойыздың бастығы. Әне, сендердікі ылғи осы!.. Жай адам болса бірсәрі – бұлар үкімет адамдары!.. Ертең бірдеңе болса, бұл жағдай жоғарғы орындарға жетсе – кім жауап береді?.. Әрине – мен!.. Ал сендер жүресіңдер шалқып!..

Жолсерік келіншек. Міне, ылғи осы... қит етсе біз кінәлі боламыз!..

Пойыздың бастығы. Енді кім кінәлі?! Адамды билетін тексермей вагонға неге кіргізесіңдер?! Билетті алдымен қара!.. Тексер!.. Билеті болмаса, кіргізбе!.. Жолатпа!..

Жолсерік келіншек. Қалай кіргізбейсің?!.. Қалай кіргізбейсің?!.. Қит етсең бөрі бірдеңе дәметеді... Ревизордан бастап... вокзалдағы жаман милиционерге дейін... бәріне беру керек! Енді взнос деген пәле шықты!..

Пойыздың бастығы. Маган негыл дейсің?! Оның бәрін ойлап тапқан мен емес!.. Взносты да... басқаны да... шығарған мен емес!.. Мен емес!..



1. Комедияның «Тойдан қайтқан қазақтар» деп аталуы нені меңзейді?
2. Пьеса үзіндісін оқып, күрделі жоспар құрастыр.
3. Пьесаның идеялық-композициялық желісінен қандай өзекті мәселенің саралануы байқалады?
4. Пьесаның жанрлық ерекшелігі туралы айтып бер.
5. Шығарманың комедиялық сипаты қандай тәсілдер арқылы жасалған?
6. «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясының кейіпкерлері кімдер, олар қандай қызмет істейді?
7. Пьесадағы өмір шындығын аштын тірек сөздерді теріп жаз.



1. Комедияның негізгі идеясын анықтап, туындыдағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып, жұп болып талқыландар. Тақырыпқа байланысты жұптарыңа екі сұрақ қойындар. Жауаптарыңа дәлелді болсын.

2. Топпен бірге әдеби туындыдағы көтерілген мәселені анықтап, кестені толтырындар.

Қандай мәселе көтерілді?	Шығармадағы мәселені аштын үзінділер	Көтерілген мәселеге өз көзқарасымыз

3. Комедия кейіпкерлерін образдық талдау арқылы заман бейнесін көрсет.

Образдар	Мінезі	Психологиясы	Көзқарастары

4. Окулықта берілген сурет қай эпизодты бейнелеген деп ойлайсың? Суретке қарап отырып, үзіндінің идеялық мағынасын айқындауға бола ма?



1. Топпен бірге комедиядан алғынған үзінділерден галамдық мәселелерге байланысты проблемалық сұрақтар шыгарындар. Берілген үзіндіден оған мысал келтіріндер.

2. «— Ақсақал-ау, сіз атыңыз... атагыңыз бар, әжептеуір галым көрінсіз... Сізден бүкіл халық... бүкіл қазақ үлгі-өнеге алады дейміз... ал енді мынауыңызға жол болсын?!» – деген пойыз бастығының сезінің мағынасын ашып талда. Үзіндінің маңызы неде? Кейіпкер туралы не айттылады? Сұраққа автор көзқарасы түрғысынан жауап бер.



Комедиядагы ойлардың қазіргі заманда да өзектілігін түйінде, сыни түргыдан бага бере отырып, пікір жаз.

Кері байланыс: «Саудар кестесі»

Сұрақ	Жауап
Бүгінгі сабакта өз мақсатыңа жете алдың ба?	
Қай тапсырма сен үшін қындық туғызды?	
Неліктен?	



Жетінші көрініс

Оқу мақсаттары:

11.1.3.1 – көркем шыгармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.2.4.1 – әдеби туындыдагы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шыгармашылық жұмыс (әссе, әңгіме, өлең, әдеби жөне еркін тақырыптарға шыгарма) жазу;

11.3.4.1 – шыгарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Күпе, пойыздығы жағдай, жолаушылар.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ драмалық шыгарманың көркемдігін анықтау;
- ✓ туындының көркемдігі мен негізгі идеясын бағалау.

Күпенің ішінен Асай Мұсеевичтің: «Мәліс Әлібаевич!..

Мәліс Әлібаевич, тұрыңыз», – деген дауысы естіледі. Содан кейін ол Мәліс Әлібаевичті купеден алып шыгады. Мәліс Әлібаевич не аяғын дұрыстап баса алмайды, не дұрыстап жүре алмайды.

Tin-tikeсінен агаши сияқты қатып қалған.

Асай Мұсеевич. Мәліс Әлібаевич!.. Мәліс Әлібаевич, көне!.. Көне, тұрыңыз!.. О, көзіңді ашыңыз!..

Мәліс Әлібаевич (көзін ашпаған күйі). А-а!.. О-о!..

Асай Мұсеевич. Көзіңді ашыңыз!.. Ояныңыз!..

*Пойыздың бастығы мен Жолсерік келіншек оған
екі жақтап көмектеспек болады.*

Асай Мұсеевич. Жо-жоқ, мен өзім... Өзім!.. Мәліс Әлібаевич деймін, тұрыңызы, таң атып қалды!..

Мәліс Әлібаевич. А-а!.. О-о!..

Асай Мұсеевич. Мәке дейім, Мәліс Әлібаевич, ояныңыз!.. Ояныңыз!.. Өне қараңызы, күн шығайын деп келе жатыр!..

Мәліс Әлібаевич түсініксіз дыбыстар шыгарып, агаши сияқты сірескен қалпынан танбайды. Асай Мұсеевич оның сірескен екі аяғын кезек-кезек көтеріп қозғалтып, күпе дәлізінің шетіне дейін алып барады. Сосын оны сол-пәл еңкейтіңкіреп, жіберіп кеп қалады.

Мәліс Әлібаевич бөрене сияқты қабырганы маңдайымен тіреп тұра қалады.

Асай Мұсеевич (екі ишегиңдің дем алып). Ах!.. Ох!.. Болмады!.. Болмады!.. (Пойыздың бастығына қарап) Бірдене жоқ па?!

Пойыздың бастығы. Не?!

Асай Мұсеевич. Бірдеңе... Жұз грамм!.

Жолсерік келіншек. Бар ғой... қалпақтай үшыратын тағы біреуі бар!..

Жүгіріп кетеді.

Асай Мұсеевич (*Мәліс Әлібаевичті қайтадан оятақшы болып*). Мәліс Әлібаевич!.. Мәліс Әлібаевич, ояныңыз!.. (*Anau былқ етпейді.*) Шаршаган ғой... Өбден шаршаган!..

Пойыздың бастығы. Шаршамай... жұмыстары ауыр.

**Асай Мұсеевич. Иә-иә, сондай!.. Кешегі тойды түгелімен өзі өткізді!..
Басынан аяғына дейін... Оңай ма?!**

Пойыздың бастығы. Иә, бұл кісілердің жаны темір ғой... Біз болсақ әлдеқашан!..

**Пойыздың бастығы (Асай Мұсеевичке көмектесіп). Иә-иә, шаршап жүр-
сіз ғой... Жұмысыңыз ауыр!..**

Мәліс Әлібаевич. А-а!.. О-о!..

Асай Мұсеевич. Қәне, қәне... титімдей... бір жұтым!.. Денсаулық үшін!..

*Мәліс Әлібаевичке
жан біте бастайды. Ернін жалайды. Тұманданған
көзін ашип, айналасына қараган болады.*

**Асай Мұсеевич. Мәліс Әлібаевич деймін!.. Мәліс Әлібаевич!.. Қәне...
қәне, тұрыңызшы дұрыстап!.. (*Қолтығынан сүйеп, аяғынан нық түргиз-
бақ болады.*)**

**Мәліс Әлібаевич (ернін жалап қойып). Тұх, қытықтамаңызшы!.. Қы-
тықтамаңызшы!.. Хи-хи!..**

**Асай Мұсеевич. Маладес!.. Маладес, Мәліс Әлібаевич!.. Қәне... қәне,
жүрейікші былай!..**

**Пойыздың бастығы. Иә-иә, сейтіңізші!.. Кішкене жүріңізші!.. (Мәліс
Әлібаевичті екінші қолтығынан демейді.)**

Мәліс Әлібаевич (қытығы келіп). Хи-хи!.. Қойындаршы!.. Хи-хи!..

Кәдімгідей жүргуге айналады.

Асай Мұсеевич. Тамаша!.. Өте тамаша!..

**Пойыздың бастығы. Жарайсыз, Мәліс Әлібаевич!.. Жарайсыз!.. Мала-
дес!**

**Мәліс Әлібаевич. А, солай ма? Мәліс Әлібаевич маладес пе?! (Кенет
әндеміп билей жөнеледі.)**

Жасасын Мәлис Әлібаевич!
Мәлис Әлібаевич жасасын!
Жасасын Мәлис Әлібаевич!
Мәлис Әлібаевич жасасын!

(*Жолсерік келіншекке көзі түсін*) О-о, керемет!. Фажап!.. Кәне-кәне, билеңіз!..

Асай Мұсеевич (*Жолсерік келіншекке*). Билеңіз!.. Билеңіз!..
Пойыздың бастығы. Иә-иә, биле!.. Кәне, биле!..

Жолсерік келіншек те билей бастайды.

Мәлис Әлібаевич (*билеп жүріп әндептін*).

Жасасын сұлу әйелдер!
Қызы-келіншектер жасасын!
Жасасын жақсы ханымдар!
Әдемі қыздар жасасын!

Асай Мұсеевич (*мәз болып, қол шапалақтап*). Ах!.. Ох!..
Пойыздың бастығы (*мәз болып, қол шапалақтап*). Ах!.. Ох!.. (*Жолсерік келіншекке*) Сен де... сен де әндептіп...

Жолсерік келіншек (*әндептін*).

Жасасын біздің ағайлар!
Жақсы ағайларымыз жасасын!
Үлкен ағайлар жасасын!
Барлық ағайлар жасасын!

Асай Мұсеевич. Ой, мынау керемет қой!.. Прეбәдник емес, театрда әртіс болатын адам той мынау!..

Пойыздың бастығы. Иә-иә, солай!.. Біздің пребәдник қыздарымыздың бәрі осындай...

Мәлис Әлібаевич. Ой, жайнаңдаған көзіңнен сол!.. (*Асай Мұсеевичке*) Кәне, сендер де... сендер де билеңдер!

Асай Мұсеевич. Мәлис Әлібаевич, би іңіз не? Би сосын!.. Біз... біз масқара болып, басқа пойызға мініп кетіппіз!..

Мәлис Әлібаевич (*әлі мастығы тарқамаган қалыппен*). Басқа пойызға?! Оны кім айтады?

Асай Мұсеевич. Оны мен... сосын мына кісілер айтады... Біз қателесіп басқа пойызға мініп кетіппіз.

Мәлис Әлібаевич. Кешіріңіз, қателестік дегенді кім айтып жүр?.. Біз қайта өте дәл... өте дұрыс!.. (*Жолсерік келіншекке сүзіле қарап*) Міне,

қараңызшы, қандай керемет! Періште сияқты!.. Ал сіз қателесіп дейсіз!..
Жаным сол!..

Асай Мұсеевич. Жо-жоқ, мен оны емес... ол кісіні емес... Мен пойызды... пойызды айтып түрмyn!.. Біз Алматыға бару үшін басқа пойызға мінуіміз керек!

Мэлис Әлібаевич. Жақсы... жақсы! (*Жолсерік келіншекті көрсетіп*)
Бірақ біз онда мына кісіні де ала кетеміз.

Жолсерік келіншек (*шошып кетіп*). Жо-жоқ, болмайды... Менің өз по-
йызым бар!..

Пойыздың бастығы (*ол да шошып кетіп*). Иә-иә, өз пойызы бар!..

Мэлис Әлібаевич. А-а, өз пойызы бар ма?! Ендеше, біз бұл кісіні по-
йызымен қосып алыш кетеміз... (*Пойыздың бастығына*) Кәне, бүр по-
йызынды Алматыға қарай!..

Пойыздың бастығы. А?!

Мэлис Әлібаевич. Пойызынды Алматыға қарай бүр деймін дереу!..

Пойыздың бастығы. Ойбай-ау, ол болмайды ғой!..

Асай Мұсеевич. Иә-иә, болмайды!.. Бұл деген үкіметтің пойызы!.. Еш-
кімнің хақысы жоқ!..

Мэлис Әлібаевич. Өй, мен кіммін?!

Асай Мұсеевич. Сіз... сіз – Мәкең!.. Мэлис Әлібаевич!

Пойыздың бастығы. Иә-иә, сондай... Сіз – құрметті Мәкең!..

Мэлис Әлібаевич. Жо-жоқ, мен дегендегі... менің жұмысым... қыз-
мет істейтін жерім?..

Асай Мұсеевич. Сіз... сіз енді қызметіңіз... белгілі ғой... Ана жер...
Үкімет!..

Пойыздың бастығы. Иә-иә, солай, үкімет!..

Мэлис Әлібаевич. Міне, көрдіңіздер ме?! Егер мен үкімет болсам, мына
пойыз да үкіметтікі болса, сонда бұл пойызды кейін қарай бұруға менің
неге қақым жоқ, а? Неге қақым жоқ?!

Жолсерік келіншек (*шошып*). Жо-жоқ, о не дегеніңіз!..

Пойыздың бастығы. Біз ондайды өмірі жасаған емеспіз. Және бола-
шақта жасамаймыз да!..

Мэлис Әлібаевич. Өтірік! Сендер әр прәбәдникке салық салады дейді!..
Взнос!..

Пойыздың бастығы (*қатты шошып*). А-а, жоқ, ол – жала! Бала-шагам-
ның қызығын көрмей кетейін!..

Жолсерік келіншек. Иә-иә, сондай!.. Қайдағы взнос?! Мен ондай сезді
бірінші рет естіп түрмyn!

Мэлис Әлібаевич. Ха-ха! Солай ма?! Демек, сіздер бізді еш нәрсе біл-
мейді деп ойлайсыздар ғой?! Хи-хи!.. Кешіріңіз... кешіріңіздер!... Біз

бәрін... бәрін... (*Пойыздың бастығына*) Әй, сен взносты тек өзің аласың ба, жоқ әлде өзгелерді де ойлайсың ба?!

Пойыздың бастығы. А-а, ойлаганда... ойлаганда, ол былай ғой!

Мәліс Әлібаевич. Жақсы... жақсы!.. Түсінікті. Жалпы, сен өзі мықты екенсің... Өсіресе, кадр таңдау мәселесінде... (*Жолсерік келіншекке құдіге қарап*) Қандай керемет! Айтпақшы, сіз бізге... аппаратқа жұмысқа келесіз бе?!

Жолсерік келіншек (*түсінбей*). А?!. Аппарат?! Аппарат деген ол не?!

Асай Мұсеевич. Аппарат деген ол сондай... номенклатура!.. Үкімет!..

Пойыздың бастығы (*қашқақтап*). Ойбай-ау, ол болмайды ғой... Жаңа айттық емес пе, бұл қарындасыңдың өз пойызы, өз вагоны бар!..

Мәліс Әлібаевич. Қарындасты өсіру керек!.. Қараңдаршы, қандай керемет!.. Қазақтың бір осындай қызы... керемет бір қызы өсіп жатса – бәрімізге мақтаныш, абырой емес пе?! (*Жолсерік келіншекке*) Сіз қазірден бастап осы пойыздың бастығы боласыз!..

Жолсерік келіншек (*шошып кетіп*). Не?! Үйбай, қойыңыз!.. Қойыңыз!.. (*Пойыздың бастығына қарап*) Мына кісі... өзі!..

Мәліс Әлібаевич. Біз бұл кісіні де өсіреміз!.. Жоғары... министр... Министр... Бірақ енді пойыздың бастығынан бірден министр болу біртүрлі... сәл-пәл!..

Пойыздың бастығы (*шошып кетіп*). Мәліс Әлібаевич!.. Мәліс Әлібаевич, қойыңыз, ойбай!.. Біреу-міреу естісе, рас екен деп ойлап қалар?!..

Мәліс Әлібаевич. Ха-ха! Мынау сенбейді-ей маган!.. Асай Мұсеевич, айтыңызшы, бұл қолымнан келе ме менің?!

Асай Мұсеевич. Әрине!.. Егер сіз шындаң кіріссеңіз...

Мәліс Әлібаевич (*саусағын шошайтып*). Өне, естідіңіз бе?!. (*Пойыздың бастығына*) Сен теміржолдың бастығы боласың!.. Начальник дороги!.. Әрине, Алматы теміржолын береміз деп айта алмаймыз!.. Ондағы жігіт – өзіміздің жігіт! Ал басқа жерге... кез келген жерге!.. (*Қиялдан*) Жолдың бастығы болу деген де... ол деген де, шырағым, министр болудан ешқандай да кем емес!.. Өзіңің жеке вагоның болады... обслужить ететін қыз-келіншектерің болады – жүресің сосын взносыңды алып!.. (*Жолсерік келіншекке*) Жайнаңдаған көзіңнен сол!.. Жаңа қызметің құтты болсын!..

Жолсерік келіншек. Мәліс ағай, қойыңызшы!.. Қайдагы қызмет?!



1. Драматург заман тынысының жағымсыз тұстарын қай кейіпкерлер арқылы ашқан?

2. Биліктегі адамдардың негізгі қызметі қандай болу керек деп ойлайсың?

- Кейіпкер бейнесін ашатын үзінділерді тауып жаз.
- Пьесада қазіргі қогам кемшілігі қалай көрініс тапқан?
- Комедияда жаңаша идея бар ма? Дәлел, пікір, мысал ұсын.



1. Үзіндідегі әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді анықтаң, шыгармашылық жұмыс (әссе, әңгіме, өлең, адеби және еркін тақырыптарға шыгарма) орында.

2. Топпен бірге «Көркем шыгарманың тілі» кестесін толтырыңдар.

Көркем шыгарма тілі	Үзіндіден мысалдар
Көркемдегіш құралдар	
Фразеологиялық-идиомалық тіркестер	
Жергілікті тілдік ерекшеліктер	
Неологизм сөздер	
Автордың жеке стилін танытатын сөздер	



1. Өзіңде ерекше әсер еткен үзінді бойынша «Үш жақты қүнделікпен» жұмыс жаса.

Ең маңызды, өзіме үнаган үзінді	Түйіні	Үзіндіге сай келетін мақал-мәтел



2. Мәтінді тыңдалап, кейіпкерлеріне сипаттама жазыңдар. Автор сатирадық образдарды қандай тәсілдер арқылы жасағанына назар аударыңдар. Уақыт: 7 минут.



1. «Тойдан қайтқан қазақтар» сатирадық комедиясын көріп, алған әсеріндегі «Еркін пікір» әдісімен жеткіз.

2. Комедиядагы қазіргі заман көрінісін бағалап, әссе жаз.

Көрі байланыс: «Бас. Қол. Жүрек»

1) Бүгінгі сабакта басың арқылы нені меңгердің?

2) Қолың арқылы нені жасай алдың?

3) Жүрегің арқылы нені сезіндің?



Оқу мақсаттары:

11.1.1.1 – әдеби шығармада сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну;

11.2.4.1 – әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұргысынан шығармашылық жұмыс (әссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;

11.3.2.1 – көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау.

■ Оқигалар тізбегі, адамдардың қарым-қатынасы, жеке мінез ерекшелігі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ заман көрінісіндегі келеңсіз оқигаларға сынни баға беру;
- ✓ комедиялық шығарманың тілдік ерекшелігіне назар аудару.

Асай Мұсеевич (батылсыздай). Мәліс Әлібаевич!.. Мәліс Әлібаевич, сонымен не болды? Не істейміз?!

Мәліс Әлібаевич (шошып ояңғандаі). А? Не?!

Асай Мұсеевич. Өлті анау... Біз қателесіп, Мәскеу жаққа кетіп бара жатырмыз.

Мәліс Әлібаевич (ойланып, әрлі-берлі жүріп). Мәскеуге... пойызбен... Мен түсінбеймін... Неге пойызбен?! Самолет қайда?! Самолет!.. Үшак!..

Асай Мұсеевич. Қайдағы самолет?!

Мәліс Әлібаевич. Менің самолетім қайда деймін!.. Мен Мәскеуге пойызбен барсам, үят емес пе? Ай, осы сендер қайда қарайсыңдар?! Қазақстанға неге жандарың ашымайды?! Қазақстанның авторитетін неге ойламайсыңдар?! (*Пауза*) Айтпақшы, мені қалай қарсы алатынын келістіндер ме?!

Асай Мұсеевич. Не?!

Мәліс Әлібаевич. Қалай қарсы алады деймін?! Кім?!

Асай Мұсеевич (жылап жібере жаздал). Мәліс Әлібаевич, сізге не болған?! Есіңізді жиссаңызшы!.. Ертең біздің Академияда жиналыш... үкімет қатысатын жиналыш... Ал біз болсақ әлі мунда жүрміз!..

Мәліс Әлібаевич. Жиналыш дейсіз бе?! Ондай жиналышты менімен келіспей өткізуге Академияның қандай қақысы бар?! Осы мен Академияның басшыларын түсінбеймін... Ақша керек болса, жүгіріп келеді... Үй керек болса, жүгіріп келеді... Ал жиналыш өткізетін болса, бірауыз сез

айтпайды!.. Ақылдаспайды!.. Бұл не сонда?! Айтпақшы, Асай Мүсеевич, сіз осы президент болуға қалайсыз?!

Асай Мүсеевич. Не?!

Мәліс Әлібаевич. Академияға президент болуға деймін?.. Осы жөнінде ойланып көрініш! По-моему, сізден артық кандидатура жоқ!

Асай Мүсеевич. Ойбай-ау, қайдағы президент?!.. Қайдағы президент?!.. Ол түгіл корреспондент-мүше болайын деп тұрғанда мұрттай ұшырған жоқ па?!

Мәліс Әлібаевич. Ничего!.. Президент болсаңыз бітті, бәрі шешіледі. Тіпті, өздері жалынып жүріп академик жасайды. Білем ғой оларды!..

Асай Мүсеевич. Жақсы... жақсы, оны кезінде көреміз... Ал қазір мынау пойыз... пойыз мәселесі!..

Мәліс Әлібаевич. Туh, Асеке!.. Не надо переживать!.. Пойыз болса пойыз-ақ болсын!.. Өзіңіз де жақсы білесіз, біздің баяғы көсемдеріміз пойызben жүруді жақсы көрген!.. Иосиф Виссарионович!.. Никита Сергеевич!.. Шаяхметов!.. Пойызben бүкіл Союзді аралаған... Барлық қалада... барлық вокзалда митинг өткізген!.. Айтпақшы, келесі тоқтаған жерде митинг бола ма?

Асай Мүсеевич. Қайдағы митинг айтып тұрғаныңыз?!

Мәліс Әлібаевич. Асай Мүсеевич, бұл жарамайды!.. Әрине, бұрынғы көсемдерді жамандаган да дұрыс... Бірақ олардың жақсы жақтарынан да үйрену керек!.. Сондықтан да көне, бір митинг жасап жіберейік!.. (*Айналасына қарап*) Қайда бұл халық?!

Асай Мүсеевич. Халық жоқ!.. Халық үйықтап жатыр!..

Мәліс Әлібаевич. Үйықтап жатыр?!. Неге үйықтайды?!. Неге үйықтайды?!. Жалпы бар ғой, біздің халық үйқыны жақсы көреді! Өзгелердің бәрі әлдеқашан тұрып, оянып, тірлік жасап жатыр!.. Ал біз болсақ... біз болсақ... (*Уран салғандай etin*) «Оян, қазақ!.. Оян, қазақ!..» Осыны айтқан мен емеспін ғой дейім, ө?!

Асай Мүсеевич. Жо-жоқ, сіз емес... Басқа... баяғыда!..

Мәліс Әлібаевич. Өкінішті!.. Осы мен бұрынғыларды түсінбеймін!.. Жақсы сөздердің бәрін солар айтып қойған!.. Ау, сондай да бола ма екен?!. Кейінгілерге де бірдене қалдырайық деп ойласа қайтеді?!. (*Күпенің есігін ашип*) Өй, оян, қазақ!.. Оян!.. Тұрындар, митинг жасаймыз!..



1. Берілген үзіндінің оқиғалар желісін ой картасына түсір.
2. Асай Мүсеевич пен Мәліс Әлібаевичтің арасындағы диалогке талдау жаса.
3. Екі кейіпкердің қарым-қатынасын өз сөзімен қорытындылаш жаз.



1. Топтық жұмыс.

1) Ұзінді мазмұны бойынша 5 сұрақ құрастырындар (кейіпкерлері, сюжет, қарым-қатынас, автор үстенесі т.б.). Сұрақты топта талқыландар.

2) Ұзіндінің қай бөлімі ең маңызды екенін айтындар.

3) Оқиғаның өмірмен байланысын дәлелдеңдер.

4) Автор үстенесі мен оның көтерген мәселесін қорытындылаңдар.

2. Комедия кейіпкерлеріне қазіргі кездегі адамдардың қандай жағымсыз іс-әрекеттері, мінез-құлық дағдылары жинақталған деп ойлайсың? Ойынды жүйелеп, кестеге түсір.

Ұзінді кейіпкерлері	Жағымсыз іс-әрекеттері	Жағымсыз мінез-құлықтары



1. Өздерің өмір сүріп отырған уақыттагы кейір адамдардың бойында кездесетін ұлттық болмысқа жат мінез-құлықтарға зерделеу жаса.

2. «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясына SWOT талдау жаса.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер



«Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясындағы қазіргі заман көрінісіне креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс орында.

Кері байланыс: «Мадақтау сэндвичі»

1) Оң пікір. Не үнады?

2) Сындарлы сын. Не нәрсені жақсарту керек?

3) Келешекке арналған комментарий. Маган не үнады, бірақ келесі жолы ...



Тоғызыныши көрініс

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 – көркем шығармалардан алған ұзінділерді, қанатты сөздер, дәйек-сөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

11.2.3.1 – шыгарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау;

11.3.4.1 – шыгарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

Оқиғаның шиеленісіні, пойыздагы дау, кейіпкерлер алемі.

Мақсатқа қол жеткізу үшін:

- ✓ комедияның негізгі идеясын автор үстанымымен байланыстыра отырып талдау;
- ✓ басқа да заманның өткір мәселелерін қозғаган туындылармен салыстырып, әдеби сын жазу.

Купелерінен Саудагер әйел мен Билетсіз жолаушы шыгады.

Саудагер әйел. Не болды?!. Тағы не болып қалды?!.

Билетсіз жолаушы. Не билет бермейді, не үйқы бермейді – сүмдық қой мынау!

Мэлис Әлібаевич (*куленің ішіне ціліп*). Әй, мынау кім-ең жатқан?! Түске дейін серейіп жатқан бұл қайсысын?!

Билетсіз жолаушы. Ол... ол әлгі сізбен... өзіңізben бірге жүрген... Өкімшілікте істейтін...

Мэлис Әлібаевич. Міне, біздің трагедиямыз осы... Ең көп үйықтайдын қызметкерлер – өкімшілікте істейтін қызметкерлер!.. Сосын біз қалай есеміз?!. Қайтіп өркендейміз?!

Билетсіз жолаушы. Сіз осы жолы өте дұрыс, тауып айттыңыз!..

Мэлис Әлібаевич. Мен өрқашан да дұрыс айтам! (*Купеге қарап*) Әй, оян, қазақ!.. Тұр!..

Купеден қалбалақтан Қошқарбай шыгады.

Қошқарбай (*былқ-сылқ еткен күйi*). А-а.. Алматыдан келген құрметті қонақтарға жалынды сөлем!.. Ура!..

Мэлис Әлібаевич (*риза болып*). Апрыым-ай, мынау жақсы жігіт қой... тәжірбесі мол, ысылған қызметкер ғой мынау!..

Қошқарбай. Е-енди өкімшіліктегі істеген соң... (*Кенет әндетіп, билей жөнеледі.*)

Жасасын біздің үкімет!
Үкіметіміз жасасын!..

Мәліс Әлібаевич. Әй-әй, болды, шуламаңдар!.. Митингті бастаймыз!
Жасасын демократия!.. Ура!..

Қошқарбай. Жасасын демократия!.. Ура!..

Мәліс Әлібаевич (*қолын сілтеп*). Қоя түр!.. Сосын!.. (*Жүртқа*)
Халқым-ай!.. Қайран менің халқым-ай!.. Сендер үшін тұн үйқымды төрт
белдім-ау мен!..

Билетсіз жолаушы. Ана жолы да тұра осылай дегенсіз. Бірақ одан
ауылымызға бір тын да пайда тиғен жоқ!.. Қайта жағдайымыз бұрынғы-
дан да қынадады...

Мәліс Әлібаевич. Пойыз?!. Қайдағы пойыз? Асай Мұсеевич, осы сіз
теріс сейлеуді қашан қоясыз?!

Асай Мұсеевич (*шырылдан*). Қашан?!. Қашан теріс сейледім?!

Мәліс Әлібаевич. Анаң қараши, лезде ұмытып қалады!.. (*Мазақтан*)
«Біздің бабамыз бес жасында шешен болған... он жасында көсем болған».
Ха-ха!.. Осы сіздер жүртты ақымақ деп ойлайсыздар ғой дейім!..

Асай Мұсеевич. Апрым-ау, мынау не болып кетті?!. Шырағым, мұнда
келші!..

Пойыздың бастығын оңаша апарып, сыйырласа бастайды.

Қошқарбай (*есін біржола жинап*). Иә-иә, шынында, мынау не болып
кетті!.. Не митинг емес, жиналыс емес, басқа бірдене болып кетті ғой!..
Ай, қойындар!..

Асай Мұсеевич пен *Пойыздың бастығы ортага қайта жақындаиды.*

Асай Мұсеевич. Мәліс Әлібаевич! Мәліс Әлібаевич дейім, бір мүмкін-
дік болып түр!..

Пойыздың бастығы. Иә, мүмкіндік!.. «Өзбекстан» пойызы!..

Асай Мұсеевич. Иә-иә, сол!.. Алдымыздан Өзбекстанға баратын пойыз
кеle жатыр... соған ауысып мінsec...
Пойыздың бастығы. Сосын не Шымкентке дейін... не Ташкентке дейін –
ар жағы оңай ғой!..

Асай Мұсеевич. Иә-иә, солай!.. Тіпті, самолетпен үшсақ та!..

Мәліс Әлібаевич. Әй, басты ауыртпаңдар!.. Мен өзім митингіден
шығып, демалайын деп тұрмын!.. Үйықтауым керек!

Купеге кіріп, қорылдан үйықтай бастагандай болады.

Асай Мұсеевич. Мәліс Әлібаевич!.. Қайдағы митинг?! Қайдағы ми-
ting?!. Тұрыңыз деймін!..

Іштегі қорыл бұрынғыдан да күшіе түседі.

Саудагер әйел. Аяқ-қолын байлап сүйреп шығарса қайтеді?!

Асай Мұсеевич. Жо-жоқ, болмайды!.. О, таптым!.. Таптым! (Күпеге жақында) Мәлис Әлібаевич, төтенше тапсырма!.. Жоғарыдан!.. Үкіметтен!

Мәлис Әлібаевич (басын күпеден сумаң етіп шығарып). А, үкіметтен дейсіз бе?!

Асай Мұсеевич. Иә-иә, солай... Қазір шұғыл түрде Өзбекстанға... Ташкентке баруыңыз керек!..

Мәлис Әлібаевич. А, не дейт! Сіз өзі етірік айтып тұрган жоқсыз ба?!

Асай Мұсеевич. Құдайақы, рас!..

Өзгелер де: «*Rac!.. Rac!*» – деп қоштай кетеді.

Асай Мұсеевич. Өте шұғыл!.. Газ!..

Мәлис Әлібаевич. Қандай газ?

Асай Мұсеевич. Кәдімгі... кәдімгі – от!.. Өзбекстанинан құбырмен келетін... Өзбектер соны тоқтатамыз дейді!..

Мәлис Әлібаевич. Апрыым-ай, өте қызын болған екен!..

Асай Мұсеевич. Сүмдық!.. Бүкіл Алматы... Тіпті, Шымкент... Тараз бөрі, егер газ келмей қалса – құрыды!.. Осы мәселені тек сіз ғана шеше алады деп...

Мәлис Әлібаевич. А-а, иә-иә, менің Ташкентте достарым, таныстарым өте көп!.. (Күпеден сыртқа шығып) Үкіметіміздің өзі айтқан соң... Біз үкіметке көмектесуіміз керек!.. (Асай Мұсеевичке) Делегацияның құрамы анық па?!. Кім барады?!

Асай Мұсеевич. Өзіңіз бастап... Сосын – мен!.. Сосын – мына Қошқарбай!..

Мәлис Әлібаевич (жүртпен қоштасып). Ал сау болыңыздар!.. Митингімізді аяғына дейін өткізе алмаганымыз екінішті!..

Саудагер әйел. Иә-иә, солай!.. Айтпақшы, анау «Өзбекстан» поғызына айта салыңызы – есігін тарс жауып алууды додарсын! Бізді де мінгізетін болсын!..

Билетсіз жолаушы. Ендігі жолы депутат болам десеніз, біздің ауылға тағы келіңіз!.. Жүртқа түсіндірем, анкетаңызға өзіміздің рудың адамы екен деп бадырайтып жаздырып қоям!..

Мәлис Әлібаевич. Иә-иә, жақсы, сау болыңыздар!.. (Кенет есіне бірдене тұскендей, Жолсерік келіншекке қарап) Сіз бізben бірге жүресіз!

Асай Мұсеевич, мына кісіні де біздің делегацияның құрамына қосып қойыңыз!..

Асай Мұсеевич. Ойбай-ая, Мәке, ол болмайды ғой!..

Пойыздың бастығы. Иә-иә, болмайды!.. Болмайды!..
Мәліс Әлібаевич. Болады!.. Өбден болады! Өйткені бұл кісі – менің әйелім!..

Жолсерік келіншек. Ах!..
Пойыздың бастығы. Ох!..

Билетсіз жолаушы мен Жолсерік келіншектен басқалары кетеді.

Жолсерік келіншек шелегі мен сызыргышын алып,
вагонды тазалай бастайды.

Билетсіз жолаушы. Міне, азаматтар!.. Қандай керемет! Халықты айтқанда... ел деп еңірегендеге жылағың келеді.

Жолсерік келіншек. Бір сезіне де сенуге болмайды!.. Шетінен суайт! Жүртты ақымақ қып, айдалаға қаңғытып, ал өздері қара басының ғана қамын ойлайды!..

Билетсіз жолаушы (кеекесінмен). Бәрі емес қой енді!.. Бірен-сарандап кездесетіні рас!.. Тіпті пара сұрайтындары да бар!..

Кекесінді сәйлеген қалпы купеге кіріп кетеді.

Асай Мусеевич. Ау, Мәке? Мәліс Әлібаевич, сізге не болған? Адамды өбден әуре қылдыңыз гой!..

Пойыздың бастығы. Иә, үят, масқара болды бұл!

Мәліс Әлібаевич. А, келдіңіздер ме?! Өте жақсы келдіңіздер! Көне, кеттік Америкаға! Жинаңдар барлық жүртты! (*Айқайлап*) Көне, шығыңдар бәрің!..

Саудагер әйел мен Билетсіз жолаушы шыгады.

Саудагер әйел. Ойбай, мынау тағы келген бе? Не жынды емес, не сау емес – басымызга пәле болды гой!

Мәліс Әлібаевич. Әй, шуламандар!.. Көне, кімнің Америкаға барғысы келеді?..

Билетсіз жолаушы. Шырагым, Америкаға барғанда не бітіреміз?.. Сенің Америкаңнан құм борап тұрган өзімнің Сұлутөбем жақсы!..

Мәліс Әлібаевич. Міне, қазаққа бір жақсылық жасайын десен ылғы осы! Кері тартады! Бірақ мен... мен бәрібір! (*Пойыздың бастығына*) Әй, бала, тарт пойызынды Америкаға қарай!

Пойыздың бастығы. Асай Мусеевич, мына кіслерге қой дейсіз бе, жоқ па? Қашанғы шыдауға болады?!

Саудагер әйел. Түн, өздерің құр шуылдағанмен қолдарыңан түк келмейтін адамдар екенсіндер!.. Көне, маган жіберіндерші!.. Біздің үйдегі сұмырай бұдан жаман болатын... Мен оны сонда да бірден... оп-оцай! (*Жолсерік келіншекке*) Шырағым, ана шелегінді берші!.. Суымен бер!..

Жолсерік келіншек еден жуып жүрген шелегін береді.

Мэлис Өлібаевич. Әй-әй, маган тиіспендер!.. Тиіспендер!.. Басыма бостандық беріндер!..

Саудагер әйел. Қазір... қазір береміз бостандықты! (*Қасындағыларга*) Көне, ұстандар!.. Екі аяғынан ұстап көтеріндер!

Асай Мүсеевич пен Пойыздың бастығы Мэлис Өлібаевичті екі аяғынан ұстап жогары көтереді. Басын саудагер әйел ұстайды.

Саудагер әйел. Бір-екі! Бір-екі!.. (Соны айтып Мэлис Өлібаевичтің басын сұы бар шелекке тығып жібереді. Мэлис Өлібаевичтің су жұтып, түншыққаны байқалады. Аяқ-қолы тырбаңдал кетеді.) Көне, тағы бір рет! (Мэлис Өлібаевичтің басын шелекке қайта тығады. Мэлис Өлібаевичтің аяқ-қолдары қайта тырбаңдал кетеді. Саудагер әйел басты шелекте бұл жолы құзырақ ұстайды. Сосын қайта шығарады.) Бітті шаруасы осымен! Жіберіндер енді!

Бәрі Мэлис Өлібаевичті аяғынан қайта тұргызады. Мэлис Өлібаевич басынан су сорғалап біраз тұрады. Сосын айналасына қарайды.

Асай Мүсеевич. Мәке!.. Мэлис Өлібаевич, қалайсыз?!

Мэлис Өлібаевич. Жақсы!.. Бәрі дұрыс!..

Асай Мүсеевич. Мэлис Өлібаевич, біз қателесіп, басқа пойызға мініп кетіппіз!..

Мэлис Өлібаевич. А, солай ма? (*Залдагы жүртқа қарап*) Мыналар кім?!

Асай Мүсеевич. Бұл қазақтар ғой!.. Тойға келген қазақтар!..

Мэлис Өлібаевич. Осылардың бәрі тойға келген бе?! Странно! (*Пойыздың бастығына қарап*) Сіз де тойға келген қазақсыз ба?

Пойыздың бастығы. Жо-жоқ, мен пойыздың бастығы боламын!

Мэлис Өлібаевич. А, бастығы болсаңыз пойызға неге дұрыстап қарамайсыз?! Мынау не, бәрі тозған... ескі! Ау, анау Американың пойызын көрмейсіндер мей?! Неге сол Американың пойызында болмайсындар?!

Пойыздың бастығы. Е, боламыз ғой... бірақ ақша бермейді!..

Мэлис Өлібаевич. Міне, ылғи осы!.. Бірдеңе десең бәрі жылай бастайды!.. Ең болмаса, айна бар ма осы пойызда?!

Саудагер әйел. Айна дейсіз бе?! Айна бар менде!.. (*Күпесінен шағын айна алып шыгады.*) Сатуға әкеле жатыр едім.

Мәліс Әлібаевич. Рақмет!.. Устай тұрыңызышы! (*Саудагер әйелдің үстап тұрган айнасына қарап, үсті-басын ретке келтіре бастайды.*) Демек, бизнеспен айналысасыз ғой?.. Дұрыс, бизнесті үйрену керек біздің қазаққа!

Саудагер әйел. Иә, үйрендік қой! Бәрін сатамыз қазір!..

Мәліс Әлібаевич. Жақсы, сату керек бәрін! (*Билетсіз жолаушыга қарап*) Сізді бір жерден көрген сияқтымын!..

Билетсіз жолаушы. Сіз... біздің ауылға ана жолы келіп...

Мәліс Әлібаевич (сөзін беліп). Иә-иә, барғанмын!.. Барып тұрамыз ауыл дегенге! Жұмыс істеу керек!.. Той тойлап... босқа жүре бермей, жұмыс істеу керек!

Жолсерік келіншек. Мәке! Мәліс ағай, сіз маган... әлгі айтқаныңыз... Үәдеңіз...

Мәліс Әлібаевич (оны енді байқап). А, сіз маган бірдене айтадын деп пе едіңіз? Арызыңыз бар ма еді?!. Оны кеңсеге әкеліңіз!.. Канцелярияға апарып тіркетсеңіз, маган жібереді... Қөреміз сосын... Ал сау болыңыздар!

Тобымен кетеді. Сахнада Билетсіз жолаушы,

Жолсерік келіншек, Саудагер әйел қалады.

Сахнаның алыс түкпірінен поїыздан түскен қазақтардың

тізіліп кетіп бара жатқан сұлбасы көрінеді.

Билетсіз жолаушы (*кетіп бара жатқандарға қарап*). Ай, қазақтар-ай! Қайран қазақтар-ай! Баар жерлеріне аман-есен жетер ме екенсіңдер?! Тағы бір пәлеге ұшырап қалмай, аман жетер ме екенсіңдер?!

Кенет перронга оқиғаның басындағы көркемнерпаздар ансамблі шыға келеді. Ансамбль әдеттегісіндей әндептіп, билеп келеді:

Жасасын жақсы агалар!

Асыл агалар жасасын!

Жасасын қамқор агалар,

Бастық агалар жасасын!

*Пъесадагы кейіпкерлердің бәрі ансамбльге қосылып,
әндептін, билей бастайды:*

Жасасын біздің қазақтар!
Қазақтар біздің жасасын!
Ұлы қазақтар жасасын!
Дана қазақтар жасасын!

Көркемөнерпаздар қосылып әндептін, билейді:

Жасасын біздің қазақтар!
Батыр қазақтар жасасын!
Ақын қазақтар жасасын!
Дана қазақтар жасасын!

Соңы

1996 жыл



1. Комедиядағы кейіпкерлер тізбегін жаса.
2. Автор қолтаңбасының идеялық үлесі қандай? Комедияда ол қалай көрінген?
3. Осы шыгарма арқылы жазушыға қандай баға бересің?



1. Үзіндідегі кейіпкерлерге талдау жасап, кестені толтыр.

Кейіпкер	Үзіндіден мысал	Сен берген мінездеме	Өмірде кездестірген үқсас адам
Саудагер әйел			
Билетсіз жолаушы			

2. «Балық қаңқасы» тәсілімен комедиядағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талда. Балық басына – комедиядағы стильдік ерекшеліктерді, үстіңгі сүйектеріне – комедияда автор қолданған көркемдегіш құрал түрлерін, астыңғы сүйектеріне – үзіндіден мысалдар, құйрығына – комедиядағы көркемдегіш құралдардың қолданысын жаз.

3. Шыгарманың композициялық құрылышына талдау жаса.

Композициясы

Басталуы	
Дамуы	
Шиеленісуи	
Шарықтау шегі	
Шешімі	



Пьеса кейіпкерлерінің сөздерінен мақал-мәтелдерді, дәйексөздерді теріп жаз. Олар сол сөздерді қандай мақсатта, кімге қараташ айтқанына назар аудар.



«— Ай, қазақтар-ай! Қайран қазақтар-ай! Барар жерлеріңе аман-есен жетер ме екенсіңдер?! Тагы бір пәлеге цыхырап қалмай, аман жетер ме екенсіңдер?!» — деген билетсіз жолаушының сөзі арқылы жазушының қазіргі үлт тағдырына алаңдайтынын байқауга бола ма? Ойынды әдеби сын түрінде жаз.

Кері байланыс.

Шыгарма несімен үнады?	Сабактан алған әсерің	Түйінді ой

**«ТАБИФАТ ЖӘНЕ АДАМ» бөлімі бойынша
қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар**

1-тапсырма. «Қызыл кітап» поэмасының құрылымдық ерекшелігін анықтап, үзінділерді ретімен ориаластырындар.

Шыгарма жолдары	Реттілігі
Хайуанаттар гана ма зәбір көрген, Хайуанаттар гана ма кеткен құрып?!	
Жиһан қамын жабылып жоқтау керек, Жердің өзі жоғалмай тұрған кезде!	
Аңдар бастан кешкенді – Дала кешпек.	
Жоғалтқанды жоқтаған жән болғанмен, Жоғалтпаған жақсырақ одан ғері!	
Кейбіреулер сүмдүкты кәсіп көріп, Жұр бүгінде базарға тасып тері.	
Хайуанатқа жасаған қиянатың – Бауырыңа жасаған опасыздық!	
Латындардың өзі де ғайып болған Қалдырып тек тілі мен әліппесін!	
Анаң сенің бәрібір Дала емес пе?!	
Оңбағанның артында үрпағы бар, Ал мамонттың артында тұяқ та жоқ.	

2-тапсырма. Поэманиң толық оқып шығып, өз аймақтарындағы қорық немесе «Қызыл кітапқа» енген жан-жануарлар мен қоршаган ортаны қорғау жөнінде шағын жоба өзірлеп, қорғаңдар.

Тақырыбы: _____

Міндеттері: _____

Жоба бағыты: _____

Қоршаган ортаны қорғау туралы болжамдар: _____

Жобаны іске асыру жолдары: _____

Күтілетін нәтижелер: _____

3-тапсырма. «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясының құрылымында өздерің оқыған эпикалық туындылардан өзгеше қандай ерекшеліктерді байқадындар? Драмадагы тартыс туралы пайымдауларынды жазындар.

4-тапсырма. Драманың көркемдік тіліне талдау жүргізіндер.

Көркемдік сипаты: _____

Идеяны ашуудағы орны: _____

5-тапсырма. «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасының кейіпкерлерін өмірлік мақсаттары мен үстанымдары түргысынан топтастырындар.

6-тапсырма. Комедиядан өз қалауларынмен үзінді таңдал алындар. Өуез, қарқын, кідіріс, интонацияны сақтап оқып көріндер.

ГЛОССАРИЙ

АЛЛЕГОРИЯ (ежелгі грекше *allēgoria* – пернелеп айту) – оқырманның санауда, қиялдана ерекше өсөр ететіндегі, образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл.

ДАРАЛАУ – кейіпкердің жеке міnez ерекшелігі. Кейіпкердің өзіне ғана тән қимыл-әрекеті, сейлеуі, киінуі, жүріп-тұруы.

ЖИНАҚТАУ – типтік бейне жасау үшін кейіпкер бойына заманына, көсібіне, атқарып отырган қызметіне сай іс-әрекет, міnez ерекшеліктерін беру.

КОМЕДИЯ (грекше *comodia, comos* – көңілді топ, *oide* – өлең деген мағынада) – драмалық жаңардың негізгі бір түрі, өмірдегі келенсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, оспадарлықты құлкілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма.

КӨРКЕМ БЕЙНЕ – көркеменерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелеңтін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі.

КӨРКЕМДІК ДЕТАЛЬ (бөлшек, бедер-белгі) – мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сез болып отырган нәрсенің жекеленген сипат-белгілері.

КӨРКЕМДІК ҚИЯЛ – көркемдік ойлау ерекшелігі, суреткердің дүниеде, өмірде болатын, болуы мүмкін нәрселерді, жай-жағдайларды қиял арқылы елестету қабілеті, бейнелеп көрсету тәсілі.

КӨРКЕМДІК УАҚЫТ – шығармада суреттелеңтін және оқырманга көрінетін уақыт. Ол нақтылы уақытқа қараганда, оқырманның қабылдауына байланысты әр қырлы болуы мүмкін. Көркем шығармадағы оқигалардың байланысы және реттеліп берілген сюжет арқылы уақыт сипатталады.

ҚАҢАРМАН – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі. Лирикалық қаңарманның басты ерекшелігін айқындастырын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеалдары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп-сезінуі.

ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР – поэзиялық шығармалардан көрінетін тұлғалық бейне. Өлең-жырларда ақын көбіне өз атынан сейлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы сирек кездеседі.

МОДЕРНИЗМ – латын тілінен алынған термин, *modernus* – жаңа, қазіргі деген мағынаны білдіреді. Модернизм – XX ғасырдың басында пайда болған философиялық-эстетикалық ағым.

ПОЭЗИАЛЫҚ ЛЕКСИКА – өлең-жырларда, поэзия туындыларында қолданылатын сез қоры, тіл байлығы. Әр сездің мағыналылығына, мәнділігіне және бейнелілігіне, сез сұрыптау, іріктеу, таңдамалысын тану, шебер қилюастрыру, сез інжуін жарасымды қолдану мәнеріне айрықша назар аударылады.

ПОЭМА – өмірде болған не болуга тиіс курделі құбылыстар мен келелі оқигаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатты өлеңмен суреттеу.

ПРОТОТИП – әдеби шыгармадағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға.

РОМАН-ЭПОПЕЯ (грекше *eropoia* – тудыру, жазу) – эпостық шыгарманың бір түрі; белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқигаларын кең көлемде суреттейтін, бірнеше үрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін ортақ идея мен бір тақырыптың аринасында, көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды.

САТИРА (латынша *satira*) – өзі суреттеп отырган оқиганы, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынга алып, ажуага айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі.

СИМВОЛ (грекше *symbolon* – нысаны, бейне, белгі). Айтайын дегенін ашып айтпай, астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу.

СТИЛЬ – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтацбасы.

СЮЖЕТ (французша *sujet* – зат, өзара жалғасқан оқигалардың тізбегі, біртұтас желісі). Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шыгармадағы көркемдік көрінісі.

ТИПТЕНДІРУ – суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, алеуметтік орта мен дәуірге сай талғап-тануы, таңдал іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырган көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы.

ТРИЛОГИЯ (грек тілінен *tri* – үш, *logos* – сез) – мазмұн-магынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланыста, негізгі кейіпкерлері ортақ келетін, өзара жалғасқан, тұтас үш бөлімді туынды.

ҮЛТТЫҚ ХАРАКТЕР – әдеби шыгармадағы кейіпкердің үлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сейлеу өзгешелігі.

ІШКІ МОНОЛОГ – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне-өзі қараты айтылған аринауы. Көңіл күй сырны білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдың бір түрі.

ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ (латынша *eksistentia* – өмір сүру) – XX гасырдың бас кезінде пайда болған және болмысты субъект пен объектінің тікелей бөлінбес тұтастығы ретінде түсіндіруге тырысқан қазіргі заманғы философиядагы бағыт.

ЭПОС – ауыз әдебиетінің үлгілері: батырлар жыры, түрмис-салт жыры, тарихи жырлар. Жазба әдебиетінде эпостық жанрдың роман, повесть, әңгіме секілді түрлери бар.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, Атамұра, 1995.
2. Әбдіраштың Жарасқаны. Қоңыл көкпары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 бет.
3. Әбікен Е. «Пәтер ізден жүр едік» әңгімесі https://kitap.kz/audio-book/erbolat_abikenuly_pater_izdep_zhur_edik
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 бет.
5. Өуезов М. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, (1998–2008).
6. Өуезов М. «Абай жолы», роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1990. – 620 бет.
7. Бекей О. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1996. – 498 бет.
8. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту: XIX ғасырдың II жартысы, XX ғасыр. Оқу құралы, бағдарлама: X, XI сыныптар. – Алматы: ҰІ. Алтынсарин атындағы ҚР білім акад. Респ. баспа кабинеті, 2000. – 274 бет.
9. Бітібаева Қ. М. Өуезов туындыларын мектепте оқыту: Әдістемелік құрал. – Алматы: Мектеп, 2002. – 120 бет.
10. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі: Педагогикалық оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Рауан, 1997. – 228 бет.
11. Бітібаева Қ. М. Өуезов шығармашылығын оқыту: Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 1994. – 94 бет.
12. Елеуkenов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Фылым, 1977.
13. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. II том. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2003. – 528 бет.
14. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Aруна Ltd. ЖШС, 2010 жыл.
15. Қазақстан жазушылары. XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 392 бет.
16. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастыруышы: Қамшыгер С., Жұмашева Қ. – Алматы: Аи Арыс, 2009. – 480 бет.
17. Қазақстан. Үлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1998.
18. Майтапов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 бет.

19. Майтапов Б. Мұхтар Әуезов және үлттық әдеби үрдістер. – Алматы: Жібек жолы, 2009.
20. Мұқай Б. «Өмірзая» романы. – Алматы: Жалын, 1998.
21. Мұқай Б. Таңдамалы шыгармалар. V том. – Алматы: Ана тілі, 2008.
22. Мұқай Е. Баққожа. – Астана: Фолиант, 2008.
23. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамура, 2011.
24. Мырзалиев Қ. Қызыл кітап. https://fictionbook.ru/author/k_adyir_myirza_li/k_yizyil_kitap/read_online.html
25. Мырзалиев Қ. Қызыл кітап. – Алматы: Жазушы, 1981. – 185 бет.
26. С. Балғабаев туралы//Біздің әлита. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
27. <https://kitap.kz/author/350>
28. <http://adebiportal.kz/kz/authors/view/3352>

МАЗМУНЫ

КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Оралхан Бекей	
Атау кере (<i>повестен үзінді</i>)	7
Жарасқан Әбдірашев	
Дала, сенің ұлыңымын	40
«Кеңістік пен уақыт» белімі бойынша қорытынды	
сұрақтар мен тапсырмалар	55

ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Бақжоға Мұқай	
Өмірзая (<i>романнан үзінді</i>)	58
Ерболат Әбікен	
Пәтер іздеп жүр едік (<i>әңгіме</i>)	92
«Заман шындығы» белімі бойынша қорытынды	
сұрақтар мен тапсырмалар	106

ФАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

Мұхтар Әуезов	
Абай жолы (<i>бірінши кітап</i>)	110
Абай жолы (<i>екінши кітап</i>)	143
«Фасырлық туынды» белімі бойынша қорытынды	
сұрақтар мен тапсырмалар	175

ТАБИГАТ ЖӘНЕ АДАМ

Қадыр Мырзалиев	
Қызыл кітап (<i>поэмадан үзінді</i>)	178
Сұлтанөлі Балгабаев	
Тойдан қайтқан қазақтар (<i>екі белімді комедия</i>)	193
«Табигат және адам» белімі бойынша қорытынды	
сұрақтар мен тапсырмалар	217
Глоссарий	219
Пайдаланылған әдебиеттер	221

Оқу басылымы
Ақтанова Айман Советқызы
Жұндібаева Арай Қанапияқызы
Нұрлыбаева Жанаар Нұрахымқызы
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыштану-математика
багытындағы 11-сыныбына арналған окулық

Редакторы *A. Хасенова*
Көркемдеуші редакторлары *H. Жәренчеев*, *D. Сабитаева*, *A. Лукманов*
Техникалық редакторы *Y. Рысалиева*
Корректоры *E. Амангелді*
Компьютерде беттеген *Э. Омарова*

ИБ № 081

Теруге 15.03.2019 берілді. Басуға 08.06.2020 қол қойылды. Пішімі 70x90 $\frac{1}{16}$.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табагы 16,38.
Есептік баспа табагы 13,06. Таралымы 28 000 дана. Тапсырыс № 5166.
«Атамұра» корпорациясы ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

